Мектепке дейінгі жасында бала тілінің дамуы, өзіне –өзі қызмет көрсету және жазуға дайындық дағдысын қалыптастыруда ұсақ қол моторикасын дамыту және үйлестіру жұмыстарын жүргізудің мағызы өте зор. Бала өз саусағын қаншалықты басқара алса ,оның одан әрі дамуы да соған байланысты.Ұсақ қол морорикасымен қоса балалардың есте сақтау қабілеті мен назары , сөздік қоры да дами түседі.Ұсақ қол моторикасы термині саусақтар қозғалысы және қолдың буындарын үйлестіру дегенді білдіреді. Ұсақ қол мотористаны дамытудың маңыздылығы неде?Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз.

Ұсақ мотористаны дамыту жұмыстарын ерте сәбилік шақтан бастаған дұрыс. Ерте жаста және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығулар жасауда өлең, жаңылтпаш, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Ал ересек топта балалар үшін ұсақ мотористаны дамыту және қолдың икемділігін арттыруға арналған жаттығулар мектепке дайындықтың яғни жазу, сызуға үйретудің маңыздысы болып табылады.

Сондықтан педагог пен балалар психологы ата-аналарға ұсақ қол моторикасын дамыту ойындарындарын тиімді пайдану керектігі айтылады.Баланы қызықтыруда , жаңа тапсырмаларды игеруін ойынмен алмастыру ,алға қойған мақсатына жетуін , тапсырма барысында қиындықтарға қиналмай, аз уақыт ішінде жетістіктерін де бағалап, мадақтап қою керек. Қол икемділігі мен ұсақ моторика қимылдарының жетілуі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан қол қимылдарын басқару туындайды. Сонымен қатар өзіне –өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру : қасық пен қарандаш ұстау, түйме тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау т.б Баланың ұсақ қол моторикасын қалай дамып жатқанын, жеке интелектуалды қабілетін байқауға болады. Қасық пен карандаш, түймесін ағытып, таға алмайтын батеңке бауын байлай алмайтын кіші моторикасы нашар дамығаны. Ойлап карасаңыз, балалардың ешбіреуінде де баулы аяқ киім кездеспейді. Бау байлау ата-ана мен тәрбиешіге де қиындық туғызатын болса керек. Осыдан біраз жыл бұрын көп нәрсені қолдан жасайтын.Жалпы моториканың дамуының аздығы, соның ішінде қол қимылының дамуының аздығын зерттей келе қазіргі заман баланың жазуға дайын еместігі немесе тілінің ақауы бар екендігі анықталды. Осыдан келе мынадай қорытынды жасауға болады:баланың тілінің дамуында ақау болса, онда бұл ұсақ моториканың мәселесі.

Сухомлинский айтқандай: «Қабілет бастауы мен балалар дарыны – саусақ ұштарында. Содан шығармашылық ойдың бастаулары пайда болады. Бала қолының қозғалысында еңбек құралына деген сенімсіздік пен тапқырлық одан алса, қиындық туындайды,ол үшін бала ойыны мен шығармашылық қабілеті қажат. Балада қаншалықты шығармашылық қабілет болса, бала соншалықты ақылды келеді.

Көптеген жаңашыл зерттеушілер ұсақ моториканы дамытуға байланысты саусақ моторикасын дамытуға саусақ ойындарын, сергіту сәтін , ойын ертегілер пайдалануды ұсынады. Т.А Ткаченко сергіту сәтіне жаттығу енгізу бас миының сөйлеу зонасының қимылын белсендіреді. Ол баланың сөйлеу тілін түзетуге мүмкіндік береді деп тұжырым жасаған В.В Цвынтарный ұсақ қол моторикасын дамытуға есептеу таяқшалары мен сіріңкелермен жұмыстар жасатудың әсері мол деген көзқарас білдірді.

Ұсақ қол моторикасымен қоса балалардың есте сақтау қабілеті, сөздік қоры да дамиды. Ол үшін саусақтар, тіл ұстарту жаттығулары, буынның ұсақ қол моторикасын жетілдіруге мынадай жұмыс түрлерін ұсынамын: саусақ гимнастикасы, саусақ ойынды тақпақтар мен жаңылтпаштар, саусақ театры, тұздалған қамырмен жұмыс, жапсыру жұмыстары (ұлу қабыршақтары, тұқым, жарма т,б), бастырмалардың түрлері, М.Монтосори әдісі. пазл, фетрден жасалған заттар.Балалардың жеке қабілеті мен мүддесіне сай таңдалған жаттығулар баланың өз бетімен дамуына септігін тигізеді. Саусақ жаттығуын массаж саусақтың басынан қол буынына дейін сипау, әр саусақты жеке бүгу және бүктеу түрінде жасалады. Саусақ гимнастикасы тақпақ жаттаумен жалғастырылады. Тақпақ айта отырып саусақ қозғалысының көмегімен жасалады, сахналайды. Жаттығуға ұласқан тақпақ- сезім ритмін қалыптастыратын және жетілдіретін негіз болып табылады. Қолайлы эмоцияналды жағдай пайда болады, соның арқасында бала ойынмен айналысады, орындай қозғалысты қызығушылықпен орындайды, ал бұл саусақ қозғалысын жақсартады, тыңдау, түсіну дағдысын дамытады. Саусақ театрының да ролі ерекше. Мұнда бала ойын нысынында кеңестік және санау түсінігін үйренеді. Саусақ теартына «Менің отбасым», «Бауырсақ», «Үш қыз» т,б . Қазір кеңінен пайдаланып жүрген фетрден жасалған жұмыстар балалардың ерекше қызығушылығын танытады.

Сол сияқты сөйлеу техникасына арналған тыныс алу жаттығулардын бірнешеуіне тоқталайық.

«Гүлдерді иіскейік»Шарты : Балалар,біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетеді. .Гүлдер әдемі және хош иісті болады.Кәне, гүлдерді иіскеп көрейікші.Тамаша! Жаттығу 2-3 рет қайталанады.

«Көбелекті ұшырамыз» Тәрбиеші алдын-ала түрлі-түсті қағаздан кішігірім көбелектер үлгісін дайындайды да, оны жіпке бекітеді.Содан соң балаларға таратып беріп, бұл жаттығудың қалай орындалатынын түсіндіреді. Балалар жіп ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, көбелекті ерін деңгейінде ұстайды.Сол мезетте мұрын арқылы ауа жұтып, ауа ағымын көбелекке қарай, оны «ұшыру» үшін бағыттайды.Жаттығу 1-2 рет қайталанады.

Қысқыштармен ойналатын ойын

Ойын шарты: Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.

«Жаңғақтармен ойын »

Ойын шарты: балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.

Қазіргі кезде мемлекетімізде білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңестігіне бағыт алуда. Балабақшаның білім беру жұмысымызда жаңа технологияны қолданудың арқасында бізге көмекке жаңылтпаштар, саусақ ойындары, тіл ұстарту жаттығулары көмекші бола алады. Жаға технологияның тиімділігі баланың шығармашылдық, интелетік қабілетін дамуына өз білімін пайдалана білу дағдыларынын қалыптастырады.

Сонымен қорыта айтқанда , балабақша балалардың тілін дамытуда түрлі ойын, әдіс –тәсілдерді тиімді пайдалану, осы бағыттағы атқарылатын игі іс-шаралардың нәтижесіз қалмайтынының айқын дәлелі деп санаймын.






Сүйесінова Қаламша Қаршығақызы
№31 «Күншуақ» МДҰ тәрбиешісі
Ақтөбе қаласы

«РАЗВИТИЕ И ГУМАНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВА ЧЕРЕЗ ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

Под инклюзией (от inclusion включение) в образовании, понимают вовлечение в образовательный процесс каждого обучающегося с помощью образовательной программы, которая соответствует его способностям, а также удовлетворение индивидуальных образовательных потребностей личности, обеспечение условий ее сопровождения.

Сегодня проблема инклюзивного образования актуальна во всем мире. С конца прошедшего столетия развитие инклюзивного образования стало ведущим ориентиром образовательной политики многих развитых стран мира: США, Великобритании, Дании, Испании, Финляндии, Германии, Италии, Австралии и др. Дети с психофизическими нарушениями и отставаниями в развитии в этих странах успешно обучаются совместно с нормальными сверстниками в общеобразовательных организациях, в которых для их развития и социальной адаптации созданы соответствующие психолого-педагогические условия. В Казахстане это явление также не оставлено без внимания, так как число детей с особыми образовательными потребностями, которым нужно инклюзивное образование, с каждым годом растёт. Основная задача, стоящая перед государством и обществом в отношении таких детей, — создание условий и оказание помощи в их социальной реабилитации и адаптации, подготовке к полноценной жизни в обществе. Зачастую таких детей с инвалидностью стараются изолировать. В результате они оказываются на обочине общества. Из-за этого «у них формируется страх перед жизнедеятельностью в обществе здоровых людей, который априори купирует возможности имеющегося, но не всегда раскрытого потенциала развития и совершенства их личности, препятствует интеграции в социум». Говоря более понятным языком, можно сказать так: дети всегда хотят общения, несмотря на огромное количество мессенджеров и социальных сетей. На самом же деле в жизни дети с ограниченными возможностями сталкиваются с трудностями, а то и невозможностью получить хорошее образование. В этом случае успешную социализацию для детей с инвалидностью дает инклюзия. Одновременно инклюзия делает наше общество добрее, отзывчивее, убирает предрассудки. Считается, что здоровые дети, обучаясь вместе с детьми с особыми потребностями, развивают толерантность и ответственность, становятся самостоятельнее. Да, не каждый ученик в классе станет альтруистом в отношении таких детей, но в общем отношение к людям с инвалидностью будет иным.

В Казахстане инклюзивное образование делает только первые шаги. В послании Президента Н. Назарбаева «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» отмечается, что необходимо «усилить внимание нашим гражданам с ограниченными возможностями. Для них Казахстан должен стать безбарьерной зоной. Позаботиться об этих людях, которых немало, – наш долг перед собой и обществом». Основное содержание политики инклюзивного образования заключается в признании положения о том, что все дети могут учиться: школа принимает всех детей, независимо от их различий и создаёт необходимые условия для удовлетворения особых образовательных потребностей детей. Внедрение инклюзивного образования должно способствовать преодолению проблем дискриминации и отчуждения в обществе, достижению социальной реабилитации и социального равенства всех людей. Данная тенденция предполагает присутствие в едином образовательном пространстве обучающихся с различными (в том числе и «особыми») образовательными потребностями, а значит, и разными возможностями в характере, темпе, полноте и глубине овладения учебной информацией.

В настоящее время большое количество детей с ограниченными возможностями здоровья обучаются и воспитываются вместе с нормально развивающимися детьми. Классы инклюзивного обучения открываются в общеобразовательных учреждениях с целью создания целостной системы, обеспечивающей оптимальные условия для обучения, воспитания и социальной адаптации детей с особыми образовательными

потребностями в соответствии с их возрастными и индивидуальными особенностями, уровнем актуального развития, состоянием соматического и нервно-психического здоровья. Подлинная инклюзия не противопоставляет, а сближает две образовательные системы – общую и специальную, делая проницаемыми границы между ними, так как в рамках инклюзивного образования не ребёнок должен приспосабливаться к процессу обучения, наоборот – характер и темп обучения подстраиваются под нужды ребёнка.

Подводя итог, необходимо отметить, что инклюзия – это больше, чем интеграция. Это включение не только в образование, но и в жизнь всех без исключения, это учет сильных и слабых сторон каждого, это признание различий, это обогащение представлений о различиях как естественном явлении мира и общества, это возможность получения эффективного образования благодаря постоянной поддержке и изменению образовательного пространства.

Список литературы:

1. Егоров П.Р. Теоретические подходы к инклюзивному образованию людей с особыми образовательными потребностями [Текст] // Теория и практика общественного развития. – 2012. – №3. – С. 35–39.
2. Хитрюк В.В. Формирование инклюзивной готовности будущих педагогов Закон Республики Казахстан от 08.08.2002 N 345-II"О правах ребенка в Республике Казахстан" http://pavlodar.com/zakon/?all=all&dok=02168
3. Закон Республики Казахстан от 08.08.2002 N 345-II"О правах ребенка в Республике Казахстан" http://pavlodar.com/zakon/?all=all&dok=02168
4. Закон Республики Казахстан от 13 апреля 2005 года № 39-III «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан» http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30008935
5. Петрова Т.А. «Развитие инклюзивного образования в Казахстане» 2012 г. // http://stud24.ru/pedagogy/razvitie-inkljuzivnogo-obrazovaniya-v-kazahstane/389928-1312866-page1.html

Глущенко Елена Анатольевна
учитель технологии
КГУ «Средняя школа №29» г. Актобе

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМЫТУ: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Сөйлеу - баланың психикалық дамуының басты көрсеткіші, себебі онда сәбидің барлық жетістіктері мен проблемалары көрініс табады.

Баланың бірінші сөзді айтатын дәл мерзімін анықтау оңай емес. Себебі сөйлеудің пайда болу мерзімі бойынша және өзінің белсенді сөз қорының көлемі бойынша балалар бір-бірінен өзгеше болады және орташа алынған мәлімет шынайы көріністі көрсете бермейді. 1 жастың өзінде-ақ 110-115 сөз айтатын балалар да болады, ал кейде өзінің жалпы қалыпты психикалық дамуына қарамастан, 2,5 жасқа келгеннің өзінде де үндемейтін балалар болады. Балалардың сөздік қорының мөлшері де әр түрлі болады: мәселен, 1 жастағы баланың ең аз сөздік қоры – небәрі 4-5 сөз, ал ең көп – 200-ден астам сөз.

Сөйлеудің дамуындағы артта қалушылықтың бірінші және басты себебі баланың өз ата-анасымен жеткіліксіз қарым-қатынасы болып табылады. Көптеген ата-аналар өзінің жұмысбастылығына және шаршайтындығына байланысты өз балаларымен сөйлесуге уақыттары жоқ және оны қаламайды. Сондықтан да бала үшін әсерлердің басты көзі (оның ішінде сөйлесудегі де) теледидар болады.

Теледидар алдында отырған бала үнемі күшті дауысты, әр түрлі және мазмұнды сөздер еститін сияқты боп көрінеді. Баланың бұл сөздерді меңгеруіне кім кедергі болады?

Өйткені теледидар экранынан естілген сөздер, кішкентай балалар үшін олардың өзіне жеке айтылғандай әсер бермейді. Ол баланың практикалық белсенділігіне қосылмаған, сондықтан да оның бала үшін ешқандай маңызы жоқ, ол бала үшін экранда жылтырап көрінген бейнелердің фоны ғана.

Сондықтан ешқандай, тіпті ең жақсы телехабарлар да баланың ата-анасымен қарым-қатынасын алмастыра алмайтынын ата-ана естен шығармаулары керек. Сәбиге жеке өзіне айтылған сөз қажет. Оған кім және қалай сөйлесіп жатқаны бәрібір: ең маңыздысы – ересек адамның не айтқаны ғана емес, сондай-ақ оның балаға қалай сөйлейтіні – бала үшін мүдделі зейін, жауапты күлкі, эмоционалдық мазмұндылық маңызды.

Балабақша жасындағы балалармен жұмыс жасауда оларды сөйлеуге үйрету, мәнерлеп сөйлеуге баулу тәрбиешілер мен педагогтарға жүктелген міндеттердің бірі. Сөйлеуге үйретудің негізгі әдістерінің бірі – тәрбиешінің балаларды жетекші сөздер арқылы әңгімеге қатыстыра білуі.

Мектеп жасына дейінгі балалар негізінен өте қарапайым түрде әңгімелейді және тек жай сөйлемдермен немесе көмекші сұраққа бір сөзбен ғана жауап береді. Сондықтан тәрбиешілердің бұл мәселеге ерекше көңіл бөлгендері дұрыс. Әңгімелеуге үйреткенде мыналарды ескеру қажет:

- балалардың қойылған сұраққа дұрыс, толық жауап беруі;
- тәрбиеші қолданған күрделі сөйлемдерді қайталатқызу;
- өздеріне сөйлемдер құрату;
- сөйлемге қажет сөздерді ойлап тауып айтуға үйрету;
- сөз жасау, сөзге түрлі жалғау–жұрнақтар қосып айтуға үйрету;
- суретті көрсете отырып және суретсіз (белгілі оқиғаға) әңгіме құрату.

Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады.Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың ақыл-ойы дамиды, оқуға қызығушылығы белсенділігі, шығармашылығы артады,тұлғалық қасиеттері қалыптасады.

Сонымен қатар сөздік қорын дамытуда жүргізілетін жұмыстың бір түрі – санамақтар. Санамақтарды халық негізінен балаға сан үйрету мақсатымен шығарылады. Санамақтар сан үйретеді, әрі дүниені танытады, баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілеттерін дамытады.

Ал жұмбақ-баланың ойлау қабілетін арттырады. Жұмбақтың шешуін табу арқылы жан-жануарлардың, киім кешек т.б. заттардың аттарын есте сақтау қабілетін күшейтеді. Жұмбақтардың жауабын табу арқылы бала ойы бірте-бірте толыға береді.

Бала тілін дамытуда мақал-мәтелдердің алатын орны ерекше. Балаға айтатын ақыл-насихат, өнеге, өсиет әсерлі, әрі ойда қалатындай мәнді болады. Қазақтың мақал-мәтелдерінің көбі елдікке, ынтымаққа, бірлікке, адамгершілікке, инабаттылыққа баулып, жақсы мен жаманды, ерлік пен ездікті слыстыра сөз етіп, адам өмірінде неден үйрену, неден жирену керектігін аңғартады.

Тіл дамыту жұмыстары шығармашылық мәнді жүргізіліп, дұрыс ұйымдастырылса, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылыстарды жан-жақты түсіне білуіне, үйренуіне, білгенін ауызекі қолдана білуіне жағдай жасайды.

Оқушының тілін дамыту жұмысы-ол баланың жалпы ойын дамыту деген сөз.

Мектепке дейінгі жастағы балаларда кездесетін сөйлеуге қатысты тағы бір мәселе ол: баланың өз сөзін байланыстырып жеткізе білмеуінде. Балаларды байланыстырып сөйлеуге үйретуде мынадай мәселеге баса назар аударылады: әңгіме құрастыруда өз ойын жүйесін анық, түснікті жеткізе білуге үйретіледі; логикалық тапсырмаларды орындағанда баланың байланысып сөйлесуіне баса назар аудару қажет; оқылған шығарманың мазмұнын өз түсінігі бойынша ауызша баяндай білуге төселдіру керек.

Байланысып сөйлеуді дамытуда сөздік жұмыс, сөйлем әңгіме құрастыру жұмысы жүргізіледі. Байланысып сөйлеу мәдениеті арнайы жоспарлаған сабақтарда, сабақтан тыс ойын сәттерінде, шығармаларды сахналауға ертеңгіліктерді өткізуде дамытылады. Тәрбиеші айтқан ертегіні зейін қоя тыңдап, мазмұнын ауызша қайталап айтуда, әңгімелеп беруде, грамматикалық тұлғада дұрыс байланысып сөйлеуге үйретіледі.

Сөйлеуді дамыту сабағының қызықты, әсерлі түрде ұйымдастырылуы баланың белсенді сөйлеуін қамтамасыз етеді, яғни балаға сөйлеу қажеттігін тудырады.

Тәрбиеші-педагогтар, ата-аналар баланың кез-келген уақытта берген жауыбының толық, дауысының анық, ашық, мәнерлі болуын талап етуі керек. Күнделікті іс-әрекет сабақ, ойын, серуен, бос уақытта баланы ауызша сөйлеу білуге, сұраққа толық жауап беруге, сөйлемді дұрыс қарап айтуға өз ойын жүйелі жеткізуге, шығармашылығын әңгіме құрауға үйрету үшін жүргізілетін жұмыстар. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға негіз болады. Мысалы: берілген суреттер бойынша әңгіме құрастыру, отбасында, жолдастарымен қарым-қатынасында, қоршаған ортадағы адамды тыңдай білу, оларға дұрыс жауап беруде диалогтық сөйлеуге үйретіледі. Оқыған шығармаларды әңгімелеуде, оны өмірде көргендерімен салыстыруда монологтық сөйлеуге үйренеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Евдокимова С.Л., Цветкова Н.А. Мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасында тәрбиеленуі: 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қалай дұрыс өсіріп, тәрбиелеу керек. Астана. 2014 ж.
2. Отбасы және балабақша. №3, 2013 ж.

Басмагамбетова Актолкын Сериккалиевна

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында «Қатынас» негізгі білім беру саласына кіреді. «Қатынас» білім беру саласының базалық мазмұны-сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. «Қатынас» білімберусаласының мазмұны баланың тілін дамытуды, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруды, белсенді және пассивті сөздік қорын, тілдің грамматикалық құрылымын, дыбыстық мәдениетін, баланың байланыстырып сөйлеуін басқа білім салаларымен кіріктіру арқылы жетілдіруді қамтамасыз етеді. Сөйлеу тілі –психиканың қызметіне кіріп, адамзатты жануарлар қатарынан ажырататын ерекшеліктердің бірі. Сөйлеу тілі баланың барлық қабілетінің: қарым- қатынасқа түсу, тану, білу, меңгеру, танымдық-зерделеу және ойын әрекетінің дамуының негізі болып табылады. Бұл байланысты орнатуда баланың сөйлеу тілінің дамуының өзекті мәселесін шешуде мектепке дейінгі ұйым педагогының әрекеті маңызды. Мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытудың негізгі міндеті –әр жас кезеңіне сәйкес қалыпты жағдайдағы сөйлеу тілінің дамуы мен ерекшелігін және коммуникативті қабілетін білу керек. Ерте жас кезеңі – баланың барлық психикалық процестерінің дамуының маңызды кезеңі болып табылады, әсіресе сөйлеу қабілеті дамуында. Баланың сөйлеу тілін дамыту ересектермен тығыз байланыс орнатудың нәтижесінде жүзеге асады. Айта кететін жағдай баланың сөйлеу тілі туа салысымен орындалатын құбылыс емес. Ол баланың физикалық-дене және ақыл-ой дамуы процесімен бірге дамиды және жалпы дамудың көрсеткіші болады.Баламен үнемі сөйлесу керек. Сөйлесудің, сөйлеу арқылы қатынасқа түсудің болмауы баланы шаршатып, мазасыз күйге әкеледі. Бала ашуланшақ болып, өзінің көңіл-күйін айқайлау, жылау арқылы білдіреді.Ерте жастаға баланың сөйлеу тілін дамыту мақсатында қолданылатын ойын түрлері мен жұмыстары:-балаларға арналған өлең-шумақтар, тақпақтар, желілі-рөлді ойындар, дыбысты еліктеу арқылы айту ойыны.Бұл ойындар мен жұмыстарды орындау барысында ересектердің сөйлеу тілі, балаға сөзді қимыл-қозғалыс негізінде қабылдап, оны қайталап айтып, сөзді естуімен ерекшеленеді.-Желілі-рөлді, қимылды-бейнелі ойындарды ойнау барысында,баланың ересектермен эмоционалдық байланысы орнайды. Ойынды ойнау барысында бала ойынды өзі, өз еркімен ойнауды бастайды.-Дыбысты еліктеу арқылы қайталап айту ойындарында баланың фонематикалық есту қабілеті дамып,белгілі бір дыбысты анық айтуға дайындайды.-Желілі-рөлді ойыншықтармен, белгілі кейіпкерлері бар ойыншықтармен ойнау баланың диалог құруына және сөздік қорының молаюына әсер етеді.-Әдебиеттік шығармаларды оқу және ертегі айту,әңгіме, тақпақтар, жырларды, тарихи оқиғаларды айту.-Балалар әдебиетінің иллюстративті (мазмұнды) суреттерінің құрылымын қарау, талқылау.-Заттық және мазмұндық суреттермен ойын сабақтарын жүргізу.-Суреттерді ересектермен қарау барысында балалар, сурет мазмұнымен киіпкерлердің атауымен танысып, қайталап айтып еске түсіреді.

Балаларға суретпен жұмысты ұйымдастырудың маңызды себебі – бала заттың атауын бейнесімен салыстырады және сәйкестендіре отырып, еске сақтайды:-Жеңіл жұмбақтар жасыру.-Баланың ұсақ-қол моторикасын дамытуға бағытталған ойындарын өлең шумақтары арқылы қолдың басы және саусақ қимылымен бірге орындауға болады. Қол және саусақ жаттығуларын жасау, баланың физиологиялық сөйлеу тілінің даму негізін құрайды.Барлық аталған ойындар мен жаттығулар баланың сөйлеу тілінің дамуын жүзеге асырады. Сөйлеу тілін дамытуда педагогтардың (тәрбиешілердің) бағытын айта отырып, баланың ана тілін үйренуде мына ұстанымды айтпай кетуге болмас: *«Көр – тыңда – қайтала!»*.Ерте жастағы баланың есеюі барысында сөйлеу тілінде үлкен өзгерістер орын алады. Диалогтық сөйлеу тілінен монологтық сөйлеу тіліне ауысады. Диалогтық және монологтық сөйлеу дегеніміз не?Диалог – бұл бір немесе бірнеше адамның пікірлесушінің сұрақ-жауап түріндегі әңгімелесуі. Диалогтық сөйлеу тілі – мағыналық жағынан монологтық сөйлеу тіліне қарағанда жеңіл. Диалогтық сөйлеу тілінде тақырыптық сөйлесу, күнделікті тұрмыстық сөйлесуді қолдану, синтаксистік құрылымы жағынан күрделі емес, айтылуы, жеткізуі жеңіл болады. Диалогтық сөйлеу тілі – монологтық сөйлеу тілінің құрылуына негіз болады. Сөйлеу тілінің негізгі бастамасы алғашқы кезеңі – ол қарым- қатынас болып табылады. Сөйлеу тілінің құрылымы диалогтық сөйлеу тілінен басталады. Бұл кезде сөзді айтушы және тыңдаушының рөлдері үнемі ауысып отырады. Баламен ең алғаш диалог құрушы – ол әрине, үлкендер болып табылады. Бұл кезде баланы әрқашанда сұраққа жауапты айтуға, жауап беруге жетелеу керек. Баланың сөйлеуге деген ынтасын, қабілетін баланың дыбыстарды дұрыс немесе бұрыс дыбысталуына қарамастан дамытып отыру керек. Дұрыс жауап беру негізі ол мән-жайды, іс-әрекетті түсіну болып табылады.

Диалогтық сөйлеу тілін дамытуға не көмектеседі? Олар – шынайылық, театрланған көрініс, әрекет, сұрақтар. Оның ішінде сөйлеу тілін дамытудағы ерекшелерінің бірі сұрақтарға тоқталайық. Сұрақтар – түрлі

бірлескен қарым-қатынаста, әрекет барысында, күнделікті күн тәртібінде, серуен кезінде, суреттерді қарау барысында, тағы басқа кездерде қолданылады. Есте сақтай кетсек – өзіндік ерекшелігіне және қиындық дәрежесіне сәйкес сұрақтардың 3 түрін ажыратамыз.1.Репродуктивті (жоспарлы) сұрақтар – бұл сұрақтар жеңіл, түсінікті болып келеді және жәй қана «Иә», «Жоқ» деген жауапты талап етеді. Мысалы, Ойыншықты алғың келе ме? – Иә. Бұл кім? – Бұл әке. Бұл не? –Бұл доп.Не істеді? – Ойнады! -деген сияқты сұрақтар.2. Ізденуші (зерттеу) сұрақтары. Олар кішкене күрделі және құрылымы толық сөйлеммен жауап беруді талап етеді. Мұндай сұрақтарға жауап беру сөйлемнің бастапқы сөзінен басталады. Мысалы: Мысық қайда ұйықтап жатыр? – Мысық үстелдің үстінде ұйықтап жатыр. Балалар қайда барады? –Балалар мектепке барады!3.Мәселелі сұрақтар – бұл сұрақтар мәселелі Неге? Не үшін? деген сөздерден басталады. Сұрақтар құрылымы бойынша күрделі және ойландыратын, ойды қозғайтын жауап беруді талап етеді. Бала жауап беру кезінде себеп салдарын анықтай отырып, логикалық ойлау қабілеті дамиды.

Сөйлеу қабілеті – бұл барлық әрекеттің жүзеге асуының негізгі құрамдас бөлігі және алғашқы шарты болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымда баланың сөйлеу тілін белсенді дамыту тек қана арнайы дайындалған оқу қызметінде ғана емес, басқа күн тәртібі кезінде, баланың балабақша ішінде болған барлық уақытында жүзеге асуы керек. Бала күнделікті таңертең балабақшаға келгенде топта баламен күнделікті тұрмыста орын алатын жағдайлар туралы әңгімелесуге болады. Балалар өздерінің жасаған әрекетін, өздерінің белсенді сәттерін, өздеріне қызықты болған жағдайларды белсенді айтуға тырысады. Серуенге шығу баланың эмоционалдық жай-күйінің және сөйлеу тілінің белсенділігін тудырады. Баламен серуенге шығу кезінде және басқа күн тәртібіндеі бос уақытта түрлі ойындар ойнау арқылы баланың сөздік қорының кеңеюіне көмегін тигізеді. Мысалы, «Орманға саяхат» қимылды ойынында балалар ормандағы тіршілік иелерінің атауымен және олардың тұрақтарымен, мекен ететін жерлерінің атауын, олардың төлдерінің атауын айтып, жаңа сөздерді меңгеріп, есте сақтайды.Дидактикалық ойын: «Сөз құра» түбірлі сөздерді атауы керек. Мысалы, бас-қа, бас-тық, бас-шы, бас-пал-дақ, бас-қару, бас-у, тағы басқа.Серуенге шығу кезінде сұрақтың барлық түрлерін қойған тиімді.Жапсыру, сурет салу, құрастыру оқу – қызметінде бала өзінің жасап жатқан және жасайтын немесе жасап болған әрбір әрекетін мазмұндап айтып түсіндіруі керек. Оны айтуға қиналған балаларға, педагог (тәрбиеші) балаға өзі ынталандырушы сұрақтар қоюы керек. Мысалы, «Қазір не жасап жатырсың?», «Ненің суретін салдың?», «Енді не жасайсың?», «Саған ол үшін не керек?» –деген сұрақтарды және керісінше балаға да (өз әрекеті) туралы ересектерге өз сұрағын жүйелі қоюды үйрету керек. Баланың сөйлеу тілін дамытуда – көркем әдебиет, көркем шығармаларды тыңдау мәдениетін қалыптастыру керек. Балалар аңыз әңгімені, ертегілерді, өлең- шығармаларды қызыға тыңдайды және сұрақ қою арқылы түсінеді.Педагогтар баланың сөйлеу тілін дамыту мәселесінде төменде көрсетілген қателіктерді жібереді:– педагог (тәрбиеші) көбіне өздері көп сөйлейді, баланың белсенді сөйлеуіне жағдай жасамайды. Көбіне сұрақ қойған кезде, балаға ойланып жауап беруге уақыт бермейді де өздері жауабын айтуға тырысады, шыдамсыздық танытады.

Балалардың сөйлеу тілін дамыту барлық балабақша педагогтарының сауатты, бірлескен жұмысының нәтижесінде ғана орын алатын мәселе. Балабақша ішіндегі барлық мамандардың бірлескен жұмыстарының: кеңес беру, шеберлік сыныбы, семинар және тәжірибемен бөлісу, бірлескен отырыстар, талқылау нәтижесінде ғана баланың сөйлеу тілінің дамуының жетістігіне қол жеткізуге болады.

Ерекешова Анаргуль Мынтургановна
Ақтөбе қаласы, МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжайы

«ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАК ФАКТОР ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО РАЗВИТИЯ РЕБЕНКА»

Для детей дошкольного возраста характерен повышенный **интерес ко всему**, что происходит вокруг. Очень важно обогащать представления **детей о растениях**, животных, объектах неживой природы, встречающихся, прежде всего в ближайшем окружении. В период дошкольного детства благодаря **познавательной** активности ребенка происходит зарождение первичного образа мира. Образ мира формируется в процессе **развития познавательной сферы**, которая состоит из трех компонентов:

1. **Познавательные процессы** *(восприятие, внимание, память, воображение, мышление)*;
2. Информация (опыт и достижения, накопленные человечеством на пути **познания мира**);
3. Отношение к миру (эмоциональная реакция на отдельные объекты, предметы, явления и события нашего мира).

Одним из методов **познавательного развития детей** дошкольного возраста является **экспериментирование,** которое рассматривается как практическая **деятельность** поискового характера, направленная на **познание**

свойств, качеств предметов и материалов, связей и зависимостей явлений. Дети по природе своей исследователи. Неутолимая жажда новых впечатлений, любознательность, постоянное стремление экспериментировать, самостоятельно искать новые сведения о мире традиционно рассматриваются как важнейшие черты детского поведения.

Они задают вопросы, касающиеся близких и далёких предметов и явлений, интересуются причинно-следственными связями (как? почему? зачем?), пытаются самостоятельно придумывать объяснения явлениям природы и поступкам людей. Склонны наблюдать, экспериментировать. Исследовательская деятельность вызывает огромный интерес у детей.

Главная задача педагога поддерживать **интерес детей** к исследованиям и открытиями.

Взрослый должен вести себя так, чтобы детям казалось, что они действуют самостоятельно. И все же, чтобы познавательный интерес ребенка был высоким, нужно, чтобы **он сам был активным участником педагогического процесса, т.е. лично сам исследовал, экспериментировал, наблюдал, ощущал, сравнивал, анализировал, видел результаты своих маленьких экспериментов, спрашивал у взрослых о том, что делать дальше или где это узнать, искал материал по своему изучаемому объекту дома, в саду или библиотеке, делал самостоятельные выводы по мере своих способностей.**

Экспериментирование - важный, простой и очень **интересный для детей** способ ознакомления с окружающим миром. Важно не только провести опыты, но и связать результаты с повседневной жизнью, наблюдениями дома и на улице..

Вот на примере я взяла опыт с веществом, который используем в обиходе, дома, каждый день. Это лимон.

Я очень люблю пить чай с лимоном. Мне стало интересно, как растут лимоны, где еще он может применяться. Лимон – это фрукт длиной от шести до девяти сантиметров, желтого цвета, овальной формы. Сверху покрыт кожурой, внутри есть дольки и семена. Растут лимоны на небольших, высотой 3—7 м вечнозеленых деревьях семейства цитрусовых с колючими ветками. Цветки лимона — ярко-белые с фиолетовым венчиком. Возраст деревьев может достигать 45 лет. Родина лимона Индия, Китай.

Лимонные деревца — прекрасные комнатные декоративные растения. Они быстро растут, цветут и плодоносят круглый год. Лимоны очень кислые на вкус. Впервые лимонную кислоту из сока недозрелых лимонов выделил шведский аптекарь Карл Шееле в конце 18 века.

Цели:

- Создание условий для формирования основного целостного мировидения ребенка старшего дошкольного возраста средствами физического эксперимента.
- Развитие наблюдательности, умение сравнивать, анализировать, обобщать, развитие познавательного интереса детей в процессе экспериментирования, установление причинно-следственной зависимости, умение делать выводы.
- Развитие внимания, зрительной, слуховой чувствительности.
- Создание предпосылок формирования у практических и умственных действий.

Задачи:

- развивать познавательную активность в процессе формирования представлений о лимоне,
- практическое применения лимона,
- формировать умение видеть красоту окружающей природы и бережного отношения к ней,
- формирование навыков самоконтроля.

А теперь я с вами хотела провести опыт с лимоном, который называется

Опыт №1 «Тайное послание»:

Для этого нам понадобится: половина лимона, ватная палочка, чашка воды, лист бумаги.

1. Выдавить сок из лимона в чашку, добавить такое же количество воды.
2. Обмокнуть ватную палочку в раствор лимонного сока и воды и написать что-нибудь на бумаге.
3. Когда чернила высохнуть, нагрей бумагу над свечей, на бумаге появиться невидимые слова.

Вывод: Сок лимона имеет свойства темнеть при нагревании.

Опыт №2 «Лимон и яблоко»

Вам понадобятся: яблоко, лимонный сок, тарелки.

Разрезать яблоки пополам и на срез одной половинки положили лимон. Через несколько часов чистая половинка яблока потемнела, а то что была защищена лимонным соком осталось такой же белой.

Вывод: Если разрезанные яблоки смазать лимонным соком, они будут выглядеть свежими и красивыми и не менее полезными. Данный эксперимент можно дать детям как домашнее задание, чтобы они дома вместе с родителями провели эту работу.

Опыт № 3: «Взаимодействие лимона с молочными продуктами»

Нам понадобиться стакан кислого продукта и лимона.

Вывод: Лимон не желательно употреблять с молочными продуктами, так как молочный белок сворачивается от кислоты.

Опыт№4 « Лимон надувает воздушный шарик»

Нам понадобиться пищевая сода, графин с узким горлом, воздушный шарик, лимон.

Вывод: при гашении соды в кулинарии используют уксусную кислоту, а значит сок лимона, может быть гасителем соды и выделять летучий газ.

Опыт № 5 «Водоплавающий лимон»

Нам понадобиться посуда с водой и два лимона. Один целый, второй очищенный от кожуры.

Вывод: в ходе эксперимента мы увидим, что лимон с кожурой вовсе не тонет, так как в кожуре содержится воздух.

Кунжарикова Гульсим Чапаевна
Воспитатель I категории
ГККП ясли-сада №45 «Алтын бала»

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА МУЗЫКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Музыкалық тәрбие ұғымы қоғамдық құбылыс ретінде кең және тар мағынасындақолданылады.Кең мағынасы дегеніміз ол музыкалық іс-әрекетте жинақталған тәжірибені
педагогикалық ықпал ету негізінде кейінгі ұрпаққа меңгерту, жалпы музыкалық мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Ал түрлі деңгейде музыкалық тәрбие беру мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған арнайы ұйымдастырылатын іс-әрекетті білдіретін ол тар мағына болып саналады. Музыка өнері жеке тұлғаның дамып, қалыптасуында аса маңызды роль атқарады. Музыкалық білім мен тәрбие беру адамзат өркениетінің ең терең тамырларынан бастау алады. Адамзаттың сан ғасырлық серігі болып келген музыка өнерінің тәлім-тәрбиеде алатын орын, әсер - ықпалын, қоғам мәдениеттің дамуы процесінде қалыптасқан әлеуметтік, музыкалық – педагогикалық тәжірибені ой елегінен өткізіп, даму кезеңдерін қалыптастыруға тікелей байланысты.

Жан-жақты дамыған азамат тәрбиелеуде эстетикалық тәрбиенің басты саласының бірі – музыка мен ән. Музыка адамның жан дүниесін тебіренте отырып, оның өмірге деген көзқарасын, әдет, мінез-құлқын қоғам мүддесіне сәйкес қалыптастыруға, әдемілік заңымен өмір сүруге тәрбиелейді. Мектепке дейінгі жастағы балаларға музыкалық тәрбие – талғамдық, эстетикалық тәрбие беру ісінің негізгі саласы болып табылады. Эстетикалық тәрбиелеу мәселелерін мектепке дейінгі жастағы балаларға Құлжанова Н., Меңжанова К., Меңдаяқова Қ.М., Левченко Т.А., Жұмабекова Ф.Н. және т.б. зерттеген. Мектепке дейінгі балалар білім берудің барлық деңгейлерінде жалпы өмірде табысты болып келетіндіктен, білімді тез қабылдап, мектепке дейінгі ұйымдағы оқыту мен тәрбиелеу үдерісі оларды алғашқы біліммен қаруландырып, қоғам талабына сай тұлғаны қалыптастырудағы алғашқы негіз болады. Сонымен басты мақсат – біртіндеп түрлі музыкалық іс-шараларды меңгерту арқылы баланың бойындағы түрлі табиғи талабын дамыту. Өнер түрлерінің әрқайсысы адамға әсер етудің спецификалық құралдарына ие. Бала өмірінің ең басында әсер ету мүмкіндігіне ие музыка болып саналады. Ең бір бай әрі әсерлі эстетикалық тәрбие құралы, оның аса үлкен эмоциялық әсері бар, адамның сезімін тәрбиелейді, талғамын қалыптастыратын ол музыка Қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер музыкалық қабілеттерінің дамуы, музыка мәдениеті негізінің қалыптасуы екенін айтады - содықтан, музыкалық тәрбиені мектепке дейінгі жастан бастау керек. Балалық шақта музыкалық әсердің тақыртаза болуының кейін орнын толтыру өте киын.

Музыка табиғи ырғақты сөзбен пара-пар. Сондықтан сөйлеу үшін сөздік орта қажеттілігі сияқты, музыканы жақсы көруі үшін балада түрлі дәуірлер мен стильдердегі музыкалық шығармаларды қабылдай білу тәжірибесі болуы тиіс, оның ырғағына үйренуі, яғни көңіл күйін тани білуі тиіс. Әлеуметтік оқшауланушылыққа ұшырған баланың ақыл-ой дамуында кедергі болады, ол өзін тәрбиелегендердің тілі мен дағдыларын меңгереді, солармен ғана қарым-қатынас жасайды. Және ол балалық кезінде қандай дыбыстық ақпаратты бойына сіңірсе, оның болашақ саналы сөйлеу және музыкалық ырғақтылығында тірек етер музыкалық тілі және ақындық та осы болады. Сондықтан да жасынан бесік жырын тындап өскен, ертегі тыңдап, ойын-күлкі арасында өскен бала көпшілік бақылауға қарағанда, санамақ айтып, неғұрылым шығармашылықты, музыкалық дамыған болатындығы осыдан кейін түсінікті болады. Музыкалық даму жалпы дамуға ештеңемен алмастыра алмайтындай әсерін тигізеді: адамның эмоциялық аймағы қалыптасады, ойлауы жетіледі, өнердегі және өмірдегі сұлулыққа сергектігі тәрбиеленеді. Музыка мектепалды баласының өмірінде педагог әрекетінің белсенді ұйымдастырушылығы арқасында қолданыс табуы тиіс. Көбіне музыкалық жетекші мен тәрбиешілер балалардың музыкалық қабілеттерінің дамуы жұмысының түйісуіне байланысты

болады. Музыкалық жетекші тәрбиешілер мен бірігіп әрекеттестігінде балалардың музыкалық дамуы бойынша жұмысты бірлескен жоспарлау олардың ұғымдары мен әрекеттерінің жалпы мағынасын қалыптастыруларын салыстыруға бағытталған инициатива алмасу қажет. Балабақша өмірінің барлық жағына белсене қатыса жүріп, музыка жетекшісі ата-аналар арасында музыкалық – эстетикалық білімді белсене насихаттау тиіс. Егер ата-аналар музыкалық тәрбиенің маңыздылығын түсінетін болса, олар балаларын отбасында, музыка үйірмелерінде, балалармен бірге концерттерге, музыкалық спектакілдерге барады, жан-жақты музыкалық әсерлермен байиды, олардың музыкалық тәжірибесі кеңейді.

Музыкалық тәрбие бойынша жұмыс істейтін педагогтер жұмысының басты жетістігі барлығын бірыңғай шығармашылық командаға біріктірігіп, жұмыс жасау білігін жүзеге асыру болып табылады. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру үшін тәрбиеші өзінің алдына белгілі мақсат қоюы тиіс. Ал осы музыка сабағындағы қойылған нақты мақсат белгілі бір музыкалық тәрбиенің міндеттерін жүзеге асыруды көздейді.

Мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының музыкаға қызығушылығындамытудағы ең бірінші міндет ол музыкалық іс-әрекеттер арқылы баланың сезімін (эмоциясын) ояту. Өйткені балалардың сабақ үстіндегі іс-әрекетінде эмоция өзіндік бағыттаушы және реттеуші рөл атқарады. Ол:

а) музыкалық шығармалардың мазмұнын балалармен бірге талдау;

ә) музыкалық-дидактикалық ойындар ұйымдастыру;

б) тиімді әдіс-тәсілдерді таңдай білу;

в) балалардың жас ерекшеліктері мен музыкалық даму ерекшелігін ескеру.

Екінші міндет – белгілі бір шығарманы саналы түсініп қабылдауға баулу. Ол үшін мынадай жұмыстар атқарылуы тиіс:

а) музыканың көркемдік құралдарының (екпін, ырғақ, әуен, дыбыс бояуы, дыбыс биіктігі т.б.) музыкалық шығарма мазмұнын жасаудағы ерекшеліктерін түсіндіру;

ә) әр - түрлі көрнекі құралдарды пайдалану; Мектепке дейінгі балаларға музыкалық тәрбие беру.

б) ырғақтық қимылдар жасау (нота биіктігін көрсету, ырғақты колмен шапалақтап көрсету, ойнауға жеңіл қарапайым ұлттық аспаптарды қолдану арқылы меңгертіледі).

Үшінші міндет — музыкалық шығарманы өз шама - шарқынша орындауға үйрету барысында орындаушылық дағдыларды меңгерту.

Бұл: а) шығарманы тыңдай отырып оны талдай білу дағдысын қалыптастыру;

ә) күйлерден шағын үзінділерге ұлттық аспаптарды қосып ойнауға үйрету;

б) домбыра үйретуді нотасыз және сандық жүйе бойынша меңгерту. Мектепке дейінгі балаларының жас ерекшелігі - олардың дамуымен, жаңа әлеуметтік жағдайлардың, құрдастарымен жасайтын арнайы өзара қарым– қатынасының пайда болуымен, «балалар қоғамының» құрылуымен, басқа адамдарға қатысты өзіндік ішкі позициясы, өз «менін» және өз қылықтарының маңызын аңғарудың арта түсуімен, үлкендердің ішкі дүниесіне, олардың іс– әрекеттері мен өзара қарым–қатынастарына ерекше қызығуымен сипатталады. Қазіргі музыка сабағы – мектепке дейінгі ұйымдағы музыкалық тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы, музыка сабағында балалар педагогика ғылымының оған қойылатын соңғы талаптары бойынша мынадай ісәрекеттермен айналысады: хормен ән айту, музыка тыңдау, музыкалық ырғақтық қимылдар, балалар аспабында ойнау, музыка сауаты, балалар шығармашылығы т.б. Музыка – эстетикалық тәрбие беру құралдарының бірі болып саналады. Өнердің басқа түрлері сияқты ол да өмірдегі әсемдікті, табиғат сұлулығын бағалауға және адамдар арасындағы қарым-қатынастарды түсініп, білуге үйретеді. Баланы жастайынан өнерге баулып, музыка әлемімен таныстыру, оны сезіндіріп ән айтқызып, күй тартқызудың мақсаты –халқымыздың асыл қазынасын, дәстүрлі ән-күйлерін бойларына сіңіре білу, олардың эстетикалық талғамын жан-жақты байытып, дамыту – бүгінгі таңда өте маңызды мәселеге айналып отыр. Қазіргі оқу - тәрбие жұмысын жан - жақты дамыту мақсатындағы басты міндеттердің бірі бала тәрбиесіне қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан әдет - ғұрпына, ұлттық дәстүріне байланысты әдебиет пен мәдениетке, тұрмыс - салтына, өнерге үйрете отырып, баулу. Белгілі бір өнер иесіне арналған әсерлі әдеби - музыкалық кештер өткізу де бала санасында із қалдырады. Әдемілікке, жақсыға, үлкеннің маңызды да пайдалы ісін қайталауға, ұқсап бағуға талпындырады. Әр сазгердің немесе әншінің шығармашылығындағы, репертуарындағы әндерді, шығармаларды тереңірек талдау арқылы бала тағы да музыканың эмоциялық әсерін, бейнелеу күшін түсініп, жақсы мен жаманды ажырата алуға үйренеді. Сол сияқты баламен жеке жұмыс жасауда әр баланың бойындағы қабілетін тауып, дамытуға жол ашады. Ал, музыканы түсіне шығарма кейіпкерімен бірге жетіле, әсемдік пен әдемілікті сезіне өскен қоғамға тек пайдасын тигізетін, ұлттық қазынаны бағалай білетін, саналы да білімді, отансүйгіш, тәрбиелі, адал азамат болып өсері сөзсіз. Балабақшадағы сәбилік шағынан тәрбиеленіп келе жатқан балада музыканы тыңдау, оны есте сақтау, түсіну, ажырата білу, ән салу, би билеу, сазгерлерді, аспаптарды тану қабілеттері бірте - бірте қалыптасады. Ал, балабақшаға қамтылған баланың бойына қысқа мерзім ішінде аталған білім дағдыларын қалыптастыру музыка жетекшісінің алдына қойылған аумақты да, жауапты ісі.

Музыка өнері жеке тұлғаның дамып, қалыптасуында аса маңызды роль атқарады. Музыкалық тәрбие жұмысын ұйымдастырудың түрлері ол ән сабағы, музыкалық шулы аспаптарда ойнау, баланың жеке музыкамен шұғылдануы, баланың күнделікті өмірдегі музыканың орны, мерекелік ертеңгіліктер. Сондықтан музыкаға қалыпты қызығушылығын, әр түрлі музыкаға эмоциялық сезгіштігін дамыту керек. Би билеу және ән салу дағдыларына үйрету, музыкалық қабылдауын, таныс шығармаларды әуенінен тану және есте сақтауын дамыту, балалардың музыкалық танымын кеңейту, Сол себепті, музыканың құдіретті күшін бала бойына дарыту, сіңіру мақсатында музыка, сазды әуен баланың күнделікті өмірінде орын алуы қажет. Музыкалық оқу іс - әрекетінің музыка тыңдау бөлімі бойынша ән, күй, халық әуендерін, басқа ұлттық шығармаларды қолдана отырып, музыканы тыңдау, қабылдау, есте сақтау, ажырата білумен қатар, оның мазмұнын, көркемдік қасиетін үсіндіру қажет. Әнді музыкамен, музыкасыз жеке, көппен қосылып, орындау кезінде дауысын дамытуға, өлең сөзін дұрыс, анық айтуға, ырғақты қимылмен музыка үндестігін сезіне, денесін дұрыс ұстап, әдемі қозғала білуіне ерекше мән беріледі. Музыканы басқа пәндермен байланыстыруда (тіл дамыту, сахналау, дене шынықтыру, бейнелеу т. б) баланың көңіл хошы, өз күші менептілігіне қызығушылығы арта түседі. Яғни, ән баламен ойын - сауықтарда, ертеңгіліктерде, ойындарда, билерде бірге жүреді. Бала ойнай жүріп, әнге деген құштарлығы арта түседі. Музыкалық – дидактикалық ойындарды ойнау, балалардың музыкаға қызығушылығын арттырады және музыкалық іс - әрекет түрлерін тез, әрі дұрыс үйренуге көмектеседі. Музыкалық оқу іс - әрекеттерінде музыкалық – дидактикалық ойындарды жүйелі түрде пайдалану – музыканы сипатына, көңіл - күйіне, динамикалық реңкіне қарай ажыратуды үйретеді. Балаларды әр түрлі музыкалық шараларға тек жеке өзін қатыстырмай, үлкендермен, ата - аналармен бірге қатыстырудың мәні зор. Бұл баланың өзіне - өзінің сенімін ұштап, шығармашылығын шыңдайды.

Музыкалық - ырғақты қимылдарды орындауда, би билеуде музыкалық аспаптарды қолдану музыканың ырғағын, динамикалық үнін, екпінін ажыратуға үйретіп, орындаушылық шеберліктерін шыңдайды. Мерекелік ертеңгіліктердің, ойын - сауықтардың, сахналық қойылымдардың кезінде бала образдық бейнелерді дәл бере білуге, сахна мәдениетіне жауапкершілікке, көпшілікпен жұмыс істеуге үйренеді. Сонымен музыка – адамның жан дүниесін тебіренте отырып, оның өмірге деген көзқарасын, әдет, мінез – құлқын қоғам мүддесіне сәйкес қалыптатсыруға тәрбиелейді. «Дені саудың – жаны сау» дегендей, тәні де, жаны да сау, рухани бай эстетикалық жағынан сезімтал азаматты тәрбиеленіп өсіру – ата-ана парызы, қоғамдық мекемелердің міндеті. Осы міндетті іске асыру балабақша мен мектепалды даярлық тобынан басталмақ. Музыка ең бір бай әрі әсерлі эстетикалық тәрбие құрылы, оның аса үлкен эмоциялық әсері бар, адамның сезімін тәрбиелейді, талғамын қалыптастырады.

Әлжанова Анаргүл Әбілқайырқызы
І санатты музыка жетекшісі
Турганбаева Асель Урынгалиевна
музыка жетекшісі
Ақтөбе қаласы, МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжайы

СЮЖЕТНО-РОЛЕВАЯ ИГРА, КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Игровая деятельность – ведущий вид деятельности детей дошкольного возраста**.** Коммуникативные способности у детей дошкольного возраста включают в себя: желание вступать в контакт, умение организовать общение, знание норм и правил в общении со сверстниками и взрослыми.

В дошкольные годы игровая деятельность у детей ярко выражена.В игре моделируются реальные отношения взрослых, происходит осмысление детьми различных явлений действительности. Таким образом, в игре создаются благоприятные условия для формирования коммуникативных способностей и умений**.** Бедность и примитивность игр пагубно отражаются и на коммуникативном развитии детей – ведь общение в основном происходит в совместной игре. Именно совместная игра *(её правила,* ***сюжет****, распределение ролей)* – главное содержание общения. Играя и выполняя различные игровые роли, дети учатся видеть события с разных позиций, учитывать действия и интересы других, соблюдать нормы и правила.

Игра – это не просто любимое занятие детей**,** это ведущий вид деятельности дошкольников**.** Она оказывает значительное влияние на развитие ребёнка. Прежде всего, в игре дети учатся полноценному общению друг с другом. Большинство зарубежных исследователей указывают на значение игры для развития у ребёнка как интеллектуальных, так и социальных сфер функционирования.

Значение игры в жизнедеятельности дошкольника трудно переоценить. Общение дошкольника со сверстниками разворачивается главным образом в процессе совместной игры. Играявместе**,** дети начинают учитывать желания и действия другого ребёнка, отстаивать свою точку зрения, строить и реализовывать совместные планы. Поэтому игра оказывает огромное влияние на развитие общения в этот период.

Коммуникативные способности позволяют различать те или иные ситуации общения, понимать состояние других людей в различных ситуациях и на основе этого адекватно выстраивать свое поведение. Оказываясь в какой-либо ситуации общения с взрослыми или сверстниками (в детском саду, на улице, в транспорте и так далее), ребенок с развитыми коммуникативными способностями сможет понять, каковы внешние признаки данной ситуации и по каким правилам в ней нужно действовать. В случае возникновения конфликтной или другой напряженной ситуации такой ребенок найдет позитивные способы ее преобразования. Ведь для большинства детей дошкольного возраста невероятно трудно вести себя по отношению к другим детям дружелюбно, доброжелательно, вместе добиваться каких-либо результатов. Дети, которые не обладают данными качествами, способны спровоцировать конфликт.

Организация сюжетно - ролевой игры уже подразумевает вступление детей в контакт, в общение, как со сверстниками, так и с взрослым, и чем чаще игра организуется, тем больше возникает желание поиграть еще и еще. Таким образом, организуя сюжетно - ролевую игру, педагог вовлекает детей в прямое общение

Ребёнок в игровой деятельности сталкивается с необходимостью:

-устанавливать контакты в игре;

-соблюдать нормы поведения;

-приспосабливать свое поведение к конкретной ситуации;

-владеть навыками игровой деятельности

Тематика сюжетно-ролевых игр меняется с возрастом играющих. Некоторые сюжеты могут встречаться как у младших, так и у старших дошкольников («Детский сад», «Семья» и т. п.). Но, несмотря на то, что существуют сюжеты, общие для детей всех дошкольных возрастов, они разыгрываются по-разному: игра становится более разнообразной у старших дошкольников. Каждому возрасту свойственно воспроизводить разные стороны действительности внутри одного и того же сюжета.

Задача педагога научить детей общаться, взаимодействовать в конкретных ситуациях, объяснять выбор роли, поступка. Дети в младшем возрасте в основном ещё продолжают играть «рядом», но интерес побуждает их всё чаще обращаться к товарищу, пытаются обмениваться игрушками, идеями и советами, взаимодействуют по просьбе воспитателя. Дети тяготеют к совместным играм со сверстниками.

В ходе игры педагогическое руководство заключается в соединении знаний детей о правилах поведения с действительными поступками. Советы, напоминания, включение педагога в игру могут способствовать объединению нескольких группировок вместе, преодолению недостатка игровых умений, предупреждению конфликтных ситуаций.

Руководить поведением детей в ходе игры нелегко. И если такое руководство исходит извне — «со стороны» или «как бы сверху», то оно не достигает цели. Педагогическое руководство в этот период должно осуществляться «изнутри» самой игры.

Совместные игры с детьми вне занятий и регулярное проведение обучающих игр на занятиях, которые широко используются в этой возрастной группе, способствуют обогащению содержания самостоятельных игр детей. Наблюдаются положительные изменения и в характере игр. Использование нескольких педагогических средств, в совокупности позволяют повысить уровень игровой деятельности, повлиять на игровые интересы детей, обогатить их новыми впечатлениями, а, следовательно, добиться гораздо более высокого уровня коммуникативности детей.

Социальная ситуация развития на пятом году жизни характеризуется дальнейшим развитием игровой деятельности.

С развитием умения создавать развернутый сюжетный замысел, планировать совместную деятельность ребёнок подходит к необходимости - найти место среди играющих детей, наладить с ними связи, понять их желания и соразмерить с ними собственные желания и возможности. Поэтому дети с индивидуальными особенностями, которые могут привести к возникновению конфликта, проявляя интерес к игре, желание в ней участвовать, идут на взаимные уступки.

От того, как ребёнок общается сейчас, ещё в дошкольном возрасте, зависит его будущее. Ведь мы живём в обществе, постоянно налаживая контакты с разными людьми. Если научим ребёнка коммуникативным навыкам как можно раньше, то ребёнку будет легко пройти процессы социализации и реализоваться в обществе.

Кинеева Сания Урынгалиевна
Ясли сад №45 «Алтын бала» г.Актобе
Воспитатель II категории

ТРИЗ СУРЕТ САЛУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ

Мектепке дейінгі балалық шаққа бейімделген ТРИЗ технологиясы баланы шығармашылық тапсырмаларды орындауды үйретеді және оның бойында шығармашылық қажеттілікті дамыта отырып, оның қызығушылығына сүйене отырып, шығармашылыққа жүйелі түрде жетелеуге мүмкіндік береді. ТРИЗ және оның принциптері тек техникалық қана емес, сонымен қатар басқа да шығармашылық тапсырмаларды шешуге қолайлы. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған әдіс-тәсілдер төмендегідей: ·

Жүйелік жақындау Компоненттік, құрылымдық, функционалды және генетикалық жақындаудың элементтер негізінде қоршаған ортаның жүйелік көріністерінің бастауларын қалыптастыру. Бір-бірімен тығыз байланыста болатын бөлімдерден құралған жүйені біртұтас ретінде түсінік беру, объектінің осы шақтағы, өткен шақтағы және келер шақтағы жағдайын бөліп ала отырып, уақыт және кеңістік туралы ұғым беру.

ТРИЗ технологиясын қолдану дәстүрлі іс-әрекеті

Ұйымдастырылған іс-әрекетін мақсаты:
А) тәрбиеші үшін: жана материалды беру;
Ә) бала үшін: жана материалды менгеру
Ұйымдастырылған әдіс –әрекетінің құрлымы жағдайға байланысты жоспардын өзгеруі мүмкін.
Балалардын шығармашылық қиалын дамыту
Ойын толық айтып жеткізе білу
ТРИЗ технологиясы
Үйренген сөзден сөйлем құрастыру
Сөйлемнең әңгіме құрастыру
Ойлау қабілеттерін арттыру
ТРИЗ технологиясы баланың тілін дамыту, шығармашылық қиялын дамыту
Міндеттері: – Бала мүмкіндігін ескеріп, заман талабына сай білім беру;
-Триз элементтерін пайдаланып, шығармашылық қабілетінің ашылуына мүмкіндік туғызу;
-Балалардың көркемдік шығармашылығын дамыта отыра әр баланың психологиялық ерекшіліктерін танып білу.

«Жануарларды орналастыр» дидактикалық ойыны

Мақсаты: Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету. 5 бала кезекпен тақтадағы тапсырманы, ал қалғандары үстелдің үстіндегі парақ қағазда фишкамен орындайды. – Оң жақтағы жоғарғы үйшікке ақтиінді орналастыр. – Сол жақтағы төменгі үйшікке мысықты орналастыр. – Төменгі оң жақтағы үйшікке аюды орналастыр. – Жоғарғы сол жақтағы үйшікке қасқырды орналастыр.

«Киімді сипаттау»

А) Көйлектің түсі жасыл Ә) Көйлек матадан тігілген Б) Көйлек киім В) Көйлекті әже, ана, қыз киеді Г) Көйлекті қолмен үстауға болад.

« Ойыншықты сипаттау»

а) Доптың түсі әр-түрлі ә) Доп ойыншық б) Пішіні доңгелек.
в) Доп резинадан жасалған г) Доп кішкентай д) Допты қолмен үстауға болады

“Не артық?”

қызанақ артық үйткені ол жеміс емес ол көкеніс. 2. банан артық оның пішіні сөпақ, қалғандары дөнгелек. 3. мандарин артық оны пішақсыз бөлуге болады. 4. алма артық тоны тістеп жегенде ол сытырлайды.

«Поезд»

Бұл ойынға түрлі тақырыпқа суреттер керек. Әр сурет бірбір вагон олар бір-бірімен байланысты болу керек. Мысалы: тәрелке,қасық, күрек, жер, ағаш, алма.

«Салыстыр»

Балалар объектілер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтайды. Мысалы: Алма және қызанақтың ұқсастығы мен айырмашылығыТриз элементтері бойынша баланы дамытуда көптеген түрлері бар.
Сонымен қатар дәстүрден тыс сурет салу технологиясы ТРИЗ
Балаларға жақсы әсер етеді.
Мысалыға : саусақпен Қолшатырды безендіру
Біріншіден бала саусақпен сурет салғанға өте қызығады.

Екіншіден қолдың ұсақ моторикасын дамыту кезінде баланың саусақтарындағы әртүрлі нүктелер қозғала бастайды соның көмегі тілдің тез жетілуіне пайдасын тигізеді.
Ерте заманның ғалымдары бұл тезнологияны ерекшелеп кеткен екен.
-Балалар барлық сезімдерін пайдалана отырып оқып-үйренуі керек: барлық сабақтар «басты, қолды және жүректі» пайдалануға құрылған, бұл баланы жан-жақты тұлға етіп тәрбиелеудің маңыздылығын білдіреді. Штайнер адамда шын мәнінде он екі сезім бар деп санаған: әдеттегі бес сезімге қоса ой, тіл, теңгерім, қозғалыс, жылу, өмір және даралық деп санаған.
-Ал Реджио Эмилия болса :Балаларға өздерін көрсетуге болатын көптеген құралдар мен мүмкіндіктер болуы керек (драма, музыка, ән айту, суретке түсіру, сурет салу, билеу,
құрастыру, әңгімелесу және т.б.).
-Сонымен қатар триз сурет салу тәсілін қолданғанда балалар Реджио сыныптарында оқу барысында адамның барлық сезімдері қамтылады: балалар көзбен көреді, затты ұстап көреді, естиді, қозғалады, сөйлейді және тыңдайды.

Жолдаспаева Аиза Салимбаевна
II санатты тәрбиеші
Макымова Аяжан Сабитовна тәрбиеші
МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжайы, Ақтөбе қаласы

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ

Сөйлеу ақыл-ойдың танымдық процесі ретінде ойлау, қиял, есте сақтау, түйсік, қабылдау және эмоциялармен тығыз байланысты. Сөйлеу және тілді қолдану әлеммен қарым-қатынас пен білімнің негізгі құралы ғана емес, сонымен бірге балаларды рухани мәдениеттің құндылықтарымен таныстырудың негізгі факторы болып табылады. Сонымен қатар, сөйлеу әрекеті жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің міндетті шарты болып табылады. Мектепке дейінгі жастағы сөйлеудің дамуы мектепте сәтті һәм нәтижелі оқуға негіз бола алады. Бала кездегі ана тілін жетік меңгеру, сөйлеудің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық аспектілерін дамыту — балалардың зияткерлік, әлеуметтік және рухани білім беру мәселелерін шешудің қажетті шарты. Сөйлеуге бағытталған дидактикалық ойындарды қолдана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуға арналған зерттеу еңбектерін А.М.Шахнарұлы, Д.Б. Эльконин, В.И.Яшина және т.б. ғалымдар жазды. Жоғарыда аталған және басқа да практик ғалымдардың тілдік қабілеттер мен сөйлеуді дамыту туралы ойларын келесі түрде тұжырымдауға болады: сөйлеу, бала психикалық процесс ретінде, тілдік құбылыстарды жалпылау, ересектердің сөйлеуін қабылдау және бейнелеу мен ойындар процесінде дамиды. Баланың тілдік конструкцияларды шарлау қабілеті тілді тәуелсіз бақылаулардың дамуына және сөйлеудің өзіндік дамуына ықпал етеді.Ойындарды қолдана отырып, мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеуін дамыту процесін бірнеше түрге бөлуге болады:1.Мектепке дейінгі жастағы интеллектуалдық белсенділіктің көрінісі — сөйлеу дамуы.2.Сөздік ойындарды қолдана отырып, сөйлеуді дамытудың негізі үш жүйеге негізделеді: табиғаттың қоршаған әлемі, адами қатынастар әлемі, заттар әлемі.3.Ауызша сөйлеу әрдайым сөйлеу жағдайымен анықталады және оны техникалық құралдар арқылы жүзеге асыруға болады. Сөйлеу дамуының көрсеткіші — белсенді сөздік, яғни мектеп жасына дейінгі баланың өз сөзінде қолданатын сөздік қоры.

Дидактикалық ойындарға тән белгілер — оларды ересектер балаларды оқыту және тәрбиелеу, сөйлету мақсатында жасайды. Бұл ойындардағы бала ең алдымен ойын жағдайына қызығады, ойнаған кезде дидактикалық мәселені шешеді. Дидактикалық ойындар баланың жеке басын жан-жақты тәрбиелеу құралы ретінде әрекет етеді. Осы ойындар арқылы балалардың ақыл-ой, адамгершілік, еңбек, эстетикалық тәрбиесі жүзеге асырылады. Балалар сөйлеуін дамытуда дидактикалық ойындар маңызды рөл атқарады: сөздік қоры көбейеді, дыбыстың дұрыс айтылуы қалыптасады, келісімді сөйлеу дамиды, өз ойын дұрыс жеткізе біледі.Көптеген ойындар процесінде ойлау мен сөйлеудің дамуы ажырамас байланыста болады. Мысалы, «Біз не істеп жатқанымызды біл!» ойынында балалар екі-екіден: «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін сұрақтар қоя алады. Балалардың ойын барысында пікірталас тудыратын мәселелерді шешуде сөйлеу белсенді болады. Ойын өз талаптарын, дәлелдерін қорғау қабілетін дамытады. Ересектер — адамзат тәжірибесінің, оның білімінің, дағдыларының және мәдениеттің қамқоршысы. Бұл тәжірибені тек тіл арқылы жеткізу мүмкін емес, бірақ тіл — адами қарым-қатынастың маңызды құралы болып қала береді.Мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшада тәрбиелеу және оқыту, ана тілін оқыту, сөйлеу және ауызша қарым-қатынасты дамытудың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл бірқатар арнайы, нақты міндеттерді қамтиды: сөйлеудің дұрыс мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорын байыту, кеңейту, сөйлеудің грамматикалық дұрыстығын арттыру, аналогтық сөйлеуді оқыту, келісімді сөйлеуді дамыту, әдеби сөзге деген қызығушылықты арттыру, сауаттылыққа дайындық т.б.

Балалның танымын алғашқы күннен бастап дамытуда,оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы-ойын әрекеті. Ойын дегеніміз-жас ерекшелігіне қарамайтын,адамның көңіл күйін көтеретін,ойландыратын үрдіс. Ойын арқылы балалар өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.Әр бала ойнау үшін алдымен ойланады,ойлана отырып ойнайды.Кез келген бала еш уақытты жалғыз ойнамайды, құрбыларымен бірге ойнайды,сол арқылы бір-бірімен сөйлеседі. Сөйлесе жүріп,пікірлесіп әсер алысады,ойынның мазмұнын анықтайды.Балалар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады. Бала жалғыз ойнағанның өзінде ойыншықтармен сөйлесіп отырады,қиялдағы қатысушылармен әңгімелеседі. Сөз бен сөйлеу әрекеті ойлау қабілеті болып табылады.Түрлі заттарды пайдалана отырып, қоршаған ортамен, адамдармен қарым-қатынас жасайды,тәжірибе жинақтайды.Ойын баланы ақыл-ой жағынан да,дене жағынан да алға жетелеп дамытады,баланың ойын өрбітіп,тілін дамытып, бойын өсіреді.
Сөйлеуді дамытудың негізі бала өмірінің алғашқы жылдарында қалыптасады. Баланың жасы неғұрлым кіші болса, оның сөйлеуін дамыту міндеті соғұрлым қиын және күрделі болады. Сөйлеуді дамытудың негізі — баланың қоршаған ортаны ойын арқылы тани білуі. Ол ойын арқылы жаңадан білген әрбір зат немесе құбылысына сәйкес сөзбен зеректігі беки бастайды. Баланың қоршаған ортадағы — тұрмыстық заттар, адамдар, жануарлар, суреттер, ойыншықтар, табиғат тағы басқа нәрселерді ойын арқылы білуі сөйлеу тілінің алғышарты.«Дауыстық сөйлеу мәдениеті» ұғымы тек дұрыс айтылуды ғана емес, сонымен бірге сөйлеу мәдениетін де (дыбыстарды, сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлеудің жақсы қарқыны, оның көлемін), сөзді естуді де қамтиды. Сөйлеудің осы аспектілерін жан-жақты дамыту балаларды сауаттылыққа дайындаудың міндетті шарты болып табылады. Фонемалық есту қабілетін дамытуға арналған ойындар тәрбиелік міндеттерді біртіндеп қиындата отырып жасалады.Егер баланың фонемалық есту қабілеті нашар дамыған болса, онда ол дыбыстық жағынан жақын фонемаларды шатастыруы мүмкін. Бұл үйлесімді сөйлеуді, оқу мен жазуды үйрену процесін бәсеңдетуі мүмкін, өйткені егер бала дыбыстарды ажырата алмаса, ол естігенін ғана есінде сақтайды (есте сақтайды, айтылады, жазады) ал айтылуын ұмытып қалады. Осындай жағдайдан соң сөйлеу мен жазудағы қателіктер пайда болады. Сөйлеу тілін дамытатын дидактикалық ойындарды оқытудың тиімді құралдарының бірі ретінде пайдалану, біріншіден, балаларды көңілді, қуанышты, мәжбүрлеусіз тілінің дамуына мүмкіндік береді. Екіншіден, фонемалық қабылдаудың қалыптасуы мен дамуымен қатар, ойын баланың іс-әрекетін ұйымдастыруға көмектеседі, оны жаңа біліммен байытады, ақыл-ой әрекетін, зейінін белсендіреді, ең бастысы сөйлеу қабілетін ынталандырады. Үшіншіден, ойын сөйлеу материалын жаңарту кезінде және оған әртүрлі деңгейдегі дидактикалық материалдарды қоса алғанда, әртүрлі нұсқаларда қолдануға болады. Егер балалардың білім деңгейі осы ойынмен белгіленген тапсырмаларды орындау үшін жеткіліксіз болса, сіз ойын өткізе алмайсыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Иманбеков.Т. Қазақ балабақшаларындағы оқу-тәрбие жұмысында ұлттық ойындарды пайдалану. А.,
2.Тіленбаева Н.Б. Дидактикалық ойынның маңызы// Отбасы және балабақша
3.Ұйқасова Қ.К. Сәбилердің тілін дидактикалық ойын арқылы дамыту// Отбасы
4.Усова А.П. Роль игры в организации жизни и деятельности
5.Ядышко В.И., Сохин Ф.А. Мектепке дейінгі педагогика.
6.«Өзін-өзі тану» пәні бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты.- Алматы:

Жалмагамбетова Гульнара Ырзагалиевна
І санатты тәрбиеші
Жантаева Нұрзат Манатқызы
тәрбиеші
Ақтөбе қаласы, МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжайы

«ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР – БАЛАНЫҢ ОЙЫН ДАМЫТУДАҒЫ БАСТЫ ҚҰРАЛ»

Мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның рөлі ерекше. Ойын баланың барлық қабілетінің, тілінің дамуына, айналасындағы дүние жайлы түсініктерінің кеңейуіне, құрбылармен жақындасуына көмектеседі. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Ойын үстінде бала өзін еркін ұстайды, ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы. Сондай-ақ ойын баланың болашақ өміріне есік ашып, оның ізденімпаздық, тапқырлық қабілетін оятады, жеке қасиеттерін қалыптастырады. Ойын кезінде бала айналадағы құбылысты өзінше түсініп, бейнелейді, өзінің

күш-жігерін, сезімін білдіруге мүмкіндік тауып, айналадағы қоршаған ортамен қарым-қатынасын нығайтып, адамдардың күнделікті іс-әрекетіне көңіл бөліп, араласа алады. Сондықтан ойынды сабақтан тыс уақытта пайдалану - үлкен нәтиже берері анық. Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, содан үлкен мәнді де мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Себебі, ойынды бар өнердің бастауы деп білеміз. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ақыны А.Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?» — деп айтқандай, бала өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас сәбидің өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті байқалады (сезіну, қабылдау, зейін қою, ерік арқылы) түрлі психологиялық түсінікпен сезім әрекетіне сүңгиді. Ойын үстінде бала бейнебір өмірдің өзіндегідей қуаныш пен реніш сезімінде болады.

Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың ой белсенділігін дидактикалық ойындар арқылы дамыту қажет болып отыр. Ал, дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті атқарады. Ойынның мақсаты- бағдарламада анықталған пәндер бойынша білім, білік және дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, тиянақтау және бекіту, қайталау және пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын туғызып, арттыратындай іріктеліп алынған нақты мазмұнымен анықталады.

Дидактикалық ойынды пайдалану жиілігін анықтап және шығармашылықпен түрлендіре отырып, балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни ұйымдастырылған оқу қызметінің кез-келген сәтінде оқыту әдісінің құрамды бөлігіне айналдыруға болады. Бірақ ойын процесі мен оқу процесін бір-біріне етене ұластырып ұйымдастырған жөн. Бала ойын іс-әрекеті үстінде қандай да білімді игеріп жатқанын, ал оқу процесінің өзінде қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Сонда ғана ойын және оқу іс-әрекеттері табиғи бірлікте болып, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Осы шарт орындалған жағдайда дидактикалық ойын шын мәнінде балалардың ойын жетілдіре оқыту әдісі өз деңгейіне көтеріледі. Алдыма келген бүлдіршіндерді заман талабына сай тәрбиелеудің жолдарын іздестірдім. Қай тәрбиешіні болсын алаңдататын бір жәйт ол баланың дербестік іс-әрекеті, баланың ойын дитактикалық ойындар арқылы дамыта білу қабілеті.

Баланың ойын дидактикалық ойындар жұмысына баулып, олардың ойынға белсенділіктерін, қызығушылығын дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Олар мыналар:

1. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу (құрастырмалы ойындар, қозғалмалы ойындар, сергіту ойындары тағы басқалар)
2. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытта жұмыс, қиялдау ой арқылы сурет салғызу, рөлге бөліп ойнату,ойын балалардың ойлау қабілеттерін арттырады.
3. Әр бөлімінде халқымыздың ұлттық ойындарын қолданамыз.
4. Мазмұнды суреттер бойынша әңгіме құрастыру, шығармашылық қабілеттерін, көз зерделерін, есте сақтау қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын дамыту.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ойынға қойылатын төмендегі әдістемелік талаптарды біліп, орындап отыруымыз керек:

1. Ойынның мақсаты нақты қойылып, керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қойылуы керек.
2. Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі балаларға әбден түсіндірілгені жөн.
3. Ойынға топтағы балалардың түгел қатысуын қамтамасыз ету керек.
4. Ойынның жүру барысында балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеуі керек.

Ойын түрлерінің материалдары оқу қызметінің мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса, оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі.

Соның ішінде дидактикалық ойындар балалардың ынтасын, белсенділігін арттырып, оқу қызметінде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында балалардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят (ситуация) кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, топ балалары арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.

Ойын баланы іздену жолына бағыттайды, жеңіске деген қызығушылығын оятады, ал осыдан шыға келе олар жылдам, жинақы, шапшаң, тапқыр болуға, ойын шартын сақтап отырып тапсырмаларды нақты орындауға тырысады. Ойындарда, әсіресе топтық ойындарда жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттері,

жауапкершілік сезімдері қалыптасады, тәртіп, күш-жігер, мінез – құлық тәрбиеленеді. Көрнекіліктердің әдістері, сұрақтың қызық та, тиімді түрлері, жұмбақтар, әзіл есептер, ахуал жағдайлары, сайыстар балалардың белсенді ойлау әрекетін дамытуға көмектеседі. Ойын барысында бала ойы үнемі дамып, жетіліп отырады, ұшқырлана түседі.

Қорыта келгенде, ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Ойын баланың физиологиясын дамытып, сонымен қатар тілін дамытуда үлкен рөл атқарады. Ойынның әрбір түрінің өзіндік мақсат-міндеті, бағыты болады. Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлу ең негізгі өзекті мәселе болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін, сөздік қорларын дамыту ісінде жаңа сөздерді меңгерту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру педагогтің басты міндеті болып саналады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Құрманалина Ш.Х., Сәрсенбаев С.Ш. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар. Алматы, 1997ж.
2. Ақбай Н.Е. Кел, балалар, ойнайық. Алматы, 2006ж.
3. Әмірова Ә. Дәстүрлі тәрбие. Арда. Алматы, 2006ж.

Молдан Ақмоншақ Бахбергенқызы
Ақтөбе қаласы, №45«Алтын бала» бөбекжайытәрбиеші

ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ КАК ОСНОВА ВНЕДРЕНИЯ ПОЛИЯЗЫЧИЯ В ДОШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

Тезисы: дошкольное воспитание и обучение; полиязычие в дошкольной организации; применение инновационных технологий в обучении дошкольников.

Дошкольный период является сензетивным в развитии ребенка, его эмоционально-волевой сферы, речи, коммуникативных способностей, социально-бытовых навыков. Воспитанию и обучению детей дошкольного возраста уделяется большое внимание в Казахстане на протяжении уже многих десятков лет. Одним из приоритетных направлений современной системы воспитания и обучения детей дошкольного возраста организациях и школах является их полноценное личностное и познавательное развитие, важным аспектом которого является формирование речи и овладение языками.

Необходимость реализации образовательной и языковой политики служит стимулом для разработки системы деятельности дошкольной организации по обучению государственному языку, русскому - языку межнационального общения и английскому, языку международного общения.Методологической основой системы деятельности по обучению государственному языку на конкретно-научном уровне является культурологический подход, который предполагает построение образовательного процесса с учетом культурного наследия, норм, ценностей, доминировании культурно значимого взаимодействия между субъектами образовательного процесса. В результате реализации культурологического подхода в условиях образовательного процесса детьми осуществляется освоение мировой культуры, у них формируется правильное представление о культурном наследии человечества, развиваются личностные качества, обеспечивающие создание новых культурных ценностей.

Основным видом деятельности в дошкольном детстве является игра. В связи с этим, педагогами яслей-сада активно разрабатываются и применяются на практике информационно-коммуникационные технологии. Разработаны и одобрены дидактические пособия, интерактивные игры и электронные презентации, флипчарты к лексическим темам, приведены в электронный формат дидактические задания к игровизорам Воскобовича, схемы Т.А.Ткаченко, разработаны и апробированы видео-материалы для работы в режиме дистанционного обучения. Актуальность данных пособий заключается в том, что каждое из них представлено на трех языках.

Компьютеризация процесса ОУД предполагает новый увлекательный способ обучения, который интересен детям и экономит время педагога.

В цифровых образовательных ресурсах, разработанных педагогами яслей-сада № 2, центральным звеном является формирование умения у каждого ребенка общаться на казахском, русском и английском языках в рамках требований к лексико-грамматическому и фонетическому уровню развития в старшем дошкольном возрасте. Развитие связной речи является центральной задачей коммуникативно-языкового развития детей. Это обусловлено, прежде всего, ее социальной значимостью и ролью в формировании личности. Именно в связной речи реализуется основная, коммуникативная функция языка и речи. Связная речь – высшая форма речи мыслительной деятельности, которая определяет уровень речевого и умственного развития ребенка. Для достижения этой задачи необходимо:

- развивать умения и навыки детей в устной речи и аудировании;
- широко использовать зрительную, слуховую и моторную наглядность;

- строить обучение английскому и казахскому языкам как процесс вхождения в культуру носителей языка, начиная с детского фольклора;
- применять современные технологии, электронные учебники;

В основе цифровых образовательных ресурсов «Развивайка», «Игровизор» лежит игра, как основа обучения полиязычию. Игры, формируя основу умственной деятельности, повышают интерес ребенка к изучению казахского и английского языков и имеют двойное значение – учиться, играя. Каждая игра имеет свое содержание и целенаправленные задания. Всё это создает благоприятные условия для продуктивной организации деятельности детей в условиях применения инновационных технологий обучения. Использование ЦОР в организованной учебной деятельности помогает специалистам дошкольных организаций развивать у детей коммуникативно-языковую компетентность детей и решать ряд важных дидактических задач.

Рассматривая ИКТ как средство, используемое при организации непосредственно-образовательной деятельности в ДО, следует помнить о том, что эта деятельность имеет свою специфику, она должна быть эмоционально-насыщенной, яркой, с привлечением качественного иллюстративного материала, с использованием аудио - и видеозаписей. Все это может обеспечить компьютерная и цифровая техника с ее мультимедийными возможностями.

Мультимедийные игры-презентации, созданные с помощью базового пакета PowerPoint и флипчарты, разработанные в ActivInspire позволяют представить обучающий и развивающий материал как систему ярких опорных образов, наполненных исчерпывающей структурированной информацией.

Требования, предъявляемые к современной дошкольной образовательной организации, достаточно высоки. В связи с этим возникает необходимость, с одной стороны, объективной оценки ужу достигнутых результатов, а с другой—сравнение их с ожидаемыми прогнозами.

Регулярное применение мониторинга позволило доказать, что использование разработанных дидактических пособий положительно влияет на динамику общего психоречевого развития дошкольников, повышает уровень качества обучения языкам, способствует развитию коммуникативно-языковых навыков, инициативы в общении со сверстниками и взрослыми.

Список литературы

1. 8 Концепция предшкольной подготовки детей, утвержденная приказом Министерства образования и науки Республики Казахстан «О вопросах предшкольной подготовки детей» от 01.12.99 г. № 75.
2. Кусаинов А.К., Амирова А.С., Искакова А. Т. Дошкольное образование в Казахстане (справочно-аналитический обзор). Алматы, ЖШС «ROND@A», 2011.
3. Искакова А.Т. Мониторинг состояния дошкольного образования в Казахстане и условия его развития/ «Педагогика и психология».- №1, 2011.
4. Горвиц Ю., Поздняк Л. Кому работать с компьютером в детском саду. Дошкольное воспитание, 1991г., № 5
5. Моторин В. "Воспитательные возможности компьютерных игр". Дошкольное воспитание, 2000г., № 11

Койшибаева Гульмира Шегебаевна
Жигайло Анастасия Викторовна
Учитель казахского языка; учитель-логопед, тифлопедагог.
ГККП «Ясли – сад № 2 акимата города Костаная
отдела образования акимата города Костаная»,
Республика Казахстан, г.Костанай

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ. Сондықтан да Елбасымыз Н.Назарбаев өзінің Жолдауларында білім саласына айрықша көңіл бөліп, еліміздің жарқын болашағы білікті де парасатты жастардың қолында екенін назардан тыс қалдырған емес.

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін

бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден–бір жолы оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша сараптау . Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны , қалай ойланғаны бағаланады. Бағалауды өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын анықтау қажет.

Оқыту – мұғалімдердің оқушыларға жасаған сыйы емес, бұл құзіреттіліктер білім алу үшін оқушылардың өздері де оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етеді. Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек. [МАН, 70 бет] Осы орайда оқушылар арасында өзара түсіністік және ұжымдық қарым-қатынасты орнатып, оқушылардың сенімсіздіктерін жойып, мүмкіндіктерін арттыруға жол ашатын бірден бір тәсіл критериалды бағалау болып табылады.

Критерийлер – оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Критериалдық бағалау – бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді

Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты:

• Мектепте оқыту сапасын жоғарылату;
• Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

• Сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға;
• Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті;
• Жеке оқушының даму жетістігін бақылауға;
• Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға;
• Әр түрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуге;
• Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға;
• Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге

Критериалды бағалаудың маңызы:

Мұғалімдер үшін:

•Сапала нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға;
•Өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға;
•Сабақ берудің сапасын арттыруға;
•Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымын жоспарлауға;
• Бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;
• Оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге

Оқушылар үшін:

• Танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;
• Табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге;
• Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсуге;
• Сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге

Ата-аналар үшін:

• Баласының білім сапасының дәлелдемелерімен танысуға;
• Оның оқуындағы табыстылықты бақылауға;
• Оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады.

Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:

• Мұғалімге оқушының оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді;
• Оқушыларға оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге, бағалауға мүмкіндік береді;
• Ата-аналар оқушының оқу жетістіктер бойынша объективті дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі;

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда бірқатар дағдылар қолданылады. Олар: білу, түсіну, қолдану, сыни ойлану, анализ, синтез, бағалау, зерттеу дағдылары, рефлексия, коммуникативті дағдылар, тілдік

дағдылар, жеке жұмыс жасау дағдылары, топта жұмыс жасау дағдылары, мәліметті іздеу дағдылары, тәжірибелік дағдылар, шығармашылық дағдылар, IT-технологияларды қолдану дағдылары.

Критерийдің мазмұны:

Бағалау критерийлері – оқытудың мақсатын және ара қатысын белгілеуге сәйкес белгі (сипаттама). Дескриптор – жетістік деңгейінің сипаттамасы.

Критерийлер

Дескрипторлар

А .Білу және түсіну

Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасы мақсатына сәйкес келетін нақты фактілерді, ақпараттар және сипаттамаларды білу және жаңғырту. Алынған ақпаратты талдау, қайта жаңғырту, болжау жасау арқылы түсінгендігін көрсете білу

В. Қолдану

Бұрын алған ақпараттар мен білімдерін жаңа немесе таныс емес жағдайларда және контекстерде қолдану, пайдалану. Білгенін, түсінгенін, дағдыларын сабақ барысында қолдану арқылы көрсету

Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін білімдерін қолдануды көрсетудің жолдары: практикалық жұмыс, диаграммалармен жұмыс, кескін картада жұмыс жасай алуы, есептер шығару, жобалар, мәселені шешу және жаңа нәтижелер ойлап табу болып табылады

С. Сыни ойлау және зерттеу

Білім көзінен алған ақпараттарды талдау, синтездеу, бағалау арқылы пікірлер қалыптастыру. Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар мен нәтижелерді жинақтай алу және оларды талдай алу қабілеттілігін көрсету. Ұсынылған болжамдарды дұрыс ақпараттар жинақтау және деректерді пайдалану арқылы зерттеп, бағалап, өз бетімен қорытынды жасау. Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін жасалған қорытынды жайында ой қозғау қабілеттілігін көрсету.

D. Коммуникация және рефлексия

Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар, фактілер мен ойларын, пікірлерін ауызша және жазбаша ұсыну. Басқа адамдар ұсынған ақпаратты тыңдап және сәйкесінше жауап қайтара алу қабілеттілігін, басқа адамдардың көзқарасын қабылдай отырып, өз көзқарасын түсіндіру арқылы ортақ ойға келу. Айтылған ойларды, пікірлерді, оқиғаларды ой елегінен өткізу арқылы шешім қабылдау немесе ой толғаныс нәтижесінде іс-әрекет жасау.

Критериалды бағалау технологиясы оқушы бойындағы үрейленуді басады және мұғалімді «төрешілік» қызметінен босатып, оқушы бойында өзін-өзі бағалау, өз іс-әрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілетінің дамуына ықпал етеді. Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет.

Жалпы қалыптастырушы бағалау сабақ жүйесінде жеке қарастырылмайтын, сабақпен қатар жүретін үрдіс. Қалыптастырушы бағалаудың (оқыту үшін бағалау) маңызы – білім беруді, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту, мақсаты–оқытудың қиындықтарын анықтау,оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін білу,болжау мен сұрыптау, жетістікке жеткендігін көрсететін кері байланыс. Бағалаудың мәні – бақылау, алынған мәліметтердің интерпретациясы, бұдан арғы іс-әрекеттерді анықтау үшін қолданылуы мүмкін шешімдерді қорытындылау. Ол оқушының жаңа сабақты, тарауды қалай меңгеріп жатқандығын жүйелі түрде бақылап, қадағалап отыру. Жиынтық бақылау жұмысына дейінгі оқушының білім деңгейін қалыптастыру, дамыту, жетілдіру. Қалыптастырушы бағалау жұмысы сабақтың толық бөлігін қамтуы міндетті емес. Ол сабақтың басында , сабақтың ортасында , сабақтың соңғы бөлігінде жүргізіледі.Уақыт көлемі тапсырма деңгейіне сәйкес 5-10 минут болуы мүмкін. Сабақ барысында қалыптастырушы бағалаудың формальді, формальді емес әдістерін тиімді әрі жүйелі қолдану қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші ілгері деңгей. Екінші басылы
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші деңгей
3. Білім туралы Заң. Астана. Ақорда. 2007ж. 27 шілде. №319-III ҚР
4. « Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Н.Назарбаев 13.04.2017 жыл

Умирбаева Мария Утебаевна
Ақтөбе қаласы, Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 ЖББОМ
Математика пәнінің мұғалімі

ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ.

Аннотация.
В статье раскрываются вопросы психолого – педагогического сопровождения детей с ООП в детском саду. Представлен практический материал из опыта работы.
Мақалада балабақшада ҚҚТБ сүймелейтін психологиялық сурақтар ашылады. Жұмыс тәжірибесінен практикалық материал берілген.
The article reveals the issues of psychological support of children with OOP in kindergarten. Practicalmaterialfromworkexperienceispresented.

Проблема воспитания и обучения детей с ООП в образовательном пространстве требует деликатного и гибкого подхода, так как известно, что не все дети, имеющие нарушения в развитии, могут успешно интегрироваться в среду здоровых сверстников. Такие дети могут реализовать свой потенциал лишь при условии вовремя организованного процесса воспитания и обучения.

Коррекционная работа в детском саду строится с учетом образовательных потребностей детей с ООП на основании заключения ПМПК.

Цель работы: психологическое сопровождение детей с ООП в детском саду.

Задачи:

1.Развивать психические процессы у ребенка с ООП.

2. Осуществлять коррекционно-развивающую работу с ребенком с проблемами в общении в условиях игры.


3.Формировать у ребенка представления о самом себе и воспитание элементарных навыков для выстраивания адекватной системы положительных личностных оценок.

Психолого-педагогическое сопровождение детей с ООП включает:

1.Создание благоприятных социально – педагогических условий для развития личности.

2.Осуществление конкретной психолого-педагогической помощи ребенку.

Была разработана модель психолого-педагогического сопровождения:



Планируя практические коррекционно – развивающие занятия с детьми, мы старались учитывать их возможности, интересы, потребности, состояние здоровья. Использовали разнообразные формы и методы: индивидуальные занятия, подгрупповые занятия для развития навыков общения, элементы арт-терапии, бизикуб, камешки Марблс, информационные технологии.

В своей работе используем с детьми песочную терапию, манипулируя сыпучими материалами, ребенок избавляется от негативных эмоций, необыкновенно приятный на ощупь песок, дает возможность расслабиться и отдохнуть. Часто дети с ОНР затрудняются в выражении своих переживаний из-за недостаточного развития вербального аппарата, бедности представлений. Поэтому здесь на помощь приходят занятия с песком: игра «Слоговые дорожки»- рисовать круги, проговаривая слоговые дорожки, «Сильный мотор» - произносить р, проводя указательным пальцем, делая дорожку по песку. Отпечатки ладошек, кулачков, создавая узоры (солнышко, цветок). Дорисуй картинку на песке и составь предложение. С помощью построений на песке можно развивать наглядно – образное мышление, восприятие, память.

Используем упражнения для развития межполушарного взаимодействия, рисуем с детьми двумя руками, нейропсихологи утверждают, что данные упражнения координируют работу обоих полушарий головного мозга, успокаивают, помогают сосредоточиться, позволяют развивать основы творческого мышления, воображения, активизирует интеллектуальные и познавательные процессы.

В работедетьми, у которых диагностировано расстройство аутического спектра, используем игры с яркими дидактическими пособиями для складывания и сортировки различных фигур, «Собери башню из кубиков», «Конструкторы». Им очень нравится играть с мыльными пузырями: «Замок из пены», «Пускание мыльных пузырей». Такие дети не всегда любят «пачкать» свои руки, но попытаться привить интерес к этой забаве все же стоит. Рисование пальцами «Раскрашивание Мандалы», «Рисуем дождик, снежок». Очень нравятся детям игры с ватой, очень приятный на ощупь материал: делаем снежинки, лепим снежный ком.

Использование в работе Бизикуб – тренажера дает возможность ребенку познавать мир через тактильное восприятие. Бизикуб позволяет тренировать навыки сенсорной и моторной координации, влияет на развитие логического мышления, концентрирует внимание. Дети воспринимают задания, как увлекательную игру, которая вызывает у них положительные эмоции.

Игра с камешками Марблс признана детскими психологами одной из самых полезных для детей: она развивает меткость, скорость, точность и моторику, а красивые оттенки стеклянных камушков пробуждают в ребенке чувство прекрасного. Игра «Выложи по контуру», игра «Зеркало», игра «Назови ласково». Работа со сказками, литературными произведениями:

1. Положи камушек синего цвета на отрицательного героя сказки.
2. Из какой сказки этот герой?
3. Выложи его по контуру.

Для развития эмоционально - волевой сферы детей, используем такие пособия, как «Разноцветный зонт», «Коврик настроений», «Мягкий бассейн», «Парашют», которые снимают эмоционально-психическое и телесное напряжение, а также создают положительный настрой.

Информационные технологии прочно входят в нашу жизнь, поэтому используем их с детьми. Информационные технологии позволяют формировать специальные навыки у детей с различными познавательными способностями, позволяют делать занятия более наглядными и динамичными, более эффективными с точки зрения обучения и развития детей, и способствуют формированию ключевых компетенций детей. Специально для детей разработана электронная игра: «Все обо всем». Использование ИКТ позволяет создать эффект наглядности на занятии и помогает ребенку, нуждающемуся в коррекционном обучении, усвоить материал в полном объёме. Наглядное отображение информации способствует повышению эффективности любой деятельности человека. Но в специальном (инклюзивном) образовании оно приобретает особенно большую значимость.

Одним из важнейших направлений в коррекционной работе является взаимодействие с воспитателями:

1. Оказывается помощь в содействии формирования банка игр с учетом психологических особенностей детей.
2. Оказывается консультативная и практическая помощь по соответствующим направлениям их профессиональной деятельности.
3. Проводятся индивидуальные консультации, беседы, семинары- практикумы, тренинги.

Осознанное включение родителей в совместное воспитание позволяет значительно повысить эффективность работы. Поэтому с родителями проводим следующую работу:

1. Индивидуальные тетради для выполнения заданий дома.
2. Методические рекомендации по запросу.
3. Индивидуальные консультации, беседы.
4. Родительские собрания.
5. Акции.

В проводимых мероприятиях с родителями, воспитателями, им дается возможность поставить себя на место ребенка и проанализировать собственную реакцию – чувства, мысли, возможное поведение. Взрослые становятся ближе к детям, лучше их понимают, проживают вместе с ними.

Таким образом, в ходе коррекционно-развивающей работы с детьми с использованием данных форм и методов, процесс усвоения детьми материала проходит успешнее и быстрее. А самым главным для нас мы считаем, что ребенок идет на контакт, понимает и выполняет то, что от него просят, старается установить с детьми дружеские отношения. Иначе говоря, получает навыки социализации.

Список использованной литературы:

Дошкольный психолог № 2;
Киселева М.В. Арт-терапия в работе с детьми: Руководство для детских психологов.

Нагасимова Дана Юрьевна

педагог-психолог
КГКП «Ясли – сад № 24 города Аксу»
Павлодарская область
Республика Казахстан

«ПРЕИМУЩЕСТВА И НЕДОСТАТКИ ШКОЛЬНОГО ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ».

Аннотация

Дистанционное обучение в общеобразовательной школе – это не будущее, а уже настоящая реальность. Современное образование старается идти в ногу со временем. От инноваций и разнообразия нестандартных форм в педагогической деятельности голова идет кругом. Дети быстрее взрослых освоили и используют ресурсы интернет. Одним из примеров того, как этот процесс можно регулировать учителям и использовать ресурсы интернета во благо и разумно, показала практика дистанционного обучения.

Учителя оказались в нелегкой ситуации выбора форм, средств и методов дистанционного обучения. Спрос на такое обучение существенно вырос. В настоящее время современное общество неразрывно связано с процессом информатизации. Сама жизнь заставляет нас активно использовать информационные технологии в учебно-воспитательном процессе, ранее такая перспектива пугала многих учителей. Однако в настоящее время существует огромный набор инструментов и образовательного контента, которые помогают учителю в процессе организации дистанционного обучения.

Кто-то освоился очень быстро и теперь успешно балансирует между работой и домашними обязанностями. А вот учителям повезло меньше: мало того, что нужно полностью менять формат привычных занятий, так ещё и новые технологии осваивать приходится, чтобы хоть как-то организовать учебный процесс.

Я, как и многие учителя выбрала рекомендованные платформы это Onlain Mektep, BilimLand,WhatsApp, ZOOM, Кунделик, Skype.

За последний год удалённого обучения я столкнулась с огромным количеством проблем, которые значительно усложнили мне работу. Детей порой и в классе трудно контролировать, а следить за их прогрессом онлайн кажется и вовсе невозможным. Особенно, если всё время возникают какие-нибудь трудности: то соединение плохое, то не открывается файл, а то и вовсе компьютер сломался.

Дистанционное обучение - хорошо это или плохо? Рассмотрим несколько *недостатков и преимуществ* данного вида обучения.

Сейчас плюсы дистанционного обучения в школе для тысяч учителей вовсе не очевидны. Кажется, что дистанционное обучение — это сплошные неудобства, угроза дисциплине и успеваемости. Но это не так: удаленное образование обладает массой преимуществ.

К *преимуществам дистанционногообразования* можно отнести:

Преимущество первое – доступность. Обучаясь дистанционно, вы можете получать знания, находясь в любой точке земного шара. Учиться можно дома, в кафе или на даче — в общем, везде, где только есть интернет. Такая доступность — главное преимущество дистанционного обучения. Онлайн-уроки проходят в двух форматах — это или записанный заранее видеоурок, или вебинар в прямом эфире. Прямые эфиры, которые ничем не отличаются от привычных встреч в офлайне — можно видеть учителя и презентацию, задавать вопросы, общаться с одноклассниками.

Преимущество второе - возможность работать с каждым учеником индивидуально. Технология дистанционного обучения помогает найти свой подход к каждому ученику. Бывает, что робкий ребенок стесняется активно работать в классе, где на него устремлены взгляды тридцати одноклассников. Но на удаленке такой тихоня чувствует себя свободнее, задает учителю вопросы в чате, успешно выполняет задания. А учитель может подобрать для таких школьников дополнительные задания, которые соответствуют их склонностям, чтобы поддержать интерес к учебе. Дистанционное обучение — отличный шанс познакомиться со своими учениками поближе.

*Преимущество третье - автоматизация рутинных процессов***.** Проще говоря, технологии могут взять на себя выполнение самой скучной части работы учителя. Например, проверку домашних заданий и составление статистики по классу. В среднем использование интерактивных и тестовых заданий, с автоматической проверкой позволит сэкономить как минимум 1–2 часа в день, если не больше. Эта система работает очень просто: учитель заходит на сайт Onlain Mektep или BilimLand, выбирает предмет, класс и тему,

находит подходящее задание и отправляет ссылку ученикам, а потом просто смотрит на том же сайте, как они справились.

Преимущество четвертое – игровые задания. Дистанционная форма обучения предполагает очень активное использование цифровых технологий. В том числе и игровых заданий: онлайн-игр, викторин, интерактивных задачек на сообразительность. Не будем забывать, что для любого ребенка игра — самый естественный способ познания мира. Да и старшеклассникам такие задачки нравятся больше сухих заданий из учебника. Игры не только делают обучение увлекательным — они помогают оценить прогресс и привносят в учебу элемент здоровой соревновательности. Обучающие игры не входят в официальную программу, но можно разбавить ими обычные задания. Ребенок, обучающийся с удовольствием, достигнет больших успехов, чем тот, кто скучает на занятиях.

Преимущество пятое – размеренный темп работы. Главное, что дает вам дистанционное образование — это время. Теперь, когда большая часть общения с учениками происходит в сообщениях, у вас появилось больше времени, чтобы обдумывать ваши ответы на их вопросы. Ведь вам необязательно отвечать немедленно, рискуя ошибиться — вы можете свериться со справочной литературой и дать более вдумчивый и подробный ответ. Это делает отношения педагога и учеников более профессиональными, но при этом и более непринужденными.

Преимущество шестое - возможность работать в комфортной обстановке. Преподаватель, который трудится удаленно, может жить где угодно. Конечно, сегодня перемещения ограничены, но так будет не всегда. А вот свобода передвижения у учителей, дающих уроки онлайн, точно останется. Уже сейчас немало учителей оценило преимущество удаленной работы — можно вставать попозже, нет необходимости спешно собираться и ехать через весь город на работу. Удаление от школьной атмосферы с ее шумом и суетой благотворно сказывается на душевном состоянии многих учителей и помогает им сконцентрироваться на важных аспектах работы.

Қазіргі кезеңде білім беру саласындағы оқу бағдарламасында үлкен серпіліс пайда болуда, яғни ұлттық құндылықтар мен мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Бүгін білім беру саласында барлық мәселелері мен мақсаттары рухани жаңғыру бағдарламасын іске асырумен байланысты. Бәсекелес тұлғаны – елді сүйетін оның өркендеуіне еңбек ететін азаматты қалыптастыру үшін қауымға өз қызметін бағыттау қажет. Сонда ғана қоғамның сана сезімі жаңалыққа бет бұрады. Егер осыған дейін білім саласында басты мақсат оқушыға нақты білім, ғылым негіздерін оқыту болса, қазір елжандылыққа, адамгершілігі рухани жағынан қалыптасқан, құзыретті жеке тұлға, рухы биік патриот етіп тәрбиелеу басты мәселе екенін естен шығармауымыз қажет.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы- қоғам дамуына тың серпін беріп, барша қазақстандықтардың жаппай қолдауына ие болар тарихи бастама. Бұл игі бастаманы ел ішінде насихаттап, лайықты жүзеге асыру- баршамыздың міндетіміз. Оның ең негізгісі ұлттың терең тарихынан бастау алатын рухани ұстанымды сақтап қалу. Құндылықтарымыз бен озық дәстүрімізді табысты жаңғырудың алғышартына айналдыра білу. Бұл ретте, Елбасы «Жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз керек»,- екенін атап көрсетті.

Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында «Тәрбие үрдісінде қазақстандық патриотизм, гуманизм, адамгершілік идеяларын қалыптастыру негізінде құру керек» деп баса көрсетті. Бала бойына адамгершілік тәрбиесін сіңіру мақсатында жалпы педагогтардың іс-тәжірибесінде қолданылып жүргені бәрімізге аян. Өздеріңізге белгілі қазіргі жаһандану үрдісінде елімізде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу басты

назарда болып отыр. Оқыту, білім беру, тәрбиелеу - баланың ішкі жан – дүниесінің біртіндеп дамуына әсер ететін, түрткі болатын, жағдай жасайтын, оларды іске асыратын сыртқы факторлар екені анық. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – бүгінгі мектеп қабырғасында отырған бүлдіршіндер екені мәлім. Олардың қамын ойлау баршамыздың парызымыз. Кез келген мектептің мақсаты мен мұраты өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін етене таныстыру қажет. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие» - деп Әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі - тәрбие. Балалардың бойында жас кезінен бастап ең маңызды адамдық саналарды – адамгершілікті: сүюді, аяушылықты, төзімділікті, имандылықты, әдептілікті, мейірімділікті, адалдықты және басқа да асыл қасиеттерді дамытуымыз қажет. Мұғалімнің ең негізгі міндетінің бірі баларға адамгершілік құндылықтардың маңыздылығына ден қоюға үйрету. Баланың сана-сезімін, адамгершілік мұраттарын қалыптастыратыны - тәрбиенің ең бірінші рухани міндеті. Рухани-адамгершілік тәрбие барысында әрдайым өз мұраттарын басты нысана етіп ұстау қажет. Себебі, баланың көз қарасы оның күнделікті іс-әрекетімен сәйкес келмесе, олар ойлауға шебер, бірақ іс-әрекетке, қарым-қатынасқа жоқ адамдар болып шығады. Ата-бабамыздан қалған мол мұрамызды балаларға кішкентайынан бастап үйретсек, келешекте өз елін, өз ұлтын қастерлейтін ел азаматтарын тәрбиелейтініміз айдан анық. Сондықтан

да рухани жаңғыру аясында осы бағытты ұстану керек деп білемін. «Ел болам десең, бесігіңді түзе», - дегендей қазақ халқында жаңа өмірдің, жарық дүниенің есігін ашқан нәрестенің өзіне сый-құрмет көрсетіліп, дәріптейтін лайықты салт-дәстүрлері бар. Әлемдік жаһандану үрдісіне қадам басқан жаңа ғасырда әр халық, ұлтын, дінін, тілін, мәдениетін, тарихын мейлінше сақтап қалуға тырысады.

Рухани жаңғыру идеясын іске асыру барша қазақстандықтарға, әсіресе, бүгінгі және келешек ұрпаққа үлкен сын, зор мәртебелі іс болмақ. Бұл үшін төмендегі құндылықтарды орындауымыз керек: Бірінші – ата-анасын қадірлейтін, Отанын сүйетін бала тәрбиелеу, екінші – қазақтілін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін білетін, оны дамытатын ұрпақтәрбиелеу, үшінші – халықтар достығын қастерлейтін, ел бірлігін сақтайтын ұл-қыз өсіру. Қазіргі кезеңде ұлттық патриотизмнің басты көрінісі – қазақтың ана тілінде сөйлеуі, жас жеткіншектерге ұлттық тәрбие беру, ізет, құрмет, қайырым, мейірім сезімдерін дамыту. Өз халқын сүйіп, оның болашағын ойлаған адам басқа халыққа да солай қарайды. Балалық шақ – әр адамның есте қалатын қызықты сәттері. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде оларға жастайынан имандылық пен сауаттылық қасиеттерді сіңіре білсек, тәрбиелесек сонда ғана біз рухы дамыған, Отанның гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз» - деген сөзін басшылыққа алғанбіздің ұжым бүгінгі таңда білім мен тәрбие жұмысын дамыту, өркендету барысында жұмыс жасап келеді. Баланы ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде білім беру ордаларында тәрбие бағытындағы жұмыстар жүйелі жоспарланып жүргізілсе бала тәрбиесіне қосқан үлесіміз де зор болмақ.

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа згерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруды өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. «Рухани жаңғыру» – біздің болашағымыз! «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көптеген қадамдар іске асырылуда. Елбасымның салған ұлы бастамасы елімнің көркеюіне, дамыған елдің қатарына қосылуға , биік шыңдарды бағындыруға жетелейді

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.А. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. /www.akorda.kz.-2017.
2. Назарбаев Н.А. 2014 жылғы 17 қаңтарда «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауы.
3. Интернет ресурстары

Сайдикаримов Умиджан Абдирашидович
Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарамұрт ауылы
№57 И.В.Панфилов атындағы жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

ОТБАСЫ – ҰЛТТЫҢ ТІРЕГІ

Қазақ халқының ғасырлар бойғы жиналған тағылымды тәжірибесі мен ізгі қасиеттері жас ұрпақтың бойына тек тәрбие арқылы беріледі. Өсіп келе жатқан жас буынның қоршаған ортадағы қарым-қатынасы, дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы және соған сай мінез-құлқын, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өсуін тек тәрбие қалыптастырады. Ал тәрбиенің көзі – ол отбасы болып табылады. Ұлттық ұстанымға негізделген отбасы тәрбиесі – тәуелсізд мемлекетіміздің аса маңызды бөлшегі, негізгі тіні. Берік отбасылық құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Себебі, елбасы Н.Назарбаев «Берік отбасылық құндылықтар арқылы ғана мемлекеттің іргесі мығым, ғұмыры мәңгі болады», - деп атап өткені белгілі. Осы ретте дені сау, ұлттық сана сезімі мен мол, рухани деңгейі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол адамды тәрбиелеу – тәрбиенің негізгі мақсаты десек, бүгінгі ұрпақ тәрбиесін ұлттық тәрбиеге негіздеуіміз керек.

Ұлттық тәрбие – жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің қайнар көзі, рухани мұрасы. Алаш тұлғасы М.Шоқай: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды», - деген екен. Ұлттық тәрбие әрине, халықтың кәсібімен, салт-дәстүрімен, дінімен, тарихымен, өнерімен тығыз сабақтастықта қарастырылуы қажет. Ал оның негізі отбасы тәрбиесінен бастау алады. Қазақта «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген дана сөз бар. Яғни, адам баласының рухани, кісілік болмысы оның отбасынан қалыптасады. Отбасында әкеге қарап ұл өсетіні, шешеге қарап қыз бой түзейтіндіктен бала бойындағы жақсы адамгершілік қасиеттер де, жаман қасиеттер де ата-ананың іс-әрекеті мен өнегесіне байланысты. Сондықтан бала тәрбиесіне ата-ананың жауапкершілігі деген әрдайым жоғары болуы тиіс.

«Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиеші өзін тәрбиелі қылу керек. Себебі бала айтып ұқтырғаннан да, көргенде көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын іспен көрсету керек», - дегенді

ескерте келе «Баланы бұзуға, түзетуге себеп болатын бір шарт – жас күнде көрген өнеге, ол өнеге әке-шешесінің тәрбиесі болу керек.... «сүтпен сіңген мінез сүйекпен кетеді» деген сөз ата-ананың тәрбиесінің күштілігін көрсетеді. ....Балаға қайырымдылықты, қаталдықты, кішіпейілдікті, үлкен көңілділікті, әдептілікті, әдепсіздікті, шыдамдылықты, күйгелектікті, шыншылдықты, өтірікшілікті беретін кім? Ол әрине, ата-ананың тәрбиесі. Бұл кездердің бәрі жас уақытта басқа бір күшті шарттармен бұрылып түзелмес, түпкілікті мінез болып қалады. Буыны қатқан соң түзеуге болмайды. Жаста алған мінезді жүре түзеп әкетуге адамның жанында өзгеше қуат болуы керек...» деп жазады. Демек баланың рухани-адамгершілік, тұлғалық болмысы отбасынан қалыптасады.

Әсіресе, бүгінгі күрделі кезеңде жас өскінге рухани адамгершілік тұрғыда тәрбие беру, өзекті мәселенің бірі. Рухани адамгершілік қасиеттер мен отансүйгіштік сезімді ұдайы дамытып отыру бағытындағы іс-әрекеттер тәрбие үдерісіндегі негізгі өзегі десе де болады. «адамгершілік дегеніміз – жағымды мінез-құлқының нормалары мен ережелерінің жиынтығы... адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз – жақсылық атаулыға деген сезімді дамыту, өзгеге болмайтын жамандық атаулыға жол бермеу деген сөз. Әрбір адам адамгершілік ұстанымдарды бұзу жамандықтың межесінен аттау екенін сезінуі қажет».

Баланың бойына кішкентай кезінен ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық бір сөзбен айтқанда адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті, қалыптастыруда отбасы мен педагогтар ықпалының ролі зор. Қазақта «Тәрбие – талбесіктен басталады», - дейді. Отбасы ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан адамзат баласының әлеуметтік ортасы.

Отбасы – халықтың салт-дәстүрлерімен әдет-ғұрыптарының сақтаушысы десек, отбасы тәрбиесі халықтың ой-арманымен, іс-әрекетімен, мол тәжірибесімен және ұлттық дәстүрімен байланысты дамып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан тарихи жәдігер.

Отбасы және отбасылық қатынастар педагогикасы – күрделі үдеріс. Ол халықтың отбасы, балалар мен ата-аналар түсінігі ретінде ғасырлар бойы өмір тәжірибесі негізінде қалыптасқан. Халықтың тәжірибесі мен сенімі бойынша әдет-ғұрыпты, дәстүрді және тәрбие әдістерін анықтау және оларды қолдану, үй жағдайында күн ырғағын жасау, еңбек, оқу іс-әрекетін ұйымдастыру, ата-аналар мен балалардың және туған-туыстардың арасындағы қатынастардың үйлесімді нормаларын отбасы негізінде жасап отырған. Ендеше, отбасының қазақ өмірі үшін де, бала өмірі үшін де, алатын орны ерекше. Жоғарыда айтып өткен адамгершілік қасиет отбасы мүшелерінің бірін-бірі қадірлеп сыйластыққа негізделуінен, ата-ана мен бала арасындағы мейірімді қарым-қатынасынан, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді басқа да ізгілікке толы жазылмаған қағидалар арқылы көрініс табады. Қазақ отбасында ежелден-ақ ата-бабаларымыз баланың жаны мен тәні таза, рухани бай, үйлесімді болып өсуіне ерекше мән берген. Олар баланың «әдепті бала» болып өсуі; қайырымды, иманды, мейірімді болуы; тіл алғыш, елгезек; адал, шыншыл болуы; ұстаз бен көзкөрген қарияны тыңдап, құймақұлақ болуға; үлкенді, ата-ананы сыйлап, құрметтеу ең басты міндеті екендігін сезініп өсуі; біреуге орынсыз тіл тигізбеу; ол қорғаған батыр боп халыққа қызмет ету. Міне, үлкендер тарапынан болған осындай өнеге күнделікті бала өміріндегі дағдыға айналып, адамгершілік құндылықтың жазылмаған заңдылықтарының қалыптасуына негіз болған.

Рухани-адамгершілік тәрбие беру екі жақты құбылыс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың белсенді ықпалын, екінші жағынан тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қарым-қатынастарынан көрінеді. «Моральдық қасиеттер адамдардың қимыл-әрекеттерінен, қарым-қатынасынан шығады. Жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен махаббат, әділеттік пен әділетсіздік, борыш пен намыс, ар мен ождан, адамның іс-әрекеттері арқылы өлшенеді. Бұларды адам бойына жастайынан мінез-құлық ережесі етіп қалыптастыру тәрбиеге байланысты», - деп жазады «Қазақ тәлім-тәрбиесі» еңбегінде. Адамгершілік демекші, соңғы уақытта еліміздегі нарықтық экономиканың қарқынына ілесу қиыншылығынан көптеген отбасыларында бала тәрбиесі әлсіреп, орны толмас өкінішке әкеліп соғуда. Бүгінгі қоғамымызда жастар арасында белең алып отырған нашақорлық, жезөкшелік, маскүнемдік, бұзақылық, жат діни ағымдардың жетегінде кету; суицидтік жағдай жиілеуі; қатыгездік тіпті қазақта бұрын-соңды болмаған туған әке-шешесіне қариялар үйіне өткізу немесе туған баласын тастап кету оқиғаларының болуы о бастағы отбасындағы тәрбиенің дұрыс берілмеуінен болып жатқаны ащы да болса шындық. Мұның барлығы мейірім мен адамгершіліктің нұры мен отын себетін отбасы тәрбиесін жолға қою шараларын жеделдетуді көрсетсе керек. Осы тұрғыдан келгенде ұлт мүддесі үшін шырылдап жүрген Абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлының мына пікіріне қосылмасқа болмайды. «Тәуелсіздік замандағы бүгінгі әрбір отбасының ішкі рухани әлемі тұтасып шоғырлана түсудің орнына ыдырауға бет алған қалыпта. Мысалы, отбасында ажырау үдеп барады. Осыдан тірі жетімдер да артуда. Қыз бен ұл отбасы ырқынан шығып батыстың мінез-құлқының азғындаған алдамшы жарқылдақ мәдениетіне еліктеу жағы басым түсіп барады. Мұның үстіне идеологиялық құралдың теңдесі жоқ түрі теледтдар мен интернеттің жағымсыз әсері де, отбасына әсер етуде. Дәл мұндай аласапыран заманда ертеңгі отбасы туралы болжам айту қиындап барады», - деген күдігін айта келе «Әр отбасы – мемлекеттің жанды клеткасы. Ондай мемлекет мықты, қуатты мемлекет болу үшін оның клеткасы, яғни, отбасында қуатты, өміршең болуы шарт», - деп ескертеді .

Баланы адамгершілік қасиетке ерте бастан баулу оның отбасынан басталып, балабақша, одан кейін мектеп қабырғасында жалғасын табады. Мектепке дейінгі кезеңде балаларда бастапқы адамгершілік сезімдер мен ұғымдар, адамшылық мінез-құлқының ең қарапайым дағдылары қалыптасады. Баланың бойына кішкентай кезінен ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық бір сөзбен айтқанда адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті қалыптастыруда отбасы мен педагогтардың ықпалы мықты рөл атқарады. Қазақта «Тәрбие – тал бесіктен басталады» деген ұлағатты сөз бар. Яғни тәрбиенің көзі – ол отбасы. Отбасы тәрбиесі – тәуелсізд мемлекетіміздің аса маңызды бөлшегі, негізгі тіні. Осы орайда ағартушы ғалым Ж.Аймауытовтың ертеректе айтылғанымен бүгінде өз құнын жоғалта қоймаған мына бір пікірін еске түсіре кетсек: «... Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиеші өзін тәрбиелі қылу керек. Себебі бала айтып ұқтырғаннан да, көргенде көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын іспен көрсету керек», - дегенді ескерте келе «Баланы бұзуға, түзетуге себеп болатын бір шарт – жас күнде көрген өнеге, ол өнеге әке-шешесінің тәрбиесі болу керек... «Сүтпен сіңген мінез сүйекпен кетеді» деген сөз ата-ананың тәрбиесінің күштілігін көрсетеді. ...Балаға қайырымдылықты, қаталдықты, кішіпейілдікті, үлкен көңілділікті, әдептілікті, әдепсіздікті, шыдамдылықты, күйгелектілікті, шыншылдықты, өтірікшілікті беретін кім? Ол әрине, ата-ананың тәрбиесі. Бұл кездердің бәрі жас уақытта басқа бір күшті шарттармен бұрылып түзелмес, түпкілікті мінез болып қалады. Буыны қатқан соң түзеуге болмайды. Жаста алған мінезді жүре түзеп әкетуге адамның жанында өзгеше қуат болуы керек...» деп жазады [2, 15]. Демек баланың рухани-адамгершілік, тұлғалық болмысы отбасынан қалыптасады. Адамгершілік қасиет отбасы мүшелерінің бірін-бірі қадірлеп сыйластыққа негізделуінен, ата-ана мен бала арасындағы мейірімді қарым-қатынасынан үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді басқа да ізгілікке толы жазылмаған қағидалар арқылы көрінеді. Қазақ отбасында ежелден-ақ ата-бабаларымыз баланың жаны мен тәні таза, рухани бай, үйлесімді болып өсуіне ерекше мән берген. Олар: баланың «әдепті бала» болып өсуі; қайырымды, иманды, мейірімді болуы; тіл алғыш, елгезек; адал, шыншыл; ұстаз бен көпті көрген қарияны тыңдап, құймақұлақ болуға; үлкенді, ата-ананы сыйлап құрметтеуді ең басты міндеті екендігін сезініп өсуі; біреуге орынсыз тіл тигізбеу; ел қорғаған батыр боп, халыққа қызмет етуді. Міне, осындай үлкендер тарапынан болған өнеге күнделікті бала өміріндегі дағдыларға айналып, адамгершілік құндылықтың жазылмаған заңдылықтарының қалыптасуына негіз болған рухани-адамгершілік тәрбие беру екі жақты құбылыс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын екінші жағынан – тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Бүлдіршіннің өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру негізінде нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұжымдастыру үдерісінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Адамгершілік сапаларды тәрбиелеудің жолы – бала мен тәрбиеші арасындағы қарым-қатынас сыйластық, іздеттілікке негізделіп, балаға жүрек жылуының болуы.

Баланың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытуда ойынның маңызы өте зор. Жалпы балалық кезеңді ойынсыз елестету мүмкін емес. Жас бүлдіршіндер ойын барысында бірін-бірі сыйлауды, қадірлеуді үйренеді, достық қарым-қатынасты, ұйымдастырушылық қабілетті қалыптастырады. Сонымен бірге білімге, өнерге құштарлығы қалыптасады. Бала ойыны өмірлік қажеттіліктен туып, психологиялық жағынан денсаулығын нығайтады. Яғни ойын технологиясы баланың танымдық қызығушылығы мен адамгершілік сапаларын дамытатын негізгі күші, маңызды тетік. Бала ойын барысында рухани жан-дүниесін сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою, ерік арқылы түрлі психикалық түйсік пен сезімдер әлеміне енеді. Сондықтан әрбір тәрбиеші – ұстаз оқыту мен тәрбие берудің мазмұнын үнемі ойын элементтерімен ұштастырып отыруы қажет. Ал бұл тәрбиешіден аса біліктілік пен шеберлікті, шығармашылық ізденісті қажет етеді.

Рухани-адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұжымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. «Моральдық қасиеттер адамдардың қимыл-әрекеттерінен, қарым-қатынасынан шығады. Жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен махаббат, әділеттік пен әділетсіздік, борыш пен намыс, ар мен ождан адамның іс-әрекеті арқылы өлшенеді. Бұларды адам бойына жастайынан мінез-құлық ережесі етіп қалыптастыру тәрбиеге байланысты».

Ғасырлардан қазақ ұлтымен бірге жасасып келе жатқан біздің ұлттық қазынамыз – ауыз әдебиеті десек, оның жанрлары – бесік жырынан бастап, эпостық жырлар, мақал-мәтел, ертегі, аңыздар, шешендік өнер, терме-толғаулар және салт-дәстүрлеріміз балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеудің асыл көздері. Бұл жауһар дүниелер бүлдіршіндеріміздің рухани уызы десек те болады. Олардың қай-қайсысын алып қарасақ та адамгершіліктің асыл үлгілерін кездестіреміз. Сонымен бірге өнегелі де өнерлі, өз елін, жерін сүйетін ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеуде маңызы зор. Мәселен ертегілердің соңы зұлымдық иесі жеңіліп, жақсылықты, адамгершілікті істің жеңісімен, бақытты болумен аяқталып отырады. Ертегілерді тыңдау арқылы шыншылдыққа, адамгершілікке қасиеттерге тәрбиеленеді. Бойларында кішкентай болса да зұлымдыққа деген жиреніш сезімін туғызып, адамдықтың бастау көздерін ашуға септігін тигізеді. Ал эпостық жырлар

адамгершілік қасиет негізінде өрлікке, елін қорғауға, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырса, терме-толғауларды тыңдап өсу – жақсы мен жаманның парқын ажырата білуге, адам болудың асыл үлгілерін адамзаттық құндылықтарға талпыныс жасалады. Сондықтан халық ауыз әдебиетіне кішкентай кезінен баланың бойына сіңіріп өсіру отбасындағы ата-ана мен педагог-тәрбиешілердің міндеті болуы тиіс. Себебі бұл халық тағылымы біздің ұлттық кодымыз десек те болады. Бұл тұрғысында Тұңғыш Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «... жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. ... замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғыртудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғырту елдің ұлттық – рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», - деп ескерткен болатын. Ендеше адамгершілік бастауы – әр бүлдіршіннің еліміздің ұлттық рухани тамырынан нәр алып қамқор бола білетін рухани адамгершіліші жоғары баланы тәрбиелей аламыз.

Бүгінгі біз өмір сүріп отырған ғасыр өзінің жылдам дамуымен, жеделдігімен, ақпараттар тасқынымен, ғылыми мен техниканың шарықтап дамуымен ерекшеленеді. Міне, осымен байланысты қазіргі қоғамның басты талабы да тиісті ақпаратпен қаруланған, жаңа білімдерді игеруге қабілетті, шығармашылықпен жұмыс істей білетін, дербес шешім қабылдай алатын, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ қалыптастыру әрине ең бастысы ішкі әлемінде адамгершілік қасиет – ең жоғары рухани құндылық болуы шарт. Отбасы тәрбиесінің негізінде ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақтар ғана тәуелсіз қазақ елін мәңгілік ел етеді.

Әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж. Тәрбие // Алдаспан. №1-2. 2011
2. Әбенбаев С. Педагогика. Астана: Фолиант, 2015
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. А., Санат, 1998
4. Мырзахметұлы М. Отбасы тәрбиесін ұлттық дәстүр негізінде қалыптастыра алмадық // Ақиқат 2014, N3.
5. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Оңтүстік Қазақстан, 12 сәуір 2017

Шатырбеков Сакен Алкебаевич
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Төлеби балалар үйі, Бірінші мамыр селосы,
Төлеби ауданы, Түркістан облысы.

БАЛАҒА КІТАП ОҚЫТУДЫ НЕДЕН БАСТАҒАН ДҰРЫС?

Кітап – рухани сарқылмас қазына. Кітап деген де, әр адамның түсінігі әр түрлі. Мәселен біреулер ермек үшін оқыса, біреулер адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы деп түсінеді. Білімнің қайнар бұлағы- кітап деп бекер айтпаған.Сондықтан да мұны адамзаттың баға жетпес құндылығы деп білеміз. Кітап оқымай өмірді білу,білім алу мүмкін емес шығар.Қазіргі уақытта бүлдіршіндерге, студенттерге, жасөспірімдерге кітап оқуға толық мүмкіншілік бар.

Меніңше, бала ерте жастан кітаппен дос болса, болашақта ол көзі ашық, көкірегі ояу адам болып қалыптасады. Кітап оқу –миға жасалған жаттығу. Мысалы қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы өз білімін өз бетімен ізденуінің кітапты көп оқуының арқасында бірнеше тілді меңгерді. Ал М.Горький болса мен өз бойымдағы барлық жақсылығым үшін кітапқа борыштармын деген. Ломоносов та жас шағында оқуға шамасы келмей, әбден есейген кезде оқыған. Сол секілді кітап оқудың еш, кеші жоқ .Қай заманда болмасын, адамзат алдында тұрған ұлы мұрат – міндеттердің ең бастысы – салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Жас ұрпақтың талабын қанағаттандыру, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда талап талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы-кітап.

Балаларға кітап оқуды үйрете бастағанда ең алдымен «Қазақ ертегілерінен» бастаған дұрыс. Самуил Маршак : «Ертегі – әр түрлі дәрумендердің қоспасы – сәбилер үшін тәтті сүт секілді. Онда баланы азықтандыратын барлық элементтер бар. Ол баланы сөйлеуге, ойлауға, сезінуге үйретеді» деп ертегінің құдіретін анық айтқан. Үңіліп қарасақ Қазақ ертегілері ұлттық тәрбиенің тұнық көзі. Қай ертегіні алып қарасаңызда жақсылық жеңеді, күштілер әлсіздерге жәрдем береді, кейіпкерлер мұрат-мақсатына жетіп, бақытты өмір сүреді. Сандық техниканың дамыған тұсында адамзат та сол техника сияқты жансызданып кеткен тұста, әрбір ата-ана баласымен бірге ертегі оқып, баласына мейірімділік дәнін себуі қажет сияқты.

Кітаптың шығармашылық негізіндегі даму мүмкіндіктерін терең түсінген бірегей ғалым Альберт Эйнштейн былай деген: «Егер балаңыз ақылды болсын десеңіз, оған ертегі оқып беріңіз. Егер балаңыз асқан ақылды болсын десеңіз, одан да көп ертегі оқып беріңіз».

Ертегілердің бала тәрбиесіндегі рөлі.

Ертегілер өте ерте заманда, тіпті жазу - сызу болмаған кездің өзінде - ақ туған. Бұларды халқымыз күні бүгінге дейін ұрпақтан - ұрпаққа ауызша жеткізіп келді. Ауыз әдебиетінің басқа түрлері секілді ертегілерде адам баласының еңбекке, тұрмыс тіршілік жағдайларына байланысты туған. Жаратылыс құбылыстарын, табиғат сырын жетік білмеген, олардың неден болатынын толық түсінбеген ертегідегі адамдар әр нәрсені қиял еткен, өздерінің ауыр еңбектерін жеңілдету жайын қарастырған. Бұл жөнінде өз жай күйлерін әңгімелеп айтатын болған. Бертін келе адам баласының ой - өрісінің ұлғайып өсуі ертегілердің туындауына көп әсер еткен. Ертегілердің алғашқы үлгілері әр түрлі өзгерістерге түскен, мұнымен қатар жаңа ертегілер туа бастайды және онда халықтың тұрмыс - салты, іс - әрекеті басты орын алады. Бұлардың бәрін халық ертегілері арқылы көркемдеп, әр түрлі образдар арқылы бейнелейді. Ертегі балалардың ой - өрісін, дүние танымын кеңейтеді. Оларды адамгершілікке, еңбекке, тапқырлыққа, сүйіспеншілікке, сезімге баулу ісінде шешуші орын алады. Нелер жауыздық, зұлымдық жасаушылар, тоғышарлар, ел арасындағы алаяқ қулар т. б. халық ертегілерінде жиіркеніште роль атқарады. Оларға халық арасынан шыққан қарапайым адамның ақылы мен қайратын, көпшілік үшін жасаған адал еңбегін қарама - қарсы қояды да, үлгі етеді. Ертегілердің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшеліктері бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, оқиға желісінің басталуы, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Кейіпкерлер арасындағы қайшылықтар өрістей келе әділдік, үстемдік құрып, зұлымдық жеңіліс табумен аяқталады. Әсіресе адам өміріне байланысты іс - әрекеттер өткір сықақ - мысалмен бірігіп, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді. Мысалы: Тазша бала туралыертегілердегі әке - шешесі жоқ басы таз Тазша атанған баланың тапқырлықтары ханның ақылынан да асып кетеді. «Қырық өтірік» ертегісіндегі шындыққа келмейтін қиял - ғажайып оқиғаларды қызықты етіп баяндау арқылы тазша бала ханның байлығына ие болып, қызын алады. Ертегіні тыңдаған балалар жағымсыз кейіпкердің жексұрын әрекетінен бой тартып, жақсылыққа құмартады. Ертегіні қызықты етіп жеткізу айтушының шеберлігіне байланысты.

Бала тәрбиесін толығымен мектепке ысырып тастап, одан қалса, бала күтушісі мен мектеп психологына жаба салу, бар мәселені сынып жетекшісінің мойнына іліп, өзін ұрпағының материалдық жағынан қамтамасыз етуші деп қана білетін ата-аналар саны соңғы жиырма бес жылда көбейгені рас. Қазіргі таңда оқушының мінез-құлқында, қимыл-әрекетінде түсініксіз өзгерістер байқалса, мектеп психологына жүгіну үрдісі белең алған. Алайда баланың адам болып қалыптасуынан бастап ол алатын тәрбие ең алдымен ата-анасына, отбасына қатысты екенін ұмытпаған абзал. Сондықтан қай жастағы бала болса да оның қалыптасуына қажетті игілікті ата-анасы дер кезінде бойына құя білгені абзал.

Э.Хаббард деген американдық жазушының «Баланы оқыту дегеніміз – мұғалімнің көмегінсіз дамуына қабілетті болуға үйрету» деген сөзінде үлкен мән бар. «Оқыту» тек мектептегі ұстаз міндеті деп қабылдамау керек. Бала білімді мектептен ғана емес, үйде, отбасындағы ересектерден алса ғана толық тұлға болып қалыптасады. Бүгінде қалалық жердегі қазақ отбасыларының көпшілігіне тән көрініс – мектептен тыс уақытта балаларды ойын-сауық орталықтарына апару әдетке айналған. Іші қапырық, тауарға толы дүкен дерден басқа ештеңе жоқ сауда орталығының ішінде қыдыруға бірнеше сағатын жібереді. Қалалық, аудандық кітап-ханаларға осынша уақытын жібере ме екен.

Бір жағы электроника дүкені, екінші жағы киім-кешек бутигі дегендей, рухани берері жоқ сауда орталығының ортасындағы қапырық фойеде сенделу баланың ой-өрісін кеңейтуге ешқандай көмек бермейді, тіпті денсаулығына зиянды. Оның орнына табиғи ортада, мәселен, тауға, көл жағасына, тіпті ауылдағы туыстарына апарып, демалдырса, бала үшін әрі тәрбие, әрі демалыс болар еді. Үнемі тар көшеде, төрт қабырғамен қоршалған үй ішінде уақыт өткізген бала күйзеліске ұшырамағанда қайтеді? Ғалымдар зообақта қамап ұстаған хайуандардың да ауруға тез шалдығатынын анықтаған. Бала тар жерде қамап ұстайтын хайуан емес. Қаптаған техниканың (ұялы телефон, теледидар, компьютер, т.б.) ортасына «қамап қойып» ой-санасын тұншықтырған соң бала психикасы да қыспаққа қамалады. Баланың санасы сергек болуы үшін ата-ана тәрбие ауанын материалдық ортамен шектемей, рухани бағытқа да бұрғаны жөн болмақ.

Қазақ ертегілерінің өміршеңдігі

Қазақ халық ертегілері — ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан көлемді саласының бірі болып табылады. Қазақ халық ертегілері – қазақ халық ауыз әдебиеті ішінде атадан балаға мұра ретінде беріліп, ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу, толығу үстінде келе жатқан асыл мұра. Қазақ халық ертегілерінің асылдық қасиеті, оның дүниеге келуі сонау ерте заман болса да, бүгінгі біздің дәуірімізде қажеттілігі күшейіп мән — мағынасының артып отырғандығында. Ертегілер халқымыздың тарихын, дүниетанымын, тұрмысы мен салтын, әдет - ғұрпын, нанымы мен сенімін білдіреді. Ертегілер қоғам дамыған сайын адамның да ой - санасын өскен, өмірге деген көзқарасы өзгереді. Қазіргі заманның жетістіктерін көре отырып, ертегі оқиғаларындағы халық арманының іске асқаның байқаймыз.

Менің пікірімше, мейірімді балалар ертегісі кішкентай кітап тыңдармандарын тәрбиелеу саласында көп қызмет ете алды. Болашақта балаңыз кітапты сүйіп оқитын оқырман бола ма, жаңа білім алуға және өзінің сұрақтарына жауап алуға ұмтылыс жасай ма, оның бәрі баланың ата-анасына байланысты, яғни осы

екеуі балаға дауыстап ертегі оқуды әрі қарай жалғастырып, баланың оқуға деген қызығушылығын арттырулары қажет.

Кітап оқу қажеттілігінің 7 себебі: Бала әліпбиді үйренгенге дейін кітапты танып, жақсы көруі үшін, оның жанында сол кітапты оқып беретін ата-ана табылуы тиіс, ең дұрысы – баламен бірге оқитын ата-ананың болуы. Кітапты отбасы болып оқу баланың грамматикалық сауаттылығын арттырады, жалпы алғанда оның мектептегі барлық пәндер бойынша үлгерімінің жоғары болуына ықпал етеді. Сөзімді растау үшін шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектерінің нәтижелерін мысал ретінде келтіре кетуді жөн санап отырмын.

Егер 4-5 жасар балаға ата-анасы күн сайын кітап оқып беретін болса, онда олар өз құрдастарын дамуы жағынан 12 айға озады екен. Егер аптасына 3-5 рет кітап оқитын болса, бұл балаға өз құрдастарынан 6 айға озып кетуіне ықпал етеді (Мельбурн Университеті, 2012).

Анасы бала өмірінің алғашқы бес жылында бала дамуына араласа қоймайтын немесе ішінара ғана араласатын бала өз құрдастарынан когнитивтік дағдыларының дамуы жағынан 1,8%-ға артта қалатындығы анықталып отыр (Bernal, 2008).

Бала жастан бастап кітап оқу, тыңдай білу және сөйлеу, талқылау және талдау, жағдайға сыни көзқараспен қарау және дербес шешім қабылдауды әдетке айналдырған мектеп оқушылары сауатты сөйлей алады, олардың есте сақтау қабілеттері және ой-қиялдары тамаша дамыған.

Тұрақты кітап оқу қажеттілігінің 7 себебі:

1. Кітап оқу жадыны және ойлауды дамытады;
2. Кітап оқу қиялдау және шығармашылық қабілеттерді дамытады;
3. Кітап оқу адамдармен қарым-қатынас жасауға көмектеседі және әдемі сөлеу дағдыларын дамытады;
4. Кітап оқу сөздік қорды байытады және жалпы сауаттылық деңгейін арттырады;
5. Кітап оқу талдауға, сарапқа салуға үйретеді;
6. Кітап оқу қоршаған ортаны, әлемді және өзін тануға көмектеседі;

Ертегі жанрын тәрбие үрдісінде қолдану және насихаттау жолдарын көрсету

Аудиодискілер шығару, күнделікті қолданылатын қағаз, полиэтилен пакеттер сыртына ертегі кейіпкерлері суреттерін шығару қажет.Ойынға киетін бас киіміне, футболкаларға қазақ ертегілерінің атын жазып, кейіпкерлерінің суретін салу, дәптер, күнделік, қойын дәптер, оқушы сөмкесінің сыртына насихаттау, шоколад қораптары сыртына суреттерін салу, компьютер, ұялы телефон беттеріне қазақ ертегілерінің суреттерін шығару да тәрбиелік іс-шара болар еді. Зерттеу жаңалығын дәптер, күнделік шығаратын баспаханаларда қолдануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ата-ананың мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын қалыптастыруға әсерін бағалау. Сараптамалыққорытынды.- Астана: «АТО» АҚ, 2015. - 64 бет.
2. Bernal, R. (2008) ‘The Effect of MaternaL Employment and Child Care on Children’s Cognitive Development’ International Economic Review, 49(4), 1173-1209.
3. McKool, S. (2007) ‘Factors that Influence the Decision to Read: an Investigation of Fifth Grade Students’ Out-of-school Reading Habits’ Reading Improvement, 44(3), 111-131

Таженова Каламкас Оспановна
Шымкент қаласы, «А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназия»
бастауыш сынып мұғалімі

САБАҚТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕР

В наше времья, школа ставит наивысшее требование к ученикам. Данная статья, рассматривает разносторонние методы обучение, тренировочных упражнений направленных на развитие навыков учеников.

Nowadays, the scools gives the highest demands for students. This article considers the versatile teaching methods, training exercises to develop of students skills.

Бүгінгі күні Қазақстандағы білім беру жүйесінде оң өзгерістер байқалуда. Жаңа оқыту бағдарына бет бұру- күн тәртібіндегі басты мәселе. Бүгінгі ғылым мен техниканың қарқынды даму нәтижесінде мектеп оқушыларына білім беру бұрынғы қалыптасқан жүйеден әлдеқайда жоғарғы талаптар қояды. Бұл талапты мұғалім жүзеге асыру үшін олардың жас және дербес ерекшеліктерін еске ала отырып, оқу-тәрбие жұмысының барысында сана-сезімін ояту, өз бетінше жұмыс істей білуге үйрету мұғалім қызметінің басты міндеті. Оқуға зауқы жоқ, үлгерімі нашар деген баланың бойынан жоқ дегенде бір жақсы қасиет табуға болады. Осындай баланың ерекшелігін көре алатын мұғалім ғана өз ісінің маманы ретінде танылады

Жас ұрпақ жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу-қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр ұстаздың шығармашылық ізденіспен жаңаша жұмыс істеуін қажет етеді.

Бастауыш білім –берудің алғашқы басқышы. Бастауыш сынып оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады. Сондықтан менің алға қойған мақсатым-оқушыға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру, балалардың шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамыту. Яғни бұл-бүгінгі күннің талабында.

Осы талап тұрғысынан алғанда, оқу тәрбие үрдісін ұйымдастырудың түрлі әдіс - тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияны тиімді пайдаланудың маңызы ерекше.

Мен өзімнің іс тәжірибемде «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» қолданамын. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды. Бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, ұйғарым таңдауға, шешім қабылдауға үйрету. Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу. Сын тұрғысынан ойлау сынау емес, шыңдалған, бірін – бірі толықтырған ойлау. Ең бастысы жекелей, топта, сыныпта оқушылардың білім деңгейін көтеруге ретімен сұрыптап қолданған стратегиялардың қай – қайсысы болсын сабақтың сапасын арттыруда үлесі зор. Қазіргі таңда мектеп оқушыларының мұғалімнен күтері көп, оларды сабаққа белсене қатыстыру үшін әр сабақ барысын жаңа формада, жаңа әдісте жүргізу шарт. Сабақтың тиімділігіне бір-бірімен тығыз байланысты екі жағдай әсер етеді: мұқият дайындалу және шеберлікпен өткізу. Дұрыс жоспарланбаған, оқушылардың оқу мүмкіндігімен санаспайтын сабақтың сапасы болмайды. Сабаққа дайындалу-нәтижеге жеткізетін шаралар жүйесін жасау, оқу- тәрбие процесін дұрыс ұйымдастыру. Инновациялық технология бұл әдістердің бастамасы, яғни интербелсенді тақтаны қолданып сабақ жоспарын ұйымдастыру. Көптеген инновациялар арасында оқушылардың оқу белсенділігін оқушылардың оқу белсенділігін қалыптастыруға аса қолайлы технология - Сын тұрғысынан ойлау жобасы, Модульдік оқыту технология. Деңгейлеп - саралап оқыту және т.б түрлері бар

Жаңа білімді қабылдау, бекіту, іскерлік пен дағдыны тәрбиелеу барысында жұмыс жүйесін, оқушылардың дербес белсенді әрекетін дамытуда, өздік жұмысының тиімділігін арттыруда «Сын тұрғысынан ойлау» барысындағы стратегияларды білімді меңгертудің әр түрлі кезеңінде қолдануға болатынын тәжірибе көрсетті. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды» дамыту бағдарламасы ұстаз бен оқушыны ізденуге жетелейтін, шығармашылық шабыт беретін, болашаққа деген үмітті арттыратын бағыт. Әр оқушыда өзін – өзі дамыта, жетілдіре бақылай алатын дағды қалыптастыру, соған сәйкес өз бетінше білім алуға үйрету дамыудың ең биік шыңына жету болып табылады. Яғни, ең алдымен, шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді. Оқушы ойын осылайша шыңдауға мүмкіндік туады. Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына шараларды білу қажет:

1.Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін уақыт керек.

2.Оқушыларға ойланып, толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.

3.Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.

4.Үйрену барысында оқушылардың белсенді іс – әрекетін қолдану.

5. Кейбір оқушылардан жауабының, сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.

6.Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Сын тұрғысынан ойлау технологияларын пайдалану нәтижесінде қазіргі оқушының:

- Сабаққа қызығушылығы артады;
- Нақты өз деңгейінде бағаланады;
- Жеке қабілеті айқындалады;
- Өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді;
- Даму мониторингі айқын көрінеді;

Өз пікірін ашық білдіруді талап ету қажет. Тек сонда ғана олар:

- Мен осы мәселе туралы не ойлаймын?
- Осы мазмұннан алған ақпарат менің бұрынғы білетініме сәйкес пе?
- Маған бұл жаңа ойлар қаншалықты әсер етті, -деген сауалдар төңірегінде ойлауға үйренеді.

Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының алғы шарттары:

- Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау;
- Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағалау;
- Қиялын дамыту үшін «Менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру;
- Әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, жаманын сынамау;
- Тіл байлығын дамыту үшін қалайда жауабын соңына дейін тыңдау;

- Жауап беруге тілек білдірмеген баланың өз еркінсіз, қинап сұрамау;

- Жеке тұлға ретінде «Мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Менің өз істәжірибемде әдебиеттік оқу сабағынан өткізген Арыстанның тілі қайда» деген тақырыптағы сабағыма тоқталып өтейін.

Оқушыларды топқа бөлу.

Мен бұл сабақта мынандай стратегияларды қолдандым:

1. «Болжау» стратегиясы
2. «Екі жақты күнделік» стратегиясы
3. «Топтастыру» стратегиясы
4. «Әдебиет үйірмесі»
5. «Бес жолды өлең» стратегиясы

1-ші «Болжау» стратегиясы.

Оқушылардың алдына әңгімеден үзінді беру. Яғни, оны оқушылар ары қарай жалғастырып оқиғаны немен аяқталғанын өз ойларымен жеткізеді.

2-ші «Екі жақты күнделік» стратегиясы.

Ерекше әсер еткен тұсы Сол туралы өз пікірің

3-ші «Топтастыру» стратегиясы.

4-ші «Әдебиет үйірмесі» стратегиясында - берілген мәтінді оқу, талдау жұмыстарын өткізгеннен кейін сыныпты топқа бөлдім.

1- топ. Баяндаушылар. Мәтін бойынша, топта өткен ой талқысы туралы баяндама жасайды.

2-топ. Сілтеме табушылар. Мәтіннің шарықтау шыңы неде болды?

3-топ. Сұрақ қоюшылар. Егер осы мәтіндегі архитекторға жолыға қалсаң, қандай сауал қаяр едің?

• Мәтіннің мазмұнына сай нақыл сөз, мақал-мәтел немесе шешендік сөз жаз.

5-ші «Бес жолды өлең» стратегиясы

1.Зат есім (1 сөз)

2. Сын есім (2 сөз)

3. Етістік (3 сөз)

4. Қорытынды ой (4 сөз)

5. Зат есімге жуық мәндес сөз (1 сөз)

Оқушыға:

-өз ойын ерін айтуға мүмкіндік беру;

-ойын дамыта өзгертуіне мүмкіндік беру;

-Шығармашылық жұмыстағы еркіндікке мүмкіндік беру;

-кез келген мәселені өзінше шешуге мүмкіндік беру:

-баға беруге,таңдау жасауға мүмкіндік беру;

-оқығанын өмірмен байланстыруына ,өмірде қолдана алуына мүмкіндік беру.

Мен өзімнің іс тәжірибемде негізге қойған міндетім-оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту.

Балаларға өздерін тапқырлыққа, білгірлікке,қиялдауға итермелейтін ойындар мен тапсырмалар өте ұнайды. Осы мақсатта өзімнің оқушыларымды шығармашылыққа баулу үшін түрлі әдіс- тәсілді қолдандым:

1.Мәтінді « Болжау»стратегиясы арқылы оқыту.

2.Логикалық ойлауын дамытатын ойындар мен берілген тапсырмаларды шешу.

3.Берілген тапсырманы түрлендіру бағытында жұмыстар.

4.Биопоэма стратегиясы.

5.Қиялдау арқылы рөлге бөлдіру, оқыту.

6.Ұнатқан кейіпкерлеріне мінездеме беру.

7.Ой шапшаңдығын,сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құру.

8. Өз ойларын еркін жазу.

9.Топтастыру стратегиясы.

10.Тақырыпты жан-жақты қарау, сұрақ – жауап әдісімен талдау.

1.Арнаулы бір тақырыбына Болжау стратегиясы бойынша талдау жасау.

Кітап оқуға құмарлықты қалай тудыру керек деген мәселе барлығымызды ойландырары сөзсіз. Қызығушылығын арттыру арқылы ғана бала кітапқа құмарланады. Болжау стратегиясы кез келген сабақтың «Қызығушылықты ояту» кезеңінде қолданамын. Бұл мен үшін ең басты мәселе. Сонымен қатар оқушы барлық жұмыстарды өзінің шығармашылық қайнауынан өткізу арқылы ғана сабақты бағалап, мәселені шешуге ұмтылады. Ал сол арқылы ешкімге ұқсамайтын жол іздейді,өзінше болжайды және сол болжамды мен мән беріп тыңдауым керек. Бұл бастауыш сынып оқушысы үшін соншалықты маңызды екенін білемін. Болжау стратегиясын қолдану арқылы менің ұтқаным оқушы өтілетін жаңа тақырыпты алдын ала оқып,сол тақырыпқа қосымша деректер іздеп тауып келіп жатады.

Мен сабағымда оқушыны біліммен, іскерлікпен, дағдымен қаруландырып қоймай, олардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін де дамыттым. Үйде мәтін бойынша ұнаған көрінісіне сурет салып келу тапсырылады. Бұл тапсырманы оқушы ерекше ынтамен орындап келеді. Бұл жерде мен тапсырманы түрлендіріп берудің тиімділігін байқадым.

Заман талабына сай технологиялық ақпараттарды қолданып, олар арқылы сауатты да білімді ұрпақ тәрбиелеу әрбір ұстаз борышы деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Е.Сарманов, С.Сапаров «Сабақта жаңа технологияларды қолдану»

2.Б.А.Тұрғынбаева «Дамыта оқыту технологиялары» Алматы 2002ж.

Сариева Индира Кенжебаевна
Шымкент қаласы, «А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп- гимназия»
Бастауыш сынып мұғалімі

ҚАЗІРГІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЕЙБІР ӘДІСТЕР

Қазіргі таңда мектептерде педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау ісі күрделі және шығармашылық мәселелердің бірі болып табылады. Педагогикалық тәжірибе - оқыту, білім беру және тәрбие тәжірибесі, дәлірек айтсақ нәтижесі оқушының жеке тұлғалық сапаларынан көрінетін, белгілі бір мақсатпен ұйымдастырылатын педагогикалық процесс. Көпшілік мұғалімнің педагогикалық тәжірибесі-бұл педагогикалық ғылымының жетістіктерін қолданып жұмыс істеп жатқан білім беру ұйымдарының тәжірибесі.

Озат педагогикалық тәжірибе сөзін түрліше түсінеміз. Кең мағынада озат педагогикалық тәжірибе - мұғалімнің шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі. Мұғалімнің тәжірибесінде жаңалық болмауы мүмкін, бірақ ол ғылымда белгілі принциптерді, әдістерді табысты түрде қолданып, басқа мұғалімдерге үлгі болып, озат тәжірибесі басқа мектептерге таратылады.

Педагогикалық озат тәжірбиенің тар мағынасы: шығармашылық ізденіс, жаңалығы бар тәжірибе, жаңашылдардың тәжірибесі. Мұндай педагогикалық тәжірибе өте құнды, себебі ол мектеп тәжірибесіне жаңалық енгізеді. Сондықтан, бірінші кезекте осы тәжірибені талдап, баға беріп, тарату керек. Жай шеберлік пен жаңашылдық арасындағы айырмашылықты көру қиын, себебі мұғалім ғылымда белгілі принциптер мен әдістерді қолданып, қол жеткен жетістіктермен шектелмейді, жаңа әдістерді қолданып, немесе ескі әдіс-тәсілдерді тиімді етіп үштас-тырып, бірте-бірте жаңашыл болады, олай болса кез келген жақсы тәжірибені мектептің тәжірибесіне енгізуге болады, біраң жаңашыл мұғалімдердің іс-тәжірибесін жан-жақты талдап, қорытындылап, тарату керек. Озат педагогикалық тәжірибенің белгілері, оған қойылатын талаптар. Бірінші белгісі – қоғам дамуының бағытына, әлеуметтік сұранысқа сәйкестігі. Озат мұғалімдер мен білім беру ұйымдарының қызметкерлері өмір талаптарына сай жұмыс істеп, педагогикалық процесті жетілдірудің тиімді жолдарын табады.

Озат тәжірибенің екінші белгісі – педагогикалық қызметтің тұрақты, жақсы нәтижелері. Педагогикалық «өнім» - оқушылардың білім, іскерлік, дағдыларының, жалпы дамуының, тәрбиелілігінің деңгейі.

Мұғалім сабақтарын дұрыс бағалап, оқушылардың білім сапасын тексеріп, жауап алынатын сұрақтар:

- оқушылардың бағдарламадағы оқу материалын меңгеруі;
- өз беттерімен білім ала білуі;
- білімдерін шығармашылықпен тәжірибеде қолдануы;
- оқушылардың жалпы дамуы.

Білім сапасы оқушылардың байқампаздығынан, талдау, жинақтау, абстракциялау іскерлігінен, оқу материалымен жұмыс істеу жолдарын анықтаудан, іс-әрекеттің жүйесін белгілеуден, өз іс-әрекетін бақылап, оған керек жағдайда түзетулер енгізуінен көрінеді. Оқушылардың тәрбиелілігі олардың пікірлерінен, мінез-құлқынан, жүріс-тұрысынан байқалады.

Озат тәжірибенің үшінші белгісі - оқыту, тәрбие, дамуда тұрақты, жақсы нәтижелерге жету үшін мұғалімдер мен оқушылардың өз күштері және құралдарын орнымен жұмсауы. Оқушыларға шамадан тыс қосымша тапсырмалар беріп, басқа пәндерді меңгеруге зиян келтіріп, білім сапасын көтеретін тәжірибе озат тәжірибе деп есептелмейді.

Жаңалық – озат тәжірибенің төртінші белгісі. Педагогикалық озат тәжірибе оқу-тәрбие жұмысын үнемі дамытып және жетілдіріп отырады. Сондықтан, әрбір мұғалім еліміздегі жаңашыл ұстаздардың бай тәжірибесін, белгілі педагогтар мен психологтардың ғылыми еңбектерін терең зерттеп, олардың ұсынбаларын өз ісінде шеберлікпен пайдаланғаны жөн.

Инновация – педагогикалық процеске оқыту мен тәрбиенің жаңа тұжырымдамаларын, оқу жоспарларын және бағдарламаларын, түрлерін, әдістерін, құралдарын енгізіп, мақсатқа жету. Инновациялық процессіз мектептің дамуы мүмкін емес. Инновациялық мектептердің мақсаты - жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Н.Нұрахметов инновацияны мынадай топтарға бөледі:

• білім мазмұнындағы инновация;

• оқу-тәрбие процесінің әдістемесі, технологиясы, түрі, әдістері және құралдарындағы инновация;

• оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы инновация;

• мектептегі басқару жүйесіндегі инновация.

Жаңалықтан кейін болған өзгерістердің сипатына қарай топталған инновацияның түрлері:

- жеке, бір-бірімен байланысы жоқ;

- модульдық (бір-бірімен байланысты): бір-біріне жақын пәндерге және жас деңгейлері бірдей оқушылармен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарына енгізілген жаңалықтар;

- жүйелі: барлық мектептерде болатын өзгерістер.

Инновацияның түрлері: модификациялық, комбинаторлық, түбірлі.

Модификациялық инновация - педагогикадағы әдіс-тәсілдерді жетілдіру. Мысалы: А.С.Макаренконың қиын балаларды тәрбиелеу әдістерін А.Ысқақов осы заманға лайықтап қолданды. Комбинаторлық инновация - белгілі әдістердің элементтердің бір-біріне қосу. Инновацияның бұл түрін қазіргі кезде тілдерді оқыту әдістемесімен айналысатын ғалымдар қолдануда. Түбірлі: мектепке білімнің мемлекттік стандарттарының енгізілуі.

Инновациялық іс-әрекет – қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына сай мектеп жұмысын дамытатын, мектеп өміріне оң өзгерістер әкелетін іс-әрекет. Әрбір мұғалім өзінің оқу-жұмысын дамыту үшін түрлі құралдар арқылы өзінің іс әрекетін саналы түрде өзгертеді.

Инновациялық процестің кезеңдері:

• иновацияның себептері;

• жаңалықты жобалау;

• жаңалықты жүзеге асыру.

Инновациялық іс-әрекетке орта да әсер етеді. Мектеп жаңалықтың себебін, жобасының дұрыстығын дәлелдеп, жаңалыққа мұғалімдерді, оқушыларды, ата-аналарды қызықтыра білгені жөн. Инновациялық процесті күшейтетін бес фактор:

• мектеп басшыларының шығармашылығы, оқытудың жаңа технологияларын жасауға қабілеттілік, педагогикалық процеске қатысушылардың бір-бірімен өзара әрекеті және қарым қатынасы;

• инновациялық процестің жоспары, бағдарламасы;

• бағдарлама, жоспар бойынша мектепке ғалымдардың кеңес беруі, керек жағдайда инновациялық процеске түзетулер енгізуі. Жоспарда нәтижелерге жетуге ықпал ететін жағдайларды көрсетіп, сәтсіздік болғанда оны жоятын шараларды да белгілеу;

• әлеуметтік-экономикалық жағдай;

• инновациялық процеске қатысушылар: бастама көтерушілер, көмектесушілер, қарсы тұрушылар.

Инновация мәселесі педагогикада ғылыми тұрғыда қойылып отырғанын қарастырып, әр мектепте инновациялар банкін құрып, олар мұғалімдердің іс-әрекеттерінде ғылыми дәлелденіп, әдістемелік жағынан дұрыс орын алуы қажет.

Инновациялық іс-әрекет - қазіргі мектептің даму тәртібінің бір аспектісі. Инновациялық іс-әрекет әлеуметтік-экономикалық жағдай тудырған басқа білім беру сфераларынан белгілі бір стандарттың межесінен ауытқу мен балама жүйе енгізу шараларын атқарады. Инновациялық іс-әрекет жаңалықтарды ойлап шығару, зерттеу, қолданысқа дайындау, іс жүзінде пайдалану сияқты процестермен сипатталады.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. Инновационное обучение: стратегия и практика. /Под.ред. В.Я. Ляудис. - М.: Изд-во МГУ, 1994.

2. Внутришкольное управление: теория и опыт педагогических управленческих инноваций / Под ред. Н.В. Горбуновой. М.: Новая шк., 1995.

3. Слободчиков В. Новое образование-путь к новому сообществу// Нар. образование. - 1999.

4. Кларин М.В. Инновационные модели учебного процесса в современной зарубежной педагогике:. - М., 2009.

5. Нағымжанова Қ.М. Бастауыш сынып мұғалімнің оқу процесіндегі инновациялық іс-әрекеті. - Өскемен: Медиа–Альянс, 2004.

6. Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру (оқу құралы). - Алматы, РБК, 1995.

Исабекова Лаззат Султанмуратовна
Шымкент қаласы, «А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназия» КММ
бастауыш сынып мұғалімі,

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Бүгінгі таңдағы заманауи өзгерістер ағымы балалар психологиясының дамуына ықпал етуде, ойын іс-әрекетін тиімді қолдануды көздейді. Сондықтан да мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде ойын түрлерін ұтымды пайдалану қажет. Ойын іс-әрекеті арқылы балалар оқу материалдарын тез меңгереді, ақыл-ойы дамиды. Себебі, мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс- әрекеті – ойын. Балалардың өте жауапты, сензитивті осы кезеңінің ерекшелігін есепке алу аса маңызды, өйткені баланың мектеп жасына дейінгі шақтан, кіші мектеп оқушысы кезеңіне өтетін күрделі, ауыспалы кезеңі. Нақты осы шақта балалардың іс-әрекет түрлері де бірте-бірте, ойыннан оқу әрекетіне ауысады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды ынталандырудың негізгі әдісі де – ойын. Ойын әдісі арқылы балалардың оқу іс-әрекетіне танымдық қызығушылығын қалыптастырамыз. Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын іс-әрекеті балаларды тәрбиелеудің негізгі құралы ретінде қарастырылса, ұйымдастырылған оқу қызметінде ойын оқыту әдісі ретінде көрініс табады. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепалды даярлықта дидактикалық ойындар үлкен маңызға ие. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойынның мақсаты бағдарламада анықталған білім, білік, дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, тиянақтау және пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнмен анықталады.

Ойын процесінде балалардың білімі мен ұғымы айқындалып, тереңдей түседі. Демек, ойын балалардың соған дейінгі білімдері мен түсініктерін баянды етіп қана қоймайды, сонымен бірге танымды іс-әрекетінің белсенді бір формасы болып табылады. Соның барысында олар тәрбиешінің басшылығымен жаңа білімді игереді. Ойынды ұйымдастырып, оны басқара жүріп, ұстаз балалар ұжымына және ұжым арқылы әр балаға ықпал жасайды. Ойынға қатысушы бала өзінің ниеті мен әрекетін басқалармен үйлестіруге, ойында қалыптасқан ережелерге бағынуға тиісті болады.

Педагогикалық басшылық болмаған жағдайда балалардың ойындары кейде жарамсыз ықпал жасауы да мүмкін. Сонымен бірге дидактикалық ойын балалардың танымдық дамуына әсер етеді, білімдерін кеңейтуге қажеттілігін туғызады.

Педагогикада дидактикалық ойындарға төмендегідей анықтама беріледі: дидактикалық ойындар дегеніміз- балаларға белгілі бір білім мен білік беріп, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру мақсатын көздейтін іс-әрекет. Ендеше, дидактикалық ойындар оқытуға арналған.

Дидактикалық ойынға басшылық жасай отырып, педагог ұйымдастырудың алуан түрлі формасын пайдаланады. Егер олармен немесе олардың бір-бірімен тығыз байланыс жасауы қажет болса, ойын диалог түрінде жүргізілетін болып балаларды шеңбер етіп тұрғызады, тәрбиеші өзі ортаға тұрады. Кейде балаларды топтарға бөледі немесе егер олар саяхат жасайтын болса, онда топ бөлмесін ұшақ, кеме ретінде елестетеді.

Дидактикалық ойында балалардың көрсеткен инициативасына, сұрақтарына, ұсыныстарына байланысты ойынның түпкі ойын кенеттен кеңейтіп және байытып жіберуге мүмкіндік бар. Дидактикалық ойынның орталығы ойыншықтар мен ойын құралдары болып табылады. Дидактикалық ойындардың басқа ойындардан ерекшелігі, оның негізгі мақсаты – баланы оқыту, оладың ойлау қабілеттерін жаттықтыру және дамыту, игі қасиеттерді тәрбиелеу.

Дидактикалық ойындардың мазмұны – қандай да болмасын ақыл-ой міндеттерін жүзеге асыру. Ережені орындау ойды, қиялды, есті, дамытуға ықпал етеді. Дидактикалық ойын арқылы дүниені тану басқаша түрге ие болады, ол күнделікті оқытуға ұқсамайды, мұнда қиял-ғажайып та, жауапты өз бетінше іздеу де, белгілі болмыс пен құбылысқа жаңаша көзқарас та, білімді толықтыру мен кеңейту де, жекеленген

құбылыстар арасында өзара байланысты, ұқсастықты және айырмашылықты тағайындау да бар. Ал ең бастысы, балаларды еш қинамайды, өздерінің қалауы бойынша дидактикалық ойын арқылы оқу материалын әртүрлі тұрғыдан бірнеше рет қайталауға мүмкіндік туады. Сонымен бірге дидактикалық ойын өзара жарыстыру мүмкіндігін туғызып, балаларға білімдерін әртүрлі жағдайда қолдануға негіз береді.

Дидактикалық ойын өзінің қызметі мен атына сай орындауы үшін, оның арнайы құрылымы болуы шарт.

Оның құрылымы: мідеті, әрекеті, ереже, нәтиже, ойынның аяқталуы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті процесінде аса дайындықты қажетсінбейтін ойындарды пайдалану керек және олар оқытатын, үйретететін сипатқа ие болуы тиіс. Бұл жүйені мектепке дейінгі мекемеде оқыту процесінде басшылыққа алуда тәрбиешіге әдістемелік талаптар қойылады.

Танымдық іс-әрекет сипатына сәйкес ойын түрлері:

-Балалардың орындаушылық әрекетті талап ететін ойындар.

-Қайта жаңғырту іс-әрекетін орындауға бағытталған ойындар.

-Қайта жасау іс-әрекетін жүзеге асыруға бағытталған ойындар.

-Ізденіс іс-әрекетіне бағытталған ойындар.

Дидактикалық ойындардың мазмұны:

-Дидактикалық ойындар нақты, қысқа, қызықты, тартымды болу керек.

-Дидактикалық ойындарда қолданылатын материалдар мен көрнекіліктер қарапайым болып, олардың жасалуы мен дайындалуы тез, әрі жеңіл болуы шарт.

-Дидактикалық ойындардың нәтижелері обьективті тұрғыдан бағалануы тиіс.

Дидактикалық ойынның өзіне тән ерекшеліктері бар. Бір жағынан – ойында ойындық әрекет негізге алынған, оның көмегімен жеке тұлғаның белгілі бір сапалары: зейін, байқағыштық, ес, ойлау, ізденімпаздық, белсенділік қалыптасады. Екінші жағынан – ойын белгілі бір дидактикалық міндетті, жаңа материалды оқып-үйрену, өткенді қайталау, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, білімді іс жүзінде пайдалану міндеттерін шешуді көздейді. Балалардың қызығуын тудыру үшін дидактикалық ойын түрлерін пайдаланудың орны ерекше. Тиімді қолданылған дидактикалық ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені мектеп жасына дейінгі балалардың аңсары ұйымдастырылған оқу қызметтерінен гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Балалар өте еліктегіш, жаңаны жаны сүйгіш келеді. Сондықтан тәрбиеші жұмыс барысында ойындардың сан алуан түрлерін пайдалана отырып, балалардың ынтасын арттырып, алған білімдерін өмірде қолдана білу мен ізденімпаздық дағдыларын жетілдіре түседі. Ойын түрлерін тиімді пайдалану балалардың өмірге бейімделуіне, талпынуына көмектеседі.

Пайдаланған әдебиеттер

Ахметова С. Дидактикалық ойындар мен логикалық есептер. –Алматы, 2004ж

Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Тараз: ТарМУ,2003ж.

Тұрынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиясы. –Алматы, 2000ж.

Бисеналина Дамегуль Нагиевна
Ақтөбе қаласы №41 «Назерке» МДҰ тәрбиешісі

АКТУАЛЬНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ОРИГАМИ НА УРОКАХ ГЕОМЕТРИИ

Аннотация

В статье раскрывается взаимосвязь науки математики и искусства оригами. Рассматривается возможность внедрения оригами в учебные занятия по геометрии для эффективного повторения пройденного материала и изучения нового.

В условиях современного динамично изменяющегося мира, от учителя требуется способность осваивать инновационные формы и методы обучения, умение творчески обновлять собственную концепцию педагогической деятельности. Это приобретает особую значимость с широким внедрением обновленного образования, когда учащимся необходимо больше работать самостоятельно, уметь находить и осваивать информацию, что в свою очередь, повышает их творческие способности. Правильный выбор подачи

информационного и визуального материала на уроках геометрии формирует стойкую мотивацию дальнейшего самостоятельного изучения предмета.

Геометрию многие считают застывшей, законченной наукой, в которой достаточно запомнить основные правила, формулы и теоремы. На самом деле она постоянно развивается, перестраивается в ногу со временем и решает новые задачи, соответствующие современным запросам.

Для эффективных занятий геометрией важно не просто заучивать, а уметь находить пути решения, понимать их логически, уметь правильно рассуждать и обосновывать. Эти навыки не являются врожденными. Поиски красивых и простых решений, размышления над задачами развивают творческое мышление и память школьников. Именно учитель в школе может привить терпение и любовь к науке, научить творчески решать поставленные задачи. Надежные результаты можно получить, если погружение в мир геометрии происходит в легкой и приятной форме, а задачи сопровождаются наглядными примерами из каждодневной жизни. Конечно, невозможно все задачи по геометрии перевести в доступный формат, но на начальном этапе обучения это стимулирует творческую активность учащихся.

Незадолго до начала курсов повышения квалификации, я начала интересоваться инновационными методами преподавания. После месяца теоретического обучения на курсах ЦПМ в г. Астане в 2012 году и 8 лет практического применения полученных знаний на уроках алгебры и геометрии значительно изменилось сознание и отношение к методике преподавания. Используя знания о семи модулях, учила своих учеников самостоятельно добывать знания, вести диалог, находить аргументы, чтобы отстаивать свою точку зрения. Осознавая, что простое накопление свода правил и формул не ведет к желаемому результату, искала пути развития у школьников желания самостоятельно исследовать и творчески решать задачи. Ведение элементов оригами на уроках геометрии задало позитивный настрой, повысило активность учащихся и психологический климат в классе. С помощью оригами материал по геометрии стал доступным для понимания даже слабоуспевающими учениками.

Оригами дает возможность визуально осознать абстрактные геометрические понятия, познакомиться с геометрическими фигурами, различать вертикаль и горизонталь, делить углы и многое другое. Именно поэтому уже в 19 веке Фридрих Вильгельм Август Фребель ввел оригами как учебный предмет в школах. Он считал, что главными составляющими развития личности являются сама жизнь, движение и знание. Его теория образования и развития личности включала четыре основных компонента: свободную активность, творчество, участие в жизни общества, мышечную активность.

В конце прошлого века ученым удалось доказать эффективность занятий оригами в развитии активности левого и правого полушарий мозга, так как в процессе создания фигур одновременно задействованы обе руки.

Тогда же возник термин «*оригаметрия*», который обозначает область геометрии, которая решает задачи только методом складывания. В решении задач на планиметрическое построение именно оригами обладает большим потенциалом. В оригами края листа и линии сгибов играют роль прямых, а роль точек отводится вершинам углов листа и точкам пересечения линий сгибов с краями листов или друг с другом. Методами оригами можно решать задачи направленные на построение высоты треугольника, медианы, биссектрисы угла и другие. Модели оригами складывают из квадратного листа. Складывая его по вертикали или диагонали, можно решать такие задачи, решение которых с помощью циркуля и линейки просто невозможно. Таким образом, легко понять, что оригами и геометрия не просто взаимосвязаны, а являются единым целым.

На уроках геометрии в школе с помощью оригами можно быстро повторить такие понятия как горизонтальные, вертикальные, наклонные линии; основные свойства квадратов, прямоугольников, треугольников, многоугольников. Это прекрасный способ активизации деятельности учеников, помогающий заинтересовать, стимулировать интерес к дальнейшему изучению предмета, ведет к повышению учебной мотивации.

Молдабекова Эльвира Мадарисовна
учитель математики
общая средняя школа №35 им.М.Маметовой, Казахстан, г.Шымкент

МАТЕМАТИҚАЛЫҚ ИНДУКЦИЯ ӘДІСІМЕН ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ

Аңдатпа/ Аннотация

Бұл жұмыста мектеп бағдарламасының алгебра курсындағы математикалық индукция принципін геометрия курсындағы кейбір есептерді шешуде қолданудың әдіс-тәсілдері қарастырылған. Математикалық индукция принципі туралы толық мағлұмат жинақталған.

Математикалық индукция принципіне байланысты мысал-есептер қарастырылып, жинақталған. Математикалық индукция тәсілін геометрия курсындағы кейбір есептерді шешуде қолданудың маңыздылығына тоқталып, мысал-есептер арқылы көрсетілген.

Annotation.

In research work Kaltayeva Zhamila at a school rate «Algebra» use of methods of a mathematical principle of an induction is considered at the decision of some geometrical problems.On this question the big material is collected.Through 4-axiom Pianon the pupil has defined as a mathematical induction.

Was it is proved importance of application of ways of a mathematical induction at the decision of some geometrical problems (at the rate «Geometry»). The analysis has been given to problems and the principle of a mathematical induction is correctly applied. Correctly with proofs have been solved independently picked up problems.

Кілттік сөздер: Индукция аксиомасы, дөңес фигура, Хелли теоремасы, Пеанонның 4-аксиомасы, жазықтық.

Кіріспе

Бұл авторлық бағдарламаның негізгі мақсаты: математикалық индукция принципін геометрия курсының кейбір есептерін шешуде қолданудың тиімділігін көрсету және математикалық индукция принципінің негізгі теоремалары мен аксиомаларын қарастыру. Сонымен қатар, осы әдісті пайдаланып мысал-есептер және олардың шығару жолдарына талдау жасау.

Индукция аксиомасы болып саналатын Пеанонның 4-аксиомасы және индукцияның теоремалары, олардың дәлелдемелері қарастырылды.

Натурал n санына тәуелді кейбір тұжырымдар n=1 болғанда орындала бермейді және олардың көпшілігі $n \geq m$ ($m \in N$) болғаннан бастап, барлық n натурал сандар үшін орындалады. Осындай тұжырымды математикалық индукция принципін қолдана отырып, дәлелдеуге болатындығы көрсетілді.

Математикалық индукция тәсілімен дәлелдеу барысында міндетті түрде екі кезең қарастыру керек, бұл кезеңдердің әрқайсысы өз алдына маңызды болып табылады. Математикалық индукция-бұл дедуктивті әдіс. Яғни, индукция математикада үлкен эвристикалық роль атқарады, есептің шешімі қандай болатындығын ойлауға болады.

Математикалық болжам дедуктивті түрде жасалады. Яғни, жеке тәсілден жалпыға көшу болып табылады.Кейбір геометриялық есептерді шешуде математикалық индукция әдісі қолданылады. Енді осы математикалық индукция әдісімен шығарылатын кейбір есептерді шешу жолымен көрсетейін.

1-мысал. Жазықтық түзулер және шеңберлерге бөлінген болса, онда пайда болған картаны екі түске бояуға болады, бөлінген түзу мен шекаралас шеңберлердің түстері әр түрлі болатындығын дәлелдеңдер.**Дәлелдеуі:** Дәлелдеуді түзулер мен шеңберлердің жалпы маңына байланысты индукция әдісімен көрсетейін. Кез-келген n түзулері мен шеңберлері бар картаны бояу мүмкін дейтін n+1 түзулері мен шеңберлері бар картаны қалай бояймын? Ол үшін кез-келген бір түзуді (немесе шеңберді) алып тастап n түзулер мен шеңберлерді бояп аламын да, алып тастаған түзуді (шеңберді) қарама-қарсы түске бояймын.


2-мысал Периметрі 1-ге тең дұрыс 2^n- бұрыштың r_n және R_n іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустары r_{n+1}=және $R_{n+1} = \sqrt{R_n + r_{n+1}}$ болатындығын дәлелдеңдер.

Дәлелдеуі:

AB - дұрыс 2^n бұрыштың қабырғасы болсын .O-сырттай сызылған шеңбер центрі. (1-сурет)C - AB доғасының ортасы. M және N - AC және BC кесінділерінің ортасы. P және Q нүктелері AB және MN түзулерінің OC түзуімен $\frac{(R_n + r_n)}{2}$ қиылысу нүктелері.

MN=$\frac{AB}{2}$ және $\angle MON = \frac{\angle AOB}{2}$ болғандықтан MN - периметрі 1-ге тең.2^{n+1} - бұрышының қабырғасы. Шынында да, $OQ = \frac{(OC + OP)}{2}$, яғни $r_{n+1} = \frac{R_n + r_n}{2}$. Бұдан ΔOMQ~ΔOCM болса, онда $OM = \sqrt{OC \cdot OQ}$, яғни $\rightarrow$ $R_{n+1} = \sqrt{R_n \cdot r_n + 1}$ болады.

3-мысал. Бір түзудің бойында жатпайтын n нүкте берілсе, ол нүктелерді қосатын әр түрлі түзулер саны n-



1-сурет.

нен кіші емес екендігін дәлелдеңдер.

Дәлелдеуі: n бойынша индукцияны қолданайын. n=3 үшін орындалады. Мен n-1 үшін дәлелдедім деп n үшін көрсетейін. Екі нүкте арқылы өтетін түзуде тағы да берілген үшінші нүкте жатса, онда барлық нүктелер бір түзу бойында жатады. СондықтанА және В нүктелерінен өтетін бір түзу бар. А нүктесін алып тастасам, екі жағдайболуы мүмкін:

1) Онда қалған нүктелердің бәрі ∠ түзуінің бойында жатады. Сонда әр түрлі n түзуболады; n-1 - түзу, А нүктесінен өтетін және ∠ түзу.2) Қалған нүктелер бір түзу бойында жатпасын. Сонда түзулердің арасында,индукция бойынша n-1-ден кіші емес әр түрлі түзулер болады.

4-мысал. Жазықтықта 4 дөңес фигура берілсін. Олардың кез-келген үшеуіне ортақ бір нукте бар болса, онда олардың барлығына ортақ нүкте бар болатындығын дәлелдеңдер.

Дәлелдеуі: Берілген фигуралаларды M_1,M_2,M_3,M_4 деп белгілейік. A_i- берілген барлық фигуралардың қиылысу нүктесі болсын. A_i- нүктесінің орналасуының екі жағдайы бар:


1) Кез-келген бір A_4 нүктесі үшбұрыштың ішінде жатсын. A_1, A_2 ,A_3 нүктелері M_4 дөңес фигурасына тиісті болсын, онда ΔA_1, A_2, A_3 үшбұрыштың барлық нүктелері М дөңес фигурасына тиісті болады. Сондықтан да A_4 нүктесі M_4, ал қалған фигураларға өзінің анықтамасы бойынша тиісті болады.2) A_1, A_2 A_3 A_4 - дөңес төртбұрыш болсын. С нүктесі A_1, A_3 және A_2A_4 диагональдарының қиылысу нүктесі болсын. С нүктесі барлық фигураларға тиісті болатындығын көрсетейін. A_1және A_3 нүктелері M_2 және M_4 фигураларына тиісті, сондықтан A_1, A_3 кесіндісі осы фигураларға тиісті болады. Бұдан A_2 A_4 кесіндісі M_1және M_3 фигураларына тиісті болады. Шынында да A_1 A_3 және A_2 A_4 кесіндісілерінің қиылысуы барлық фигураларға тиісті болады.

5-мысал. Жазықтықта n дөңес фигура берілсін, олардың кез-келген үшеуінің ортақ бір нүктесі бар. Барлық n фигура үшін ортақ нүкте болатындығын дәлелдеңдер **(Хелли теоремасы).**


Дәлелдеуі: Фигуралар санына байланысты индукция бойынша дәлелдейін. n=4 үшін алдыңғы есепте дәлелдеп көрсетейін. $n\geq 4$ фигура үшін тұжырым дұрыс болса, онда n+1 фигура үшін дұрыс екендігін дәлелдеу керек. Бізге Φ_1, Φ_2 ,... Φ_n, Φ_{n+1} дөңесфигуралар берілсін, олардың кез-келген үшеуінің ортақ нүктесі бар. Бұл фигуралармен бірге Φ_1,... ,$\Phi_{n-1}\Phi_n$ қарастырамын. Φ_n фигурасы Φ_n және Φ_{n+1} фигураларының қиылысуы. Бұдан $\rightarrow \Phi_n$ фигурасы да дөңес фигура. Жаңадан алынған үш фигураның ортақ нүктесі болатындығын дәлелдейін. Алдыңғы есеп бойынша Φ_i, Φ_j, Φ_n, Φ_{n+1} барлық жағдайда ортақ нүктесі болады. Индукция бойынша Φ_1, ... ,$\Phi_{n-1}\Phi_n$- ортақ нүктесі болады және де Φ_1 ... , Φ_n, Φ_{n+1}ортақ нүктелері болады.

6-мысал. Кез-келген n-бұрыш (n>4) үшін оның кез-келген бір диагоналы n-бұрыштың ішінде жататындығын дәлелдеңіздер.

Дәлелдеуі: Егер n-бұрыш дөңес болса, онда тұжырым дұрыс болады. Көпбұрыштың А төбесіндегі ішкі бұрышы 180°-тан үлкен.Көпбұрыштың көрінетін қабырғалары А нүктесінен 180° бұрышынан кіші



2-сурет.



3-сурет.

төбесінде көрінеді, сондықтан да А нүктесінен екі жағының қабырғалары көрінеді. А нүктесінен шығатын сәулелер болады. Кез-келген бұл сәулелер көпбұрыштың ішінде жатқан диогоналы болады.

7-мысал. n-бұрыштың ең кіші болатын диогональдар саны неше болатындығын анықтаңдар.

Дәлелдеуі: 3-суреттен көрініп тұрғандар n-3 диагоналы бар n-бұрышты қалай салуға болатындығын көрсетілген. Кез-келген n-бұрыштың n-3 диагоналы болатындығын дәлелдеу керек. n=3 үшін тұжырым дұрыс. k-бұрыш үшін тұжырым дұрыс деп есептеп, n-бұрыш үшін дұрыс болатындығын дәлелдейін, мұндағы k<n. Алдыңғы есеп бойынша n-бұрышты диагоналы бойынша екі көпбұрышқа бөлуге болады: (к+1) - бұрыш және (п-к+1) - бұрыштары мұндағы $\rightarrow$ k+1< n және n-k+1< n. Бұл көпбұрыштарды кем дегенде сәйкес диагональдары болады (k+1)-3 және (n-k+1)-3 диагональдары n-бұрыштың ішінде орналасқан кем дегенде1+(k-2)+(n-k-2)=n-3 диагоналы болады.


8-мысал. Кез-келген n-бұрышты диагональдарымен қиылыспайтын-дай үшбұрыштарға бөлу мүмкін болатындығын дәлелдеңдер.**Шешуі:** Бұл тұжырымды индукция бойынша дәлелдейік. n=3 үшін дұрыс.

k-бұрыш үшін тұжырымды дұрыс деп есептеп, кез-келген n-бұрыш үшін дұрыстығын дәлелдеп көрсетейін. Алдыңғы 6-есепте көрсетілгендей кез-келген n-бұрышты диагональ бойынша екі көпбұрышқа бөлуге болады. Ол көпбұрыштың төбелерінің саны n-нен кіші болады, оларды индукция бойынша үшбұрыштарға бөлуге болады.

9-мысал. Кез-келген n-бұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы (n-2)-180°-қа тең.

Дәлелдеуі: Индукция бойынша бұл тұжырымды дәлелдеп көрсетейін. n=3 үшін бұл тұжырым дұрыс. Бұл тұжырым k-бұрыш үшін дұрыс деп есептеп, n-бұрыш үшін дәлелдеп көрсетейін. Мұндағы $k \leq n$. Кез-келген n бұрышты диагоналы бойынша екі көпбұрышқа бөлуге болады. Егер көпбұрыштың біреуінің қабырғаларының саны k+1 болса, онда екінші көпбұрыштың қабырғаларының саны n-k+1 болады. Бірақ бұл екі сандар n-нен кіші. Сондықтан бұл көпбұрыштардың бұрыштарының саны (k-1)-180° және (n-k-1)-180° болады. n-бұрыштың бұрыштарының қосындысы осы көпбұрыштардың бұрыштарының қосындысына тең, яғни (k-1 +n-k-1)•180°=(n-2)-180°.

10-мысал. Дөңес n-бұрышты (мұндағы $n \geq 6$) дөңес 5- бұрышқа бөлуге болатындығын дәлелдеңдер.**Дәлелдеуі:**Индукция бойынша дәлелдейміз. Дөңес n-бұрышты дөңес бесбұрышқа бөлуге болатындығын көрсетейін. (n>5) n=5 үшін бұл тұжырым дұрыс, ал n=6 және n=7 Үшін қалай бөлуге болатындығын көрсетейін (4-сурет). n>8 деп алайық, және кез-келген дөңес т-бұрыш үшін, мұнда 5< m < n, бесбұрышты бөлуге болады делік.n-бұрыштан бесбұрыш бөлуге болады, яғни тізбектес төбелерінен құралған. Мұнда (n-3)-бұрыш қалады. 5<n-3<n болғандықтан, (n-3)-бұрышты бесбұрышқа индукция бойынша бөлуге болады.



4-сурет.

11-мысал. A_1, A_2,... A_{2n} көпбұрышы іштей сызылған. Оның барлық қарама-қарсы пар қабырғалары параллель, тек бір пар қабырғалары параллель болмаса, онда n-тақ болғанда қалған бір пар да параллель болатынын, ал n-жұп болғанда қалған пар қабырғалары ұзындықтарына тең болатының дәлелдеңдер.**Дәлелдеуі:** Дәлелдеуді индукция бойынша жүргізейін. Төртбұрыш үшін бұл тұжырым дұрыс, ал алтыбұрыш үшін де орындалады. Бұл тұжырым 2(n-1) - бұрыш үшін орындалады деп, 2n-бұрыш үшін орындалатындығын дәлелдейік. $A_1 \ldots A_{2n}$ берілген 2n-бұрыш болсын, оның $A_1A_2 \| A_{n+1} A_{n+2}, \ldots, A_{n-1}A_n \| A_{2n-1} A_{2n}$ параллель болсын. Біз 2(n-1) - бұрышын қарастырайын. Яғни, ол $A_1, A_2, \ldots A_{n-1} A_{n+1} \ldots A_{2n-1}$.Индукция әдісі бойынша n-тақ болғанда біз $A_{n-1} A_{n+1} = A_{2n-1} A_1$ n-жұп болғанда$A_{n-1} A_{n+1} \| A_{2n-1} A_1$ болады. Енді біз $A_{n-1} A_n A_{n+1}$ үшбұрыш және $A_{2n-1}A_{2n} A_1$үшбұрыштарын қарастырайын. n-жұп болсын делік. Онда $A_{n-1} A_n$ және $A_{2n-1} A_{2n}$,$A_{n-1} A_{n+1}$ және $A_{2n-1} A_1$ векторлары параллель және бір-бірімен қарама-қарсыбағытталған, сондықтан $\angle A_n A_{n-1} A_{n+1} = \angle A_1 A_{2n-1} A_{2n}$ және $A_n A_{n+1} = A_{2n} A_1$-хордалары,тең доғалар қияды, дәлелдеу керегі де осы еді. Енді n-тақ деп алайық. Сонда$A_{n-1} A_{n+1} = A_{2n-1} A_1 A_1 A_{n-1} \| A_{n+1} A_{2n-1}$ болады. $A_{n-1} A_n A_{n+1} A_{2n-1} A_1$ алтыбұрышындa$A_1A_{n-1} \| A_{n+1} A_{2n-1} A_{n-1} \| A_{2n-1} A_{2n}$ болады, бұдан $A_nA_{n+1} \| A_{2n}A_1$ шығады.

12-мысал. Жазықтықта N саны табылып, сол кез-келген N нүктелері арасында, үш нүкте бір түзудің бойында жатпайтын нүктелерден 100 нүкте алуға болатындығын және олар дөңес көпбұрыштың төбесі болатындығын дәлелдеңдер.**Дәлелдеуі:** Мен жалпы түрде дәлелдеп көрсетейін. p, *q* және r - натурал сандар, және де p, $q \geq r$ болсын. Сонда N = N (p, *q*, r) саны табылады, бұның қасиеті r - элементі ішкі жиынын *a* және P екі қиылыспайтын жиынға бөлінген болса, онда *a*- p элемент жиынының элементі болады. Теорема Рамсей бойынша дәлелдеймін. Яғни, N (p, *q*, r), r (r, *q*, q) және N(p, r, r) p+ *q-r)* және p сәйкес нүктелерін аламын.

13-мысал. Шеңберге $A_1 \ldots A_n$ дөңес n - бұрышы іштей сызылған. Оның төбелері арасында диаметральді қарама-қарсы нүктелері жоқ. Егер $\Delta A_p A_q A_r$ үшбұрыштарының ішінде біреуі сүйір бұрышты үшбұрыш болса, онда мұндай үшбұрыштар саны n-2 мәніне жуық үшбұрыш бар екендігін дәлелдеңіздер.**Дәлелдеуі:** Дәлелдеуді индукция бойынша жүргізейін. n=3 болғанда тұжырым дұрыс. Енді n > 4 дейік . Бір үшбұрышты сүйір бұрышты делік және A_k төбесін алып тастайын. Сонда қалған (n-1) - бұрышына индукцияны қолданайын. Егер мысалы, A_k нүктесі $A_p A_q$ доғасында жатса, онда $\angle A_k A_p A_r \leq A_k A_q A_r$ болады, және $\Delta A_k A_q A_r$ сүйір бұрышты үшбұрыш. Шынында да $\angle A_p A_k A_r = \angle A_p A_q A_r$, $\angle A_p A_r A_k < \angle A_p A_r A_q$және0, не$\angle A_k A_p A_r \leq 90°$, яғни бұдан $\angle A_k A_p A_r < 90°$ болады.

Қорыта келгенде: біз математикалық индукция принципін пайдаланып геометрия курсының кейбір есептерін шешуге болатындығын көрсеттік.Мақсат математикалық индукция принципін геометрия есептерін шығаруда

қолдану болғандықтан, осы тақырыпқа байланысты бірнеше мысал-есептерді қарастырдық. Есеп шығару барысында мынадай болжамға (гипотезаға) келдік: яғни математикалық индукция принципін n дөңес фигураларға байланысты берілген есептерге көбірек қолдануға болатындығына көз жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер

[1]. Цыпкин А.Г. Справочник по математике Москва, «Наука» 1988ж
[2]. И.Л.Бабинская «Задачи математических олимпиад» М.Наука, 1975 г.
[3]. Д.Х.Муштари Подготовка к математическим олимпиадам. Задачи, темы, методы. Казанский университет, 1990 г.
[4]. В.В.Праслов. «Задачи по планиметрий» Часть 2. М. «Наука» 1991 г.
[5] . А.А.Леман. Сборник задач московских математическихолимпиад» Под редакцией В.Г.Болтянского М.Просвещение 1965 г.

Калтаева Жамила Биртановна
№26 Жамбыл атындағы мектеп-гимназиясы, математика пәнінің мұғалімі,
жаратылыстану ғылымдарының магистрі, педагог-шебер

НАНОТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Аңдатпа/Аннотация

Мақалада нанотехнология бағыттарының қазіргі таңдағы анықталып отырған міндеттері, қолдану салалары, технологияның болашақтағы техника мен өндірістің барлық түрлерін жаңа сапа деңгейіне көтерілуі туралы мәліметтер берілген.

Кілттік сөздер: нанотехнология, наноэлектроника, биомеханика, биоинформатика

XX ғасыр соңы мен XXI ғасыр басында пәнаралық дүниежүзілік ғылым мен техника саласында пайда болған жаңа ғылыми бағыт ол нанотехнология. Қазіргі уақытта нанотехнологияның не екенін білетіндер көп емес, бірақ бұл ғылымның болашағы елеулі болып тұр. Нанотехнологиялар-атомдар мен молекулалар деңгейінде затты манипуляциялайтын технологиялар (сондықтан нанотехнологияларды молекулалық технология деп атайды).

“Нанотехнология” терминін қолданысқа алғаш рет 1974 жылы жапон физигі Норио Танигути енгізген. Нанотехнологиямен айналысатын ғалымдардың қазіргі таңда анықтап алған міндеттеріне: -атомдарды өз қалауымызша орналастырып, ерекше қасиетке ие материалдарды жасау; -көлемдері белгілі, белсенді атомдар мен молекулалардан тұратын электрондық сызба-нұсқалардың өндірісін ұйымдастыру; -көлемі молекулаға тең механизмдер мен роботтар жасау; -атомдардын және молекулалардан тұтынушыға қажетті бұйымдар дайындау.

Осы бағыттарда наноэлектроникаға, нанобиотехнология, молекулалалық электроникаға, наноэлектромеханикаға, оптоэлектроникаға жаңа функционалды конструкциялық наноматериалдар компьютерлі технологияға, экология мен аэронавтикаға және басқа да адамзат өміріне қажетті материалдар алу үдерісіне арналған.

Нанотехнология (грек. nanos – ергежейлі және технология) - бұл көзге көрінбейтін аса ұсақ бөлшектерді ретке келтіре отырып, соның ерекшеліктерін алдын-ала белгілеп беру арқылы әлдебір құрылымды құрастыруға қажетті жекелеген атомдарды ыңғайластыра орналастыру. Нанотехнология сөзін қазақ тіліне аударғанда “кішкентай өлшемді технология” дегенді білдіреді. Мұндағы “нано” сөзі «миллиардтың бір бөлшегі» деген мағынаны береді. Осы заңдылықпен материяның бірінші күйден екінші күйіне өткендегі өзгерістер арқылы, бұрын ешкімге белгісіз болған жаңа технология болып есептеледі.

Нанотехнология әдісінде заттардың мөлшері 1-100 нм ($1нм=10^{-9}м$) бөлігіндей кішкентай бөлшектермен ісінеді. Осындай өлшемді заттарды табиғатта кездеспейтін абсолютті жаңа қасиеттер, энергияның, массаның, зарядтың дұрыс таралуына байланысты пайда болады деген болжам бар.

Ең айқыны "нано" физикамен, химиямен және биологиямен байланысы(1 сызба). Дәл осы ғылымдар келе жатқан нанотехнологиялық революцияға байланысты дамуға үлкен серпін алады.



1-сызба. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы заманауи ғылымдардың даму үдерісі

Қазіргі таңда нанотехнологиялар үлкен сұранысқа ие болып отыр. Нанотехнологиялардың арқасында заманауи есептеуіш машиналар мен өндірістік технологиялардың, тіпті дәрі-дәрмектердің де өндіріліп жатқаны баршамызға белгілі.

Нанотехнологиялар мен наноматериалдар әлемдегі барлық дамыған мемлекетерде адамзат қызметінің маңызды салаларында: өнеркәсіп, ақпарат саласы, радиоэлектроника, энергетика, көлік тасымалы, биотехнология, медицинада қолданылуда.

Нанотехнологиялық әзірлемелерді қолдану.

Медицина. Нанотехнологияны қолдану медицинаны жоғары деңгейге жеткізеді: - нанобөлшектер дәрі-дәрмектерді дәл жеткізу және химиялық реакциялардың жылдамдығын басқару үшін қолданылады; - жақын арада өлшемі пошталық маркамен бірдей медициналық құрылғылар пайда болады; - адам ағзасының ішінде “өмір сүруге” қабілетті нанороботтарды жасауға болады. Ол барлық пайда болған зақымдарды жоюға немесе олардың пайда болуына жол бермеуге болады.

Электроника және компьютерлік технологиялар. Наноманипулирлеудің жаңа құралдарының пайда болуымен борттық механокомпьютерлермен және энергия көздерімен жабдықталған, толық автономды және түрлі функцияларды орындайтын барлығы 1-2 микрон өлшеміндегі наноөткізгіштер жасалуы мүмкін.

Космонавтика. Теориядан зымыран қозғалтқыштары режимге байланысты өз пішінін өзгерте алатын болса, оңтайлы жұмыс істейтіні белгілі. Нанотехнолгияларды пайдалану арқылы конструкция болаттан гөрі әлдеқайда берік, ағаштан жеңіл, күші мен бағытын өзгертіп кеңейе алады.

Экология. Нанотехнологиялар экологиялық жағдайды тұрақтандыруға қабілетті. Өнеркәсіптің жаңа түрлері ғаламшарды уландыратын қалдықтарды шығармайтын болады, ал наноробот ескі ластанудың салдарын жоя алады .

Нанотехнолгияларды қолданудың әлеуметтік салдары. Нанотехнологияларды дамыту барысында миллиондаған жұмыс орны бар экономиканың жаңа саласын құруға мүмкіндік береді. Білімге деген құштарлықтың өсуі, оқытудың жаңа әдістері мен тұжырымдамаларына деген қажеттілік болашақ ұстаздардан жаңашылдық пен белсенділікті талап етеді. Экономисттердің және саясаттанушылардың алдында нанотехнологиялық үдеріс жағдайында дәстүрлі емес шешімдерді талап ететін көптеген жаңа мәселелер туындайды.

Қорыта келгенде, нанотехнология мен наноматериалдар әлемдегі барлық дамыған мемлекеттерде адамзат қызметінің маңызды салаларында, мысалы: өнеркәсіп, ақпарат саласы, радиоэлектроника, энергетика, көлік тасымалы, биотехнология, медицинада қолданылуы. Қазіргі заманауи “сандық” технологиямен жұмыс жасайтын электронды құрылғылар – осы нанотехнологияның жемістері деп айтсақ қателеспейміз. Нанотехнология негіздері туралы түсініктер оқушылардың ғаламдық ақпараттар мен қарым-қатынас дағдыларын, интеллектуалдық пікірталастары мен шешімді дұрыс қабылдауын, коммуникациялық және технологиялық құзыреттілікті, есептік ойлау сияқты қасиеттерін дамытуда өз септігін тигезері анық.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Нанотехнологии – основа иновации XXI века // Наука и высшая школа Казахстана. 2016г
2. Пустовалов В.К. Нанотехнолгии: состояние, проблемы, перстпективы // Новости науки и технологии, 2010г

Тасыбекова Гульжан Калыковна
№26 Жамбыл атындағы мектеп-гимназиясының физика-информатика пәні мұғалімі,
Саз колледжінің жалпы пәндер бөлімінің физика пәні оқытушысы
Шымкент қаласы, Қазақстан

«АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КӨРІНІС ТАПҚАН «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ»

Адам болмысын тану, осы орайда, Абайдың «Толық адамын» танып білу әлі де зерттеуді қажет ететін мәселенің бірі болып келеді. Абайда да адам жаратылысының жан сыры туралы жүйелі де, жемісті таным бар. Ол өзіне дейінгі Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қ. Яссауи және Жалаладдин Румидің кемел адам жайлы ой-пікірлерін әділет пен ақылдың сын таразысына салып, тұжырымдар жасады. Абайдың «Толық адамы» туралы сөз қозғау үшін, тарихтың түбіне үңіліп көрген жөн.

Қоғамдық-пәлсапалық, яғни, діни-танымдық тұрғыдан «адам» ұғымы аса терең. Мысалы, XI ғасырда өмір сүрген ислам оқымыстысы Ж. Руми: «Адамның болмысы – ішінде әр түрлі аңдар мекендейтін орманға ұқсас. Біздің бойымызда таза-лас, жаман-жақсы, имани-қайуани сияқты мыңдаған қасиеттер бар. Егер ішкі жан шаһарында қасқыр үстемдік ете бастаса, адамның қасқырға айналғаны. Жақсылықтар мен жамандықтар да жасырын жолдармен жүрекке келіп, құйылып тұрады. Сәт сайын адамның жүрегінде бір нәрсе бас көтереді. Сол себепті адам кейде жақсы сипатқа, кейде жаман сипатқа айналып отырады» – деген екен.

VIII-IX ғасырда түрік халықтарының мінез-құлықтары, ой-танымын жолға салу әрекеті Әл-Фараби ұстанған моральдық-этикалық ілімінде парасатты адам (инани фазыл) туралы танымында жатты. Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес»– дейді. Әл-Фараби түрік әлемінде өз танымының негізі ретінде жүрекке шешуші мән беруі – Абай негізін қалаған «толық адам» ілімінің түп төркіні қайда жатқандығын білдіретін құнды дерек көздеріне жатады. Әл-Фарабидің осы философиялық тұжырымы Абайдың «Он жетінші» қара сөзінде өзінің логикалық жалғасын тапқан сияқты. Абайдың осы сөзінде «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» үшеуі әрқайсысы өзін мықты санап, айтысып, таласып, ақыры «ғылымға» келіп жүгінеді. Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты: – Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім, – депті. Бірақ билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Үшеуін ала болсаң, мен «Жүректі» жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды– деген қорытындыға келеді. Бір қызығы «он жетінші» қара сөз бен «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңіндегі ақыл, қайрат, әділет, шафқат (жүрек) секілді басты ұғымдардың барлығы да Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» (1039 ж.) «жауанмәрттілік» (ақыл) деп аталатын төрт түрлі кейіпкерге балама ретінде суреттелетінін байқауға болады. Ал А.Ясауи ілімінде Хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады. Халыққа, ұлтына қызмет етудің шарты – топырақ сипатты болу, нәпсіні тыю. Дертті адамның А.Ясауи іліміндегі алатын орны ерекше. Ол хикметінде “Білімің – шырақ, халің – пілте, көз жасың – жағатын май” болсын дейді.

Абай ілімнің жүйесін жасағанда бірінші «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінен бастайды. Оны 41 жасында жазады. Бұған дейінгі өлеңдерінде лирика басым еді. Көпшілік ақынның ондай шығармасы жоқ қой дейді. Бұл «Интернатта оқып жүр» деген өлеңнің екінші бөлімі. Қазақтың мінез-құлқын қалыптастыратын 5 асыл зат – талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым екенін айтады. Осы өлеңінде Абай тәрбиенің бағдарламасын түзеді. Ендігі жазғандарының бәрі осыған келіп тіреледі. Ал адамды қалай тәрбиелейміз? Аға буын, ортаңғы топ тәрбиеге көнбейді ғой, сондықтан ақын балаларды тәрбиелеу керек дейді. «Зарынан қаш, пайдасына ортақтас» деген сөзінің мәні де сол.

Толық адамның сипатын жанға керек 5 асыл заттан табуға болады. Талап пен еңбек қылу үшін қайрат керек. Терең ой – білім-ғылым, қанағат пен рахым ол жүректен шығады. Содан 1889 жылы мына өлеңді жазады. «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек. Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек. Тоқтаулылық, қалыпты шыдамдылық, – Бұл қайраттан шығады, білсең керек. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден ерек». Бірінші толық адам деген терминді осы кезде айтқан. Міне, осылай Абай шығармаларында сананың өсу жолын көрсетеді. Ақылдың өзін нұрлы ақыл, суық ақыл деп екіге бөледі. Балаға соны ұғындыру керек. Осыны біліп өскен жастар толық адамға айналады. Қазіргі таңда жастар тәрбиесі баршамызды қатты толғандырып отыр. Жастар арасында Абай насихат еткен ғылым, білім және мәдениетке бой ұрумен бірге Абай сақтандырған түрлі жағымсыз қылықтар да белең алып отырғаны ащы шындық. Осының алдын алудың бірегей жолы «Абайды оқу, осы арқылы әрбір адамның өзін тануы, яғни, Абай дәріптеген, Абай шақырған «Толық адам» іліміне бой ұру деп ойлаймын. Қазақта адам болу бағытында Абайдан артық жол сілтеген, Абайдан асып адамды кемелдендіруді көрсетіп берген кемеңгер жоқ деген сенімдемін. Мұның бәрінің бастауы дінімізде жатыр. Ақын соны дәстүрмен, тәрбиемен негіздеп жеткізген. Соңында 38-қара сөзінде түйінін жазған. Соған дейінгі аралықты біз өскелең ұрпаққа дұрыстап оқытуымыз керек. Оқытқанда бәрін бірден емес, жас-жасына қарай үйреткеніміз абзал. Мәселен Абай шығармаларынан 1-13, 13-18 жастағылар, одан кейінгі 18 жастан кейінгі буынға, содан соң 25 жастан жоғары қарайғы толқынның да алары бар. Адам өзін-өзі дамытып отыруды тоқтатпау керек. Тоқтағаны – адам ретінде қалыптасуының біткені.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қайратұлы Б., Факир Т./Адам және заман/ www.namys.kz – 06.06.2011.
2. Ғабдуллин Б. Абай және Сократ/ «Абай тағылымы», Алматы: «Жазушы», 1986. 159-171 б.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы : «Ғылым», 1975. – 419 б.

4. Абай Құнанбайұлы. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: «Раритет», 2008. – 384б. 5. Мұхамеджанұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы: «Дәуір»,1993. – 224б.
6. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы: «Атамұра», 2011.
6. Қ.К.Тоқаев «Абай және XXI ғасыр» мақала. – Нұр-Сұлтан қ., 2020 жыл.

Каракулова Гульзия Жанабаевна
№90 «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп гимназиясы», Шымкент қ.

«АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ»

«Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді»
Н.Ә.Назарбаев.

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу.Қазіргі заман талабындағы мұғалімнің басты мақсаты-сабақ сапасын көтеріп, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, тиімді оқыту болып табылады. Сондықтан әр мұғалім сапалы білім беру үшін оқытудың тиімді әдістерін таңдау керек.Оқушылардың білімді өздігінен меңгеруі арқылы қызығушылығын ояту мақсатында оқыту үрдісінде осындай әдістерді пайдалану мұғалімнің өзінің шеберлігіне қарай жүзеге асады.АКТ- пәнін оқытудың тиімділігін арттырудың жолдары өте көп.

Олар оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді.Мен үшін негізгі мақсат – әр сабағымды түсінікті, тартымды, тиімді өткізу.

Себебі қазіргі оқушы:Дүниетаным қабілеті жоғары, дарынды, өнерпаз, ізденімпаз, талапты.Осындай тұлғаны дамыту үшін оқытудың технологиясы қажет.Мұны жүзеге асыру үшін түрлі жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалануды талап етеді. Мен қазіргі таңда АКТ сабақтарында пайдаланып жүрген жаңа әдіс-тәсілдеріммен бөлісім келеді.

Сабақтың бірінші кезеңіне тоқталатын болсақ қызығушылықты ояту кезеңінде оқушының тақырып туралы не білетіндігі анықталады, белсенділігі артады, оқушыларды сабаққа психалогиялық тұрғыдан дайындай отырып, қызығушылықтарын ояту стратегияларыныңбірін қолдану тиімді.

Тиімді оқыту мен оқу мақсатында оқушылардың түсіну деңгейін анықтау үшін олардың оқу мақсаттарына жеткендігінің немесе алға ілгерілеуінің деңгейі қадағалануы тиіс. Сондағана оң нәтиже көрсетеді.

АКТ сабағында «джигсо» әдісімен топпен жұмыс жасаудың тиімділігін ұсынып отырмын. Жаңа сабақта пайдаланудың тиімділігі джигсо- көлемді мәліметті оқушылардың өздігінен игеруге және бірін-бірі оқытуға бағытталған тиімді тәсіл. Бұл ұжымдық оқыту әдісі жаратылыстану пәндері үшін де қолдануға қолайлы тәсіл.Оқушылардың бірін-бірі оқыту арқылы өзіндік бақылау. Мұғалім сыныпты шағын топтарға бөліп оқушылардың бастапқы топтарын анықтайды.

АКТ сабақтарында топтық-жұптық-жеке жұмысты ұйымдастыру оқушыларды сыни ойлауына бағыттау, бағалау, алған білімдерін өмірмен байланыстырып қолдана алу бойынша берген деңгейлік тапсырмалары арқылы оқушыларды ойлауға, ізденуге, бірлесе жұмыс істеу, талқылау арқылы тақырыптың мәнін ашуға толық мүмкіндік берді.

Сыныптағы 12 оқушыны 2 топқа бөліп әрбір топқа 1-ден 6-ға дейін нөмірленген тапсырмалар таратылады. Әр топтағы оқушылар өздерінің нөміріне байланысты тапсырманы таңдап алады. Барлық топқа бірдей тапсырмалар беріледі.Тапсырмаға толық жауап берген оқушы сарапшы топқа таңдалып алынады. Осылайша екі топтағы 6 оқушыдан жаңа топ – сарапшылар тобы анықталады. Осы жерде оқушыны ынталандыру үшін оқушылардың бойында оқуға және нәтижеге қол жеткізуге деген ынтаны ояту үшін түрлі-түсті жетондармен бағалап отырамын.Жаңа сабақты қорытындылау мақсатында сараланған екі топқа тапсырмалар беріледі.

Бірінші сараланған топқа беріледі. Ал екінші топқа қолдану деңгей- індегі тапсырмалар беріледі. Мұғалім бақылау арқылы оқушылардың бой ында оқуға және нәтижеге қол жеткізуге деген ынтаны ояту үшін түрлі-түсті жетондармен бағалап отырады. Оқушылардың тіл мәдениетін жетілдіруде топтық жұмыстардың пайдасының мол екеніне сабақ кезінде көзім жетті. Сонымен қатар топтық жұмыстар оқушыларды еркіндікке,

әділеттілікке, жауапкершілікке бейімдейді және ең бастысы олардың сабаққа деген белсенділігі артады. Топтық жұмыс барысында өз ойын толық жеткізіп, мақсат қою және рефлексия дағдыларын жетілдіреді.
Негізгі мақсат: Оқушылардың оқу әрекеттерін ұжымдық, топтық жұмыс жасауда тиімді ұйымдастыру мақсатында белсенділіктерін және білім сапасын артыру. Мұғалім мен оқушылардың белсенділігі артады, өз бетімен білім алу, озық технологияларды меңгерген құзыретті тұлға болу үшін қажет біліммен қамтамасыз етеді. Оқушылар арасында өзара сыйластық пен құрметке негізделген қарым-қатынас орнайды, мәселені бірлесіп шеше алады. Алған ақпаратты талқылайды, өзгелердің пікірін түсінеді. Әдістемелік жұмыс жолға қойылады. Мектеп-мұғалім-ата-ана ынтымақтастық үдерісі нығайып, үштікте жұмыс жасайтын болады.
Сабақты қорытындылау кезінде «Егер 5 минутыңыз болса.....» әдісімен кері байланыс жасау тиімді болды. Бұл әдістің тиімділігі бұл мұғалімге оқушылардың берілген уақыт ішінде тиісті нәтижеге жетпесе де, неге ұмтылатынын түсінуге көметесті.АКТ сабағында осы әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушылардың білім көрсеткіштері жоғарылап оң нәтижені көрсетті.Сабақта пайдаланылған жаңа әдіс-тәсілдер бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесі:
Оқушының пәнге деген қызығушылығы оянады;
Оқушының ойлау қабілеті мен белсенділігі артады;
Ендеше, бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда оқушыларымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиемізбен көз жеткізе аламыз.

Пайдаланған әдебеттер тізімі:

Балапанов Е.Қ., Бөрібаев Б., Даулетқұлов А.Б. Информатикадан 30 сабақ. Алматы. 1998 ж.
Информатикадан Мемлекеттік білім беру стандарты. 7-11 класс. Алматы, 1998 ж.
Каймин В.А. Курс информатики: состояние, методика и перспективы. ИнфО. – 1990. N 6.

Сәбитханов Асылхан Өмірханұлы
Информатика пән мұғалімі №90 Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-гимназиясы Шымкент қаласы

MS EXCEL КЕСТЕЛІК ПРОЦЕСОР КӨМЕГІМЕН СТАТИСТИКАЛЫҚ БОЛЖАУ МОДЕЛІН ҚҰРУ

Қазіргі уақытта әлеуметтік өмірдің бірде-бір саласы болашақты білу құралы болып табылатын болжамсыз жұмыс жасай алмайды. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамдары, экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын негіздеу және қабылданған шешімдердің салдарын болжау ерекше маңызға ие. Әлеуметтік-экономикалық болжау - әлеуметтік даму стратегиясы мен тактикасын қалыптастырудағы шешуші ғылыми факторлардың бірі.

Болжау мен жоспарлаудың әдістеріне негізінен экономикалық заңдардың толық есебі, ғылыми тұжырымдар, әртүрлі жағдайлар, жоспарлау мен болжаудың мақсатқа сай жасалуы, жүйелер, құрылымдар, логика және ұйымдастыру жатады.

Болжаудың негізгі принципі – жоспарлық есептің ғылыми негізделуі және нақты шама болуы. Бұл барлық экономикалық заңдылықтарды, ғылымның жаңа жетістіктерін қолдануды, техника мен технологиялық жетістіктерді меңгеруді өнімділікті ұйымдастыра білу мен басқарудан құралады.

Қазіргі ғылым философиясы мен методологиясында болжам тек жаратылыстанудың ғана емес, жалпы ғылыми танымның әмбебап әдісі екендігі негізделген. Болжам ғылыми-зерттеудің пәрмеңділігін арттырады. Ол қисапсыз эмпирикалық ізденістерге шек қойып, ақиқатқа жетуді тездетеді. Таным процесінде бірнеше болжамдар қатар ұсынылып, олар өзара бәсекеде ұштаса келе ғылыми теория құруға негіз болатын идеяны нақтылай түседі.

Жоспарлау мен болжау – бұл, Экономиканың обьективті тәуелділігі мен себеп-салдар нәтежиесінде, әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогрессте, қоғамдық өнімділіктің дамуы мен нәтежиесін алдын-ала ғылыми тұрғыдан көре білу.

Бұл тақырыптың өзектілігі даму процестерін болжау деңгейі экономиканы және басқа салаларды жоспарлау мен басқарудың тиімділігін анықтайтындығымен анықталады.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Әлеуметтік-экономикалық процестерді болжау әдістемесін әзірлеу кезінде шетелдік ғалымдардың ғылыми әзірлемелері А.Г. Аганбегян, И.В. Бестужев-Лада, Л.Клейн, В.Голдберг еңбектері бастамаға алынды. Бұл ғалымдардың еңбектері болжаудың мәні мен

функцияларын, оның жоспарлау жүйесіндегі орнын қарастырады, экономикалық болжаудың әдіснамасы мен ұйымдастырылу мәселелерін зерттейді, ғылыми болжаудың ерекшеліктерін және оларды компьютерлердің көмегімен жүзеге асыруды негізге алады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты - Microsoft Excel бағдарламасы арқылы «Меледеханова» жеке кәсіпкерлігінің даму болжамын құру.

Осы мақсатқа жету үшін біз жұмыс барысында келесі міндеттерді қойып, шештік:

• «Мелдеханова» жеке кәсіпкерлігінің соңғы үш жылдағы экономикалық көрсеткіштерін талдау;

• болжам жасау саласындағы MicrosoftExcel бағдарламасының мүмкіндіктерімен танысу;

• «Мелдеханова» жеке кәсіпкерлігінің алдағы бір жылға арналған экономикалық саласының болжамын құру;

• болжам нәтижелерін тексеру және оның дәлдігі туралы қорытынды жасау.

Зерттеу нысаны. Зерттеудің объектісі - Microsoft Excel бағдарламасының болжау қызметі.

Зерттеу гипотезасы: экономиканың болашақ күйін көбінесе оның бұрынғы және қазіргі күйлері алдын-ала анықтайды.

Қолданылатын зерттеу әдістері - статистикалық болжау әдістері.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Зерттеу нәтижесінде біз келесі болжамдарды тұжырымдаймыз және дәлелдейміз:

• Microsoft Excel бағдарламасы нақты статистикалық болжам жасауға ыңғайлы;

• кәсіпкерліктің экономикалық болжамын құру дұрыс басқару шешімдерін қабылдауға көмектесе алады.

Зерттеудің ғылыми және практикалық маңызы. Жағдайды талдаудың ұсынылған әдістемесін экономикалық процестердің жай-күйін бағалау және әртүрлі салалардағы даму перспективаларын анықтау үшін қолдануға болады.

Кәсіпорын құрылыс металл құрылымдарын шығарады. Кіріс шикізаты - қаңылтыр және профильді прокат. Қарастырылып отырған уақыт кезеңіндегі бөлімнің күші өзгермейді. Бізде 13 тапсырыстың орындалу уақыты (к = 13) және пайдаланылған прокат мөлшері туралы статистика бар. Тапсырыстың жасалу уақытының профиль прокатының жалпы ұзындығы мен салмағына және қаңылтырдың жалпы ауданы мен салмағына тәуелділігін табуға тырысайық.

Қарастырылған мысалда тапсырыстың орындалу уақыты өндірістік қуатқа (адамдар, жабдықтар) және технологиялық операциялардың еңбек сыйымдылығына тікелей байланысты. Бірақ егжей-тегжейлі технологиялық есептеулер өте ауыр және сәйкесінше ұзақ және қымбат. Демек, функцияның аргументі ретінде төрт параметр таңдалады, оларды прокат сипаттамасы болған кезде оңай және тез есептеуге болады және нәтижеге жанама әсер етеді - өндіріс уақыты. Талдау нәтижесінде алғашқы мәліметтердің өзгеруі мен металл конструкцияларын жасау процесінің нәтижелері арасында мықты байланыс орнатылды.

Табылған тәуелділіктің параметрлерді әр түрлі өлшем бірліктерімен бір формула арқылы байланыстыратындығы назар аудартады. Бұл қалыпты жағдай. Табылған коэффициенттер өлшемсіз емес. Мысалы, b коэффициентінің өлшемі жұмыс күндері, ал m1 өлшемі жұмыс күндері / м.

1. MS Excel бағдарламасын іске қосамыз және Excel кестесінің B4 ... F16 ұяшықтарын бастапқы статистикалық мәліметтермен толтырамыз. Xi айнымалыларының мәндерін және y функциясының нақты мәндерін бағандарға бір қатарға қатысты мәліметтерді бір қатарға орналастырып жазамыз.

2. ЛИНЕЙН және ЛГРФПРИБЛ функциялары массив түрінде шығатын функциялар болғандықтан, олардың енгізілуінің өзіндік ерекшеліктері бар. 5 × 5 ұяшықтың аумағын таңдаймыз - I9 ... M13 ұяшықтары. Таңдалған жолдар саны әрқашан 5-тен, ал бағандар саны xi плюс 1 айнымалылар санына тең болуы керек. Біздің жағдайда бұл: 4 + 1 = 5.

3. Пернетақтадағы F2 пернесін басып, формуланы I9 ... M13 ұяшықтарына теремiз: = LINEST (F4: F16; B4: E16; TRUE; TRUE)

4. Формуланы теріп болғаннан кейін оны енгізу үшін Ctrl + Shift + Enter пернелер тіркесімін басыңыз. («+» Белгісін басудың қажеті жоқ, бұл жазбада пернелер барлығын ұстап тұрып, кезекпен басылатындығын білдіреді.)

5. I9 ... M13 ұяшықтарындағы LINEST функциясының нәтижелерін оқимыз



Металл конструкцияларын жасау процесінің статистикалық және болжамдық мәліметтері

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуымен байланысты қоғамдық өмірдің көптеген саласында өрісінің кеңейіп, жан-жақты атқарар қызметінің өсе түскені белгілі. Осы ретте тілдің дамып, өркендеу барысында сөз мағынасы мен даму заңдылықтарын арнайы қарастырудың мәні зор. Тіл білімінде уәждеме теориясы жаңа бағыттағы ілім болғандықтан, оның табиғатын ашудағы маңызына соңғы кездерде баса назар аударылуда. Сөздің сыртқы тұрпаты мен мағынасының арақатынасы мәселесітілдің әр саласындағы тіл мамандарын ойландырып келеді. Әсіресе әлемдік лингвистикада уәжділік теориясы терең зерттеліп, тілдің негізгі саласының бірі сөзжасамның синтетикалық тәсілінде жан-жақты қарастырылып келеді. Ал уәжділіктің біріккен сөздерде маңызды қызмет атқаратынына тілшілер тарапынан назар аударыла бастағаны байқалады.

Тілімізде қалыптасып, дамыған кез келген атау сөздер сияқты түр-түс атауларының да өзіндік уәжі, негізі, себебі болады. Уәжсіз, тек белгілі бір дыбыстардың кездейсоқ комбинациясы арқылы атау жасала алмайтыны белгілі заңдылық. Жалпы, уәждеме терминіне анықтама беріп, өз зерттеулеріне арқау еткен орыс ғалымдары М.М. Копыленко, Л.Р. Зиндер, М. Гинатулин. Е.А. Иванникова, И.С. Улуханов, О.И. Блинова т.б. болса, соңғы жылдары қазақ тіл білімінде де уәж, уәждеме, уәждену жайлы ғылыми пікірлер Б.Қалиев, Ж. Манкеева, Б.Қасым, А. Салқынбай сынды ғалымдардың еңбектерінде негізделген.

Уәждеме әуелде философиялық терімсөз ретінде жұмсалған. Сөздегі уәждеме табиғатын алғаш сөз еткен – В. Гумбольдт. Ғалым тіл біліміндегі лингвистикалық концепциялардың бірі таңба теориясының негізін қалаушы болып саналады. Ғалымның еңбектерінде тіл бір мезгілде әрі бейне, әрі таңба десе, ал сөз жеке ұғымның таңбасы деген түйін жасайды. Орыс тіл білімінде бұл терімсөз 70-жылдардан бастап қалыптаса бастады. «Уәждеме» сөзін тіл білімінің терімсөзі ретінде қолданған ғалым Ю. Маслов «Введение в языкознание» атты еңбегінде «сөздің ішкі формасы» (А. Потебня термині) деген терминді уәждемемен алмастырып қолданады. Сөздің ішкі формасы туралы теория тіл білімінде XIX ғасырда В. Гумбольдт, Х. Штейнталь еңбектерінде жазылды да, кейін кең қолданысқа ие болды. А.А.Потебня сөздің ішкі формасы туралы мәселені зерделей келе, дыбыс, мағына және мағынаның елестеуі ұғымдарын ерекше бөліп алып қарастырады. Сөздің ішкі формасын мағынаға жуық деп таниды. Батыстық ғалымдар, Женева мектебінің өкілдері кез келген атауды таңба ретінде бағалап, таңбалаушы мен таңбаланушы арасындағы қарым-қатынасты анықтауда, сөздің ішкі мағынасын іздегенде, оның уәжін (мотивін) анықтаудан бастайды.

Л.Р. Зиндер «Условность и мотивированность языкового знака» (Москва, 1971) еңбегінде, «Уәждеме - ат қою сәтіндегі сөз бен зат арасындағы байланысты қарастыруды мақсат ететін, сонымен қатар сөз уәжінің жағдайын, табиғатын қарастыратын лексикологияның бір саласы» деген анықтама берсе, лингвистикалық түсіндірме сөздікте уәждемені «туынды және күрделі сөз мағыналарының, оларды құрайтын сөздердің мағыналарына тәуелді болуы» деп көрсетеді. Сөзжасам барысында сөз жасаушы бірліктер уәждемені тудыруға себепші болады да, ал оның нәтижесінде туындаған жаңа атау уәждендірілген таңба болып есептелінеді. Яғни, уәждемемен байланысты қарастырылады. Уәждеме - тіл білімінің барлық салаларына тән. Мәселен, сөздің, атаудың жасалу уәжі бар, фразеологизмдердің қалыптасуында ұлттық негіз басым, сөз тіркесінің жасалуында семантикалық негіз бар, сөйлем құрылысында да сөйлеуге тән валенттілік заңына бағынатын өзіндік уәжі бар. Осының бәрі тілдің негізгі нысаны - сөз болуымен байланысты.

Уәждеме - тіл арқылы аталатын заттың немесе құбылыстың белгілерін бейнелеу актісі арқылы жаңа атауды жасауға қатысатын тілдік бірліктер; ішкі мағыналық құрылым - негіз, уәжділік - атауларды туынды мағынасын қалыптастыратын үрдіс, ол сөзжасамның нәтижесі. Уәждеме мен уәждену екі түрлі ұғымды білдіретін терминдер, екеуінің ара жігін ажырата білген ләзім. Себебі екі терминнің де арқалайтын жүгі екі түрлі. Уәждеме – номинативке дейінгі процестің міндетті түрдегі басқышы, ал уәждену лексикалық бірлікті қолдануға қатысты айтылады және оның болмауы да мүмкін. Осылайша уәждеме диахрониялық жолмен ашылады, ал оның уәжденуі қазіргі хал-күйі ретінде синхрониялық жолмен шешіледі. Уәжденуді қарастырғанда лексикалық материалды лексикологияның аясынан іздестіру кездеседі. Сөздің уәжденуі дегенде, әдетте сөздің мағынасы мен формасы әрбір нақты тілде өзгеше көрініс табатыны еске түседі. «Уәждену дегеніміз - дейді И.С. Тропцев - күрделі бүтіннің мағынасынан сол бүтіннің бөлшектерінің мағынасын бөлшектеп алып шығу» . Яғни, кез келген күрделі атаудың уәжі құрамындағы сөздердің мағынасымен тікелей байланысты. Ал, сөздің семантикасын зерттеген орыс ғалымы В.А. Звегинцев, «уәждену дегеніміз - сөздің семантикасы мен айтылуының, дыбысталу мен мағына арасындағы байланыстың негізгі себепкері» деп, семантикамен тығыз байланыста қарастырады. Жалпы тіл білімінде уәждеуші тұлға мағыналық қырының сақталу жүйесі мен тұлғалық көрінісіне байланысты уәждемені бөлудің өзіндік үрдісі бар. Осы үрдіс қазақ тіліндегі туынды сөздердің уәжін анықтауда да әмбебаптық сипатқа ие. Б. Қасым өз еңбегінде қазіргі лингвистикада уәждеменің бірнеше түрі бар екендігін айта келіп, оған мынадай тілдік деректерді дәлел ретінде келтіреді де:

1. Айқын уәждеме: теміржол, шашбау, баскиім т.б.
2. Жасырын уәждеме: алаяқ, жексұрын, итжеккен т.б.

Тілдік деректердің атаулық қасиетін сараптай отырып, күрделі атаулардағы мынадай уәжділік дәрежелерін саралап көрсетеді:

1. Тура уәжділік. Күрделі атаулардың қалыптасқан мәні уәждеуші мағыналармен сәйкестігі, яғни лексикалық морфемдердің айқын мағыналары сөзжасмадық құрылымда сақталған: *алақарға, қараторғай* т.б.

2. Жартылай уәжділік. Күрделі атаулардың уәждеуші сыңарларының кез келген біреуінің мағынасы күңгірттеніп, көмескіленіп, ауыспалы мағынаға көшуі: *қарасуық, итбүлдірген, итбалық* т б.

3. Көмескі уәжділік. Сөзжасамдық мағыналық құрылымда айқын мағынаның орнына жасырын мағына пайда болады да, ауыспалы мағынаға көшеді. Жаңа мағынаның қалыптасуы кезінде алғашқы лексикалық мағына күңгірттенеді, дәлірек айтқанда құрастырушы бірліктердің негізгі лексикалық мағынасынан шықпайды, жаңа мазмұн тура мағыналық құрылымынан туындамайды. Керісінше, құрастырушы сыңарлардағы мағыналардың үшінші ауыспалы мағынаға көшуінен қалыптасады: *атұстар, жолбике, қарақұрым* т.б.Яғни, бір кезде уәжділік немесе уәждеуші белгі болғанымен, тура

уәжділік біртіндеп жасырын уәжділіктің қатарына енеді. Уақыттың өтуімен шындық өмірдегі таңбалау өзгеріске түседі, бірақ алғашқы атау қалады да, мағына өзгереді. А.Салқынбай: «Ең алдымен сөзжасамдық уәждеме уәждеуші тұлғаның мағынасының тура не ауыспалы мәні арқылы негізделуіне байланысты: тура уәждеме және ауыспалы уәждеме болып бөлінеді.

Тура уәждеме - адам танымында танылған болмысты таңбалауда уәждеуші тұлғаның тура мағынасы арқылы негізделуі. Мысалы, *арба – арбакеш, арбалы, арбасыз, арба-арба, арбакештік, арбадай, арбалы-жаяулы* т.б.

Ауыспалы уәждеме - адам танымында танылған болмысты таңбалауда уәждеуші тұлғаның ауыспалы не абстрактілі, метафоралық мағынасы арқылы негізделуі. Мысалы, *«ұз»* түбірі арқылы белгілі нысанмен арақашықтықты, алыс-қашық мағынаны білдіретін *ұза, ұзақ, ұзын* туынды сөздері тура уәжделу арқылы ажасалады да, тілдегі даму нәтижесінде сөз мағынасы абстракцияланып, *қыз ұзату, әңгіме ұзату, ұзақ* – құс атауы ауыспалы уәждеменің жемісі ретінде туындайды.

Уәждеуші тұлғаның морфологиялық құрамына байланысты уәждемені түбірлік уәждеме және негіздік уәждеме деп бөлу үрдісі бар.

Түбірлік уәждеме - түбірдің уәждеуші тұлға ретінде жаңа атау туғызуға ұйтқы болуы. Мысалы, «*ақ*» түбірі *арқылы ақшыл, ақ жүрек, ақ желең, ақ өлең, ақсауыт, ақуыз* т.б.

Негіздік уәждеме - негіздің уәждеуші тұлға ретінде жаңа атау туғызуға ұйтқы болуы. Мысалы, *«айт*» түбірі арқылы уәжделген айтыс уәждеуші тұлғасы арқылы жасалған үшіншілік мағыналы туынды сөздер: *айтыскер, айтыссыз, айтыс-талас, айтысып-тартысып* т.б.

Кешенді жүйе ретінде танылатын сөзжасамдық уәждемені жүйелі уәждеме және жүйесіз уәждеме деп бөлу бар.

Жүйелі уәждеме - болмыс табиғатына сәйкес берілетін таңбаның жүйелі келуі. Яғни кез келген атау таңба кез келген ұғымды кездейсоқ белгілемейді, белгісі мен қасиетінің жақындығы, ұқсастығына байланысты атау таңдалынып, соның негізінде жүйелі уәжделеді.

Жүйесіз уәждеме - белгілі бір қалыпқа түспеген, жеке дара қалпында мотивтеніп, туынды сөз жасалу жолы. Тілде кездесетін ассиметриялық құбылыстар осы жүйесіз уәждеменің аясында қарастырылады».

Уәждеме ілімі зерттеу нысаны мен мәселенің қойылысы жағынан когнитологиямен тікелей байланысты. Когнитивті тіл білімі - тілдің халық дәстүрімен, салт-санасымен, дүниетанымымен байланысын зеттесе, уәждеме ілімінде - кез келген сөздің ішкі мағынасы мен мазмұны, мәні халық дүниетанымы мен салт-дәстүрі арқылы қалыптасқан тілдік білік негізінде түсіндіріледі. Когниологияда негізгі нысан - когнитив, уәждеме ілімінде - сөздің ішкі формасы. Ал, этимология мен уәждеменің арасында бір қарағанда айтарлықтай алшақтық, айырмашылық жоқ секілді көрінгенімен, фонетикадан фонология, лексикологиядан фразеология бөлініп шыққаны секілді, уәждеме де өз алдына дербес бір лаборатория құрайды. «Уәждеменің этимологиядан іргесін алыстатуы уәжді типология жағынан тиянақты түрде зерттеуге мүмкіндік жасап отыр. Оның күні бүгінгі таңда этимологиялық зерттеулер тіл ғылымына күннен-күнге аз айтылып, аясы тарылып барады, тіпті қатал сын нүктесіне де келіп қалды» деп жазады Р.Н. Топоров. Лингвистикалық әдебиеттерде уәждеме төңірегінде түрлі терминдер, анықтамалар айтылып жүрсе де, бәрінің құяр арнасы бір. Яғни бәрінің түйіні бір жерге жинақталады: уәждеме - зат пен оның атауы арасындағы байланыс, яғни сөздің ішкі формасы. А. Потебня айтып көрсеткендей: «В ряду слов того же корня последовательно вытекающи одно из другого6 всякое предшествующее может быть названо внутреннею формою последующего» [5, 83].

Қорыта айтқанда, қазақ тіл білімінде атаудың мағыналық уәжделуі туралы мәселе енді қолға алына бастады. Қазіргі тіл білімі дамуында сөздің ішкі формасы термині мен уәжділік бір-біріне барабар ұғым ретінде қарастырылады. Дегенмен уәждеме ілімі қарастыратын сөздің ішкі формасы немесе уәж (мотив) - таңбаның мағынасымен тікелей байланысты болғанымен, екеуі екі басқа нәрсе. Сөздің ішкі формасы таңбаның құрылымы арқылы анықталса, ал оның уәжі - заттың қасиеті арқылы айқындалады. Таңбаның мағынасын түрлі сөздердің мағыналары арқылы шамалауға болса, уәжі - шындық болмыстағы зат пен құбылыстың қасиеттері мен белгісі арқылы белгіленеді. Уәжделген сөз - туынды сөз. Болмыстағы заттар мен құбылыстарды танып біліп, атау үшін, ішкі және сыртқы белгілері мен қасиеттері ұқсас, жақын, тектес, сабақтас нысандардың ұғымдық бейнесі еске алынады. Адам танымындағы бұрыннан белгілі нысанның ұғымдық бейнесі жаңа атауды туғызуға, жеке таңбамен таңбалауға негіз, себеп, дәлел (мотив) болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 2008
2. Қасым Б. Сөзжасам: семантика, уәждеме. Алматы, 2003
3. Тропцев И. С. Лексическая мотивированность. Орел, 1964
4. Звегинцев В.А. Семасиология. Москва, 1957
5. Потебня А. А. Мысль и язык. Одесса, 1992

РЕЗЮМЕ

В статье исследуется рецензии, отзывы ученых исследователей знаний и видов теории мотивации.

SUMMARY

In this article is considred the scientists recommendation about the theory and types of motiration.

Айнабекова Мольдир Асылбаевна
мұғалім, қазақ тілі мен әдебиеті магистрі, №86 жалпы орта білім беретін мектеп,
Шымкент қ.

«ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ –КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ» ҚОЛДАНУ

Аннотация.

Мақалада XXI ғасырдың жаңа технологияларын білім беру саласына енгізіп, терең құрылымдық өзгерістер жасау арқылы дара тұлғаны дамыту мәселелері қозғалады. Мақалада ұсынылып отырған АКТ-ны пайдаланып келешек ұрпақтың жан-жанты дамуына, іскер әрі талантты шығармашылығы мол, еркін дара тұлғаны тәрбиелеуде болашаққа жол ашатын педагогикалық - психологиялық қызметтер үшін пайдасы зор.

Кілт сөздер: Білім берудегі АКТ, оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары, қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары, компьютерлік оқыту технологиялары

Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ.

XXI ғасыр- білімділер ғасыры болмақ.

Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес.

Мақсаты: Жаңа технологияларды енгізу арқылы, оқу процесінің деңгейі көтеру, қазіргі заман талабына сай дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Міндеттері: Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты жасау.

Жұмыс мазмұны: Мұғалім жұмысын жаңа ақпараттық технологиялар негізінде ұйымдастыру әлеуметті-белсенді, бәсекелесуге барынша қабілетті, құзыретті түрде жетілген, дербес тұлғаны қалыптастыру.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтер қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында, озық көштің бұйда ұстар тұсында тұрады десек, қазіргі кезеңде еліміздегі білім саласында жүріп жатқан реформаларға байланысты білім беру жүйесі терең құрылымдық өзгерістермен сипатталады. Қазіргі ғылыми-техникалық өрлеу ғасырында жоғарғы деңгейде сапалы білім беру мәселесі-ең негізгі мәселелердің бірі. Бұл бағытта балаларға жоғары деңгейде білім беретін, еңбекке баулитын, талабын оятып, қозғау салатын орын- мектеп. Ақпараттық-комуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз - білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудан негізгі құрал компьютер болып табылады. Компьютер - білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін зор құрал. Бірақ әлі күнге дейін біз осы зор құралдың шексіз мүмкіндіктерінің оннан бірін де пайдалана алмай отырмыз. Себеп не? Басты себеп – мұғалімнің ақпараттық коммуникациялық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетінің қалыптаспауына немесе төмендігінде. Ақпараттық технология – объектінің, процестің немесе құбылыстың күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын процесс; – ақпаратты өңдеу үшін пайдаланылатын технологиялық элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы. Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны. Қазіргі таңда оқушы- ақпаратпен қаруланған, жан-жақты дамыған тұлға. Оның білімдік қабілеттерін дамыту үшін біздер, мұғалімдер жан-жақты қаруланған болуымыз керек. Сол себептен жаңа технологияларды енгізу арқылы, оқу процесінің деңгейі көтеріледі, қазіргі заман талабына сай дамыған тұлға тәрбиеленеді. Мұғалім жұмысын жаңа ақпараттық технологиялар негізінде ұйымдастыру

әлеуметті-белсенді, бәсекелесуге барынша қабілетті, құзыретті түрде жетілген, дербес тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі кездегі жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның білім беру мекемелеріндегі жеткіншек ұрпақтарды оқыту мен тәрбиелеу олардың бойында жеке тұлғалық қасиеттерінің жан-жақты қалыптасуымен тығыз байланысты. Бұл мәселе дүниежүзілік қауымдастықта әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани дамудың басты факторы ретінде жарияланууда. XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Жалпы оқытудың мақсаты- оқушыны дамыту. Осы мақсатқа сәйкес жас және педагогикалық психологиясында, сондай-ақ оқыту теориясында негізгі орын алған мәселе – дамыта отырып оқытуды зерттейтін бағыт. Білім беру үрдісін ақпараттандыру және жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлату бүгінгі күннің басты талабы болып саналады. XXI ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, интерактивті құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру. Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. XXI ғасыр - білімділер ғасыры болмақ. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты. Ақпараттық – коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, Интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Ақпараттық –коммуникациялық технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Жедел дамып отырған ғылыми –техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Ақпараттық технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар маңызды рөл атқарады. Білім беру саласында электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, теле-конференция телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылуы керек. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану жөніндегі қызметтің мақсаты: – үйренушінің шығармашылық әлеуетін дамыту; коммуникативтік әрекеттерге қабілетті болуды дамыту; сараптамалық-зерттеу қызметі дағдыларын дамыту; оқу қызметі мәдениетін дамыту; – оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерін қарқындандыру, оның тиімділігі мен сапасын арттыру; – қазіргі қоғамның ақпараттануымен байланысты пайда болатын әлеуметтік тапсырысты өткізу. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану барысында мен өзімнің материалдар базасын жинақтап, соларды сіздерге көрсетсем. Осы жаңа технология стратегияларды интерактивті тақтадан енгізіп қойсақ, оқушылар шығып жауаптарын орындайды. Бұл сабақты алдын ала электронды оқулықтан көрсетіп, оқушылардың есте сақтауы бойынша орындатқан тиімді. Сабақтың қызықты да түсінікті болуы мұғалімнің шеберлігі мен ізденімпаздығына тікелей байланысты. Интернет желісінде жұмыс істеу де оқушыларымызға әлемдік білім мен ғылым жетістігінен хабардар болып, оны игеруіне шексіз мүмкіндіктер ашатыны хақ. Аталған бағыттарды дамыту үшін құқықтық-нормативтік, материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық жағынан қамсыздандыру педагог мамандарды даярлаудың негізгі бағыттарының біріне айналып отыр. Білім беруді қайта құру мұғалімінен үлкен дайындықты талап етеді. Олай болса, олардың тұлғалық қасиеттері мен мамандық құзырлықтарына жоғарғы талап қойылады. Қазіргі уақытта мұғалім білім беру жүйесіндегі кез келген қайта құруларды педагогикалық процестің негізгі субъектісіне айналып отыр. Қазіргі кезде оқу үрдісінде интерактивті тақта мүмкіндіктерін кеңінен қолдану сипат алуда. Үкіметіміздің білімге деген қамқорлығының арқасында мектептер заманауи технологиялармен жабдықталу үстінде. Осы орайда интерактивті тақталардың алатын орны ерекше. Activstudio бағдарламасымен қамтамасыз ету арқылы интерактивті тақтамен оқыту технологиясы – оқу үрдісін белсенді, қарқынды етудің бірден-бір жолы. Интерактивті тақта мүмкіндіктерін пайдалана отырып өткізген сабақтар мұғалімнің оқу процесінде уақытын үнемдей отырып, оқушыларға көптеген ақпараттарды беруге көмектеседі. Ол әр түрлі түспен көркемделіп, дыбыстармен, мультмедиялық-операциялық ортамен құрылған сабақ. Интерактивті тақтаның керемет мүмкіндіктері оқушыларды таңғалдырады, шабыттандырады. Жаңа ақпараттық технологияның негізгі

ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет. Сондықтан, XXI ғасыр информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептейміз Оқушының білімін көтерудің ең бастысы-пәнге деген қызығушылығын арттыру. Қызығушылықты тудырудың тәсілдері көп. Олар: түрлі дидактикалық ойындар,сайыстар, жарыстар, кештер, үйірмелер, олимпиадалар.Сабақтың ойын түрінде өткізілуі сынып оқушыларының жалпы көңіл-күйлерінің көтерілуін, яғни белсендіктерін және пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға ықпал етеді. Ақпараттық технологиямен оқыту барысында оқушылардың дайындық деңгейін анықтау, келесі деңгейге өткізу сияқты жұмыстарды мұғалім орнына компьютердің басқару мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, оқушылардың дайындық деңгейлерін компьютер анықтап, егер оқушы білімі қанағаттандырса келесі тапсырмаға өтуге рұқсат береді, яғни мұнда оқытуды тікелей компьютер басқарады. Ақпараттық технология негізінде оқушы ақпараттық кеңістіктен өз бетімен білім алып, өзін-өзі дамыта алады. Компьютер жұмысының тиімділігін құрайтын бір бөлік ол – Ғаламтор желісінің қызметін пайдалану. Ғаламтор желісінде көп мұғалімге де, оқушыға да қажет көптеген сайттар бар. Қашықтықтан ұйымдастырылған әр түрлі байқаулар мен олимпиадаларға қатысу балалардың дүниетанымын кеңейтіп, оқуға деген қызығушылығын арттыра түседі. Біріншіден, Ғаламторда қажетті материалдарды іздеп табуға, сондай-ақ түрлі пәндерді оқыту бойынша сабақтардың толық кешендері; екіншіден – компьютер уақытты үнемдеуге және көрнекілік материалдарды тиімді пайдалануға да болады. Оқу- тәрбиелеу үрдісіне ғылым негіздерін тереңірек оқытуға, оқушылардың танымдарын кеңейтуге, түрлі бағдарламаларды меңгеруге бағытталған үйірмелер, факультатив пен курстар енгізу компьютерлік техниканы тиімді қолдану жағдайының бірі болып табылады. АКТ - педагогтің мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Оқыту бағдарламасының тек сыртқы емес, ішкі тиімділігіне көп көңіл бөлген жөн. Компьютердің сызбалық мүмкіндігінің молдығы дәрістік сабақтарды бояулы суреттермен, сызбалармен, кестелермен байыта түсуге жол ашады, оларды есеп шарттарына да пайдалануға болады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие процесіне пайдалану оның келесі педагогикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді: - оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалды меңгертуге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану; - оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік компьютерлік ойындар және т.б.); - проблемалық, зерттеу, талдау және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру; - жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуальды орта және мультимедиа-технология) пайдалану арқылы оқу процесінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

Қорыта келгенде XXI ғасыр компьютерлік ақпараттар заманы. Жер бетінде болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістер туралы спутник арқылы, интернет арқылы күн сайын, сағат сайын мағлұмат алып отырған жас жеткіншектерді басқа нәрсемен таңдандыру жаңа сабақты айтып, тыңдата білу мұғалімге оңай емес. Жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңызы зор. Ақпараттық технологияның негізгі мақсаты - оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай өзінің өмірлік іс әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдалана алатындай жан-жақты дара тұлға тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сабақта жаңа технология элементтерін қолдану

2. Электрондық оқулықтар

3. Информатика 7 сынып дидактикалық материалдар285

4. Конституция Республики Казахстан. – Алматы: ТОО «Издательство «НОРМА-К». – 2002, 40с. 5. Концепция государственной политики в области образования. – Алматы, 1995. 6. Кусаинов Г.М. Новая педагогическая технология: методология, теория, практика.- Усть-Каменогорск, 1997-242с. Скачать методички (классные уроки) для учителей по разным предметам: история, литература, физика. Как провести урок с учеником, вам поможет грамотно составленный план урока. Занятия по математике, литературе, физике, информатике.

Мырзаева Лаззат Пазылхановна, педагог-зертеуші

информатика пәнінің мұғалімі,
Шымкент қаласы, №86 жалпы орта білім беретін мектебі

«ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ GOOGLE ФОРМАНЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ»

«Мектеп үшін ең керегі – жаңашыл мұғалім»
Ы. Алтынсарин.

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақылдығы.
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,
Ұстаз болу – адамның асылдығы, – деген Ғафу Қайырбековтың осы өлең жолдарын оқып Ұстаз болғаныма мақтанамын. Өйткені ұстаз – мақтан тұтар, ұлы мамандық. Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық та – ұстаздық мамандық. Олай дейтінім, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман.
Қазіргі кезде қашықтықтан оқытуға байланысты білім алушылармен,оқушылармен байланыста болу өте маңызды. Қашықтықтан оқып жатқан оқушыға оқу жылын қашықтықтан бастау қалыпты жағдай емес екендігі баршамызға мәлім. Қай ұстаз болсада күнделікті сабағына қаншалықты деңгейде ізденісте болып дайындалса, қашықтықтан оқыту кезінде де соншалықты оқушының көңілінен шығуға тырысады.

Қашықтықтан оқыту бұл – интернетті пайдалану арқылы қашықтықта отырып оқыту тәсілі. Қашықтықтан оқыту технологиясы интернет желісімен, электрондық пошта арқылы және басқа да заманауи байланыс құралдарын пайдалану арқылы, компьютерлік оқыту және интернетте оқыту арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда қашықтықтан оқыту жүйесі бір- бірінен алшақ отырған оқушылар мен мұғалім арасын байланыстырушы болып табылады.

Қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып білім берудің мақсаты- білім алушылардың яғни оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, әртүрлі платформаларды қолдану арқылы оқыту, білім алушы мен мұғалім арасында кез келген форматта өзара файлдармен алмасып,оқушыны білім алуға деген қызығушылығын арттырып білім беру . Қашықтықтан оқыту кезеңінде әр мұғалім өз шеберлігіне қарай түрлі платформаларды қолдану арқылы оқытуды жүргізіп келеді. Ол платформалардың қайсысы болмасын өз сабағын оқушыға ыңғайлы және түсінікті түрде жеткізуге, олармен диалог жүргізуге және кері байланыстар жасауға өте тиімді.


Қашықтықтан оқыту кезінде өзімнің оқушыға білім беруде түйген ойым:

- Ұстаз өзінің АКТ құзіреттілігін дамыту керек;
- Қашықтықтан оқыту технологияларын жетік біліп , жетілдіру керек;
- Ұстаз заман талабына сай жаңашыл, ізденімпаз болу керек;

Қашықтықтан оқыту кезінде өзім информатика сабағында оқушылармен кері байланыс жасау үшін тиімді құрал - Google форманы қолданамын. Барлық ұстаздарға қолдануға өте қолайлы әрі түсінікті. Google форма арқылы кері байланыс, бөлім бойынша тест тапсырмаларын(бір дұрыс жауаппен және бірнеше дұрыс жауаптармен), сауалнама, бөлім бойынша тест сұрақтарын, оқушыларға белгілі бір тақырып бойынша жазба жұмысын жаздыруға, бақылау жұмыстарын орындатуға әсіресе информатика сабағынан бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау өткізуде өте қолайлы құрал


Сонымен бірге бұл платформа ұстаздарды қағазбастылықтан құтқаратын бірден бір құрал деп айтуға болады. Осы Google формаға алдын ала дайындаған тапсырмаларды орналастыру арқылы практикалық жағынан таныстыруды алдын ала дайындаған тапсырмаларды жөн көрдім.

Google формаларымен жұмысты бастамас бұрын міндетті түрде *google*-де аккаунт (*gmail.com*) пошта ашып алу керек. Google парақшасына ашып, сол жерде gmail.com почтаға кіреміз. Торларды бассақ, сол кезде бізге Google –дің негізгі сервистерінің тізімі ашылады. (1-сурет)




1-сурет

Диск сервисін таңдау керек, егер сіз бұрын қолданбаған болсаңыз, орнатуға рұқсат сұрайды. Ол сіздің құжаттарды өзіңіздің құрылғыда да және бұлттық кеңістікте сақтау үшін қажет. Дискіге кіргеннен кейін сол жақ жоғары бұрыштан ***Создать*** батырмасын басамыз. Шыққан контекстік мәзірден ***Форма*** сервисін таңдап, форманы баптаймыз.



Бастапқыда Google формасы *Новая форма* деп ашылады Әуелі формаға атау беріледі. Сипаттау бөліміне қосымша мәліметтер енгізуге болады. Мен 7 сыныптан информатика пәні бойынша БЖБ III ТАРАУ.7. 2 А - бөлім.Тапсырмаларды электронды кестелердің көмегімен шешу бойынша жасап шықтым. Форманың атауын кейін де өзгертуге болады.(3,4-суреттер)




3-сурет

Тақырып бөлімінің оң жағында көрініп тұрған белгішелер арқылы сұрақ қосу, сұрақты импорттау, сипаттама атауын қосу, сурет қосу, бейнематериал қосу, бөлім қосу әрекеттерін орындауға болады. Сұрақ қосу кезінде сұрақтарды толтыру формасы ашылады. Сұрағымызды жазғаннан кейін, оған қандай формада жауап алғымыз келсе сол форманы таңдаймыз.

Тапсырмаларды төменде көріп отырғаныңыздай бірнеше түрде жауап қабылдауға болады.


- Мәтін
- Тізімнен таңдау
- Азат жол
- Тізімнен бірнеше жауап таңдау
- Ашылмалы тізім
- Мөлшерлеу
- Файл жүктеу
- Жалауша торы
- Көп таңдау торы
- Уақыт
- Күннің жады

Берілген сұрақ немесе тапсырмалар түріне қарай жауаптардың белгілену түрлері таңдалады.Сонымен қатар жауаптарды сурет, бейнематериал




түрінде де қабылдауға болады. Ол үшін білім алушының да gmail.com арқылы аккаунт ашуы міндеттеледі. Егер сұрақтың немесе тапсырманың жауабы міндетті түрде жазылу керек болса ***Обязательный вопрос*** чек-боксын түртіп батырманы айқындау керек.

Енді келесі сұрақтарды енгізу үшін + батырмасын шерту керек.Сұрақтардың арасына сурет, бейнекескін, диаграмма, кесте және т.б. орналастыру қажет болған жағдайда ***Вставка изображения*** батырмасын басу арқылы орындауға болады. (6-сурет)



6 сурет

Барлық сұрақтар мен тапсырмаларды, оларға сәйкес жауаптарды орналастырып болған соң ***Просмотр*** арқылы форманың түрін қарап алуға болады. (7-сурет)



7-сурет

Форманың дұрыс толтырылғанын қарап өткеннен кейін, ол форманы орындау үшін білім алушыға жіберу беруге болады. Ол үшін *Отправить* батырмасын қолданып, дайын форманы жеке оқушының электрондық поштасына жіберуге болады немесе сілтеме арқылы топтардың чаттарына жіберуге болады. Сілтемесін алу үшін *Короткий URL* яғни қысқа сілтеме хабарламасының тұсына белгі қою керек.

Бұл жасалған форманың нәтижесін басқа әріптестерге өз жұмыстарына қолдануға мүмкіндік беруге де болады.Ол үшін - Google Дисктегі қажетті форманы таңдап, тінтуірдің оң жақ батырмасын басу арқылы контекстік мәзірден *Ссовместный доступ* бөлігін таңдау керек.

Оқушылар орындап болған соң, жауаптар бөлімін басу арқылы барлық жауаптардың нәтижесін көруге болады немесе әр оқушының мәтіндік жауаптарын жеке қарап шығуға болады. Сұрақтардың түрлеріне қарай оқушының жауаптарын тексеріп, қолмен тексерілетін жауаптардың қорытындысын хабарлау үшін оқушылардың электронды поштасының да қажет екендігін ескерген жөн.

Жауаптары автоматты түрде тексеріліп, оқушыға дереу хабарлануы үшін ***Настройки*** батырмасын басу арқылы баптау жасау керек. Жауаптардың нәтижесін Google таблицаға орналастыра отырып, қолдануға ыңғайлы етіп Excel бағдарламасына аударып алуға болады. Google формаларының мүмкіндіктері тек мұнымен шектелмейді, жұмыс жасау барысында басқа да артықтшылықтарына көз жеткізуге болады.

Ғаламтор арқылы осындай өзімізге қажетті де пайдалы осындай сервистердің көмегімен өз уақытымызды тиімді пайдалана аламыз деп ойлаймын.

Google форма арқылы тапсырма жасауың тиімділігі;

- Тест тапсырмаларына балл белгіленеді;
- Әр оқушының жұмысы бірден бағаланады;
- Оқушы тапсырманы қай уақытта,қанша уақытта орындағаны, қанша рет орындағаны көрініп тұрады.
- Жылдам кері байланыс беріледі;
- Сыныптағы оқушы үлгерімі визуальды түрде диаграммамен беріледі;
- Жиынтық балл кестеден көрінеді;
- Мұғалім уақыт үнемдейді;

Барлық тапсырмалар оқу бағдарламаларына сәйкес құрастырылады және жүзеге асырылады.

Пилалова Гульнур Агатаевна
Информатика пәні мұғалімі, педогог- модератор.

Шымкент қаласы, №86 жалпы орта білім беретін мектебі

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚОСЫМША САБАҚТАР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Аннотация:

Мақалада автор «Мәңгілік ел» Ұлттық идеясын оқушыларға барынша насихаттау шараларын ұсынып отыр. Соның ішінде, білім парадигмаларындағы өзгерістерге тоқталған. Сонымен қатар жаһандану дәуірінде, адам баласын қаумалаған ақпараттық заманында оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерінің бір нұсқасы ретінде өз ұсыныстарын жасаған.

Кілт сөздер: Мәңгілік ел, ұлттық идея, қазақстандық париотизм.

«Мәңгілік Ел» идеясының маңыздылығы «Халық өмірі оның келесі ұрпағымен жалғасып отырады. Сондықтан Халықтың Мәңгілігі туралы арманнан асқақ арман жоқ. Мәңгілік Ел – бұл ертеңгі күнге есік ашатын, болашаққа сенімді арттыратын идея, бұл – кері қайтпайтын және берік тұрақтылықтың символы...»

Елбасы Н. Назарбаев.

Мақсаты: «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізгі бағыттарын білім беру үдерісіне қолдануға жағдай жасау.

Міндеттері: «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісін енгізу үшін материалдық- техникалық базаны нығайту және жетілдіру; тәрбиелік, әдістемелік, үйретуші, тренингтік түрлі шараларды ұйымдастыру арқылы педагогтардың кәсіби шеберлігін көтеру.

Жұмыс мазмұны: «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісін тәрбиелеу-оқыту үрдісіне енгізуді жүзеге асыру үдерісінде, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған түрлі әдістемелік шараларды ұйымдастыру.

«Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісі - Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңымен бекітіліп, 2016 жылғы 26 сәуірінде қабылданған алғашқы жалпыхалықтық идея болып табылады.

«Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісі –жалпыхалықтық құндылықтарды жоғары қойып, қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіретін, Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендетіп сақтауға және дамытуға арналған бірден бір құралы болып табылады.

Елімізде тұрып жатқан әр бір қазақстандық ұлтына, жасына, шығу тегіне қарамастан Актіде белгіленген жеті негізгі құндылықтарды қастерлеп, бағалау қажет.

Әрбір адамның жеке басы мен бостандығын құрметтейтін, өзіне-өзі қызмет етуге жағдайы жоқ жандарды қамқорлыққа бөлейтін, қандай еңбекті болса да бағалайтын, ана мен баланы қорғайтын, зейнеткерлерге қамқор болатын, ардагерлер мен отан қорғаушыларды ардақ тұтатын қоғам құруға тиіспіз. Бұл - Қазақстанның шынайы патриоттарының басты ісі.

Басты рухани құндылық - жақыныңа деген сүйіспеншілік. Жаныңдағы адамның өмір сүру дәстүрін, әдет-ғұрпын, сезімін, пікірін, ойын сыйлау. Өскелең ұрпақты елінің дәстүрі, ғұрпын, ұлттық құндылықтарымен тәрбиелеу қай заманда болсын басты мәселе болған.

Елбасы: «Қазақ тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ. Бізге бабалар тұлпарларының тұяғымен жазылған ата тарихының әр парағы ерекше қымбат. Қазақтардың бүгінгі және болашақ буыны оны әрдайым орынды мақтан ететін болады», - деді.

Салт-дәстүрімізді қастерлеп, бабалар ерлігін, даңқты істерін үнемі насихаттау, тарихи тұлғаларға еліктеуге, хакім Абай айтқандай «болмаса да ұқсап бағуға» бағыттау, электронды құралдар арқылы көрсету, тарихи оқиғаға байланысты ойларын айтқызу, қиялын шарықтату барысында отаншылдыққа баулу тәрбиеде өзі нәтижесін берері хақ. Сондай-ақ ұлттық ойындардыңдың да тәрбиелік мәні зор.

Патриоттық тәрбиенің түп қазығы ұлттық педагогика. Ұлттық педагогика - баланың санасына отансүйгіштік, еліне, жеріне деген махаббаты арттыру бесік жырлары, батырлық жырлар, ертегі, ұлттық ойындар арқылы ұлттық патриоттық сананы қалыптастыруға негізделеді.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарымен өскелең ұрпақты тәрбиелеудің негізгі тұжырымдары мыналар болып табылады:

- әлеуметтік құндылықтар жүйесін қалыптастыру;
- тәрбие ұстанымдары мен ойларын біріктіру;
- ата-бабамыз бен басқа халықтардың мәдениетін үйлестіру және сақтау;

- қазақстандық патриотизмды қалыптастыру.

Мен өз мақаламды ұстаздарға «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін енгізу арқылы жастарды еліміздің рухани бай мұраларына терең баулуға, өз елінің патриотын тәрбиелеуге практикалық көмек ретінде төмендегі мәселелерді айтқым келеді.

“Мәңгілік ел” - ұлттық тәрбиенің әдістері:

1. Өлкетану және басқа музейлерге, ескерткіштерге мақсатты серуендер, экскурсиялар ұйымдастыру;
2. Туған ел, қала, ауыл туралы топ жетекшінің әңгімелері;
3. Оқу еңбегін бойларына сіңіру, еңбегінің нәтижесін көре білу;
4. Тақырыптық слайдтарды, бейнероликтерді, суреттерді қарастыру;
5. Тақырыптық аудиожазбаларды тыңдау (Қазақстан Республикасының әнұраны, құстардың дауысы), еліміздің елтаңбасы мен туын көрсетіп, олар туралы әңгімелеу, т.б.

“Мәңгілік ел”- негізінде тәрбие беру формалары:

1.Ұйымдастырылған оқу қызметінде мемлекеттік рәміздер, өзінің туған қаласы, ауылы, елінің тарихымен, табиғи қоры және байлығымен, көрікті жерлерімен және ауа райы туралы түсініктер беру.

2.Туған өлкенің мәдениетімен, қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыру, өлкетану мұражайына экскурсия ұйымдастыру.

3.Табиғатты жақсы көріп, оған қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу, табиғатты сақтауға деген жауапкершілік сезімдерін қалыптастыру.

4. Отан үшін жан қиып, ерлік көрсетіп, қаза болған жауынгерлер өмірімен танысу. Батырлардың ерен ерліктерін халық ешқашан ұмытпай, мәңгі есте сақтайтынын түсіндіру. «Жеңіс күніне» және басқа да мерекелерге арналған іс-шаралар, ардагерлерге арнап құттықтау хаттар, сыйлықтар дайындап, ескерткіштер мен монументтерге экскурсия жасап, гүл шоқтарын қойып, тағзым ету, жеңіс күніне арналған танымдық сағаттар өткізу.

Күтілетін нәтижелер.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын енгізу бойынша тәрбие жұмысын іске асыру барысында кәсіптік және техникалық білім беру ұйымы бітірушісінің бойында келесі тұлғалық сапа қалыптасуы тиіс: дене бітімі дамыған, білуге құмар, белсенді, эмоционалды елгезек, үлкендермен және құрдастарымен өзара әрекеттесу тәсілдері мен қарым- қатынас жасауды меңгерген; Отанын сүйетін, оның рәміздері мен Қарулы Күштерін және елінің жетістіктерімен мақтана алатын азамат болып өседі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақ баласын ұлтжандылық, отаншылдық сезімде тәрбиелеу, білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен, жоғары оқу орнына дейінгі барлық ұйымдардың міндеті. XXI ғасырда өз ұлтын сүйген, бірлікте болған халық қана тұтастығын сақтап қалады» деп атап өткен.

Өскелең ұрпақ - болашақ Қазақстан азаматы. Олар өзімізді қоршаған ірі өркениет орталықтарын, түрлі мәдениетті меңгеріп, өзін сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, интеллект деңгейі жоғары, білімді де білікті жаһандану заманына сай болып тәрбиеленуі шарт.

Еліміздегі білім беру мекемелеріндегі оқытудың сапасын арттыру мақсатында, сондай-ақ әлемдік деңгейдегі білім жүйесіне сай болу үшін шет ел тәжірибелерін оқып, зерделеп, ұтымды жақтарын өз әдістерімізге тәжірибе арқылы енгізу бүгінгі күннің талабы.

Бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтын білікті маман әрқашан өз ісін шығармашылық ізденіспен жетілдіріп, баланың отбасымен, ата-аналармен де тығыз байланыста жұмыс жасайды бұл Тәуелсіз Қазақстан Республикасы мемлекетінің болашақ партиотын тәрбиелеудің шарттарының бірі болып табылады.

Сондықтан да «Мәңгілік Ел» идеясы – Қазақстанның лайықты дамуының болашағы, ұрпақ алдындағы жауапкершілік, алдағы онжылдыққа қойылған міндеттерді шешу, бұл біздің Еліміздің жарқын болашағы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Елбасы Н.Назарбаев. «Қазақстан -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», Қазақстан халқына 2014 жылғы 12 қаңтардағы Жолдауы.

2.Жабай Қалиев, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қайыркен Адиет, тарихшы-магистр «Егемен Қазақстан» 2016, маусым. ««Мәңгілік Ел» - қазақ елінің жалпыұлттық идеясы» мақаласы.

Байгазиева Алия Алипбековна
Тарих пәні мұғалімі, педагог-зертеуші
Шымкент қаласы, №86 жалпы орта білім беретін мектебі

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ГЕОГРАФИЯЛЫҚЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУҒА ЖАТТЫҚТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Аннотация:

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл үдеріс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға оқушы білімін, білігі мен дағдысын емес оның тұлғасын, білім арқылы даму міндетін қойып отыр.

Кілтті сөздер: географиялық есептер, функционалдық сауаттылық

Қазақстан Республикасының әрбір білім беру мазмұнына тың көзқарас

қалыптасып келе жатқан маңызды кезенде жас ұрпақты қоғам талаптары мен оның мақсат-мүдделеріне сай оқытып, тәрбиелеудің өзіндік өзектілігі артып келеді. География пәнінің білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты пәннің мазмұнын сапалы меңгеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар басқа пәндермен сабақтастық арқылы жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұлттық мәдениеттің үздік дәстүрлерінің негізінде оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту болып табылады.

Мектептің білім беру жүйесінде жас ұрпақты жан-жақты дамыту мен тәрбиелеуде, олардың жалпы мәдениетін қалыптастыруда тұлғаны шығармашылыққа тәрбиелеуде, табиғат пен қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуде, Жер бетінде тіршілікті сақтауда география пәнінің ролі өте зор!

География ғылымдарының жетістіктері мен қоршаған ортада болып жатқан

өзгерістерді ескере келе мектепке беріліп отырған әлеуметтік тапсырыс жас ұрпақтың географиялық сауаттылығы мен географиялық мәдениетін көтеру болып табылады. Оқушы оқу процесінің басты өзегі, сондықтан назардың барлығы оқушының дамуына, оның ойлау стилінің тәуелсіздігіне аударылады. Педагогикалық инновацияның мұғалімдер алдына қоятын талаптарының бірі оқушылардың өз бетінше жұмыс жасап үйренуін қалыптастыру. Сондықтан да мен оқулықтағы материалды жан-жақты түсіндіріп, ұқтырумен қатар, оқушының кейбір мәселелерді өз бетімен оқып, жазып, нәтижесінде жаңаша бір мәселені біліп үйреніп жаттығуларына мүмкіндік жасаймын.

Жаңа білім игеру мақсатында оқушының өз бетімен жасаған жұмыстарына үнемі көңіл бөліп, ұйымдастырып отырамын. География пәнінің ерекшелігі сол саламандық жұмыстар мен өзіндік жұмыстар әрқашан бірін-бірі толықтырып отырады. Оқушының өз бетінше орындалуына берілетін әрбір тапсырма олардың күші келетіндей, түсінікті, көлемі жағынан бағдарламаға сай, мазмұны оқушыларды қызықтыратындай әр түрлі болуын қадағалаймын. Өз бетімен жұмыс істеу оқушыларды тиянықтылыққа, төзімділікке, бастаған ісін жемісті аяқтауға тәрбиелесе, ал мен үшін оқушы еңбегін бағалайтын ең жақсы көрсеткіштің бірі.

Географиялық есептер шығару, жаттығулар орындау: геогафияның бастапқы курсында географиялық есептер шығару арқылы оқушылардың қисынды ойлау дағдыларын дамытып, пәнаралық байланысты қалыптастыруға мүмкіндік болады. Мысалы қысым мен температура арасындағы байланысқа арналған есептер, географиялық градус торы арқылы жер бетіндегі қашықтықты анықтау.

Ал баланың ерте жастан айналасына сергек қарауына үйретететін, адам мен табиғаттың үйлесімділігін сезінуіне игі ықпал ететін халықтық өмір сүру тәсілдерінің ойы жүйрік, жедел дамып келе жатқан жасөспірім үшін жөні бөлек.

География пәнінен оқушылардың теориялық білімдерін есеп шығарту, картамен жұмыс істеу сияқты практикалық іс-әрекеттермен дамытып, бекітіп отырған жөн. Осы орайда оқыту бағдарламасы бойынша географиялық есептерді ұсынамын:

1. Жел өрнегін сызыңдар.Ш-6 күн О-7 СБ-9 күн ОШ-4 күн ОБ-3 күн Б-4 күн С-8 күн СШ-7 күн141

Жауабы: 1 күн=0,5 см.

Ш-6=3 см О-7 күн=3,5 см СБ-9 күн=4,5 см ОШ-4 күн=2 см ОБ-3 күн=1,5 см Б-4күн =2 см С-8 күн= 4 см СШ-7 күн = 3,5 см

2.Бір тонна мұхит суынан қанша тұз алуға болады ? Бір тонна мұхит суынан қанша тұз алуға болады?

Тұздылығы 0,2%0. 1тонна өзен суынан қанша тұз алуға болады?

Жауабы: 1 литр мұхит суындағы тұздылық 35‰;

1000 л × 35‰ = 35000г

Өзеннің 1тонна суы 1000 л × 0,2 ‰ = 200г.

3.Егер тұздылығы 18‰ болса, Қара теңіздің 1 тонна суынан әр түрлі заттардыңнеше грамын алуға болады?

Жауабы: 1 тонна 1000 л ;

1000 × 18 ‰ = 18000 г

4.Бір тәулік ішінде ауа температурасы төмендегідей болып өзгерді:+40, -20,+80,+60. Тәуліктің орташа температурасын тап ?
Жауабы: 40 +(-20) +80+60 =160;16 4 = 40.
5.Таудың етегінде +200, ал шыңында -160 болса, таудың биіктігі қандай ?
Жауабы: + 200-(-160) =360; 36 6 = 6 км.
6.Үш километр биіктікте термометр 00–ты көрсетті. Осы кезде тау етегіндетемпература қандай болды?
Жауабы: 60×3 км = +180;
7.Ұшақ қанатында ауа температурасы -300көрсетті.Осы кезде жер бетіндегітемпература +240 болса , ұшақ қандай биіктікте көтерілген ?
Жауабы: (-300) -24 =540; 540: 60 = 9 км.
8.Барометр тау етегінде 740 мм , ал тау басында 440 мм көрсетсе, тау басыныңбиіктігі қандай?
Жауабы: (740 мм- 440мм) × 10мм =3000 м;
(Әрбір 100 метр биіктеген сайын қысым шамамен 10 мм-ге кемиді. Ал 10метрбиікте 1 мм-ге төмендейді.)
9.Ұшақ үш километр биіктікке көтерілді. Егер жер бетіндегі атмосфералық қысым 750мм болса, ұшақ көтерілген биіктікте атмосфералық қысым қандай ?Жауабы: 3км = 3000м;750 – (3000 м :10 мм) =450 мм;
10.Мәскеу қаласының атмосфералық қысымы 748 мм болса, мұхит деңгейімен салыстырғанда оның биіктігі қандай ?
Жауабы: (760 мм – 748 мм) ×10мм =120 м; (Мұхит деңгейінде барометрдегі сынаптың биіктігі 00–та 760 мм болады. Мұндай қысым қалыпты атмосфералық қысым болып табылады.)
11.Орташа айлық ауа температурасын есептеп шығарыңыз. Мысалы : желтоқсан айының орташа температурасы -80С; Тамыз айының орташа температурасы +240С. Аытқутемпературасын табыңыз?
Жауабы: + 240-(-80) =320 ауытқу амплитудасы;142240– 80 = 160;160: 20 = 80 орташа температура;

Қорыта келе, мектептен алған географиялық білімдерін оқушылар күнделікті өмірде пайдаланып, тереңдетіп отырады. Табиғатқа саяхатқа шыққанда өзбеттерімен жұмыс істеу дағдыларын кеңейтіп, дамыта түседі әрі ақыл-ойы жетіліп теориялық білімдерін іс-жүзінде асыруға үйренеді.

Ахметова Айсулу Нурсеитовна
География пәні мұғалімі, педагог-зертеуші
Шымкент қаласы, №86 жалпы орта білім беретін мектебі

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «САНАНЫҢ БӨЛШЕКТЕНУІ» ФЕНОМЕНІ

Болмыстың екіге жарылу мәселесі әдебиет пен өнерде 19 ғасырдан бастап айтылып келеді. Медицинада бұл феномен одан әрірек, 1791 жылдан пайда бола бастаған. Уақыт өте бұл әдебиетте де жазыла бастады. Ал ғылыми тұрғыдан бұл аса құпия мәселе емес, психиатрияда адам болмысының екі немесе оданда көп «мендерге» немесе эголарға бөлінуі. Болмыстың көпке бөлінуі феномені психофизикалық феномен, яғни өзара қақтығыста болатын бірнеше болмыстардың бір санада өмір сүруі. Әр «меннің» қоғамға өзіндік пікірі мен көзқарасы бар және бір уақытта бір сананы кезек кезек басқарып отыра алады. Саналардың өмір сүруі ауысқан сәттерде болмыс иесі есін жоғалтады. Бұндай адамдарға ғылыми тұрғыда «болмыстың жарылуы», «тұлғаның екіге бөлінуі» диагнозы қойылады.

Әрқайсысымыздың ішімізде күнделікті екі болмыс өмір сүретіні жасырын емес. Бірі сізді жаман әдеттерден сақтандырып жүрсе, енді бірде керісінше ешнәрсеге көңілі толмайтын, тек жаман әдеттерге жақын «менді» байқаймыз. Сіздегі «мендер» бір санаға бағынып, бір мәмілеге келе алатын болса, психикалық жай күйі қалыпты емес «мендер» болады. Бұл психикалық ауруға жатады. Себебі біз атаған феномендегі екі «мен» де бір санаға бағынғысы келмейді. Психиатрияда дәл әдебиеттегідей, болмыстың бөлінуі ішкі конфликттен туындайды деп түсіндіреді. Әлсіз, шешім қабылдауға қауқарсыз, үлкен мәселе алдында қалған болмыс өзінен екі есе мықты, батыл өзінің екіншісін жасап шығарады.Әдебиетте автор болмыстың келесі болмысқа ауысқанын түсіндіру үшін негізгі кейіпкердің әр «меніне» тән өзіндік ерекшелік қасиетін беріп отырған.

Қазақ әдебиетіне бұл феномен Төлен Әбдіковтің «Оң қол» әңгімесі арқылы келеді. Сананың бөлшектенуі мәселесі төңірегінде Т.Әбдіковтен бөлек, О.Бөкей, А.Сүлейменов, М.Мағауин, А.Алтай қалам тербеген болатын. Т.Әбдіковтің «Оң қолы» да, «Парасат майданы» да сананың ішкі тайталастарын суреттейді. «Оң қол» жазушының жиырмадан енді асқан шағында жазылған шығармасы. Шығарма кейіпкері Алма: «Маған қастандық жасаған мынау, бұл менікі емес, мүлде бөтен қол, мені өлтіргісі келіп жүр», деп өзінің оң қолын көрсетеді. Бұл оң қол ешбір ақылға бағынғысы келмейтін Алманың өз санасы. Әңгімеде бейнеленетін бір адамның бойында өмір сүретін қостұлғалық зұлымдықтың сипатын көрсету үшін таңдап алынған

символдық белгі. Мұнда автор әлем әдебиетінде біз атаған авторлар сияқты өмірде болған оқиғаны суреттеу, немесе бар феноменді көрсету мақсатында фактіге сүйенген көркем әдебиет тудырмайды. Ол болмыстың екіге жарылуы арқылы өз шығармасында біраз ой айтқысы келеді. Және ол кейіпкерлерге қарағанда Алманың хикаясы мүлдем бөлек. Ол балалық шақта зәбір көрмеген, психикалық жарақат алмаған. Жас қыздың санасының өзіне қарсы шығып, өзін өлтірмек болуын автор былай түсіндіреді: «Алманың бүкіл өткен өмірін, мінез-құлқын, адамдармен қарым-қатынасын зерттей келіп, мұны өз басынан туған ниет деуге себеп таба алмадым. Бұл қалайда қанмен, тұқым қуалап келген ниет. Науқастың шешесі, иә әкесі, иә әкесінің әкесі бір кезде өзін-өзі өлтірмек болған. Енді олар әлдебір құпия заңдылықпен Алманың санасында тұрып, өздерін-өздері өлтіргілері келеді». Бұл жерде кейіпкер санасының негізгі идясы қызды өлтіру. Генетикалық ақпаратқа енген бұл идея тұқым қуалап Алманың өміріне қауіп төндіреді. Жазушының шеберлігі сонда, болмыстың бөлінуімен қатар генетика арқылы жауыздықтың тұп төркіні оң қол арқылы өз идеясын жүзеге асырғысы келетін адамның ойы мен санасында екенін айтқысы келеді. Яғни адам ойы өз өзін жойып жіберу мүмкіндіген де ары, өз ойымен тұқымын да жойып жібере алатын құдіретке ие. Бұл өте қорқынышты...

Кейіпкердің ішкі психологиялық тартысын тамаша суреттей білетін автор «Оң қолдан» кейін отыз жылдан соң жарық көрген, кемеліне жетіп жазған келесі бір шығармасы «Парасат майданы». Жазушы парасат майданы үшін болған соғыста неге үнемі жауыздық жеңіске жете берітінінің себебін іздейді. Ізгілік пен зұлымдық құпиясын ақыл ойға бағына бермейтін қағидалармен табуға тырысады. Повестте жан азабына душар болған шығарманың бас кейіпкері ауруханада жатып адамгершілік, тазалық, имандылық, махаббат, бақыт туралы көңіліне ұялаған мөлдір сезімін қағазға түсіріп, күнделік жүргізе бастайды. Бір күні жан дертіне шалдыққан ғаріптің өмірінде күтпеген оқиға болады. Ол күнделіктерін оқып шығып, оған жауап жазған бейтаныс адамнан хат алады.

Қазақ әдебиетінде экспериментке батыл барған жазушылардың бірі Оралхан Бөкей десек, әлем мен адам қарым-қатынасы тұғырнамасында сананың бөлшектенуі, адамның қос жарылуы сынды мәселеден ол да тысқары қалмады. Автордың «Мұзтау» шығармасында негізгі кейіпкер Ақтанның қоғамдық тірліктен безген, жатсынған санасы мен әлеуметтік ортаға икемделген санасының ортасында бітіспес тартыс жүріп отырады. Бұл шығармада сананың ымырасыздыққа келуі «ішкі адам» мен «сыртқы адамның» қақтығысы түрінде көрінген. Шындық өмір ортасында қалғанды қалайтын Ақтан мен оны жатсынған Аңшы-Ақтан болмыстары сана астарларындағы институттер мен түйсінулер арқылы бейнеленеді. Қазақ әдебиетіндегі сананың бөлшектенуі тақырыбында жазылған шығармалардың үздік үлгілері дискуссия түрінде жазылғанын еріксіз мойындамасқа амал жоқ. Оралханның «Мұзтауында» бұл әдіс шырқау шыңына жеткен. Алғашқы бөлімде Асан шал мен Рух иесі сайысқа түссе, соңғы бөлімде Ақтан өзімен өзі болып айтысқа түседі. Мұзтау қас-қағым сәтке ғана жарқ етіп ашылып көрінер тұстағы Аршалыдан ел көшкенде көшпей жалғыз қалған Ақтан екіге жарылады. Бірі Ақтан, бірі Аңшы болып бөлінген бір адамның бойындағы екеу айтысады, тартысады, өткір пәлсапа соғады. Аңшы: «Меніңше дүниедегі ең пайдалы іс сол, дүниеге жалғыз-ақ келіп жан тапсыратын адамдарға қиянат жасамау», – десе, Ақтан: «Шырағым, қазір түнде керемет түс көрсең, соны күндіз өмірден, кешке телевизордан көресің», – деп жалтарады. Аңшы: «Күрес, жағалас, жұлқыс – сонда ғана жеңесің», – десе, Ақтан: «Тілге кел, сөйле. Ағатайлап жалынып, шыбын жанымды қи де», – деп шырқырайды[2,388]. Бұл бір адамның екіге жарылуы шындық пен жалғандықтың айтысы ретінде беріледі. Бұл жердегі Ақтанның бойындағы Ақтан — тұлғаның детерминделген қыры да, Аңшы — тұлғаның жатсынған қыры. Автор образдың психологиялық құбылысын беруде сананың ішкі жарылысын «ішкі мен» мен «сыртқы меннің» тайталасы арқылы суреттегенін байқадық. Ал ішкі тайталасқа көп бара бермейтін кейіпкері бар М.Мағауиннің «Жармақ» романында бас кейіпкер екіге жарылған болмысымен көрініс тапқан. Біріншісі – Қазыбеков Мұрат ұлттық рухтың жоқшысы, тұрмысы жұпыны, қоңыртөбел тарихшы, ал екіншісі – дәулетті бизнесмен, биліктегі элита – Қазыбеков Марат.

Біз атап өткен шығармаларда тұлға екіге жарылса, тұлғаның көпке жарылу мәселесі де қазақ әдебиетінен тысқары қалған жоқ. Осы орайда Асқар Сүлейменовтің «Бесатар» повесі. Мұнда бас кейіпкер Сәруардың сана құпиялары екі емес, үш түрлі танымаясында баян етіледі. Кейіпкердің өлім алдындағы зауал шағы «Меннің» дағдарысқа түсіп, ешқандай логикаға негізделмеген ой мен сезімдерінің ақтарылуына әкеледі. Шығарма қазақ даласындағы 1916 жылғы көтеріліс ұлттық апат ретінде пайымдалынып, жеке адамның жеке трагедиясы ретінде берілген. Асқар Сүлейменовтің көрегендігі – ол өзінің кейіпкерін әйгілі Данте шығармасындағыдай тозақтың тоғыз шеңберінен өткізеді, көп иллюзиядан арылтып, көп нәрсеге көзін ашқызады. Соның ең бастысы, сананың үшке бөлінуі арқылы қазақ оқымыстыларының ішкі қайшылыққа толы дүдәмәл болмысын ашып береді.

Бұл шығармалардың барлығына тән нәрсе сананың бөлшектенуі құбылысы. Авторлар бұл құбылысқа кеңінен тоқталып, мағлұмат беріп, ақпараттық танымымызды кеңейтуге емес, сол бір идея арқылы ғана өз ойын, қоғамға, әлемге, жақсылық пен жамандыққа пікірін айтады, талдайды, ғаламзатты мазалаған сұрақтарға жауап тапқысы келеді. Біз атап өткен авторлар «фрейдшілдер» емес, олар неміс ғалымының идеясын жандандыруға тырысып шығарма жазған жоқ. Олардың шығармаларындағы жанымызды дірілдетіп,

көңілімізді толқытып, баршамызды баурап алатын сиқырлы құдіретті, тек сол ғалымның идеяларымен ғана байланыстыру - өнердің ұлылығын түсінбеу деген сөз.

Қолданылған әдебиеттер:

1.Фрейд З.«Психоанализ» Москва, 1977г -489б
2.Бөкей О. «Сайтан көпір» Алматы «Шың», 1998ж -615б
3.Мағауин М. «Таңдамалы» Алматы «Атамұра», 2009ж -215б

Кәрімхан Жания Мейрханқызы
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
№86 жалпы орта білім беретін мектеп

АБАЙ СӨЗІ - ҚАЗАҚТЫҢ БОЙТҰМАРЫ

Бес нәрсеге асық бол...
Талап еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой -
Бес асыл іс көнсеңіз.

Ия, әрбір қазақтың баласы Абай атамыздың айтқан осы бес асыл қасиетін бойына сіңіріп өссе, тәуелсіз еліміздің болашағы жарқын. Әрине, әр баланың бойына дарыту алдымен адамның санасын Алланың ашық етуі болса, кейінгісі ата-ананың және ұстаздардың бағыттауымен қалыптасады.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының шығармашылығындағы ерекше орны бар туындыларының бірі - оның қарасөздері. Ақынның қарасөздерінің өзіндік ерекшелігі, өзге шығармаларға қарағанда қазақ әдебиетінде Абайға дейін көп кездеспегендігі.

Абайдың шыққан ортасы ауқатты, Тобықты руының белгілі ел билеушілері болған. Абай жас кезінен-ақ білімге құмарлығымен, зеректігімен көзге түсіп, келешегінен үлкен үміт күттірген. Кішірек кезінде ауыл молдасынан азырақ сауат ашқан Абайды әкесі Құнанбай он үш жасында Семейге оқуға береді. Алдымен Ғабдул-Жапардың, кейін Ахмет-Ризаның медресесінде оқиды.

Абайдың қара сөздері 1890-1898 жылдар аралығында жазылды. Абай қара сөздерінен адамға үлгі болар ақыл-ой мен ұлағатқа толы ізгі ниетті әдемі кестелі сөздерді көруге болады.

Мұхтар Әуезов «Абай шығармашылығын зерттеушілерге» деген мақаласында «...Тегінде Абай шығармасының аздығынан кенде боп жүргеніміз жоқ. Барын барша, бажайына барғыза алмаудан, зерттей алмаудан кендеміз» дейтіні бар. Сол сияқты, Абайдың әр сөзін тек оқып, құрғақ қана жаттағаннан пайдасы кем екенін түсінген абзал.

Абайдың әрбір қара сөзін түсініп, тереңіне бойлай барып оқыған адам міндетті түрде рухани жаңарып, көзқарасы өзгере бастайды, яғни Абаймен сөйлесіп, пікірлесіп отырғандай сезінеді. Атап айтқанда, жиырма сегізінші қара сөзінде барша жұртқа бұзық болма, түзік бол деп, жастарға тәлім-тәрбие беру үшін жар салады.Әрбір сөзін оқып, ойға түйген кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз екенін айтады. Абайдың қара сөздерінде жиырма үштен астам афоризмдер жинағы бар екен.

Ал афоризм деген не? Афоризм немесе ділмар сөз - қысқа сөзбен түйінделген тиянақты, бейнелі ой.

Мысалы, Абайдың 22-қара сөзінде «Байды қадірлейін десең, бай жоқ. Бай болса, өз басының, өз малының еркі өзінде болмас па еді?» деп, өзіне сұрау бере отырып, қазақ қоғамындағы топтар мен таптарды сынап, талдау жасайды. Ол өз қоғамы үшін сойылын соғуға даяр екенін ашық көрсетеді. Қазақтың байлары мен билерін, сұмдары мен момын шаруаларын өзара салыстырып, олардың арасындағы үлкен қайшылықтарды көрсетеді. Ал оқу-білім алу, өнер үйрену - Абай қара сөздеріндегі басты мәселе деп қарағанымыз жөн. Абай өзінің көптеген қара сөздерінде осы ағартушылық, тәлім-тәрбие жайында пікірін білдіреді. Олардың ішінде екінші, жетінші, сегізінші, жиырма бес, отыз үш, отыз бес, т.б. сөздерінде кеңінен тоқталған. Мысалы, отыз сегізінші сөзінде «Ей, жүрегімнің қуаты, перзенттерім! Сіздерге адам ұғылының мінездері туралы біраз сөз жазып естелік қалдырайын. Ықыласпенен оқып, ұғып алыңыздар, оның үшін махаббаттың төлеуі - махаббат. Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен. Мұның табылмақтығына себептер - әуелі хауас сәлим һәм тән саулық. Бұлар туысынан болады, қалған өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Талап, ұғым махаббаттан шығады. Ғылым-білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады. Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Сонан соң ғана Алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жәліб мәнфағат

дәфғы мұзарратларны айырмақлық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады. Болмаса жоқ, ең болмаса шала. Оның үшін көбінесе балаларды жасында ата-аналары қиянатшылыққа салындырып алады, соңынан моллаға берген болады, я ол балалары өздері барған болады - ешбір бәһра болмайды.» дей келе, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген қасиеттерімен озатындығын айтады.

Абай қара сөздерінен ұққаным және өзіме алған тәлімімнің тағы бірі естігенді ұмытпаудың жолдары, яғни «Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар:
әуелі көкірегі байлаулы берік болмақ керек. Екінші, сол нәрсені естігенде, я көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып ынтамен ұғыну керек. Үшіншісі- сол нәрсені, ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек. Төртіншісі- ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер ой кез болып күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе-күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер». Абайдың бұл әңгімелерінің кім үшін болса да тәрбиелік мәні зор. Әйтсе де білімге ұмтылушы жастар үшін айрықша құнды деп есептеймін.

Сонымен қатар, қазіргі қоғамдағы кеселді нәрсенің бірі - ар-ұят. Абай атамыз адамзат баласының ар-ұяты жайында отыз алтыншы сөзінде; «Ұятты екіге бөліп қарастырыңдар. Бірі- белгілі бір сөзді өзің жанындағы біреу айтса, өзің айтқандай ұяласың. Мұның себебі, сол ұят істі қылған адамды ескергендіктен болады. Екіншісі - байқаусыз айтылған сөзіне ұяласың, бұндай кезде кірерге жер таппайсың, кісі бетіне көрінуге жасқақтанасың» дейді.

Қорыта айтқанда,Абайдың қара сөздері адамның адам болып түзу қалыптасуына және адамның дүние есігін іңгәлап ашқанынан бастап, ақыретке кеткенге дейінгі аралықтағы өмір сырын жік-жікке бөліп, жүйелеп түсіндіреді.

Сондықтан да біз Абай шығармаларын, оның ішінде осы қара сөздердің мәнісін түсініп, ішкі мазмұнын түйсіне алуымыз керек. Егер де ұлы ақынның «Қара сөздері» әрбір қазақтың төрінен орын алып, көкейіне еніп, орынды қолдана алса, тәуелсіз еліміздің ертеңгі болашағының өмірі жарқын болып, сапалы да саналы азаматтар қалыптасатындығына сенімім мол.

Аханова Сапаргуль Бегимкуловна
Шымкент қаласындағы №90 дарынды балаларға
арналған мамандандырылған мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР - ҒЫЛЫМ ЖЕТІСТІГІ

Аңдатпа

Бұл мақалада ғылымның зор жетісітігінің бірі- технология екені қарастырылады. Жаңа технологияның сабақ беру барысында қалай қолданылатыны және технологияның түрлері қарастырылған

Кілттік сөздер: технология,ғылым,инновация,дидактикалық,компьютер

«Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі ұстаз қауымына үлкен тапсырыстарды артып отыр. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда.

Қазіргі таңда Қазақстанда ғылым саласы 5 бағыт бойынша дамып келеді. Ол энергетика, шикізат пен өнімді тереңнен өңдеу, ақпараттық және телекоммуникациалық технологиялар, өмір туралы ғылым мен ұлттық ақыл-ой әлеуеті. «Білім-ғылым-инновация» үштігі – Қазақстан Республикасы саясатының негізгі діңгегі. Ғылым мен білім беру ісін және инновациялық технологияларды біріктіру үшін ел президентінің ұсынысымен ашық зертханалар (ұжымдық қолданудағы ұлттық ғылыми зертханалар) ашылды. Олардың барлығы заманауи қондырғылармен жабдықталған, ол жерде кез-келген республика азаматы өз зерттеулерін жүргізуге мүмкіншілігі бар.

В.Кларин технология сөзінен қандайда болсын істегі шеберлікті, оқыту-үйретудегі амалдардың жиынтығы, ал педагогикалық технология (тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, оқыту технологиясы) « педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы барлық қисынды ілім амалдары мен

әдіснамалық құралдардың жүйелі жиынтығымен жұмыс істеудің реті» – деп түсінік берді. Педагогикалық жаңа технология – іс- әрекетке, оқыту барысында жүзеге асатын педагогикалық жүйе. Ол даратұлғаны жетілдіруге, белгілі бір мақсатқа жету жолында арнайы ықпалды ұйғаруға қажетті байланысқан әдіс-тәсілдер. Ендеше педагогикалық технология - оқу-тәрбие үрдісінің шығармашылықпен оқытумен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі, технология - ақырғы мақсатқа жететін әрекеттер жүйесі. Жаңа педагогикалық технология баланың жетілген тұлға ретінде дамуы үшін маңызы зор.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшілігі - баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын өмірге енгізуге ұмтылуы. «Педагогикалық технологиялар - бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің : оқу-тәрбие процессін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, тұрпаттары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әрбір құрамның басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды»

Жаңа технология түрлерін информатика пәнінің кіріктірілген сабақтарында пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектік қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі.

Жаңа технологияны қолдану мына кезеңдер арқылы іске ас ады :

1.кезең: оқып-үйрену;

2.кезең: меңгеру;

3.кезең: өмірге ендіру;

4.кезең: дамыту.

Жаңа педагогикалық технология мақсаты - оқытуды ізгілендіруі, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс -әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп. Оларды информатиканы оқытуда тиімді етіп пайдалану ұстаз білімділігіне байланысты.

Информатиканы оқытуда жаңа технология түрлерінің міндеті және қолдану мақсаттары төмендегідей ұсынылады: *Ойын технологиясы.* Педагогикалық ойындар технологиясы дегеніміз педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, оқушыларды қызықтырушы құрал ретінде қолданылады. *Проблемалы оқыту технологиясы.* Проблемалы оқыту - мұғалім басшылығы мен қиын мәселелерді туғызу және оқушылардың белсенді түрде өз беттерімен мәселелерді шешу. Қорытындысында олардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық іскерліктері мен дағдылары қалыптасуына жағдай жас айды .

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Информатиканы оқытуда тәжірибені шыңдай түсуде көп жеңілдік ашқан технологиялардың бірі - осы технология. Мақсат пен міндеттердің орындалуы мынадай ұзақ жоспарлар арқылы іске асады:

- ассоциация;
- бірлестік қызмет;
- көзқарасын талдау мен дәлелдеу түрінде қорғау. Бұл технология бойынша:
- оқу үрдісінде қызығушылық артады;
- оқушының өз бетімен білім алуына мүмкіндік беруі туады;
- оқушының ақпараттық тіл байлығы жетіледі.

Түсіндіре баяндау арқылы тірек желілерін келешекті оза оқыту. Бұл технологияда С.Н.Лысенкова бойынша материалды меңгеру үш кезеңнен тұрады:- алдынала даярлық;- жаңа ұғымдарды дәлелдеу, оларды жинақтау, қолдану;- оқу іс-әрекеті және ойлау әдістерін дамыту.Оқу материалдарын осылайша деңгейлеу білімді ұзақ уақыт есте с ақтауға мүмкіндік береді.

Деңгейлік саралау технологиясы. **Саралап оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Сыныпты, топтарды оқытуға әртүрлі қолайлы жағдай туғызуды қажет етеді; әдістемелік педагогикалық-психологиялық және ұйымдастыру-басқару шаралары біріктіріледі.**

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

1.Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;

2.Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3.Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің бірнеше деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей сондықтан әрбір оқушы меңгеруі тиіс.

Жекелеп оқыту технологиясы . Жекелеп оқыту – оқу процесін ұйымдастырудың мына түрлері мен үлгілерін қарастырады.

мұғалім бір ғана оқушымен жұмыс істейді;
оқушы тек оқу құралдары мен өзара қатынаста (оқулықтар, компьютер, т.б) болады. Жекелік оқудың басты жетістігі баланың қабілетімен оқу қызметінің желісін әдісі мен мазмұнын өз қабілетіне қарай бейімдеуіне мүмкіндік береді.

Топтық технология Бұл сыныпта оқу жұмысын ұйымдастырудың үшінші және төртінші деңгейі. Бұндай жұмыс белгілі-бір тапсырманы бірлесіп шешуі үшін сыныпты уақытша топтарға бөлуді қажет етеді. Оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, бірлесіп үйренуге мүмкіндік береді.

Оқытудың компьютерлік технологиясы. **Бұл технология – оқытудың бағдарламалық көзқарастарын дамытады, мүлдем жаңа технологиялық жолдар ашады.**

Оқытудың компьютерлік технологиясы – мәліметтерді компьютер көмегімен даярлау және беру әрекеттері. Бұл технология материал мазмұнын кейбір үлгілерді пайдалануға негізделеді.

Қазіргі кезде компьютердің көмегімен тек белгілі бір аудиторияларда ғана емес, сонымен бірге қашықтан оқыту үрдісі де дамып отыр. Ол үшін Интернет желісіне қосылған компьютер керек. Қашықтан оқыту кезінде тапсырманы және онымен бірге ұсынылған оқулықтарды қарап отырып білім алғысы келетін адам өзі ізденіп, жауаптарын салып жібереді. Немесе бірлескен телеконференцияларға қатысады. Оқытудың бұл түрі анағұрлым арзан, әрі қалаған уақытында оқуына, тапсырмаларды орындауына мүмкіндік береді.

*Презентациялар технологиясы.*Бұл технология, бір жағынан, оқушыларға информатика сабағынан жаңа материалды (бейнелеулер, фотографиялар, дидактикалық материалдар, т.с.с.) көрнекі көрсету құралы болатын болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалды дайындауды және оны қолдану процесін де жеңілдетеді. Алдынала жүргізілген тәжірибелер, презентациялар технологиясын информатика сабағында пайдалану балалардың оқуға деген ынталылығын арттырып, сабақтың қызғылықты өтуін қамтамасыз етіп, оған дайындалу мерзімін қысқартады, ең бастысы – мұғалімдерді жаңа ақпараттық желілік технологияларды пайдалануға дағдыландырады.

Егер біз барлық мүмкіндіктерімізді толық пайдалана алатын болсақ, онда біздің келешек ұрпағымыз компьютерлік техн ологиямен білім ала алады. Оқу материалдарын дидактикалық жетілдіру негізіндегі педагогикалық техно логиялар:

1.Мәдени кезек сөз – оқу процесінің екі негізгі бөлігі арасында кезексөз түрінде құрылады.

*Кезеңдеп оқыту технологиясы.*3. Ойлау қызметін кезеңдер бойынша қалыптастыру, мақсаттың бағытталу технологиясы – бағдарлық білім, шеберлік және дағдыны әсерлі меңгеру. Бұл технология әрбір оқушының жұмыстарды, әрбір қадамын мұғалімнің бақылауын қажет етеді. Сабақменгерудің барлық кезеңдерінде бақылап отыру – техноло гияның ең маңызды құраушыларының бірі болады. Ол оқушыны қателесуден сақтандыруға бағытталады.

Модульдік оқыту технологиясы. **Модуль дегеніміз – қандайда бір жүйенің, ұғымның нақтылатын, біршама дербес бөлігі.**

Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады. кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады. Әр оқушы оқу модулінде сағат саны әртүрлі болады. Бұл оқу бағдарламасы бойынша сол тақырыпқа, тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санына байланысты.



Оқу материалдарын жиі қайталау мүмкіндігі өсумен қатар, шығармашылық шеберлігінің артуына жағдай туғызады, оқуға деген қызығушылығын арттырады, уақытында тапсырмаларды орындай алады, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға көмектеседі,уақытты үнемдейді, қайталау мүмкіндігін кеңейтеді, орындаған жұмыстарының қателерін бірден көреді.

Сонымен жалпылап айтқанда оқу үрдісінде оқушының тұлғасының дамуына, ықпал жасайтын жаңа технология түріндегі сабақтар үлгісінің бәріне жүктелетін міндеттер жүйесі төмендегідей:

Жаңа технологияны қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге де болады. Нәтижесінде оқушы:

- Компьютерде еркін жұмыс жасайды;
- Оқыту процесінде жаңа технологияларды қолдана отырып білімін шыңдайды;
- Жаңа оқыту үрдісін қалыптастырады;
- Өздігінен ізденімпаздық қабілеті артады;
- Ақпараттық сауаттылығы мен ақпараттық мәдениеті қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі:

Қазақстан Республикасының білім мекемелерінде информатика пәнін оқыту. I том. Алматы, 2016.
Қазақстан Республикасының білім мекемелерінде информатика пәнін оқыту. II том. Алматы, 2016.
С.Елубаев. Математиканы оқыту теориясы мен әдістемес і. Жалпы бөлім. А., 2006.
Д.Ш.Матрос, Д.М.Полев, Н.Н.Мельникова. Управление качеством образования на основе новых информационных технологий, М.,2001.
К.Ж. Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. (о қулы қ) Тараз. ТарМУ,2003ж.
Қ. Өстеміров, А.Айтбаева, Қазіргі білім беру технологиялары, Алматы, 2006ж.
Педагогика жаршысы №4 2010 ж.

Ескалиева Жанна Нурлановна.
Беристинова Сауле Кубегеновна
Ақтөбе қаласы, «Ақтөбе техника-технологиялық колледжі»

КЕҢІСТІКТІК ЕЛЕСТЕТУДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ СТЕРЕОМЕТРИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Резюме

Методы решения стереометрических задач,одновременное применение которых позволяет старшеклассникам выполнять правильные чертежи ина их основе самостоятельно формировать алгоритм решения.

SUMMARY

There is a variant of drawing any problems on finding the geometric places of elements in the surface. And it is shown as following: Firstly, one of the dated conditions is abandoned regardless, then and only one condition is chosen for studying the group of points, secondly this way is continued, and so on.

Элементтеп шешу әдісі

Күрделі стереометриялық есептердің шартымен танысудың өзі оқушылардың есепті шешуге деген талпынысының жоғалуына әкелетінін күнделікті сабақ өту тәжірибесінен көріп отырмыз. Ал ол есепті шешу жолының ұзақ болуы олардың ынтасының жоғалуына әкеліп соғуы мүмкін. Мұндай жағдайда күрделі есепті элементтерге бөлуге болатындығын оқушыларға көрсету керек, яғни стереометриялық есепті қарапайым, шешу жолдары бұрыннан таныс планиметриялық есептерге бөліп, қиын емес қадамдардың ретін көре алуға үйрету керек.

Мысалы, келесі есепте оқушыларға көлемді конструкцияны көзіне елестету қиынға соғады. Есепті шешудің бұл моделі планиметриядан таныс болып келген қарапайым есептерді көруге мүмкіндік береді.

Мұғалім бұл кезде екі мақсатқа қол жеткізеді: үлкен және күрделі стереометриялық есепті шешеді және планиметрия элементтерін қайталап өтеді.

Бұл есепті элементтеп шешу тәсілі:

- Стереометриялық конструкцияның шартындағы элементтерін планиметриялық жеке сызбаларға бөлу;

- Берілген есептің шешіміне алып келетін планиметриялық есептерді шешу.

Сабақ үстіндегі осындай жұмыс әр түрлі деңгейдегі оқушылардың жұмыс жасауына жағдай туғызады: «мықты» оқушылар есепті толығымен түсініп, оны шешудің логикалық тізбегін көре алады, «орта деңгейдегі» оқушылар тізбектің жекелей бөліктерін жайлап түсініп, соңында күрделі есепті де түсінеді, «әлсіз» оқушыларөздеріне таныс планиметриялық фрагменттерді көріп, олар да есепті шешуге қатысады. Есепті шешудің жекелей этаптары кезінде тақтаға шығып әр түрлі деңгейдегі оқушылар жұмыс жасай алады.

Сондай-ақ, кеңістіктік елестетуді жаттықтыру үшін шынайы модельдеу әдісін де қолданған жөн, яғни есеп шартында суреттелетін объектілердің көлемді конструкцияларын жасау.


Осы аталған әдістерді мына есептерді шешуге қолданып көрейік:

ABCD$A_1B_1C_1D_1$ тік бұрышты параллелепипеді берілген. $AB = 8, AD = 21, AA_1 = 7\sqrt{7}$-ге тең. M нүктесі B$C_1$ кесіндісінде, N нүктесі BD кесіндісінде орналасқан, AM және A_1N түзулері қиылысады. Егер BN:ND=3:7 болса, онда D_1M түзуі мен BCC_1 жазықтығы арасындағы бұрыштың тангенсін анықтаңдар.

1. Алдымен ABCD$A_1B_1C_1D_1$ тік бұрышты параллелепипедін бейнелеп алайық. BC_1 диагоналінде M нүктесін белгілейік. Енді D_1M түзуін жүргізейік. Ізделінді тангенс D_1C_1M тік бұрышты үшбұрышында орналасқаны көрінеді, өйткені D_1M*түзуі*BCC_1*жазықтығынаперпендикуляр.* бір катеті белгілі $D_1C_1 = AB = 8.$ демек екінші катет MC_1-ді табу қалды.


1-сурет

Есептің суреттерін тор көз қағазда орындау керек. Суреттерді үлкен, әрі анық етіп, қосымша белгілеулер мен жазбаларға орын болатындай етіп салуға үйрету керек.



Есептің шартына сай сызба есепті шешудің дұрыс жолына бағыттайтыны сөзсіз. Сондықтан берілген қатынастырды сызбаны салу барысында сақтаған жөн.

2. Параллелепипедтің ABCD табанын бөлек салып алайық. Бұл есептегі бірінші бөлініп алынған планиметриялық элемент. BD диагоналін бірдей он бөлікке бөліп, 3:7 қатынасындай N нүктесін белгілейік. Сосын BC қабырғасымен M_2 нүктесінде қиылысқанға дейін AN түзуін жүргіземіз. Енді ұқсас үшбұрыштар AND мен M_2NB пайда болды. Ұқсастықты қарастырайық: $\frac{BM_2}{AD} = \frac{3}{7}$. $AD = 21$ болғанда, $BM_2 = 9.$




2-сурет

Шынайы модельдеу әдісі

3. Енді біз шынайы модельдеу әдісін қолданатын кезеңге келіп жеттік. Біздің жағдайда үлкейтілген модель жасалынды. $AB = 16$ *см*, $AD = 42$ *см*, $AA_1 = 36$ *см* −ге тең. Конструкцияны оқушылар сабақ басталғанға дейін дайындап қояды. Негізгі материал ретінда сым темір (көлденең қимасының ауданы 2,5-3$мм^2$) қолданылады. Бұл жұмыс оқушыларға тек есептің шартын түсініп қана қоймай, қағазда ғы берілгендердің қалай шынайы объектіге айналғанын сезеді. Сондай-ақ, бұл дайындық кезеңі көп уақыт алмайды және айтарлықтай шығын келтірмейді. Жағдайға байланысты модельді құрастыратын оқушылардың саны өзгеріп отырады.

Модельді толығымен құрастыру сабақ үстінде, есепті шешу барысында жүзеге асады. Конструкция элементтері алдын-ала дайындалғандықтан оны аяқтап құрастыру көп уақыт алмайды.

Параллелепипедтің қаңқасын сыбайлас екі жақты құрайтын екі «бұрыштық» элементтен жасаудың ыңғайлы екенін айтып өту керек.




Тік бұрышты параллелепипедтің осы екі бөлігі бір-біріне платилиннен жасалған, нүктелерді бейнелейтін шариктермен бекітіледі.

Келесі BD және BC_1 диагональдары орналастырылып, бекітіледі (пластилинмен). N нүктесінің орнын біліп, модельде AM_2 кесіндісін бекітеміз (кейіннен M_1 нүктесі пайда болады, сондықтан әзірге 2 индексін пайдаланамыз). Сосын төменгі жағына A_1N кесіндісін бекітеміз.

Енді модельді құрастырудың ең қызықты кезеңі келеді. Бір ұшы А нүктесіне сәйкес келетін және BC_1 диагоналында орналасқан түзу сымның бөлігі A_1N − *мен* түйіскенше жылжытылады; бұл М нүктесінің BC_1 диагоналындағы орнын анықтайды. Енді модельде қз орнын тапқан АМ кесіндісін бекітеміз.

М нүктесінің нақты орнын тауып, М және M_2 нүктелері арқылы параллелепипедтің табанына перпендикуляр M_2M_1 кесіндісін бекітеміз. Одан соң D_1M кесіндімін бекітеміз.




Көлемдік модельдеу кезінде сызбадағы анықсыздықтар салдарынан болатын элементтерді қате көру қаупі болмайды.

Фигураның моделі поликарбонаттан жасалған пластинада немесе пенопласт тақташасында пластилинмен мықты бекітіледі. Бұл модельді оның бүтіндігін сақтай отырып тасымалдауға мүмкіндік береді.

4-сурет

AA_1N жазықтығы (немесе AA_1M жазықтығы) ADD_1 және BCC_1 өзара параллель жазықтықтарын қиып өтетіні жақсы көріне бастады. Олай болса, AA_1 және M_2M_1 кесінділері өзара параллель болып шықты. Қиылысқан екі A_1N және AM түзулері бір жазықтықта жататынын анық көрсетудің жолы бар. Ол үшін осы түзулердің бойымен қатты мөлдір материалдан немесе картоннан жасалған тіктөртбұрышты уақытша орналастырамыз. Қиманы көрсететін картонды ұзақ уақыт орнында қалдырмаған жөн, себебі ол кейбір оқушылардың модельді толығымен көруіне кедергі келтіреді.



Есептің шарты енді шын мәнінде анық және түсінікті болды – бұл көрнекілікті шын мәнінде басқа нәрсемен алмастыру мүмкін емес.


Модельді екі сабақтың біріншісінің соңына қарай құрастырып біткен жөн, өйткені үзіліс кезінде оқушыларда модельді жақынырақтан, жан-жақтан көруіне, ұстап, зерделеуіне мүмкіндік туады.

Есепті сүйемелдейтін үлкен көлемді модель әрдайым қызығушылықты оятады. Дәптердегі немесе тақтадағы сызбаны шынайы модельмен салыстырып көру оқушыларға есепті жақсы түсінуге, кеңістіктік елестету қабілеттерін дамытуға үлкен үлесін тигізеді.

Енді толық сызбаны алу үшін 1 суретке қандай толықтырулар енгізу керек екендігі айқын белгілі болды.

5-сурет

Әдетте, стереометриялық есепті қарастыру кезінде, біз толық сызбаны есепті шешудің басында жасап қоюға тырысымыз, бірақ кейде оқушыларды бұған жаймен жетелеу тиімдірек болады. Егер есепті шешуді бірден 5 суреттен бастасақ, онда оқушылардың қандай да бір бөлігі топтық іс-әрекеттен бас кезінде –ақ шет қалатыны түсінікті.



4. Есепті шешуді жалғастыра отырып, оқушылар қиылысатын жазықтықтар мен осы қиылысулардың нәтижесін тағы бір рет көріп шыға алады. Одан кейін модельді оқушыларға BCC_1B_1 жағымен бұрып қоюға болады. Сонда тағы бір планиметриялық есеп көрінеді. Бұл BCC_1 және BM_2M үшбұрыштарының ұқсастығына берілген есеп. Пифагор теоремасын пайдалана отырып, $BC_1 = 28$ екенін табамыз. Ал $\frac{BM_2}{BC} = \frac{BM}{BC_1}$ теңдігінен - BM= 12 екенін табамыз. Сонда ізделінді кесінді $MC_1 = 16$ болады. Бұл қарапайым есеп – берілген есепті шешудегі бөлініп алынған екінші планиметриялық есеп.

6-сурет

Бұл жерде алдыңғы кезеңдердегідей талқылаудың әр түрлі нұсқалары қарастырылуы мүмкін, сондықтан әріптестер әрбір жеке бөлініп алынған бөлікте өздеріне ыңғайлы әдістерді қолдана алады. Бастысы – оқушыларға жалпы қағиданы көрсету керек: «қиын емес қадамдар да мақсатқа жеткізеді».

5. Сонымен, біз D_1C_1M үшбұрышының қажетті элементтерін таптық. Біздің ой қорытуларымыздың дұрыстығына модельге қарай отырып, тағы бір рет көз жеткізген соң, табатынымыз:

$tgD_1MC_1 = \frac{D_1C_1}{MC_1} = \frac{1}{2}$.

Ответ: $\frac{1}{2}$.

D_1C_1M үшбұрышын жеке салу және де жоғарыдағы есепті шешу кезеңдерін ашып жазып көрсету сыныптың дайындық деңгейі мен мұғалімнің алға қойған мақсаттарына байланысты. Сондай-ақ, есепті шешудің әрбір кезеңіне әр түрлі оқушыларды тартып жұмыс жасатқан жөн. Бұл расында да мүмкін, өйткені бөлініп алынған планиметриялық есептер күрделі емес болады. Бұл элементтер орта деңгейдегі, тіпті әлсіз оқушыларға да жеңіл болып келеді. Бұл әсісті қолдана отырып, оқушылардың стереометриялық есептердің үлкен, күрделі шарттарынан аяқ тартып, оларды ұнатпауын жоюға болады.

Енді модельді айналдырып қарап, конструкцияның жазық бейнелері үшін ыңғайлы орналастырылуын талқылауға болады. Дәл осы кезеңде, есеепті шешіп болған соң, элементтердің өзара орналасуын жақсы түсінген кезде оқушылардың «кеңістіктік елестетуі» қалыптасады. Ал , есептің шартын шынайы модельге айналдырумен айналысқан оқушыларда құрастырушылық дағдылар қалыптаса бастайды.

Қорытынды

Осылайша, стереометриялық есепті элементтеп шешу мен есеп шартында берілген объектіні шынайы модельдеу әдістерін қоса пайдалану біздің ойымызша, күрделі стереометриялық есептерді шешуге үйретудегі жоғары нәтижелілікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Кеңістіктік елестетуді жаттықтырып, дамытуға болады. Әрине, қазір «көлемді» 3D бейне жасап шығаратын компьютерлік бағдарламалар барлығын жеңілдетеді.

Егер балаға ойыншықты тек көрсетіп, қолына бермесек, онда балада оны шынайы қабылдаудың қалыптасуы екіталай. Жоғары сынып оқушыларында да дәл солай: объектінің экрандағы суретін ғана көретін болса, онда оларда кеңістіктік елестету қабілеттері дамиды деп айта алмаймыз. Сондықтан модельдеуді жоққа шығаруға болмайды. Бұл әдістерді біріктіре отырып, бір-біріне сүйемелдей отырып пайдалану керек.

Сонымен қатар, шынайы объектіні жасаудағы практикалық іс-әрекет оқушыларға есеп шартын тереңірек талдауға мүмкіндік береді. Бұл тек дәптер бетіндегі сызба емес, шынайы нәтижеге алып келетін шынайы іс-әрекет.

Шынайы модельдер мобильді, тасымалдануы жеңіл, шкафтарда шаң басып тұрмай, нақты бір есепке қолданылатындай болу керек. Жиналған «құрылыс заттарын» басқа дакелесі бір конструкцияларға қолдануға болады.

Әрине, барлық есептерге бірдей көлемді иллюстрациялар қажет бола бермейді. Бірақ, түсінуге қиын, сызбасы анық емес сызбалар көрнекілікті қатты қажет етеді. Осындай жағдайларда модель оқушылардың нүктелер, кесінділер немесе басқа да элементтердің орнын анықтаудағы болжамдарын растап немесе жоққа шығарып береді.

Н.И.Лобачевскийдің сөздерін есімізге алайық «Жетістікке жету үшін бізге не керек? Ешнәрсені жоймай, барымызды жетілдіру керек». «Ескі» және «жаңа» әдіс-тәсілдерді бір-біріне толықтырып, саналы түрде үйлестіре алу мұғалімнің әдістемелік қоржынында болу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1.Кондратьева Т.А. «Комплексный подход к решению сложных сереометрических задач », Математика в школе №5 2012 г, Методический семинар -12 с

Босынбекова Маржан Кадыржановна
Шымкент қаласы №130 жалпы орта білім беретін мектеп
Математика пәнінің мұғалімі

КҮН ЭНЕРГЕТИКАСЫНЫҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҚОЛДАНУ АЯСЫ

Аннотация. Бұл мақалада күн энергетикасының статистикалық дамуы және кәзіргі кездегі туындаған негізгі мәселелері жайлы айтылған. Күн энергиясының адам өміріне пайдасы мен зияны қарастырылған. Күн сәулесінен энергия көздерін ала отырп әр түрлі салаларда тиімді қолдану жолдары қарастырылған.

Кілт сөздер: энергия, фотоэлектрлік түрлендіргіштен, панель, сәулелену.

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ СОЛНЕЧНОЙ ЭНЕРГЕТИКИ ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ

Аннотация. В данной статье раскрывается статистическое развитие солнечной энергетики и основные проблемы, возникающие в настоящее время. Солнечная энергия-это польза и вред для жизни человека. В частности, рассмотрены пути эффективного использования в различных отраслях, получающих источники энергии от солнечного излучения.

Ключевые слова: энергия, фотоэлектрический преобразователь, панель, излучение.

CURRENT STATE AND PROSPECTS OF SOLAR ENERGY APPLICATIONS

Annotation. This article reveals the statistical development of solar energy and the main problems that currently arise. Solar energy is a benefit and harm to human life. In particular, the ways of effective use in various industries that receive energy sources from solar radiation are considered.

Keywords: energy, photoelectric Converter, panel, radiation.


Баламалы энергетика саласы қазіргі таңда, интенсивті даму үстінде атап айтқанда күн энергетикасы. Күн сәулесі энергиясын электр тогына толық тиімді түрде түрлендіруге мүмкіндік бере алатын әдіс-тәсілдермен құрылғыларын іздестіру жұмыстары қарқынды дамуда. Энергяны алу барысында негізгі екі бағыттарын атап айтуға болады. Біріншісі – күн көзінен алынған сәулелердеі тікелей электр энергиясына түрлендіру болса, екіншісі – алынған энергия көзін алдымен жылу энергиясына, одан кейін механикалық жұмысқа, жұмысқа айналған энергия көзін электр тогын түрлендіруге болады. Қолдану және талдау нәтижелеріне байланысты екінші тәсіл жақсы нәтижелер көрсетіп тұр. Өнеркәсіп саласында гелиоқондырғылар өзінің концентраторларымен , Стирлинг қозғалтқышы мен турбиналары күн сәулесінен түскен энергияны өңдеуде ең тиімді тәсіл болып отыр. Мысалға алар болсақ, Нью-Мекхико, АҚШ-тарында

орнатылған, Стирлинг қозғалтқыштары бар концентраторлы мұнаралы гелиостанциясы шығысындағы ПӘК 31,25% көрсеткішіне ие. Негізінен мұндай типті күн электрстанциялары баға жағынан өте қымбат, жасалу негізі бойынша күрделі әрі табиғи факторларға тікелей тәуелді болғандықтан өмірде кең қолданыс таба қойған жоқ. Осы себептерге байланысты бірінші бағыт бойынша, күн сәулесінен түсен энергия көздерін тікелей электр энергиясына айналдыруда тиімді және қолдану спектрі бойынша дүниежүзінде күн энергиясы қарқынды даму үстінде.

Заман талабына сай таза энергия көздеріне сұраныстың артуына байланысты жаңартылған энергия көзері оның ішінде күн энергиясының рөлі де артуда. Күн бойынан келген барлық сәулелерді өз бойына жинап электр энергиясына айналдыратын құрылғыны күн батареясы деп аталады. Ол ешқандай қосалқы күштін көмегінсіз күннен түскен энергияны тікелей электр энергиясына айналдырады. Күн элементтерінде жұмыс барысында фотоэффект құбылысын қолдануға негізделген. Бүгінгі таңда p-n- өткелі бар күн элементтері кеңінен қолданыста және тиімді болп саналады. Жұмыс жасау принципі сәуле түскен кезінде жартылай өткізгіште, p-n- өткелінің электр өрісі әсерінен қозғалысқа түсетін және сыртқы шығыстарда фото электр қозғаушы күшті тудыратын қосымша заряд тасымалдаушылардың түрленуінен негізделген.

Күн элементтерін концентрацияланбаған сәулелену барысында және кіші аудандағы оптикалық жүйенің әсерімен жасалған күн элементтері деп ажыратуға болады. Жоғары эффективті күн элементтерін оптикалық түрлендіргіштер арқылы әртүрлі линзалармен шаған аймақтарда жүзеге асыруға және кең ауқымда шағылыстыру күн элементтерінің қалыптасуын түсіндіре отырып альтернативті даудың бір түрі болып табылады. Күн сәулесін жинақтаушылар арасында қымбат күн элементтері арзан оптикалық жүйемен алмасады. Жүйе барысындағы күндік қосымша шығындар және салқындылық ПӘК-тің жоғарылауына жағдай жасауы тиіс. Қалыптасуына байланысты электрлік күн энергиясын қолдануға арналған күн элементтерінің диодтық типке, элементтерге, жасанды бояғыштарға және термофотовольттық түрлендіргіштерге жіктеуге болады. Кәзіргі кезде сатылымда күн модульдері бірнеше үлгіде жіктеледі, олардың бір-бірінен айырмашылығы құраушы материалдарына және жасалу технологиясына байланысты ажыратылады.


Фотоэлементтердің дайындалып шығарылуына паспорттық сипаттамаларына байланысты, Еуропалық фотоэлектрлік ассоциациясы (EPIA) дүниежүзі бойынша 2010-шы жылда күн энергетикасы қуатын 40 ГВт-тық шамаға дейін жеткізген. Бұл көрсеткіш кәзіргі таңда бірнеше есеге артты. Бұл шамалар салыстыру және зерттеу нәтижесінде алынған 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1 – Күн энергиясын пайдалану бойынша елдер арасындағы пайыздық көрсеткіш мөлшері.

Еуропалық ассоциация (EPIA) дүниежүзі бойынша фотоэлектрлік өндіріс 2012-шы жылға дейін орнатылған барлық КЭС нақты қуат мөлшерін анықтау барысында зерттеулер жүргізген. Зерттеулер нәтижесі бойынша соңғы 5 жылдың аралығында әлем бойынша қуат шамасы 10 есеге өскен ал Еуропа елдерінде бұл көрсеткіш шамамен 14 есе артқаны 2-суретте көрсетіліп тұр.

Figure 1 - Evolution of global PV cumulative installed capacity 2000-2012 (MW)



	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012
ROW	751	807	887	964	993	1,003	1,108	1,150	1,226	1,306	1,590	2,098	2,098
MEA	n/a	n/a	n/a	n/a	1	1	1	2	3	25	71	192	601
China	19	24	42	52	62	70	80	100	140	300	800	3,300	8,300
Americas	146	178	225	290	394	501	650	863	1,209	1,752	2,780	4,959	8,717
APAC	355	496	686	916	1,198	1,500	1,825	2,096	2,631	3,373	4,956	7,628	12,397
Europe	129	262	396	598	1,305	2,289	3,281	5,310	11,020	16,850	30,472	52,884	70,043
Total	1,400	1,765	2,235	2,820	3,952	5,364	6,946	9,521	16,229	23,605	40,670	71,061	102,156

Сурет 2 – EPIA (European photovoltaic industry association) зерттеуі бойынша жүргізілген график

Әлемде КЭС-ларын орнату және тиімді қолдануда Германия мемлекеті бірінші орында тұр. КЭС-ларынан жылына 7 ГВт қуат шамасын құрайды бұл өте жоғарғы көрсеткіш. Бұл көрсеткіштердің жоғары болуы мемлекеттің ішкі саясатына тікелей қатысты, сонымен қатар ауа-райының қолайлы болуына да байланысты. КЭС-ларын тұрғындар әр түрлі жағдайларда және әр түрлі өнеркәсіп салаларында тиімді пайдалануда.

Жылдық қуат көрсеткіші бойынша 4 ГВт құрап 2-3 орындарда Жапония және Испания мемлекеттері болса бұл көрсеткіштерден сәл аз яғни 3,5 ГВт көрсеткіш құрап Италия бұл көрсеткіштерден аз АҚШ (2,5 ГВт), Чехия (2 ГВт), Франция (1 ГВт) мемлекеті тізімді аяқтайды. Қытай мемлекеті соңғы 5-7 жыл көлемінде КЭС-ларын жаппай орнатып қуат көрсеткішін 10 есеге арттырған болатын бұл өте жақсы көрсеткіш. Бұл тізімде Қазақстан мемлекеті жоқ қуат көрсеткіші өте төмен және КЭС-ларын қолданудың кейбір мәселелері шешілеген.

Нарықта сұранысқа ие күн түрлендіргіш ұяшықтардың көпшілігі поликристаллды кремний(MC-Si) немесе монокристаллды кемний (C-Si) көп қолданыста. Кәзіргі кезде қолданыстағы фотоэлементтердің 90%-ын кремнийлі фотоэлемент құраса оның 1/3 бөлігін монокристалды қалған бөлігін поликристалды кремний фотоэлементі құрайды. Қолданыста жүрген фотоэлементтің көпшілігі арзан және аз материалды қажет етеді, бірақ оллардың өндіретін қуаты және ПӘК-і төмен болып келеді.

Күн батареясын қолдану өзектілігі. Біз білетін күн батареясы ғарыш кемелерімен, орбиталық станцияларда ғана бар екенін естіп білуші едік. Ал қазір, жарықтан электр шығаруға қабілетті құрылғыны кез келген калькулятордан, қуаттағыштардан, қол сағаттардаң көруге болады. Сонымен қатар, ыстық жазда және қысы жылы, күн сәулесіне бай елдерде ("жоғары инсоляциясы бар елдер"), мысалы Италия, Испания, Португалия, АҚШ және т.б. оңтүстік штаттар тұрмыстын ажырамас бөлігіне айналған.

Жоғарыда айтылғандай, күн энергиясын жеке мақсатта пайдаланудың ең оңай жолы-жылу энергиясын жинау. Бірақ жинақтау және тасымалдау үшін ең ыңғайлы энергия түрі электр энергиясы болып табылады. Оны аккумуляторларда еш қиындықсыз жинауға немесе сым арқылы жұмыс істейтін жерге, аз шығынмен жеткізуге болады. Күн сәулесін пайдаланудың ең көп таралған тәсілі оны электр энергиясына түрлендіру. Күн түрлендіргіштер-күн сәулесін электр тогына айналдыруға арналған электрлік қатты модуль. Белгілі бір күн элементінде ұяшығы негізінде энергия көзі түрленеді. Күн ұяшығын құрастыру модульді қалыптастыру үшін қолданылады. Бұл құрастыруды күн модулінен ток алу үшін бірге құрастырады, ол тең түрде арнайы бұрылыс құрылғысына немесе күн модулінің бағыттамасы стеллажға орнатылады, ол сондай-ақ кейбір электрондық қоршауды қамтиды. Мұндай құрастыру күн панелі деп аталады.

Күн энергетикасы баламалы энергетика мен жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) пайдалану саласының ең ірі бөліктерінің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта пайдаланудың үш негізгі жолы бар күн энергиясы: электр энергиясын өндіру, шоғырланған электрогенерлеу немесе тікелей қыздыру үшін жылу энергиясын жылу тасымалдағыштық (әдетте су). Күн мен жел энергиясы және оны күнделікті өмірде пайдалану зерттеу және жоғары технологиялық әзірлемелер. ЖЭК мен күн энергиясында өзіндік ерекшеліктері бар. Жобаны жүзеге асыру жоспарланған өңірдің инсоляциясы, күн сәулесін пайдаланудың ең тиімді көрсеткіші және энергияны өңдеу болып табылады. Инсоляция беттің сәулеленуінің қарқындылығы туралы түсінік береді белгіленген уақыт аралығында (күн, ай, жыл) кВт-сағ/кв.м инсоляцияны өлшейді. Аймақта инсоляция жоғары болған сайын, күн сәулесінің энергиясы соғұрлым электр энергиясына немесе жылу энергиясы айналуы мүмкін.

Күн энергиясы адам қызметінің барлық салаларында қолданылады:

- Өнер кәсіптік жылу және электр станциялары;
- әртүрлі жылу және электр энергиясымен жабдықтау станциялары ғимараттар мен үй-жайлар;
- құрылыс материалы ретінде эластикалық күн батареяларын қолдану;
- жаппай тұтыну тауарларындағы резервтік қорек көздері: калькуляторлар, сағаттар, ноутбуктер, фонарлар, аккумуляторлар және т.б.;
- көлік құралдарын қоректендірудің резервтік көздері сонымен қатар электромобилдерді тиімді қуаттау көзі ретінде де қолданылады;
- қоғамдық өмірде саябақтарда спорт алаңдарында да тиімді қолданыста;
- ауыл шаруашылығында да тиімді қолданыста алыс аймақатрды электр энергиясы мен қамтамасыз етуші бірден бір құрал;
- Қазақстанда сирек кедесетін асыл тұқымды өсімдіктерді, жылыжайларда көкөніс өсіруде кенінен қолданылуда;
- тәуліктің қараңғы уақытында жол белгілерін және басқа да күн энергиясы есебінен жарықтандыру негізінде қолданылады. Заман талабына сай күн панелдері, күн түрлендіргішетері, күн батареялары адамзат өмірінде кең ауқымда қолданылып келе жатыр. Бірақта жаңартылған энергия көздеріне бірнеше шешімін таппаған мәселелері бар екені бізге аян. [6, 388 б.]

Бүгінгі күні әркім дерлік жинау мүмкіндігіне ие күн батареялары негізінде өзінің тәуелсіз электр энергиясы көзімен қамтамасыз етіп отқандар қаншама. Қымбат құрылғыларға кететін шығындар уақыт өте келе тегін электр энергиясын пайдалану мүмкіндігімен жабылады. Тағы бір маңызды бөлшек: күн батареялары – экологиялық таза энергия көзі. Соңғы уақытта фотоэлектрлік панельдердің құны ондаған есе төмендеді және бұл үрдіс ФЭП қолданудағы керемет перспективалар туралы пайымдауға мүмкіндік береді. Стандартты түрде таза электр энергиясының көзі тікелей, күн батареялары (тұрақты ток генераторы), зарядты контроллері мен инверторы бар аккумуляторлық батареялар, тұрақты ток айнымалы токқа түрлендіргіш.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Түймебекова, З.А. Мухан,А.А. Күн сәулесі-болашақ энергия көзі / З.А.Түймебекова. А.А.Мухан // (https ://ziatker.kz/docx/gylymi_joba_kun_sylesi_bolasaq_energiya_kozi_4409.html).
2. Егемберді, М.С. Шүкір, Ә.Е. Күн сәулесі болашақтың сарқылмас энергиясы /М.С. Егемберді. Ә.Е. Шүкір // (http://startinfo.kz/buisness/kyn-energiscu/).
3. Ирха, В.А. Региональный опыт инсталляции и эксплуатации индивидуальной солнечной энергоустановки в условиях юга России [Текст]: учебник/ В.А. Ирха, А.С. Пащенко,С.Н. Чеботарев // -М, 2013. - С. 205–209
4. Юмаев, Н.Р. Исследование влияния погодных условий на параметры работы солнечных батарей в естественных условиях эксплуатации [Текст] / Н.Р. Юмаев // Молодой ученый. – 2018. - №12. - С. 52-54.
5. Назаров, Б.Б. Расчет потока суммарной радиации по наклонной плоскости солнечных приемников в условиях аэрозольного загрязнения атмосферы [Текст] / Б.Б. Назаров, М.А. Салиев // АН Республики Таджикистан. - 2015. - №9. - С.11–16.

Омарова Жанар Шубаевна
Шымкент қаласы, №130 ЖОББМ
Физика пәні мұғалімі

STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫ- МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА

Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция болып жатыр: ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеріп жатыр.

STEM – білім беру саласында ең өзекті тақырып. STEM білім беру саласы «Математика», «Жаратылыстану ғылымы», «Робототехника», «3Д модельдеу», «Инженерлік», технологиялық сауаттылықтарын, қабілеттерін дамытуға бағытталған. STEM білімі –оқу мен болашақты байланыстыратын көпір. Яғни балаларды технологиясы дамыған әлемге дайындайды.

Мектептерде жаппай оқыту әдістері нәтижелі болмай тұр. Жоғары сыныптарда оқушылардың математикаға қызығушылығы төмендеп барады.

Оқушылардың бойында математикаға деген қызығушылықты ашу үшін STEM қолжетімді болу керек. Оқушылар математикалық сауаттылығы дамыған, экономикалық бәсекеге қабілетті, кез келген кедергілерді шеше алатындай болуы қажет. Нағыз математикамен айналысу тек мамандандырылған мектептердің оқушыларымен мұғалімдеріне ғана емес, қарапайым және табысты мектеп оқушылары үшін тиімді болуы керек.

STEM оқыту бойынша практикалық тапсырма мен проблема басты назарда болады. Оқушылар шешімін теориядан емес, қателіктерді түзету арқылы табады. Сонымен қатар оқытудың ерте кезеңдерінен бастап компьютерлік анимация құру, интерактивті қызметтерді үйренеді. Геометриялық фигураларды өмірде байланыстыра отырып, жұмыстар жүргізеді. Түзулер мен жазықтықтардың орналастыру арқылы үйлер мен мекемелер тұрғызады.

Оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастыру мұғалімнің өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасай отырып, оның шығармашылық қабілетінің артуына септігін тигізеді. Сондықтан, ғылыми техникалық прогрестен қалмай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу әрбір ұстаздың негізгі міндеті.

STEM бағдарламасы аясында оқушыларды шығармашылыққа баулу мақсатында үйірме жұмыстарын өткізіп, математика пәнінен қызығушылықтарын арттырғым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Г.Ногайбаева, С.Жумажанова «Развитие STEM – образования в мире и Казахстане»\\»Білімді ел – Образованная страна» №20 (57) 25.10.2016ж
2. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. - // Қазақстан мектебі, №4, 2008

Сүлеймен Ләззат Қалмаханбетқызы
Шымкент қаласы. №130 жалпы орта білім беретін мектептің
математика пәні мұғалімі

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Аннотация

Түйінді сөздер: инновациялық технологиялар

Бүгінгі басты мәселеміз – білім сапасы десек, осы білім сапасын арттырудың тиімді жолы – білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды пайдалану. Келешек қоғамымыздың мүшелері жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет.

Инновациялық технологияларды қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

- Оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді
- Тіл байлығын дамытады
- Өз ойын еркін жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді
- Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді
- Өз бетімен білім алатын, инновациялық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлға қалыптасады.

Аннотация.

Ключевые слова: инновационные технологии

Сегодня главная проблема – качество образования, но и настоящий эффективный путь повышения качества образования – использование инновационных технологий в системе образования. Формирование информационной культуры молодежи-членов будущего общества является главной задачей, стоящей перед обществом. Применение инновационных технологий приведет к следующим результатам:

* Позволяет учащимся свободно мыслить
* Развивает языковое богатство
* Учит свободно выражать свои мысли, всесторонне искать
* Повышает творческую активность, воспитывает солидарную работу в коллективе
* Формируется образованная личность, обучающаяся самостоятельно, хорошо владеющая инновационными технологиями.

Abstract.

Keywords:innovative technologies

Today, the main problem is the quality of education, but a real effective way to improve the quality of education is the use of innovative technologies in the education system. The formation of the information culture of young people-members of the future society is the main task facing society. The use of innovative technologies will lead to the following results:

* Allows learners to think freely
* Develops linguistic wealth
* Teaches you to freely express your thoughts, seek comprehensively
* Increases creativity, fosters solidarity work in a team
* An educated personality is being formed, learning independently, well-versed in innovative technologies.

Педагогикалық инновация - педагогикалық жүйедегі жаңашылдық. Ең алғаш "инновация" ұғымын қазақ тілінде анықтаған ғалым, профессор Н.Нұрахметов: "Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз - білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі" деген анықтаманы ұсынады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке жағдайлар жасау; оқытудың ииновациялық технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген болатын.

XX ғасырдың екінші жартысында инновация әлеуметтік өзгерістердің жалпы үрдістерінің сатысы ретінде қаралып, латын тілінінен аударғанда «жаңару», «өзгеру», ал ағылшын тілінен аударғанда «жаңашылдық», «жаңашыл», «бағалаушылар» деген ұғымды білдіреді.

Қай елде болмасын, балаға білім беру ісі орын алып, онымен арнайы шұғылданатын мамандарды ізденіске итермелеп отырған. Білім беру жүйесі қоғаммен бірге дамып үнемі өзгеріс үстінде болады. Заман өзгерген сайын білім беру жүйесінде қойылатын талап, ондағы оқыту және тәрбиелеу әдіс тәсілдері де

өзгереді. Қазіргі таңда білім беру үдерісінде кеңінен қолданылып жүрген бірнеше инновациялық технологияларды атап көрсетуге болады:

- проблемалық оқыту;
- дамыта оқыту;
- деңгейлеп оқыту;
- дәстүрлі оқыту;
- кейс-стади;
- сұрақ-жауап ойындары;
- цифрлық білім беру ресурстары.

Осы жоғарыдағы айтылған инновациялық технологиялардың бірі цифрлық білім беру жүйесіне тоқталсам, цифрлық білім беру контентін электрондық оқулықтар, компьютерлік ойындар, виртуалды жаттығу әдістері, ғылыми-әдістемелік зерттеулер құрайды.

Цифрлық білім беру міндеті:

Оқытушының сабаққа дайындығына көмек.

Оқытушының сабақ өткізу үрдісінде көмек.

Оқушының үй тапсырмасын орындауда көмек.

Цифрлық білім беру түрлері:

Демонстрациялық – оқушы тек бақылаушы ролінде болады. Интербелсенді (ақпараттық-іс-әрекеттік) – оқушы тек бақылап ғана қоймай, сабақ барысында ресурс сұрақтарына жауап іздеу, ресурс көмегімен практикалық және лабораториялық тапсырмаларды орындау, электронды анықтамалардан керегін іздеу, интербелсенді оқыту ойындарын ойнау, топтық жұмыс (мини-жобалар) орындау, ресурстың бағалау мүмкіндігіне ие болады. Жаңаша әдіс-тәсілдерді сабақта қолдану барысында көрсеткен нәтиже: балалардың оқуға қызығушылығы артады, іскерлік дағдысы, ойлау белсенділігі, тапқырлығы, өзіне деген сенімі қалыптасады, пікір таластыра білуді, ойын жүйелі түрде жеткізуді, зерделеу қабілетін дамытуды, салыстыру, байқағыштық қасиеттерін үйренеді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Білім беру жүйесіндегі инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы оқу материалдарын оқытуды бір жүйелікпен үздіксіз жүргізу, оқу-тәрбие үрдісінде оқытуда пәнаралық байланыстардың болуын қарастыру. Педагог жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану барысында өзін-өзі дамытады және қалыптастырады. Сонымен қатар өз сабағымда қолданылатын бағдарламаларымды атап айтып айтқым келеді.

1. Kahoot
2. Miro
3. Prezi.com
4. Zoom
5. Google документ

Осы бағдарламалардың оқушылар үшін маңызы өте зор, себебі бұл бағдарламаларды пайдалансақ, оқушы өзіннің қаншалықты тақырыпты түсінгендігін және өзін – өзі бағалауына мүмкіндік болады деп сенемін.

Әдебиеттер

1. Қуанбаева Б. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық шарттары: дисс. Пед. ғыл.канд. — Алматы, 2005. –137 бет.
2. Таубаева Ш. Т. Оқытуың қазіргі технологиялары //Бастауыш мектеп -1999.- № 4. — Б.5–12.
3. Таубаева Ш. Т., Лактионова С. Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. Алматы, 2001.
4. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
5. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.
6. «Технологии игры в обучении и развитии» М. 1996 Ж.С.Хайдаров. П.И.Пидкасистый.
7. «Интерактивное обучение: Новые подходы» М. 2005г

Жапенова Гульмира Сайрамбаевна
Шымкент қаласы, «А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназия» КММ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Бастауыш сынып оқушыларын оқытудың маңызды бағытының бірі - логикалық ойлау қабілетін дамыту. Осы процесс қазіргі таңда педагогика саласының өзекті мәселесі болып табылады, оған көптеген оқу бағдарламалары мен әдістемелік әдебиеттеріндегі зерттеулер дәлел.

Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаевтың сөзімен алсақ: «Ойлау жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта – ықыласы, құштарлығы болуы керек».

Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады.Сондықтан да мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады.
Дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп, ал ой қорытындыларының обьектив пікірлерге негізделетін процесі логикалық ойлау деп аталады.

Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады.

Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауының дамуы екі негізгі саты арқылы өтеді. I саты (1-2-сынып) оқушылары. Бұл жастағы оқушыларда ойлаудың қарапайым түрлері орын алады, яғни мұнда көрнекі әсер ету басым болады. Оқушыларға түрлі суреттер арқылы логикалық тапсырмалар ұсынамыз. Оқушылар осы суреттерге немесе оның баламаларына, бейнелеріне сүйенеді. Логикалық ойлау жүйесін дамытуда математика сабағының алатын орны ерекше, өйткені математика сабағының әрбір жұмысы ой-белсенділігін қажет етеді.

Математика пәніне байланысты мысалы: «Адасқан пішіндер», «Көлеңкесін тап!», «Заңдылықты жалғастыр!»,«Суретшінің қатесін тап!»,«Не бар? Не артық?» т.с. тапсырмаларды ұсынуға болады. Бұл тапсырмалар оқушыларда алғашқы ойлау дағдысын қалыптастырады.

II саты (3-4 сынып) оқушылары. Бұл жастағы оқушыларда ойлау сипаты өзгереді, яғни бұл кезеңде белгілі бір ұғымдар, олардың арасындағы негізгі қатынасты көрсету, ортақ белгілері бойынша ажырату, топтастыру секілді дағдыларды игереді. Мысалы: «Фигуралар санын анықта!», «Сиқырлы кесте»; «Сіріңкені қозға да, нәтижесін тап!»; «Адасқан таңбалар»; «Сиқырлы сандар» және логикалық ауызша есептерді ұсынуға болады. Сонымен қатар әр тапсырманы орындаған соң оқушылардан өз жауабын дәлелдеуді талап ету қажет. Себебі оқушылар өз ой-пікірін айтып және оны дәлелдеуді үйренеді, бір-бірінің қатесін ескере отырып, бағалау жұмыстарын жүргізеді.

Бастауыш сынып оқушыларының ойлануының өз ерекшеліктері бар. Дәл осы кезеңде алдыңғы көрнекі – бейнелі ойлану, сөйлеу-логикалық, түсініктеме түріне ауысады. Сондықтан бастауыш сыныптарда оқушылардың логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру өте маңызды. Бастауыш сынып оқушылары үнемі логикалық тапсырмаларды орындау арқылы, өздерінің логикалық ойлау қабілетін дамыта алады.

Логикалық тапсырмалар оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда да үлкен маңызға ие. Себебі оқушының логикалық ойлауы ой әрекетінде, білімді меңгеру, тіл үйрену үстінде қарқынды дамиды. Оқушылардың ақыл-ой белсенділігін дамыту олардың тұлға ретінде жетілуінің маңызды саласы болып табылады. Сондықтан оқушылардың шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында ойлау дағдыларын жүзеге асыру тәсілдеріне үйрету қажет. Әсіресе, оқушыларға тапсырмалар бергенде таңдауға, жинақтауға, салыстыруға, топтауға арналған тапсырмалар логикалық ойлауын дамытатындай болуы керек.Мысалы, сөздік-логикалық ойлаудың дамуына мынандай жаттығулар көмектеседі: «Артығын тап!» (тақырыпқа сай сөздерді, суреттерді немесе заттарды анықтау, артық сөзді ажырату). Бұл тапсырманы қазақ тілі, дүниетану сабақтарында сабақты бекітуде немесе қайталау кезінде қолдануға болады. «Адасқан әріптер» (орны ауысқан әріптерден сөз құрау). Бұл тапсырма сабақтың жаңа тақырыбын анықтауда және өзге тілдерді меңгеруіне, оқушылардың сөздік қорларын толықтыруда өте тиімді. Ойлаудың талдау және жинақтау дағдыларын дамыту үшін «Жинақта!»тапсырмасы тиімді. Ұсынылған сөздерге жалпылама сөз немесе сөз тіркесін атайды. Сонымен қатар ойлау дағдысын дамытатын тәсілдерді ойын түрінде қолдануға болады. Мысалы: «Ұқсастық пен айырмашылық». (әртүрлі заттар мен ұғымдарды салыстыру, айырмашылықтарын ажырату, ортақ белгілерін айқындау) «Құпия қобдиша». (қобдишаның ішіне бір суретті сала отырып, бір оқушыға сол суреттің атын атамай, басқа оқушыларға суретке сай сипаттама жүргізу тапсырылады, оқушылар сипатталған суреттің атын атайды.) «Қызықты сөйлем». Өзара байланыспайтын 3 сөз немесе суреттер алынады. Мыс, «зымыран», «мұражай», «қоян». Осы сөздерден сөйлем құрау қажет. Жауап қарапайым (Қоян зымыранмен

мұражайға барды) немесе күрделі болуы мүмкін. Соңынан ұнаған жауаптар талданады. Шығармашылықпен жазылған сөйлемдер мадақталады. Бұл тапсырманы орындау кезінде оқушылардың ой-қиялдары дамып, сөздік қорлары молаяды.

Жаңа буын оқулықтарында бастауыш математикалық білім мазмұнының мүмкін деңгейін қамтамасыз ету мақсатында ұсынылып отырған жаттығулар ерекше назар аудартады. Олар бір сарынды іс-әрекеттер орындаудан бас тарта отырып, өзгермелі әр түрлі бағыттағы ізденістер тудыру арқылы оқушыны шығармашылық әрекет жағдайына енгізуге мүмкіндік жасайды. Шығарамашылық жаттығулар ұсынылғанда, оқушының алдында мақсатқа өзіне мәлім әрекет тәсілімен жете алмайтын проблемалық жағдаят пайда болып, ол оқушының интеллектуалдық қиналуын туғызуы мүмкін. Осының барысында оқушы жаңа әрекет тәсілін іздестіру бағытындағы шығармашылық сипаттағы іс -әрекеттер орындауға талпынады.Осы тұрғыдан алғанда математикалық жаттығуларды, біздің пікірімізше, шығармашылық жаттығулар деп атаған орынды сияқты.Шығармашылық жаттығу – бұл нақты мәні берілмеген, есепті шартты математикалық заңдылықтар арқылы орындау.

Шығармашылық тапсырмалар оқушылардың жаңа бір нәрсені ашуы, яғни оқушы өзін белгілі бір жаңалықтардың авторы ретінде сезінеді. Бұл оған белгілі бір пән төңірегіндегі қызығушылығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Яғни, оқушыны өзіне тарта, баули түседі.Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған стандартты емес тапсырмаларды шығармашылық жаттығулар деп атаймыз. Сондықтан шығармашылық жаттығуды ұдайы жүргізе отырып біз оқушылардың тек пәнге деген қызығушылығын ғана емес, логикалық ойлауын да дамыта аламыз..Оларды жеңіл, бірыңғай жаттығулар орындау жалықтырады. Сондықтан мұғалім оқушыларға міндетті емес тапсырмаларды үнемі орындатып отыруы тиіс.

Логикалық ойындар оқушылардың ой — өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойындар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Оқушылар ойын ойнау барысында үйренген сөздерін айтып қана қоймай, оның қандай мағынада қолданылатынын да біледі. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді.

Оқушыларға логикалық тапсырмаларды орындатудың тиімділігі:

– логикалық тапсырмалар оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырады;
– оқушылар жылдамдыққа үйренеді;
– төмен деңгейдегі оқушылар үздік нәтиже көрсете бастайды;
– оқушылар өз пікірін білдіріп, дәлелдеуге үйренеді;
– оқуышылар өз қатесін білді және өзін-өзі бағалады және бірін-бірі бағалайды;
– шығармашылық жұмыстарға бейімделеді;

Оқушы тұлға болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы мәселені анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге, жалпы алғанда жеке адамның құзіреттіліктері қалыптасуы қажет. Осы айтылған қасиеттердің бәріне түрлі логикалық тапсырмаларды ұсыну арқылы жетуге болады. Сол себептен білімнің негізі – бастауыш сынып болғандықтан, мұғалімдердің логикалық тапсырмаларды өз сабақтарында тиімді қолдануы қажетті деп ойлаймын. Себебі логикалық есептерді шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының ойлау әдіс-айлаларының, шығармашылық қабілеттерінің, интеллект, білім деңгейлерінің өсуіне маңызы зор.Логикалық ойлауды білген бала ойы да, ісі де нақты, жүйелі болып келеді. Әр әрекетін логикалық ойлау арқылы жүзеге асыра білген оқушы барлық пәндерден табысқа жетеді. Оқыту үрдісінде логикалық тапсырмаларды тиімді дер кезінде ұсына алсақ қоғам талап етіп отырған шығармашылық қабілеті жоғары, логикалық ойлау жүйесі дамыған және өз ойын жүйелі де ашық айта алатын, өмірге белсене араласатын тұлға қалыптасары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. Білім 1996ж
2.Қ.Б. Жарықбаев Жантану негіздері. 2002ж
3. Сейтқалиев Қ. Жалпы психология. Оқу құралы. Білім 2007ж

Аташ Рахима Ортайқызы
Шымкент қаласы, «А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназия» КММ

«БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ»

Білім беру үрдісінде ұстаз да, шәкірт те жеке тұлға болып қарастыры-латын болды. Жеке тұлғаға жету үшін әр оқушының қабілетін танып, біліп, дамытып, шыңдап, жөн сілтеп, адам дәрежесіне келтіру керек. Демек, оқыту-дың жаңа технологияларын пайдалана отырып, білім сапасын арттыру, мазмұнын байыту, оқу үрдісін жетілдіру, жан-жақты дамыған, рухани дүниесі бай жас ұрпақты тәрбиелеу – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Бұның өзі оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау, даму, тәрбиелеу, әр баланың қабілетін, дарынын ашу мұғалімдер қауымына зор міндеттер жүктейді.

Бұрын оқу үрдісінде мұғалім басты роль атқарған болса, қазір оқушының белсенділік көрсететін кезі туды. Сабақ мұғалімнің емес, оқушының іс-әрекетімен бағаланады. Қазіргі заманда нені оқыту емес, қалай оқыту маңыздырақ болып отыр. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Технологияның негізін қалаушылар американдық ғалымдар Чарльз Темпл, Джон Дьюи, Мередит. Кезінде жоба ретінде ұсынылып, көпшіліктің қолдауын тапқан бұл технологияда Выготский, Пиаже, Эльконин-Давыдовтардың, басқа да ғалымдардың еңбектерінің ең құнды идеялары көрініс тауып, бір жерге тоғысып, біріктірілген.

Бірнеше жылдан бері ағарту саласында жұмыс істеп келемін. Сонда байқағаным, олар өз ойларын толық жеткізуде қиналатындықтары. Мен енді тіл дамыту жұмысына көп көңіл бөле бастадым. Осы жерде маған көмекке сын тұрғысынан ойлау (СТО) жобасы келді.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. ТәжірибеніжүйегекелтіргенДжинни Л. Ситл, Куртис С. Мередит, Чарльз Темпл. Жобаныңнегізгі Ж. Пиаже, Л.С. Выготский теорияларынбасшылыққаалады.

Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізде Джордж Соростың ашық қоғам институты, «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады.

«Сыни тұрғысынан ойлау» ұғымын белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Сын тұрғысынан ойлау деңгейіндегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Сын тұрғысынан ойлау жобасының әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес. Дәстүрлі білім беру кезіндегі оқушыны сын тұрғысынан ойлайтын оқушымен салыстырғанда нәтижесі жақсы болды.

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Бүгінгі баяндамамды «Диалогтік әдіс пен топтық жұмыстың тиімділігіне» тоқталып кетпекпін. «Неліктен?» бұл тақырып таңдалынып отыр немесе қазіргі таңда оқу үдерісінде диалогтік және топтық жұмысқа аса мән беріліп отыр деген сұрақтарға жауап беретін болсақ, Әбілдә Тәжібаевтың сөзімен айтар болсақ *«Диалог – тек алма – кезек сөйлеу емес, ойдың соғысы, ой мен ойдың жалындауы, мінез бен мінездің найзаласуы, идея мен идеясының қылыштасуы».* Сонымен қатар, диалогсіз білім беру мен білім алу мүмкін емес. Ғылыми зерттеу нәтижелерінде сабақта «диалогтік әдіс пен топтық жұмыстың маңыздылығын көрсетті». Ағылшын ғалымдары Мерсер мен Литлтон, 2007 *«Диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосады».*

- Сіздерге бір мысал келтірейін. Мұғалімнің сұрағы, Дүниежүзінде қанша мұхит бар?
- Оқушының жауабы «4»
- Мұғалімнің жауабы «дұрыс» . Бұл жетілмеген диалогтың көрінісі. Сіздер «неге?» деген сұрақ туындап отырған шығар!.

Біріншіден, бұл сұрақ барлық оқушының назарын аударатындай деңгейқойылған жоқ. Екіншіден, бұл сұраққа, бұл сұрақтың жауабын білетін оқушы немесе осы пәнді жақсы көретін оқушы ғана жауап берді. Оқушы «4» деп жауап бергеннен кейін, мұғалімнің кейінгі әрекеті «дұрыс» деп, арақарай үшіншіден диалогты өрбіткен жоқ. Осы тұста, сұрақты дұрыс қоя білу маңызды дағдылардың бірі болып табылады.

Оқушылардың білім алуын қолдау үшін, сұрақ қоюдың техникаларын жетілдіруді меңгерген жөн. Сұрақ қоюдың техникасының 3 түрі болады.

- Түрткі болу
- Қайта бағыттау
- Сынақтан өткізу

Осы сұрақ қоюдың технологиясына жетік тоқталсақ бірінші, «Түрткі болу». Біз оқушыларға сұрақ қоямыз да, олардан дұрыс жауап ала алмаған жағдайда оларға көмектеспек ниетпен дұрыс жолды сілтейміз немесе дұрыс жауапты өзіміз айтуға тырысамыз. Осы тұста түрткі болатын техника арқылы оқу-шылардан «Сіздер қалай ойлайсыздар?» немесе өткенді еске түсіру арқылы оқушылардың ойын түртіп, оқушылардан дұрыс жауап алуға жетелеуіміз керек. Екінші сұрақ қоюдың «Қайта бағыттау» техникасы ол, қандай техника? Осыған келіп тоқталсақ, біз бір сұрақты қойғаннан кейін 2 – 3 оқушыдан жауап аламыз да, сол жерден сұрақты тоқтатып тастаймыз. Яғни, диалогті. Енді осы тұста бір сұрақты бірнеше оқушыға қайта – қайта бағыттап «Сіз қалай ойлайсыз?, Сіздің пікірлеріңіз қандай? Ал, сіздің пікіріңіз ше?» деп бір сұрақты бірнеше оқушыға қайта бағыттап, оларды еркін диалогке шақыру. Еркін диалогке шақыру арқылы оқушыларды біздер еркін сөйлеуге, өз ойын, пікірін ашық айтуға жетелейміз.

Жалпы осы сұраққа осылай жауап берсем дұрыс болар ма? екен деген күдіктен арылтуға мүмкіндік береді. Үшінші сұрақ қоюдың техникасы «Сынақтан өткізу». Сынақтан өткізудің техникасы ол оқушыларды нақты білім алып, сол білім деңгейінде ойларын арықарай өрбітуге мүмкіндік береді. Мысалға, сіз осымен келісесіз бе? Сіз бұны басқаша қалай атар едіңіз? Тағы да қандай жолдары бар? деген сынды диалогті ары қарай өрбітіп, оқушыларды жоғарғы деңгейде жетелеу болып табылады. Сұрақ қоюдың техникалары осы.

Енді топтық жұмысты ұйымдастыру жолына тоқталсақ. Барлықтар-ымызда кездесетін жағдай, топтық жұмысқа белсендіоқушы қатысуы мүмкін. Осы пәнді жақсы көретін оқушы қатысуы мүмкін. Ал, қалған оқушылар, басқа оқушылардың көлеңкесінде қалып қоюы мүмкін. Осы жағдайлардың алдын алу үшін ең бірінші топтық ережесін құрып алғаны дұрыс.Топтық ереже құрғанда ол топқа бөлу әдісі бойынша топ – топқа бөліп, топтың ережесінде бізде қалыптасқан дағдылардың бірі ең жақсы құрылған топтың ережесін алып қана қоймай, тиянақсыз құрылған топтық жұмыстарда ережеденде біз 1 – 2 тармақ болса да, алып ортақ сыныптың топтық ережесін құруымыз керек. Себебі, біз бір топтың ғана ережесін алатын болсақ, бұл тұста басқа топтың оқушылары осы топтық ережеге бағынбауы мүмкін. Осыны ескерген жөн болар. Екінші топқа бөлгенде жас ерекшелігіне сай қызықты болуы керек. Үшіншіден, топқа бөлгеннен кейін, оқушылар топтық ролді атқара алуы керек. Топтық жұмыстағы ролдер 5 – ке бөлінеді.

1. Топ басшы
2. Уақыт шектеуші
3. Хатшы
4. Бақылаушы
5. Баяндаушы

Осы 5 ролдің өзіндік атқаратын қызметі бар. Бірінші, «Топ басшы» бір топта 2 белсенді оқушы немесе мазасыз оқушы, орта деңгейде оқитын оқушы кездесіп қалуы мүмкін. Осындай жағдайда оқушылардың әділдік арасындағы, тәртіпті бақылап отырады және топтың соңғы нәтижесін еске салып, топтың идеясын беріп ұйымдастырып отыратын ол топ басшы. Екінші, бізде тұрған бақылаушы. Бақылаушы әрбір роль осы 5 ролді дұрыс атқарылып жатыр ма? осыны бақылап, қадағалап отырады. Топтық жұмысқа өзінің идеясын беру керек. Үшінші, бізде тұрған хатшы. Бір топта 5 – 6 оқушы болса, олар әртүрлі пікірлер айтады. Сол мақұлдаған ақпараттарды, пікірлерді қағаз бетіне жазыпотыратын хатшы және топқа өзіндік идеясын қосу керек.

Уақыт шектеуші – әрине уақытты шектейді. Топқа берілген тапсырманың деңгейіне қарай уақытылы жұмыс жасауға, оқушыларды дағдыландырған дұрыс. Себебі, бір топ уақытылы жұмыс жасап, екінші топ топтық жұмысты қазір ғана бастап жатқан болса, бірінші топ екінші топты күтіп отырғанша олардың қызығушылығы төмендеп кетеді. Осыны да ескергеніміз жөн.

Ең соңғы бізде «Баяндаушы». Ол ортаға шығып, топтық жұмысты баяндайды, қорғайды және де топтың жұмысына өзіндік идеясы мен пікірін ұсынады. Біз топты осындай ролдерге бөлсек, әрбір оқушы сабаққа қатыса алады және көлеңкеде қалып қойғаноқушы болмайды. Сонымен қатар, топтық жұмысты осы ролдерге қалай бөлеміз? Бұл тұста оқушылардан өзіне таңдауына мүмкіндік берген жөн. Себебі, біз ролді бөліп берсек, ол оқушы таңдалынып тұрмын деп ойлап қалуы мүмкін немесе сіздің беріп тұрған роліңіз ұнамауы мүмкін. Осы тұста осыны да ескергеніміз жөн. Бұл жерде белсенді оқушы да орта деңгейде оқитын оқушы да, жақсы оқитын оқушы да, мазасыз оқушы да 5 түрлі ролде ойнай біліп, 5 түрлі қырынан ашылуы керек. Яғни, хатшы бола отырып, жазу дағдысын меңгерсе, топ басшы бола отырып, ұйымдастыру дағдысын иемденсе, бақылаушы бола отырып, басқа оқушылардан өзін салыстыра отырып олардың қасиетін, қабілетіне қарай отырып, өзін – өзі реттеуге дағдыланса, сонымен қатар бұл жерде баяндаушы ролін атқара отырып, ортаға шығып, аудиторияны меңгеріп, өз ойын, пікірін ашып, еркін жеткізуге жетелейді.

Әдебиеттер:

1. Ж.Аймауытов. «Тәрбиеге жетекші», Орынбор 1924ж
2. Ш.Беркімбаева, А.Құсайынов, А.Рысбаева, М.Бұлақбаева. Жоғары мектеп педагогикасы – 2009ж.
3. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2011ж.

4. Б.Айтмамбетова «Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері», Алматы 1991ж.
5. Г.Сайынқызы. «Тамшы сөздер мен қамшы сөздар», Алматы 2005ж.
6. «Білім шапағаты» қоғамдық- педагогикалық газеті.
7. «Білім технологиялары» журналы, 2006ж.

Жәмбет Мереке Қашқынбекқызы
Шымкент қаласы,«А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназия» КММ
бастауыш сынып мұғалімі

«ҚЫЗҒАЛДАҚ ПЕН АЛМА – ТАБИҒИ ҚҰНДЫЛЫҚ»

Кең байтақ қазақ даласының қойнауы табиғи байлықтарға, өсімдіктер мен жеміс- жидектерге бай. Соның бірі – көктем шыға көздің жауын алып, қырларда құлпырып, жайнайтын қызғалдақ гүлі мен алма жемісі. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» деп аталатын мақаласы 21.11.2018 жылы Егемен Қазақстан газетінде жарық көрді. Қызғалдақ – лалагүлдер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін пиязшықты өсімдік. Сұрпы мен түріне қарай қызғалдақтың гүлдеу мерзімдері де әртүрлі. Наурыз – мамыр айларында гүл ашады. Оның биіктігі 10 см – ден аспайтын аласа бойлы түрлері ерте көктемде гүлдейді. Ал «Рембрант қызғалдағы» сияқты биік өсетін түрі маусым айының ортасына таман гүлдейді. «Тюльпан негізінен» түрік сөзі, бас киім деген ұғымды білдіреді. Түріктерде «Тюрбан» деп аталатын қызғалдаққа ұқсас бас киім бар екен. Бүгінде жер жүзінде қызғалдақтың 3 мыңнан астам түрі бар. Қазақстан табиғатында қызғалдақтың 35 түрі бар. Осы себепті де Қазақстан – қызғалдақтың отаны болып саналады. Қызғалдақ өсімдігі ылғалды сүймейді. Жерімізде өсетін қызғалдақтардың өте сирек кездесетін 18 түрі (Альберт қызғалдағы, Борщов қызғалдағы, Грейг қызғалдағы, Кауфман қызғалдағы, Шренк қызғалдағы, т.б.) қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Елбасының Жарлығымен Алатау бөктерінен 410 мың гектар жерді бөліп, ұлттық саябақ ашқызды. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың қоршаған ортаны қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөлетінін атап айтқым келеді. 2015 жылы Голландияда алынған жаңа сұрыпқа Президент Назарбаев есімі берілді. Голландықтар бірінші болып Қазақстанға, Елбасыға осылай құрмет көрсетті. Қазақ қолөнерінде де қызғалдақ бейнесі көп бұйымдарда бедерленген. Олар: ер –тұрман жабдықтары, тері белдік тоғалары, сақина, білезік, қамзол қапсырмалары, ағаштан жасалған жиһаздар. Өсімдік пен гүл пішіндері кестелерде де, сырмақ, текемет, кілем, алашаларда да бар. Құлпытастарда да қызғалдақ суреттері салынып, ол адам өмірінің өтпелі екендігін бейнеледі. Мұсылмандар қызғалдақты жұмақ гүліне балайды. Алманы көбейту кейде ұластыру арқылы да жүргізіледі. Қазақстанда алманың 40 – тан астам сорттары аудандастырылған, оның 20 - сын (Салтанат, Іле, Алатау шапағы, Алматы т. б.) қазақ селекционерлері өсіріп шығарған. Алма
жемісі тасымалдауға, сақтауға жарамды, тағамдықзаттарға бай, дәмді келеді, әрі жақсы өңделеді. Алманың жершарында 36 түрі бар. Қазақстанда алманың «апорт», «сиверс», «недзвецкий», қырғыз алмас ыөседі. Алманың отаны — Орталық Азия. Сұрпына қарай, алманың өмір сүру ұзақтығы да әртүрлі. Олар 20 жылдан 100 жылға дейін өсе беруі мүмкін. Алма ағашы еккен сәттен бастап гүлдемейді, оны отырғызған соң 3 - 12 жыл ішінде жеміс бере бастайды. Сонымен қатар, оның жаздық, күздік, қыстық сұрыптары болады. Яғни, қысқы сорттары жылдың суық мезгілінде де алмасын бере алады. Алма ағашының сұрыптарына қарай өмір сүру ұзақтығы 20 - 100 жыл, биіктігі 3 - 10 м аралығында жеміс береді. Жаздық, күздік, қыстық сұрыптары болады. Жаздық сұрыптары еккеннен кейін 3 - 4 жылдан соң жеміс бере бастайды. Толық жеміс беру мезгілі 15 - 20 жыл. Ал, 30 - 35 жыл өткен соң мұндай сұрыптардың жеміс беруі нашарлай бастайды. Жаздық, күздік, қыстық сұрыптарды іріктеп алу тәртібін орындамау, қандай да болсын бір түрін көбейтіп жіберу – әсіресе, өнімді жинаған, сақтаған, өңдеген кезде көптеген қиыншылықтар туғызады. Бақшада мейлінше көп сақталатын қыстық сұрыптарға едәуір орын берілгені дұрыс. Алма құрамында 83 — 88 % су, 7, 5 — 16 % қант, 0, 2 — 0. 8 % қышқыл, 9, 5 — 18, 5 % құрғақ қалдық, 0, 28 — 1, 0 % илік заттар, А, В1, В2, В6, С, РР дәрумендері, көптеген минералды заттар бар. «Күнде кешкісін бір алма жесеңіз, дәрігер қажет емес», – деген мақал алманың қаншалықты пайдалы екендігін білдіреді. Сонымен қатар, алма шырыны адам ағзасын ауыр металдардан тазартуға, қан бұзылу және жүрек ауруларын емдеуге қолданылады. Алма жемісі тасымалдауға, сақтауға жарамды. Алма жемісінен шырын, тосап, компот, джем, қақ жасалады. Сондай - ақтамақ, кондитер және иіс су өнеркәсібінде қолданады. Алманы күнделікті тағамға, салаттарға қосып пайдаланады.

Шырынынан шарап, сусын дайындалады, жемісін емдік дәрі ретінде де, адам ағзасын ауыр металл заттардан тазалауға, қан бұзылу және жүрек ауруларын емдеуге қолданады. Алманың зиянкестері: алма жегіші, алма биті, шиебіз тұмсығы, гүлжегіш. Адамдардың тамаққа қолданатын жемістерінің 4/5 – бөлігі – алмалар. Оны ежелден ем – дәмдік тағам ретінде және ас қорытуы бұзылуын реттейтін амал ретінде қолданған. Дәрумен жетіспегенде, безгекке қарсы да жеген. Алма тәнге күш беріп, ағзаның әртүрлі аурулармен күресуіне көмектеседі. Сырқатқа шалдыққандарға да, сау адамдарға да алманы жеу
пайдалы. Алматы апортына жеке тоқталып кетуге болады. Алманың бір сорты - Алматы апорты. 19 ғ – дың аяғында Воронеж губ - нан (Ресей) әкелінген апорты жергілікті алма сортымен будандастыру арқылы шығарылған. Жемісінің салмағы 350 г, шырынды, түсі қанық қызыл, дәмі сәлқышқылтым әрі тәтті, ерекше хош иісті. Негізінен алманың жаздық, күздік, қыстық сорттары бар. Мамандардың айтуынша, жақсы алманың құрамында 83 - 88 % су, 7, 5 - 16 % қант, 0, 2 - 0. 8 % қышқыл, 9, 5 - 18, 5 % құрғақ қалдық, 0, 28 - 1, 0 % илік заттар, А, В1, В2, В6, С, РР дәрумендері, көптеген минералды заттар болады екен. Ал, біз айтып отырған апорт — кеш пісетін түрге жатады, қыркүйек айларында ғана пісіп жетіледі. Кеш піскендіктен қыста жақсы сақталады. Апорт - Алматы облысының Еңбекші қазақ, Талғар, Қарасай аудандарында өседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Маңғыстау энциклопедиясы, Алматы, 1997;
2. Табылдиев Ә. «Қызғалдақтар». Алматы, 1990;

Қындыбаева Жанна Раушанбековна
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы
Қызылорда медициналық жоғары колледжінің тарих пәнінің оқытушысы

АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ ОҚУЛЫҒЫНЫҢ (10 СЫНЫП ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТ) МАЗМҰНДЫҚ СИПАТЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Еліміздің арнайы білім беру мекемелеріне арналған бағдарлама бойынша география пәнін оқыту,білім беру ресурстары,ондағы қолданылатын әдіс-тәсілдер, оқулықтағы тың мәселелер,жаңа технологиялар,ақпараттық көздер мүмкіндіктерді кеңейтуге арналған ақпараттар жүргізіледі.Пән бойынша материалдар олардың оқулықтағы маңызы мен ғана шетеліп қоймай,білім алушыларды тәрбиелік,патриоттық,эстетикалық, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген,бәсекеге қабілетті маманды дайындап шығару жұмыстарын жасау,олардың ой саналарын жақсы жаңа өзгерту,жаңа технологияға сай білім беру ресурстарын қолданып,оқытудағы әдіс тәсілдер жүзеге асырылады.

По программе для специальных образовательных учреждений страны ведется изучение географии,образовательных ресурсов,используемых в ней методов и приемов, новых проблем в учебнике,новых технологий,информационных источников.Материалы по дисциплине должны отражать не только их значение в учебнике, но и воспитательные, патриотические, эстетические, свободно выражающие свои мысли, обладающие высшим образованием, национальным языком, работа по подготовке конкурентоспособных специалистов,владеющих историей,изменение их мышления,использование образовательных ресурсов в соответствии с новыми технологиями.

According to the program for special educational institutions of the country,geography,educational resources, methods and techniques used in it,new problems in the textbook,new technologies, and information sources are studied.Materials on the discipline should reflect not only their meaning in the
textbook, but also educational, patriotic, aesthetic, freely expressing their thoughts, having higher education, national language, work on training competitive specialists who know history, changing their thinking,using educational resources in accordance with new technologies.

Жалпы қазіргі замандағы білім берудің негізгі мақсаты — еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен

қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындау. Білім алушыларға өте маңызды, мазмұндық сипаты бойынша оқулықтар мектеп бағдарламасының 10 сынып оқулығының әр түрлі бағыттары бойынша ұсынылады.Арнайы білім беру мекемелеріне география оқулығы мазмұны бойынша білім алушыларға патриоттық,тәрбиелік мәнімен де ерекшеленеді.Оқулықтағы әр бөлімдер білім алушыларға кеңінен патриоттық сезімін оятуға,оларды экономикалық-экологиялық ,эститикалық жағынан тәрбиелеуге көмектеседі.Оқулықты қарастыра отырып білім алушылар бойына кеңінен тәрбиелік қағидаттарды,пәнмен бірге үйрету,олардың өмірде қолдануына көмектесу.

Әр бөлім бойынша қарастырып қарасақ оқулықтағы 3 бөлім “Табиғатты пайдалану және геоэкология”бөлімі білім алушыларға табиғат,ондағы құбылыстар географиялық терминдермен ғана шектеліп қоймай,ондағы табиғатты қорғау,табиғаттағы сарқылмайтын ресурстар ондағы кен байлықтардың ұрпақтан-ұрпаққа сақталуын жетуін қамтамасыз ету , табиғатың адам өміріндегі орнын,экология табиғатты қорғау шаралары жайлы кеңінен түсінік береді.Қазіргі кезеңдегі табиғатты қорғау мен тиімді пайдаланутабиғи ресурстарды қорғау мен сақтау,қоршаған ортаның дамуына қатысты мәселелер географияның экологиямен ұшасуына алып келеді.Табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесуінің ғаламдық мәселелері халықаралық ынтымақтастықты қажет етеді.Біз оқулық арқылы табиғатты географиялық жағынан ғана емес,тәрбиелік мәнін ұштастыра оқытуымыз қажет.

Сонымен қатар табиғат бөлімінде ластану тақырыбы,ормандардың жойылуы,топырақтың бұзылуы,шөлейттену елімізде үлкен экологиялық проблемалардың қатарында болып табылады,біздің бұл тарауларда білім алушыларға еліміздегі ластану аймағы басым аумақтар,олардың алдын алу жолдарын қарастыра отырып,экологиялық тұрғыдан студенттерге тәрбиелік мәнін түсіндіру,өндіріс орындары ондағы улы химиялық қалдықтар радиоактивті заттардың адам өміріндегі әсерін талқылап оларға экологиялық тәрбие санасын ояту .Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабында былай делінген:‘Мемлекет: адамның өмір суруі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғауды мақсат етіп қояды.Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады”.

Бүгінгі күні әрбір адамның салауатты табиғи ортаға құқығы мынадай мәселелерді қамтиды:

· халықаралық және ұлттық стандарттарға сай келетін салауатты табиғи ортада өмір сүрудің шынайы мүмкіндіктеріне қол жеткізуге;

· экологиялық қауіпсіздікке байланысты шешімді дайындауға,талқылауға және қабылдауға қатысу,қоршаған табиғи ортаның жай –күйі туралы тиісті ақпараттар алуға;

· Қоршаған ортаның ластануы нәтижесінен адам денсаулығына келтірілген зиянды мемлекеттің өтеу құқығына ие бола алады.делінген 10 сынып география оқулығында,яғни оқулықта білім алушыларға тек география тұрғысынан қарастырмай,еліміздің ата-заңынан мысалдаркелтіре отырып,елімізді көркейтуге,экологиялық қоршаған ортаны қорғау,салауаттылықты табиғи ортаны сақтауды,денсаулықты сақтау,адам өмірі табиғат пен тікелей байланысты екенін түсіндірілген.Әрбір білім алушы өз бойына әр тарауда өтілген тақырыптарды пән бойынша тәрбиелік бойынша ,оқып олардың мәнін түсініп ,өз өмірінде қолданса,оларды келешек ұрпаққа дәріптесе.

Келесі бөлім бізде Геоэкономика бөлімі,бұл бөлімнің мақсаты экономикалық көрсеткіштер арқылы ғаламды танып білу,экономикалық қатынастар жүйесі,халықаралық экономикалық құрылым,мемлекеттердің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру .Бұл бөлімді тәрбиелік мәнімен қарастыра отырып,еліміздегі экономика білім саласы жүйесін қамтамасыз ету, нарық,экономика,тауар деген терминдерге географиялық қана емес жалпы мағынада қолданылып үйретіледі.Геоэкономика бөлімі еліміздегі өзара экономикалық қатынас түрлерін,олардың ерекшеліктерін сандық сапалық жағынан қарастырып,білім алушылар бойына кеңінен ел ондағы экономика,байланыстар халықаралық жағдайлар деген сынды түсініктерді сіңіреді, ел болуға,елдегі ішкі сыртқы жағдайдарға арласуға ,бәсекеге қабілетті ел болуға көріп білуге шақырады.Дүниежүзі елдерінің шарушалық құрылымы өндіріс орындағы,отын,шикізат,экспорт импорт терминдеріне осы бөлімдерде кеңінен тоқталамыз,ондағы елдегі жағдай ауылшаруашылығының индустриалды постиндустриалды елдер,өз еліміз бойынша және шет ел мемлекеттерімен шаруашылық саалаларын салыстыра отырып,еліміздің хал ақуалын қарастыра отырып,білім алушылар бойына еліміздің шаруашылығын ,экономикасын көтеру мақсатында,талқылаулар жүргіземіз.Дамыған елдердің негізгі бәсекеге қабіліттілігін ғылыми білім мен жоғарғы деңгейдегі мамандар құрайды,сол себепті бұл бөлімде білімнің басты қызмет атқаратынын түсіндіре отырып,білім алушыларға сапалы да көрсеткішті білім беру,білім алушыларға қазіргі таңда барлық жағдайлар жасалғанын,қазіргі таңда бәрі қолжетімді екенін түсіндіріп,мүмкіндіктерінің кең екенін түсіндіре отырып,білім алушыларды оқуға елін сүюге жан-жақты дамытуға баулу.Еліміздегіжұмыссыздықтың алдын алу,еңбекпен қамту,жұмысқа орналастыру,еліміздің дамуына үлесін қосуға,патриоттық сана сезімінің оятуына жағдай жасау.Бұл бөлім бойынша шет ел мемлекеттері мен

өзіміздің еліміздің стратегиялық жоспарлары жайлы,талқылаулар жүргізіп,елдегі 2050 даму стратегиясының мәнін ашу,ондағы жүйелі реформалар,білім беру жүйесі ,кәсіпкерлікті дамыту,әлеуметтік саясат,кадрлар дайындау,жаңа қазақстандық патриотизм көпұлтты мемлекеттілігімізді,дәріптеу олардың тәрбиелік мәнін шыңдау.

Оқу мәнін ашу мақсатында әр бөлім білім алушылар географиялық тұрғыдан ғана емес,тәрбиелік патриоттық,экологиялық ,эстетикалық жағынан кең мағынада қарастыра білім беру. Оқулықтағы әр бөлімде студенттермен жасалынатын теориялық ,практикалық жұмыстардың маңызы зор,ондағы жасалынатын жұмыстар білім алушыларға түрліше ойлануға,олардың ойын кеңінен айтуға,патриоттық білімдерінің кеңеюіне жол ашуға көмектесу.

Арнайы мекемелерде білім беру мақсаты — қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту, білім алушыларды сан-қырынан дамыту,әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу, педагог мамандығының беделін көтеру, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Арнайы білім беру мекемелерінде жаңа білім парадигмасы білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін-өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті, функционалды сауатты жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Қолданылаған әдебиеттер тізімі:

1.Закона Республики Казахстан «Об образовании» OECD. Executive summary // Higher Education in Kazakhstan 2017. — Paris: OECD Publishing, 2017. — P. 15—17.

2. 10 сынып географиясы,қоғамдық-гуманитарлық бағыт.К.Каймулдинова,С.Әбілжәмәніовна,А.Саипов Алматы «МЕКТЕП» 2019

3. «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинақ – «Ақпараттық – талдау орталығы» АҚ: Астана, 2018. - 336 бет

Бердалы Лаура
Қазақ Гуманитарлық Заң колледжінің география пәні мұғалімі,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

САРАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінің ең басты міндеті-білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу. Оқыту процесінің бірінші қызметі оқушыларға білім беру , екінші қызметі тәрбие беру , үшінші қызметі дамыту. Ал оқыту технологияларының бірі -деңгейлеп саралап оқыту технологиясы. Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып , білім алуына жағдай жасап , мүмкіндік береді. Деңгейлеп оқыту әр-түрлі кабілетті балаларға бірдей зейін аударып , олармен саралап жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында білім игерудің негізгі үш деңгейі қарастырылған : ең төменгі деңгей(базалық минималды) , бағдарламалық , күрделенген деңгей . Соның ішіндегі базалық деңгей – мемлекеттік стандарт бойынша анықталған ең төменгі шек. Сондықтан оны әрбір оқушы меңгеруі тиіс. Бұл деңгей оқушыға өзінің қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып , уақытымен күшін дұрыс пайдалуына мүмкіндік береді. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді. Профессор Ж. Қараевтың деңгейлеп - саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс - әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылады. Саралап оқыту әрекеті - білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады. Бастауыш мектеп кезеңіндегі оқу әрекеті В. Давыдов, Л. Занков, Ш. Амонашвили, т.б. зерттеулерінде карастырылады. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;

2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Міндеттері:

Ақпараттық және деңгейлеп оқыту технологиясының тиімді әдістерін пайдалану арқылы білімге деген қызығушылығын арттырып, танымдық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау. Деңгейлеп оқыту технологиясын қолдану нәтижесінде дарынды оқушыларды анықтау және олармен жұмыс істеу.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.А. Қараевтың деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясының мақсаты – жан-жақты дамыған тұлғанықалыптастыру. Саралап оқыту технологиясы, оқыту

процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Сыныпты, топтарды оқытуға әртүрлі қолайлы жағдай туғызуды қажет етеді; әдістемелік педагогикалық-психологиялық және ұйымдастыру-басқару шаралары біріктіріледі. Ж.Қараевтің деңгейлеп саралап оқыту технологиясында төмендегідей 4 деңгей көрсетілген: Бірінші деңгей-«үйренушілік».(Репродуктивтік) Оқушылардың жаңа тақырыптан алған білімдерін бекіту үшін, еске түсіріп, қайталау үшін және алған білімдерін практикада қолдана білуге жаттықтырады. Берілген есептер мен тапсырмалар өмірмен, қоршаған ортамен байланыстырылған болуы керек. Мұнда оқушының қызығушылығына, таным бірлігіне назар аударылады. Бірінші деңгейдегі тапсырмаларға:
1.Жаттап алуға лайықты болуы керек.
2.Алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өзін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беруі тиіс.
3.Тапсырмалар жаңа тақырып үшін типті және өмірмен байланысты болуы керек. Екінші деңгей-«алгоритмдік». Мұнда кері байланысқан функцияларды орындау үшін тексеру тапсырмалары, іріленген материалдарды жүйеге келтіруге, реттеуге арналған, мазмұны өзгертілген жағдайға тапсырмалар беріледі. Сонымен қатар ұлттық негізде құрылған, көбінесе танымдық және үйренушілік мәні бар тапсырмалар, мысалы, сөзтізбектер, ребустар, ойлауға арналған тапсырмалар беріледі.
Үшінші деңгей - «эвристикалық». Бұл деңгейде оқушылар тақырып бойынша меңгерген білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын, әртүрлі әдіс-тәсілдермен орындалатын тапсырмалар орындайды. Оқушы өзі ізденіп, материалды саналы түрде меңгеруі керек. 1) Танымдық іздену (эвристикалық) түрдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ол тағыда жаңа білімді меңгеріп,өзі үшін жаңалық ашуы тиіс.
2) Әртүрлі әдіс-тәсілдермен шешілетін тапсырмалар.
3) Өздігімен мысалдар, тапсырмалар құрастыру және оны өздігінен шешімін табу. Диаграмма, сызбалар салу, жергілікті жағдайда өлшеу жұмыстарын жүргізу, көрнекті құралдар дайындауға берілетін тапсырмалар. Төртінші деңгей-«шығармашылық», Оқушы өзіндік шығармашылық деңгейін көрсетеді. Шығармашылық тапсырмалар – оқушылардың білімділігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Өз бетімен талдау жасау арқылы шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу. 1) Оқушыларың жинаған өмірлік тәжірибесі мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген. 2) Олимпиадалық тапсырмалар.
3) Берілген тақырыптарға өз бетінше реферат, баяндамалар, ғылыми жобалар дайындау.
Осылай бір деңгейден келесі деңгейге өту үшін өз білімін, білік пен дағдысын толықтырып отырады. Нәтижесінде жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әр оқушының мақсатына айналады. Сабақ барысында барлық оқушылардың білім деңгейі анықталады. Бұл әдістің тағы бір тиімді жағы–оқушы өзінің білім деңгейін, нені оқу керектігін анықтап, өзінің ізденуіне болады. Өйткені ол білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді. Білім сапасы білім, біліктілік, дағды және тұлғаның қасиеттері мен қабілеттерімен бағаланады.

Сабақта оқушыларға өз ойларын талдауға, айтуға, қорытындылауға көп көңіл бөлу қажет. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының оқушыларға тиімділігі: Сынып оқушыларының барлығы деңгейлік тапсырма орындауы
Білім көрсеткішінің нақты және сапалы болуы
Оқушының өз білімін өзі бағалап, білім деңгейін дамыта алуы
Оқушылардың оқуға ынтасы мен мамандығына деген қызығушылығының артуы
Оқушының іздену дағдысының, ұстамдылығының қалыптасуы
Оқушы белсенділігінің оянуы
Алға қойған мақсатына жетуге дағдылануы, қиындықтарды жеңуге ұмтылуы
Оқушының өздігінен жұмыс істеуі мен жауапкершілігінің артуы Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының оқытушыларға тиімділігі Деңгейлеп-саралап оқытуда білім игерудің үш деңгейінің қарастырылуы
Оқушылардың сабақ үстінде бірнеше деңгейде жұмыс жүргізуі.
Білім дәрежесі бірдей топтарды тексеру ісінің жеңілдеуі.
Оқушылардың жұмыстары әділ бағалануы.
Оқушы мен оқытушының шығармашылық қызметін белсенді түрде дамытуы

Дарынды оқушыларды анықтап, олармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігінің орнауы. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын жүргізу үшін оқулықтағы өтілген тақырыптарды қайталап , талдап , пысықтау жұмыстарын жүргізу керек. Оқулықтағы тапсырмаларға қосымша ретінде сөзжұмбақтар , ребустар , мәтін бойынша талдау жұмыстарын , жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру керек. Саралап оқыту технологиясының екінші жағы оқушылардың жұмыстарын баллдық жүйемен өлшеу. Әр тапсырманы талдап ,

белгілі критерии бойынша балл берілу керек. Сол кезде оқушы өзінің білім деңгейін біле тұра , алға қарай ұмтылып , жаңа білімдерді игергісі келеді.

Әдебиеттер

1. Кобдикова Ж. Орта мектепте білім алуды технологияландыру (саралап деңгейлеп оқыту). 2002, 27 б.
2.Жампеисова М.М. Технология модульного обучения. Актобе, 1999, С.129

Шаметова Ақмарал Мухтаровна
Шымкент қаласы, «А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназия» КММ
бастауыш сынып мұғалімі

САБАҚ ҮДЕРІСІНДЕГІ САРАЛАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар XXI ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты.

Қазіргі кезде Қазақстанда жоғарыда сипатталған жаһандық проблемаларға жауап бере алатындай деңгейдегі жұмыстар республикалық деңгейде жүргізілуде. Оқу бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп мәнмәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Жаңартылған оқу бағдарламасы мен критериалды бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады.Қазіргі білім реформасында «Білім беру бағдарламасына не үшін өзгеріс енгізу керек?» деген сауал тұр.

Жоғарыда келтірілген тұжырым Қазақстанда білім беру саласына өзгеріс қажетекенін анық көрсетеді. Технология, коммуникация мен ғылым салалардағы мұндай елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, жиырма бірінші ғасырда табысты болу үшін әрбір азаматқа қажетті білім мен дағдыларды алға тартады. Қарқынды жаһандану, сондай-ақ, ұлттық экономикаға да ықпал етуде және қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артты. ЖеневадағыХалықаралық еңбек ұйымының (2006) баяндамасы мұның жеке азаматтар үшін маңыздылығын көрсетті:«... көлік және коммуникация саласындағы елеулі жетістіктермен қатар, сауда мен капитал ағымын ырықтандыру: өз еңбегінің жемісін сату үшін әлемдік нарықта өзара бәсекелестіктегі жұмысшылар мен жұмыс берушілердің санықүннен-күнге артып келе жатқандығын көрсетеді» Жаһандану тек жұмысорындарына әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар, оның қолжетімді жұмыс түрлеріне және сәйкесінше, жұмыс табу үшін қажетті білім мен дағдыға да әсері артып келеді.

Гриффин және басқа авторлардың (2012) айтуы бойынша: «...экономикасы дамыған елдерде өнеркәсіптік өндірістен ақпараттық қызмет көрсету және байланыс қызметін көрсетуге ауысып жатқаны айтарлықтай байқалды» (17-б.). Білім беру жүйесін жаңартуға арналған бұл экономикалық дәлелдерге қоса, қазіргі жиырма бірінші ғасырда басқа да негіздер бар: өзара қарым-қатынастыңарттыру; әлеуметтік өзгерістер; ауа райының өзгеруімен байланысты проблемалар; бүкіл әлемдегі халық санының қарқынды өсуі; шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі; осылардың барлығы мектеп оқушылары қазіргі заманда және келешектетабысқа қол жеткізу үшін бұрынғыға қарағанда анағұрлымкөп дағдыларды меңгеруі қажет екенін көрсетеді.(МАН)

Рухани құндылықтар
• шығармашылық және сын
тұрғысынан ойлау;
• коммуникативтік қабілеттер;
• өзгелердің мәдениетіне және
көзқарастарына құрметпен қарау;
• жауапкершілік;
• денсаулық, достық және
айналадағыларға қамқорлық көрсету;
• өмір бойы оқуға дайын болу.
Дағдылар
• сын тұрғысынан ойлау;

• білімді шығармашылық тұрғыда
қолдана білу қабілеті;
• проблемаларды шешу қабілеті;
• ғылыми-зерттеу дағдылары;
• коммуникативтік дағдылар (тілдік
дағдыларды қоса алғанда);
• жеке және топпен жұмыс істей білу
қабілеті;
• АКТ саласындағы дағдылар.
Білім беру бағдарламасының үйлесімділіг
БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР

Мұғалімдердің пайдаланатын оқыту тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер)оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды. Хэтти(2011) білім беру шараларының оқушыларға әсерін талдауүшін жүргізілген 60 155педагогикалық зерттеу аясында 9000-нан аса метаталдау әдісін пайдаланды. Олар мұғалімдердің педагогикалық шеберлігі алдында қол жеткізген жетістіктерден кейін оқушылардың алға жылжуына айтарлықтай септігін тигізетінін дәйекті түрде көрсетті.Мұғалімдер пайдаланатын әдіс оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Педагогикалықәдістемелерді жетілдірмей тұрып, оқу бағдарламасын өзгерту білім беру стандарттарынақатысты реформалау шараларының мүмкіндіктерін және нәтижелілігін төмендетеді. Табиғаты бойынша оқу үдерісі ойлаудан тұруы керек және ми құрылымында өзгеріс жасауға жетелеуге тиіс. Ми неғұрлым белсенді жұмыс істеген сайын, оқу үдерісі соғұрлым қарқынды жүзеге асады. Хэтти (2014) адам миы ақпаратты өңдеп, оны түсінуге мүмкіндік беретінін, ал мұғалімнің тоқтаусыз сөйлеуі миға шамадан тыс аса көп ақпарат «жүктемелейтіні» және ол оқушылардың қызығушылығын жоғалтуға әкеліп соғатыны, сол сәтте оқудың нәтижелілігі айтарлықтай төмендеп кететіні туралы біздің хабардарекенімізді мәлімдейді. Ал белсенді оқу, керісінше, оқушылардың белсенді қызметпен айналысу арқылы мұғалім берген ақпараттың мәнін ұғынып,алған білімдерін есте сақтап,оны қолдана алуын қамтамасыз етуді көздейді. Хэттидің мидың қызметін талдай отырып жүргізген шолуы дағдыларды меңгерту шеберлігі тек іс жүзіндегі белсенді қызмет арқылыжүзеге асатынын, демек, оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екендігін көрсетеді.

Саралап оқыту әрбір оқушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес тапсырма мен нұсқауларды, материал мен әдіс-тәсілдерді іріктеп қолдану үдерісі, оқушыларды оқуға ынталандыруға, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға септігін тигізеді. ЖАДАқағидаты оқушылар жалғыз жұмыс істегеннен гөрі, (мұғалім қолдау көрсететін)сабақта анағұрлым жақсы үйренеді деген ойға негізделеді.

САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІ

Сыныптағы саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған жеті тәсілі бар:

Тапсырма

- Мұның құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді.
- Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай (көмек керек пе, әлде күрделі тапсырмалар берукерек пе) түрлі кестелерді немесе жаттығулар мен тапсырмаларды жасау.
- Күрделілігіне қарай алға ілгерілеп отыратын тапсырмалары бар карточкаларды пайдаланыңыз.

Дереккөздер

- Кейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделідереккөздермен жұмыс істей алады.
- Дереккөздердің ауқымы талқылауға негіз болатын мәтіндерден бастап, анағұрлымқиын сөздерді және күрделі идеяларды түсіндіретін мәтіндерге дейін ауытқыпотырады.
- Баспадан шыққан және электронды дереккөздер де пайдалануы мүмкін.
- Бұл материалды пайдаланудың анағұрлым ауқымды көлемін көрсетеді.

Қарқын

- Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді.
- Қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануғаболады.
- Негізгі тапсырмаларды түсіндіруде көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақытберіледі.

Қорытынды

- Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады.
- Мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс істеуденгөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді.
- Барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысыныңөздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізу керек.

Диалог және қолдау көрсету

- Кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек
қажет болады.

- Мұғалім оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын аладайындалған сұрақтарды қоюына болады. Бұл әдісті қолдану барысында сөзбенқолдау көрсету және ынталандыру да маңызды рөл атқарады.

Бағалау

- Оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пенсаралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліпотырылуы мүмкін.
- Педагогикалық қызмет табыстылықты, жақсартуды, түзетуді қажет ететін салалардыанықтайтын әмбебап үдеріс болуы керек. Сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыныоқытуға қарай жылжи аламыз.

Жіктеу

Оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құруда пайдалы көптеген тәсілдер бар:

- мүдделері ұқасас оқушылар (мысалы, қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі)
- талаптары әртүрлі оқушылар
- джигсо топтары
- кәсіби дағдыларына қарай бөлінетін топтар немесе сарапшы топ
- гендерлік топ
- аралас гендерлік топ
- ұйымшыл топ.

Осы саралаудың тәсілдерін ала отырып, мен өз тәжірибеме енгізе бастадым. Әрине алғашқы кезде кедергілер болды, бырақ менің сыныбым бқл кедергіден мүдірмей өте бастады. Мен оқу жылы бойында жаңа бағдарлама барысындағы жаңалықтарды оқи отырып, көптеген жаңа білімнің бастасын сабақтарыма қолдана бастадым. Саралаудың тәсілдері тиімді және баланың сабаққа деген қызығушылықтарымен алған ақпараттарын қасындағы достарымен бөлісуге үйрене бастады. Яғни, оқушы тәжирибедегі алған білімдеріне мысалдар келтыруді үйрене бастады. Қазіргі білім саласындағы жаңа реформалардың тиімділігін артқандағы көрінеді.

Абдраимова Күлзина Мамытбековна
Шымкент қаласы, «А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназия»КММ
бастауыш сынып мұғалімі,

ТАЛАНТТЫ ЖӘНЕ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ДАМЫТУДА МУЗЫКАЛЫҚ МЕКТЕПТЕРДЕ КОНКУРСТАРДЫҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ

«Егер сәби шақта музыкалық шығарманың әсемдігін жеткізе білсек, сан қырлы ретін сезіндіре білсек, ол мәдениеттің ешқандай құралмен жетуге болмайтын сатысына көтеріледі. Музыкалық тәрбие-бұл музыкантты тәрбиелеу емес, ең алдымен адамды тәрбиелеу»

В.А. Сухомлинский

Өскелең ұрпаққа сапалы білім мен рухани тәрбие беру жолдарының бірі- баланы өнерге,музыкаға баулу. Музыка өнерінің көркемдігі мен нәзіктігі адам жанын тамаша әсерге баурап,баланың ақыл-ойы мен сана-сезімінің кеңеюіне,адамгершілік қасиеттерінің дұрыс қалыптасуына ықпалы зор.

Бүгінгі таңда жас ұрпақтың рухани – мәдени дамуына, қабілет – дарынына қарай тұлғаның қалыптасуына сүбелі үлес қосып келе жатқан музыкалық кәсіби білім беретін білім беру мекемесі бар екені баршаға аян. Аудандық Қазанғап Тілепбергенұлы атындағы саз мектебі осы бағытта талантты, қабілетті, музыкалық сауатты, дарынды балаларды тәрбиелеп отыр.

Мектептің міндеттері мен мақсаттары:

- Балалардың тұлғалық дамуына, денсаулығын нығайтуға кәсібилігін анықтауға, шығармашылық еңбегін дамытуға қажетті жағдайды қамтамасыз ету;
- Балалар мен жастар ұйымдары арқылы мағыналы демалыс ұйымдастыру, қоғам өміріне бейімдеу;
- Жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндігін дамыту, жеке даму жағдайын құру жолымен интелектіні байыту.

Мақсатымыз айқын – музыкаға қабілеті бар және келешегіне сенім артқан, үміт күттіретін оқушыларды шығармашылық ізденіске баулу, халық мұрасын насихаттау. Мектебіміздің кадрлық құрамы қалыптасқан, потенциалдық деңгейі жоғары. Музыкалық білім ордасында казіргі таңда 54 оқытушы дәріс беріп, 488 оқушы білім алуда, Тоғыз ОМ, Қорғантұз ОМ, ГКС-12, М. Тәжин атындағы, Т. Шанов атындағы, Б. Сүлейменов атындағы ОМ , Қаратоғай орта мектептерінің және Бозой ауылындағы «Арай» мәдениет үйі жанында, барлығы 9 филиал жұмыс жүргізеді. Саз мектебінде 11 арнаулы мамандық сыныптары бойынша балалар білім алуда. Ұстаздар оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдап, арнаулы мамандық кластары және оның ішінде жеке аспапта ойнау шеберлігін жетілдіріп жүр. Әрбір шәкіртті құшақ жая қарсы

алып,оларды өнер жолына қанат қақтырған білім ордамыз Қазанғап Тілепбергенұлы атындағы саз мектебі осы қосымша білім аясында оқу процесі мен мәдени іс-шараларды қатар алып,ауданымыздың өнер мен білім саласының кемелденуіне өзіндік үлесін қосып келеді.

Жүйелі жоспар мен айқын мақсат нәтижесінде өнер мектебі өркен жайып келеді. Ұзақ жылдар өнер қарлығаштарын ұядан түлетіп, жемісті еңбек еткен мектебіміз 45 жылдық мерейтойын атап өтті. С. Батақұлы атындағы аудандық мәдениет үйінде шығармашылық есеп концертін берді. Сонымен бірге, Облыстық білім басқармасының қолдауымен Қазанғаптың 165 жылдығына арналған «Саз зергері – Қазанғап» атты облыстық семинар және домбырашылар байқауы өткізілді.

Семинар - Елбасымыздың Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру және «Мәңгілік ел» идеясын қолдау және Қазанғап күйлерін кеңінен насихаттау, күй мұрасын жаңғырту, облысымыздағы домбырашылардың кәсіби деңгейін шыңдау, талантты балаларды қолдап, оларды насихаттау мақсатында ұйымдастырылып, Алматы қаласынан ҚР Мәдениет қайраткері,Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық музыка академиясының «Дәстүрлі өнер» кафедрасының доценті, күйші, өнер зерттеуші М.Әбуғазы, А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжінің оқытушысы,халықаралық, республикалық байқаулардың лауреаты А.Кенегесов, қазанғаптанушы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, ҚР Мәдениет саласының үздігі, Н. Жанаманов, Ақтөбе қаласындағы Қазанғап атындағы БӨМ оқытушысы Т.Ермағанбетов қазылық етті.2018 жылы Шалқар ауданының тарихи өлкетану музейінің қызметкерлерімен, келген қонақтармен бірге, Айшуақ елді мекеніндегі Қазанғап Тілепбергенұлының кесенесіне зиярат етуге арналды. Жыл ішінде мектебімізде өткізілген конурстарға тоқталатын болсақ, Республикалық «Метроном» журналымен бірлесіп, «Шығармашылық әлемі» фестиваль-байқауына әр түрлі номинация бойынша 200ден астам оқушы қатысып, жеңімпаздары жүлделі орындармен марапатталды. Наурыз айында аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Барлығынан жарқын» байқауы өз мәресіне жетті. Ұжым мүшелері бір кісідей атсалысты. Бұл – атқарылған айшықты жұмыстар айнасы.

2019 жылы Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің проректоры,тарихи ғылымның кандидаты,доцент Бекназар Рахым Ағыбайұлы бастап келген делегациямен бірге екі жақты келісім шартқа қол қойылып, «Музыка және хореография» кафедрасының кабинеті мектебімізде ашылып шығармашылық жұмыстар жүргізілуде. «Қазанғап Тілепбергенұлы атындағы Шалқар ауданының саз мектебі» МКҚК-ы үшін 2018-2020 оқу жылы табысты жыл болды. Өйткені оқушыларымызды саз өнеріне баулып, шығармашылық мүмкіндіктерін жетілдіріп қана қоймай, түрлі байқауларда оза шауып, жоғарғы белестерді бағындырып келеді. Ұжым жетістіктеріне тоқталатын болсақ, аудан көлемінде жыл бойы ұйымдастырылған маңызды іс-шараларға араласып, мемлекеттік Жастар саясатын жүзеге асыруға белсене атсалысқаны үшін «Үздік қосымша білім беру номинациясына ие болып, аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталдық. Мектеп ұжымы халықаралық энциклопедия ұжымының «Лучшие в образование» атағын иеленіп, I дәрежелі дипломмен марапатталды. Желтоқсан айында «Шалқар ауданындағы психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінің» тәрбиеленушілеріне арналған «Кел, Жаңа 2019 жыл» атты мерекелік-қайымдылық шыршасын өткіздік.

Биылғы оқу жылында 155 оқушы түрлі бағыттағы халықаралық «Жеті өнер», «Алаш үміті», «Галактика талантов-2018», «TALANTtar Alemi», Республикалық «Қазақстан таланттары», «Шығармашылық әлемі», «Айгөлек-2», «Ұлы дала ұрпағымыз», облыстық «Жаңа ғасыр таланттары-2018», «Саз зергері – Қазанғап» байқауларына қатыстырылып, 32 оқушы - бас жүлде, 40 оқушы – I орын, 30 оқушы – II орын, 53 оқушы – Дипломдармен марапатталды.

Ұжым жетістіктері:

2017 жыл Диплом «Креативті ұжым» Шалқар ауданының әкімдігі .

2018 жыл Алғыс Хат. Ақтөбе облысының мәдениет,архивтер және құжаттама басқармасының «Асқақ рухты Ақайұлы Ақтан батыр» атты республикалық конференциядан.

2018 жыл Алғыс хат. «Үздік қосымша білім беру мекемесі»Шалқар ауданының әкімдігі.

2018жыл Диплом. Халықаралық «Лучшие образовательные учреждения»

2018 жыл Диплом. Халықаралық «Алаш үміті» атты фестиваль конкурсынан.

2018 жыл Диплом «Зимняя сказка в Алматы-2018» фестиваль конкурсынан .

2018 жыл Алғыс хат. Аудандық жастар арасында өткізілген шағын футболдан аудан әкімінің алғыс хаты.

2018 жыл Диплом .Облыстық «Бақытты балалық шақ»балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы фестиваль байқауынанI орын.

2019 жыл Диплом.Общественного фонда «Фонда поддержки развития международного педагогического творчества и науки»номинация «Лучшее образовательное
учреждение -2019»

2019 жыл Алғыс хат. «2019 жыл –Жастар жылы» аясында «Jastar»1-Республикалық байқаудан.

2019 жыл Диплом. Республикалық «Қазақстан үміті» байқауынан «Көшбасшы педагог»кубогымен марапатталды.

2019 жыл Алғыс хат. «Халықаралық педагогикалық шығармашылық пен ғымынның дамуын қолдау қоры»Қоғамдық қорының алғыс хаты.
2020 жыл Алғыс хат. Халықаралық «Капельки росы» фестиваль конкурсынан.
2020 жыл Алғыс хат. Республикалық «Ақ көгершін»балалар қорының президентінің алғыс хаты.
2020 жыл. Алғыс хат. Республикалық «Ұлы Абайды ұлықтау -ұрпақ міндеті»байқауынан.
2020 жыл Алғыс хат. Халықаралық «Волшебные Снежинки»фестиваль конкурсынан.
Атап айтсақ,«Самғау» домбырашылар , «Сазген сазы» фольклорлық ансамблі, БСМ –нің оркестрі, «Жетігеншілер» ансамблі, «Қобызшылар» ансамблі оқушыларымыз Жансүгірова Гүлназ, Қалмағанбетов Айбар,Өтегенова Е, Утеули Гаухар, Қасенова Анар, Шынұзақов Жандәулет, Жоламан А,Өтенберген Б,Серік А,Түгелбай С,Ойлы Ә, Аманғали Е, Есенғалиева Ж, Зархом А,Жанболат С ,Жансүгір Ә,Ормағанбет Н, Бөдес М, Ғанибет Е ,Сидақова Қ,Бердалы Н,Махмұтұлы М жүлделі орындарға ие болып жүрген мектеп мақтаныштары. Әр бала жұлдыз болуға лайық. Олар өзіне тән қабілетпен ерекшеленеді. Біз міне осы жолда сахна мәдениетін меңгертіп, түрлі аспапта ойнау шеберлігін шыңдаймыз. Музыка мектебі жасөспірім баланы рухани-мәдени жетілдіру орталығы болып саналады.Ұстаздарымыз Халықаралық «За вклад в развитие образование», Республикалық «Асыл ұстаз», «Үздік қосымша білім беру педагогі-2018», «Руководитель года - 2019» төсбелгілерімен мектеп директоры З.С.Абилова, Г.Өтегенова, А.Ауашова, Г.Үмбетова марапатталды. «Ең үздік білім беру мекемесі -2019» номинациясымен мектеп ұжымы марапатталды. Халықаралық «Педагогикалық шеберлік», республикалық «Педагогикалық идеялар панорамасы" байқауларының жеңімпаздары: К.Бахрадинова (Iорын), А.Таңатова (Iорын), А.Айтымова (Iорын), Г.Үмбетова (IIорын), Ж.Жумагулова, З.Абилова (IIIорын),М.Қосмамбет (III орын) . Ақтөбе облыстық білім басқармасының және Қазақстандық Салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Ақтөбе облыстық ұйымының Құрмет грамотасы, Алғыс хаттарымен З.С.Абилова, Т.Ерсейтов, Ж.Абдуалли, Н.Төремұратова,Е.Дәулетқали, Г.Елтежі марапатталып, облыстық кәсіподақ ұйымының сертификатын Г.Үмбетова, Г.Алданова иеленіп,шипажайларға тегін емделіп келді.

Еткен еңбек келешекте де еселене бермек. Бүгінгі жас ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізді нақтылай түсіп, еңбек жолымыздағы жаңару жаңалықтарына да жаңашыл ізденіс, толағай табыстарға жету мақсатында еңбегіміз арта бермек.

Абилова Зулфира Сагынгалиевна
Ақтөбе облысы,Шалқар ауданы«Қазанғап Тілепбергенұлы атындағы Шалқар ауданының саз мектебі»МКҚК

«ДАРЫНДЫ БАЛА - ЕЛ БОЛАШАҒЫ»

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері кезенде адамды қалыптастыруға және кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау: оқытудың жаңа технологияларын еңгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білімді және білімін практика жүзінде қолдана білетін қоғам мүшілерін талап етеді. Сондықтан мектептің міндеті оқушылардың шығармашылық қаблеттерін барынша ашып, қызуғышылығын арттырып, өздігінен білім алуға құштарлығын туғызу, өз бетінше іздене алатын шәкірт дайындау.
Ұлы Абай атамыз жетінші сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі-ішсем, жесем, ұйықтасамдеп тұрады. Біреуі білсем екендеп тұрады. Не көрсе соған талпынып, «ол немесе?», «бұл немене?» деп, бәрін сұрап тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен дегені»

Білім береудің басты міндеттерінің бірі- оқушы білімін ары қарай жалғастыруға дайындығын сипаттайтын белгілі бір деңгейде болуын қамтамасыз ету. Бұл орайда іс – тәжірибеде, ғылымда көп деген көзқарастар мен нұсқаулар, тұжырымдар, ойлар, еңбектер баршылық. Казіргі педогогика ғылымында оқушышы ғармашылығына бағыт -бағдар беру мәселесі кеңінен көтерілуде. Алайда ол дарынды, талантты, қаблеттерін дамытуды жүзеге асыру деген қорытында әрі аса алмауда.

Оның үстіне психологоия мен педогогика ғылымында әр бір баланың дарындылығы қандай дәрежеде екенін анықтайтын дәл өлшемі әлі табылған да жоқ.

Оқыту мен тәрбиелеу процесіндеоқушы шығармашылығын дамытудың тағы бір қажеттілігі қоғам талабынан туындайды. Қоған қашанда дарынды, қаблетті адамдарға мұқтаж болып келген. Қоғам барған сайын күрделеніп даму үстінде.Түр сипаты мүлде болек жаңа дәуір туып келеді. Сол дәуірге сай өзгеше қабілет-қасиетке ие жаңа адам пайда болады. Қазіргі кезде мамандық атаулының барлығын бейімділіікті, ептілікті, шапшаңдықты, ерекше ой қызметін, мол шығармашылықты мүмкіндікті, өзін қоршаған түрлі жағдайларға тез икемделеніп қана қоймай, оларды керекті бағытына шығармашылық пен бұра білу қабілеттілігін қажет етеді. Мектепте оқу-тәрбие жұмысындағы әдіс-тәсілдердің қай-қайсысы болсын,

негізінде, оқушылардың сана – сезімін,ақыл – ойын дамытуды мақсат ететінболғандықтан, олардың дара ерекшеліктерін жете біліп, санасып отырудың айрықша маңыызы бар. Себебі мұғалім оқу-тәрбие саласында қандай жұмыс жүргізсе де, сыныптағы оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін, айталық, мінез-қылықтарын жете білмесе, онда оның атқарған ісі сәтсіздікке ұшырап, алға қойған мақсатына жете алмауы ықтимал. Бұл тек сабақ және одан тыс мезгелде сан алуан әдістерді баланың дара ерекшеліктеріне сай қолданғанда ғана іс-жүзіне асады. Осыған орай қазір әрбір жұмыстың (сабақ, сабақтан тыс, т.б.) сапасын оның мазмұн тереңдегімен бағаланып қоймай, алдымен олар оқушалардың өздеріне алатын үлгілерімен бағалануы тиіс. Белгілі педагог К.Д.Ушинский егер мұғалім әр бір баланың жан-жүйе ерекшеліктерін жақсы білсе «онда осының өзі тәрбиелеу үшін құрал табудың көзі болмақ және осыңан негізделіп табылған құрал орасан күшті болмақ» деп айтқан. Ендеше, балалардың дара ерекшеліктерімен санасу – ұстаз парызы.

Дарынды баланың айқындаудың 5 баспалдағы:

1. Оқушының дайындық кезеңінен өтуі

Олар сабақтарға қатысу барсында дараланып жұмыс атқару кезінде, 2-3 тоқсан жаттықтыру жұмыстарында тәрбиеленеді.

2. Оқушының дарындылық, дербестік қабылетін анықтау жолдары

1. Жеке тапсырма беру:
2. Арнай топ оқушыларымен жұмыс
3. Кішігірім сабаққа байланысты бақылау

3.Оқушыға мұғалім мәлімет жинақтау

1. Ақыл – ой. Парасатына педагогикалық – психологиялық анықтама жүргізу
2. Танымдық қабілетіне тест жүргізу
3. Жеке тапсырмалар (әр түрлі)
4. Ата- анасымен кездесу

Жеке оқушының жұмысын қорғау кезеңі

1. Белгіленген мерзімде арнайы конкурстарға іріктеу.
2. Конкурстарға жіберу

5.Көпшілік алдында жұмыс нәтижесін көрсету

Мектеп Аудан Облыс Республикалық Халықаралық

Дарынды балалармен жұмыс жүргізудің мақсаты:

. Оқушылардың шығармашылықпен айналысуына мектепте, мектептен тыс, үйде қолайлы жағдайжасау.

. Шығармашылық бағытқа баланы жүйелі, саналы түрде қалыптастырып отыру.

. Оқушылардың шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу .шін шығармашылық қабілеттерін мектепте және мектептен тыс уақытта дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану

Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстардың міндеті:

. Оқушыға сенімділік көрсету;

. Іс-әрекетіне ерік беру, көтермелеу;

. Адамгершілік қасиетін дамыту;

. Өзін-өзі тәрбиелеуге жағдай жасау.

. Ойы ұшқыр, шығармашылық қаблеті жоғары, өмірге икемді, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс жоспары.

1. Дарынды баланы іздеп табу және іріктеу
2. Оқу бағдарлама бойынша оқыту (жеке,топтық, жұптап)
3. Мектепшілік және аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық байқау, есептік концерттерге, конкурс-сайыстарға қатыстыру.

Оқу – тәрбие жұмысында оқушылардың шығаршашылық қабілетін дамытудың түрлері:

1. Өнер қайраткерлерімен, ақын –жазушылармен кездесу өткізу
2. Түрлі тақырыптарға әңгіме, пікірталас, кездесу өткізіп, алған әсерлері бойынша шығарма, ауызша және жазбаша түрде өз ойын еркін жеткізу білу.
3. Ақпараттық құралдар (газет – журнал, радио, теледидар) жаналықтарымен таныс бөлу.

Дарындылық туралы екі түрлі

көз қарас қалыптасқан

Дарын баланың мінез-құлқындағы ерекшеліктер:

1. Іс-әрекеттінің өзіндік стратегиялықерекшеліктері бар оқушы
2. Кез келген іс-әрекетті «өзінше орындау»
3. Кез келген қиын істен жеңілді, жеңілден –өиынды қөру ерекшелігімен дараланады.

Балалар психикалық ерекшелігі жағынан алып қарағанда, өне бойы бірдей болып кездесе бермейді, әрбіреуінің өзінше азды-көпті өзгешелігі болып отырады. Біздің мақсатымыз әр баланың өзіндің дара

ерекшелігі бірдей болсын деу емес, керісінш оның өзіндік ерекшелігін ілгері қарай дамытуға жағдай туғызып, оны өсіріп өркендету болып табылады. Сонымен бірге мұғалімдер мената-аналар оқушыларға жас мөлшерінің әр түрлі кезенде дербес әдіс қолданып, олардың жас ерекшеліктеріне сай қарым қатнас жасап отыру керек. Негізгі ғылыми принциптерге сүйене отырып қана оқушылардың өздеріне тән қасиеттерін дұрыс түсінуге болады.

Дарынды оқушы және орта

· Дарын оқушы
· Ұстаз
· Ата-ана
· Сынып жетекшісі
· Педагогокалық ұжым
· Әлеуметтік-психологиялық қызмет
· Қосымша білім беру

Дарындылық: Адам психикасыныңөмір бойы жүйелі түрде дамып, басқалармен салыстарғанда адамның бір немесе бірнеше іс-әрекет төңірігінде әдеттен тыс, сирек кездесетін жоғары нәтижелерге жету мүмкіндігі.

Келешек біздің еліміз басқа тәуелсіз елдермен терезесі тең болып өмір сүру үшін қазақ балаларын ешкімнен кем қылмай, мектеп қабырғасынан жан-жақты білімді, тәрбиелі етіп шығу жолдарындағы басты тұлға-мұғалім.

Бүгінгі таңда білім берудің ұлттық жүйесі өте маңызды, қарқынды өзгерістердің үстінде тұр. Қазіргі кезде қоғам дарынды, қаблетті адамдарды қажет етеді. Сондықтан да мамандық атаулының барлығынан дерлік бейімділікті,ептілікті, ерекше ой қызметін, үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Қорыта келгенде дарынды оқушыларды таба біліп, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімдерін арттырып ата-ана-мектеп-оқушы-ұстаз байланысын жоғары ұстап шығармашылықпен жұмыс істеп, оқушынынң білімге өнерге ынтасынарттыру қажет.

Мұндай күрделі ой-өрісінің жүйелі қалыптасуына тікелей басшылық ететін, оқушы әрекетінің даму мен қалыптасуына жетекшілік жасайтын оқушылардың білімді шығармашылықпен игеруіне жетелейтін оның амал-тәсілдерін үйретететін мектептегі басты тұлға мұғалім әрекеті өз шәкірттерінің әрекеті тарапынан қолдау тапқанда ғана өзінің нәтижелі жемісін бермек.

Төлеубаева Райкүл Бақытжанқызы
Ақтөбе облысы,Шалқар ауданы Қазанғап Тілепбергенұлы атындағы Шалқар ауданының саз мектебінің домбыра класының оқытушысы

«ЕЛ ЫНТЫМАҚТАСҚАН ӨНЕР ОРДАСЫ »

Қазақстан Республикасының жоғары кеңесі қабылдаған халыққа білім беру заңы біздің болашағымызды жаңа бағытпен рухта тәрбиелеу, олардың дүниетанымын қалыптастыру, жаңа адамды жан-жақты жаңашыл, білімді, өнерлі етіп тәрбиелеу бүгінгі күннің түбегейлі мәселесінің бірі екендігін заңдылық етіп отыр.

«Жас шақта берген білім мен тәрбие өмірлік азық»,- дейді халқымыз, осыған орай ендігі кезеңде жаңа адамды жан-жақты дамыған білімді, өнерлі, еңбексүйгіш өндірістік бағытта тәрбиелеп, білім беру мәселелері тұр.

Мектебіміз аудан бойынша бастапқы музыкалық кәсіби білім беретін жалғыз оқу орны.Оқушылардың дені қабілетті, музыканы сүйетін және келешегінен үміт күттіретін шәкірттер.Оқытушылар олардың шығармашылық деңгейін айқындап, сахналарда ойнау шеберлігін дамытуға көмектеседі.

Білім ордасында кәзіргі таңда 488 оқушы арнаулы мамандық кластары бойынша білім алуда. 11 мамандық аспаптар бойынша 54 оқытушы дәріс береді.Мектебімізге балалар 6-7 жастан бастап қабылданады.Міндетті түрде балалардың есту қабілеті жақсы, таза интонациясы және нақты ырғағы болуы тиіс.Балалар мектепте сольфеджио – музыка теориясы, қазақ және шетел музыка әдебиетін оқиды.Оқушылардың шығармашылық бірлестіктерінің бірі оркестр, ансамбль және таңдаулы аспап бойынша жүреді.Эстетикалық тәрбие беру бұл өсіп келе жатқан ұрпақтың көркем және шығармашылық қабілеттерінің жан-жақты дамуына құлықтылықтың қасиетінің қалыптасуына ықпал етеді.

Мектебіміз гуманистік, адамгершілік дүниетанымын музыкаға қызмет ету арқылы көрсетіп келеді.Бізде музыканы мұрат тұтқан мұғалімдер ұжымы және жыл сайын жас ұстаздар қатарымен толығуда.

Мектебіміздің өзекті мәселесі: Баланы шығармашылыққа баулу арқылы өзіндік қабілеттін дамыту.

Мақсаты: Өскелең ұрпақты музыкаға баулып, оның дамуына жан-жақты жағдай жасау, оларды үздіксіз жетілдіріп, қосымша білім алуын қамтамасыз ету. Ерекше дарынды оқушыларды музыкалық колледждер мен жоғары оқу орындарының музыка факультеттеріне түсуіне даярлайды. Осындай мақсат пен міндеттерді алға қоя отырып елімізге, Отанына пайдасы тиер өнерлі, білімді, болашақ өнер иелерін дайындап келеміз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа жолдауларында, оның ішінде қосымша білім беру ұйымдарына тоқталуы біздің алдымызға үлкен міндеттерді жүктейді. Қосымша білім беру ұйымы балалардың бос уақытын тиімді пайдаланумен қатар оқушының еркіне қарай үйірмелерді таңдауына, бір немесе бірнеше үйірмелерге қатысуына, өз бетінше жұмыс түрлерін ұйымдастыруға жағдай жасайтын орта. Яғни, тәрбиеленуші бұл ұйымда жеке, топпен, ұйыммен жұмыс жасайды.

Жүргізген жұмыстар оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына көп ықпалын тигізеді деп айта аламын. Музыка мектебіндегі жасөспірімдермен жүргізілетін жұмыстар:

- Қабілетті оқушыларды мектепішілік, аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға қатыстыру.
    - Аспаптыойнаудыжоғарыдеңгейдемеңгерту.
    - Әншілікке, жыршылыққа баулу.
    - Жоғарыдеңгейдегілауреаттышығару.
- Оқушытуралымәліметтердібаспаларғашығару.
- Ғылыми- практикалықконференцияғақатыстыру.

Қазіргітаңдабілім беру үрдісіндежаңабағдарламаларкеңетекалуда. Олайдейтініміз-жасұрпаққасапалыбілімберудеоқытутехнологияларыныңөрісалуы, Елбасыныңжолдаулары, мемлекеттіңжылдарғанегізделгенбағдарламаларыбәсекегеқабілеттіелдердіңқатарынақосылуындаҚазақстанме млекетініңмәртебесінкөтеретінбірденбірмәселелер. Мына жаһандану аясында Қазақстанда интеллектуалдық ұлт қалыптастыру үшін педагог қызметкерлер мен ата-ананың атқарар қызметі өте көп. Ата-ана мен балаларға арналған «Баланың музыкалық шығармашылық қабілетінің дамуы» атты М.А.Михайлованың танымал еңбегінде шығармашылық бастау баланың бойына жанды қиял мен жанды көріністерді туындатады делінген. Баланың бойынан осындай қызықты жайттарды көргенде ұстаз бен ата-ана «Ол уақытын түкке тұрғысыз өлеңдерін шығарумен-ақ кетіреді, оның тіптен ақындық қабілеті жоқ», «Ол неге сурет салады, бәрібір суретші бола алмайды», «Әуен тартып, әуен шығарам деуі тек бос қиял» деп баланың еңбегін елемеуі үлкен қателік болып есептеледі. Баланың бойындағы көрінер көрінбес еңбектің өзін үлкен жетістіктің бастауы деп қарауымыз қажет. Бүгін тартымсыз әуен, ұйқассыз өлең, мағынасыз сурет салған бала ойлау жүйесін дамытып, дұрыс жолға салсаңыз елінің ертеңгі білдей маманы болып шығуы әбден мүмкін. Өнермен сусындап өскен бала өнер адамы болмаса да, өзі таңдаған өз маманының жетік меңгерушісі болуы ғажап емес. Демек, бала кездегі шығармашылық қиял оның жаңашылдықпен жаңалық ашуына өмірлік себеп бола алады. Қазіргі кезеңде интеллектуалды ұлт қалыптастыру үшін және жас жеткіншектерге жаһандану процесіндегі ұлттық тәрбиемізді бойына дарыту үшін заманауи қазақстандық білімнің түрлі салалы тапсырмаларын орындау ұстаз міндеті болса керек.

Осы тапсырманың жүзеге асуының бір жолы, әрине, музыкалық-эстетикалық тәлім-тәрбие. Баланы музыкаға тәрбиелеуде біздер олардың музыкалық сауаттылығын шыңдаймыз, шығармашылық қабілетін арттырамыз және музыкалық қабілетін толыққанды дәрежеге жеткіземіз.

Жаңа ұрпақты тәрбиелеп отырған әрбір музыкант-педагог алдына келген жеткіншектің шығармашылық қабілетін жетілдіруі, рухтық күшін шыңдауы, өзін-өзі тануына көмектесуі қажет. «Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту концепциясында» былай делінген: «Білім берудің басты мақсаты-баланың өмірлік жолын таңдауына көмек көрсету, бойындағы тереңде жатқан қабілеттілік пен талпыныстарды тауып, оны шыңдау»

Музыканы тыңдау арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие берудің негізгі мақсаттары жүзеге асады. Сонымен бірге музыканы тыңдаумен қатар оны қабылдау арқылы басқа ғылыми салаларын жетік меңгеруге үлкен септігін тигізері анық. Музыканы сезінген бала, ол математика пәнін жетік меңгеріп, жоғары көрсеткіш көрсетері баршаға аян. Музыканы сезініп қана қоймай, оны көз алдына елестете білген оқушы ана тілі мен әдебиет пәндерін жетік меңгеретін болады. Кейбір балалар музыканы жай ғана тыңдап, ешқандай әсер, сезіну, қобалжу, эмоциялық әсер ала алмаса, ол оқушы музыкадан басқа жалпы пәндерден білім көрсеткіші төмен болады.

Музыканы дұрыс түсініп тыңдай білуге тәрбиелеу арқылы оқушылардың ой-өрісін, сезімін, санасын, қиялын, талғамын жалпы өнерге деген сүйіспеншілігі мен мәдениеттілігін дамытамыз. Ал музыкадан тәлім алып, рухани жетілген жасөспірім жаһандану процесіндегі жаңашыл еліміздің жарқын болашағы.

Музыкалық тәрбие оқушылардың санасына, еркіне, әсіресе олардың сезімі мен ұшқыр қиялына пайдалы әсер етеді. Сонымен қатар, бұл өмірдің түрлі жайттарын адам баласының қолы жеткен табыстары мен оның қолынан туған көркем өнер мұраларын тануға, өмір шындығын сезінуге, елін, жерін, Отанды сүю сезіміне баулиды. Музыкалық- эстетикалық тәрбиенің негізгі мақсаты: жаңа адамды қалыптастыру, оларға жаңашыл рухтық күш сыйлау».

Психолог Л.С.Выготский: «Баланың кешегі күнгі дамуына емес, ертеңгі күнгі дамуына қарау керек» -деп ескертеді. Яғни, алдына келген оқушының кешегі күні не жасағанын сұрамай, ертеңгі елінің болашағы, үлкен маман иегері болар азаматы деп қарау әр ұстаздың парызы болу керек.

Музыка мектебіне келген әрбір оқушы музыканы жан-жақты зертеп, өзінің жеке қабілетін анықтап, шығармашылық жұмыстар жасап, 5-7 жылда музыка мектебінің түлегі боп шығады. Ал, музыканың үнін терең түсіну үшін, жаңалық кіргізу үшін адам бірінші көру керек, қабылдау керек, өзінің білмегенін сезінуі керек. Сондықтан оқушы аспаппен жұмыс жасау алдында ізденіп, нақты музыкалық білім алуы керек.

Музыка мектебіндегі жасөспірім оқушы қандай?

- Өздігінен білім қабылдай алады. Яғни, өз бетімен нота сауаттылығы арқасында белгілі бір шығарманы орындап шыға алады.
- Ой тұжырым жасай алады. Яғни, ойлау қабілеті жылдам дамып, жылдам әрі нақты шешім қабылдай алатын тұлға қалыптасады.
- Танымдық тақырыптармен жұмыс. Яғни, теледидарда, интернет жүйесіндегі болатын музыкалық бағдарламалармен өздігінен танысып, өз қызығушылығы бойынша тапсырмаларын орындай алады.
- Өздігінен ізденгіштік шығармашылық жұмыс. Яғни, оқушы басқа орындаушыдан тыңдаған музыкалық шығарманы өз бетімен ізденіп тауып, өзі нота сауаттылығымен шығарып орындайды.

Музыка мектебіндегі дарынды жасөспірімдердің жалпы мектеп ортасындағы ерекшелігі:

- Пәнаралық байланыста (орта мектептегі әдебиет, сурет сабақтары)
- Қосымша сабақтар (өз аспабынан өзге музыкалық аспапқа қосымша қатысуы немесе орта мектептегі ән,би үйірмелері)
- Теориялық білімін жан-жақты қолдану (музыка сабағында нота сауаттылығын пайдаланады)
- Жаңапедагогикалықтехнологиялардыенгізу
- Шығармашылықтоп жұмыстары
- Танымдықойындаржәнесыныптантысжұмыстар (орта мектептегітүрліс-шараларғақатысады)

Музыка мектебін бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, білімділердің көздейтін түпкі мақсаты- осы. Ұстаз осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салу керек. Заманауи қазақстандық білімнің басты тапсырмасы- ұлттық идеологиямызды жандандыру, бүгінгі қоғамға лайықты тұлғаны қалыптастыру болса, мектебімізде жоғары нәтижеге қол жеткізу арқылы бұл тапсырманы тиянақты орындап келеміз.

Егер біздің бүгінгі шәкірттеріміз ертеңгі түрлі маман иегерлері өз білімін халық мәдениетімен, тарихымен, салт-дәстүрлері және әдет-ғұрпымен байытса, жасөспірім шағында өнермен сусындаған әрбір өнер иесі алған білімін кейінгі оқушыға үйретіп, оларды дұрыс бағытта тәрбиелеп, халқымыздың өнерін өркендетіп, әлемге паш етіп, дамытып, ұлттық сананы қалыптастырудағы үлесі болашаққа жасалған қадам басты құралы.

2020 – 2021 оқу жылы бойынша

Қазанғап Тілепбергенұлы атындағы Шалқар ауданының саз мектебінің жетістіктері

Халықаралық байқаулар – 41

Республикалық байқаулар – 37

Облыстық, қалалық байқаулар – 13

Барлығы: 91

Облыстық «Күй-құдірет,күй-кие» қашықтықтан байқау				
№	**Оқушының аты-жөні**	**Орыны**	**Номинациясы**	**Оқытушысы**
1	Өмірғалиева Мөлдір	I орын	Жетіген	Серікбаева Эльмира
2	Утеули Гаухар	II орын		
3	Шман Еркежан	III орын		
4	Қасенова Анар	III орын		
5	Сәрсенбаева Еркеназ	III орын		
6	Түгелбай Сая	III орын	Қобыз	Алданова Гүлнұр
7	Жансүгірова Гүлназ	III орын	Қобыз	Алданова Гүлнұр
8	Бекмұратова Аяулым	III орын	Қобыз	Алданова Гүлнұр
9	Сейсенбаева Ардана	III орын	Қобыз	Алданова Гүлнұр
Халықаралық «Вальс цветов» фесиваль-конкурс қашықтықтан				
10	Сәрсенбаева Еркеназ	Гран-при	Жетіген	Серікбаева Эльмира
11	Көшербаева Ақерке	I орын		
12	Жолдасбаева Айеркем	I орын		
13	Өмірғалиева Мөлдір	I орын		
14	Серікова Балнұр	II орын		
15	Шман Еркежан	II орын		
16	Абдулла Нұрсаят	III орын	Домбыра	Төремұратова Нұргүл
17	Мұқанбетқали Мерей	III орын	Домбыра	Төремұратова Нұргүл

18	Сидақова Қарақат	І орын	Домбыра	Төремұратова Нұргүл
19	Өтебай Муслима	ІІ орын	Домбыра	Төремұратова Нұргүл
20	Төлеуберген Ерасыл	Гран-при	Домбыра	Ибрашева Гүлмира
21	Жаналинова Інжу	ІІІ орын	Домбыра	Ибрашева Гүлмира
22	Мәжит Зейнеп	ІІІ орын	Домбыра	Ибрашева Гүлмира
23	Акимжанова Алижан	ІІІ орын	Домбыра	Ибрашева Гүлмира
Республикалық «Нұржауған» қашықтықтан өткен байқау				
24	Махмутұлы Махсут	І орын	Домбыра	Муканова Жайнагүл
25	Ниеталин Әзиз	ІІ орын	Домбыра	Шайманов Дархан
26	Амангелді Нұрсұлтан	І орын	Қобыз	Жайханова Бану
27	Төлбай Еркежан	І орын	Домбыра	Ауашова Ақбөпе
28	Үмбет Кәусар	І орын	Дәстүрлі ән	Ерсейітов Төремұрат
29	Жарылқасынова Алиянұр	Бас жүлде	Домбыра	Әуезханов Орынбасар
30	Шектібай Нұрым	І орын	Домбыра	Бижанов Кенжебек
31	«Самғау» домбырашылар ансамблі	І орын	Домбыра	Бижанов Кенжебек
32	Өтепберген Белес	ІІІ орын	Домбыра	Бижанов Кенжебек
33	Кеңістік Айбар	ІІ орын	Домбыра	Қарамергенова Гүлнұр
34	Табиғат Жанерке	І орын	Вокал	Исламғалиева Бағдат
35	Қайроллин Тұрлан	І орын	Домбыра	Елтежі Гүлшат
36	Әлібекова Инабат	І орын	Қобыз	Тулешова Ментай
37	Бердалы Назира	Бас жүлде	Қобыз	Тулешова Ментай
38	Төлеуберген Ерасыл	І орын	Домбыра	Ибрашева Гүлмира
39	Игілікова Аянат	ІІ орын	Вокал	Дәулетқали Есет
40	Серік Арайлым	ІІ орын	Домбыра	Жумагулова Жанар
41	Жансүгір Азиз	ІІ орын	Домбыра	Көшімов Оразғали
42	Жанболат Сәтжан	І орын	Домбыра	Көшімов Оразғали
43	Нұрмұханбет Қуанышбек	І орын	Домбыра	Сәрсенбаева Найла
44	Нұрмұханбет Думанбек	ІІ орын	Домбыра	Сәрсенбаева Найла
45	Сағынбаева Ақбота	ІІІ орын	Домбыра	Сәрсенбаева Найла
Халықаралық «Үкілі үміт» фестиваль байқау				
46	Шапеков Санжар	І орын	Домбыра	Ауашова Ақбөпе
47	«Самғау» домбырашылар ансамблі	Бас жүлде	Домбыра	Бижанов Кенжебек
48	Серікова Мадина	Бас жүлде	Домбыра	Қарамергенова Гүлнұр
49	Табиғат Жанерке	І орын	Вокал	Исламғалиева Бағдат
50	Жаналинова Інжу	І орын	Домбыра	Ибрашева Гүлмира
51	Қарашаев Расул	І орын	Домбыра	Жумагулова Жанар
Облыстық «Күмбірле сазды домбыра» қашықтықтан өткен байқау				
52	Жоламан Айым	І орын	Дәстүрлі ән	Ерсейітов Төремұрат
53	Өтепберген Белес	І орын	Домбыра	Бижанов Кенжебек
54	Дәулетккелдиева Көркем	ІІІ орын	Дәстүрлі ән	Сәрсенов Серікболсын
Республикалық «Қазақстан үміті» байқауы				
55	«Самғау» домбырашылар ансамблі	І орын	Домбыра	Бижанов Кенжебек
Республикалық «Дала сазы» қашықтықтан өткен байқауы				
56	Төлеуғали Аңсаған	ІІ орын	Дәстүрлі ән	Сәрсенов Серікболсын
57	Бердімағанбетов Нұрдәулет	ІІ орын	Дәстүрлі ән	Сәрсенов Серікболсын
58	Дәулеткелдиева Көркем	Арнайы жүлде	Дәстүрлі ән	Сәрсенов Серікболсын
Республикалық «Ақберен»				
59	Қасенова Анар	І орын	Жетіген	Серікбаева Эльмира
Республикалық «Біз отбасымызбен біргеміз» қашықтықтан өткен байқау				
60	Серікова Мадина	І орын	Д/прима	Қарамергенова Гүлнұр
61	Акимжан Алижан	І орын	Домбыра	Ибрашева Гүлмира
62	Мәжит Зейнеп	І орын	Домбыра	Ибрашева Гүлмира
Халықаралық «Волшебные снежинки» қашықтықтан өткен байқау				
63	Аманғалиева Жанымсұлу	І орын	Вокал	Серікбаев Нұрсұлтан
64	Ерлан Жаннұр	ІІІ орын	Вокал	Серікбаев Нұрсұлтан
Халықаралық «Alashstar» қашықтықтан өткен байқау				

65	Ғайса Аңсаған	II орын	Домбыра	Қарамергенова Гүлнұр
66	Бөдес Мөлдір	II орын	Домбыра	Қарамергенова Гүлнұр
67	Әбдірашитова Бекназ	II орын	Домбыра	Қарамергенова Гүлнұр
68	Түгелбай Сая	I орын	Қобыз	Алданова Гүлнұр
69	Жансүгірова Гүлназ	II орын	Қобыз	Алданова Гүлнұр
70	Ұзақбаева Назым	II орын	Домбыра	Елтежі Гүлшат
71	Жамбылова Жібек	II орын	Домбыра	Елтежі Гүлшат
72	Мәжит Зейнеп	II орын	Домбыра	Ибрашева Гүлмира
73	Акимжанов Алижан	II орын	Домбыра	Ибрашева Гүлмира
74	Амангелдина Диляра	II орын	Домбыра	Ибрашева Гүлмира
75	Амангелді Нұртілеу	II орын	Домбыра	Ибрашева Гүлмира
76	Аманжол Нұртілек	II орын	Шертер	Жумагулова Жанар
77	Серік Арайлым	I орын	Домбыра	Жумагулова Жанар
Республикалық «Ел астанасы-Нұр-сұлтан» қашықтықтан өткен байқау				
78	Мұратова Бану	I орын	Қобыз	Тулешова Ментай
79	Әлібекова Инабат	I орын	Қобыз	Тулешова Ментай
Республикалық «Shabyt» фестиваль-байқауы				
80	Зархом Аяна	I орын	Вокал	Жаксылыков Нұрболат
Халықаралық «Самғау» қашықтықтықтан өткен байқау				
81	Ойлы Әсел	I орын	Домбыра	Қосмамбет Мира
82	Аманғалиев Ернар	I орын	Домбыра	Қосмамбет Мира
83	Есенғалиева Жансая	I орын	Домбыра	Қосмамбет Мира
Облыстық «Жас дәурен» II балалар жасөспірімдер байқауы				
84	Базарханова Ақмерей	III орын	Домбыра	Қосмамбет Мира
Республикалық «Jastolqyn» қашықтықтан өткен байқау				
85	«Шабыт» домбырашылар ансамблі	II орын	Домбыра	Қосмамбет Мира
Халықаралық «Ақ сұңқар» қашықтықтан өткен байқау				
86	«Сазген сазы» фольклорлық ансамблі	I орын	Ансамбль	Тулешова Ментай Әуезханов Орынбасар
87	Қобызшылар ансамблі	I орын	Ансамбль	Алданова Гүлнұр
88	Төреғали Исмайыл	II орын	Вокал	Нұрмағанбетова Бақытнұр
Республикалық «Ұлы Абайды ұлықтау – ұрпақ міндеті» қашықтықтан өткен байқау				
89	Әбдіқалықова Бибінұр	I орын	Домбыра	Муканова Жайнагүл
90	Өтегенова Еркеназ	I орын	Домбыра	Жумагулова Жанар
91	Серік Арайлым	I орын	Домбыра	Жумагулова Жанар

Біздің алға қойған жоспарымыз:

1.Дарынды оқушыларды Халықаралық, Республикалық және алыс –жақын шет елдердегі фестиваль – конкурстарға қатыстыру.

2.Ауыл мәдениеті көтеру негізінде елді мекендерден филиалдар ашып, білікті жас мамандарды тартып, Президенттің саясатын іске асыру жұмыстарын жасау.

3.Облыстық ғылыми тәжірибелік орталығымен бірлесіп, мектебіміздің озық педагогтардың іс-тәжірибесін насихаттап, ауданда семинар ұйымдастыру.

4.Қазіргі заманға лайықты білім беру технологияларын іске асырудағы механизмдерді пайдаланып, компьютермен топтық сыныптарды жабдықтап, интерактивті тақтамен сабақтар, тәрбиелік іс-шаралар өткізу.

5.Мектеп филиалдарының материалдық – техникалық базасын нығайту, көтеру.

Білім мен тәрбиенің, ғылымның болашаққа жасалған қадамы заман сұранысына қарай бет бұрыс жасауы қазіргі қажеттілік екенін ескертті. Жас ұрпақтың тағдыры болса, олардың бойына білім мен ізгілік нұрын себуші – ұстаздардың қолында. Бүгінгі заман талабына сәйкес білім беру мазмұнының жаңаруы дегеніміз- педагогикалық құралдардың бүкіл әлеуетін меңгерген, тұлға, білікті маман. Болашаққа жасалған мақсатымыздың қадамы - өзін – өзі дамытуға және өзін барынша көрсетуге қабілетті, сауаттылық деңгейі жоғары шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға жәрдемдесу.

Ұлы Абай айтқандай: «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» - деген ой иірімі ұрандарыңызға айналып, адамзат құндылығы – білім екенін көрсету жолында еш аянбаңыздар!Біліктілікпен шеберліктеріңізді ұштастырып жатқан жас ұрпақты әлемнің мойындататын рухани биікке көтеру-баршамыздың міндетіміз!

Үмбетова Гүлбану Галимуллақызы

Ақтөбе облысы,Шалқар ауданы Қазанғап Тілепбергенұлы атындағы Шалқар ауданының саз мектебінің оқу жұмысы жөніндегі орынбасары ,баян класының оқытушысы

КАК НАПИСАТЬ ЭССЕ ПРАВИЛЬНО.

Одной из форм итоговой аттестации, имеющей творческий характер, является эссе. Сейчас этот вид работы очень актуален и используется гораздо чаще других. В век глобализации и интеграции очень важно уметь выражать свою точку зрения с помощью кратких логических суждений и умением аргументировать точку зрения.

В своей статье я хочу рассказать о том, как правильно написать эссе на любую тему и не допустить распространенных ошибок. Вы узнаете о том, какой должна быть структура эссе, какие признаки отличают эссе от других жанров, как выбрать тему и грамотно выразить свои мысли на бумаге. Многие предполагают, что эссе – это обычное сочинение. Однако это не так.

Эссе – это прозаический литературный жанр. В переводе с французского означает «очерк» или «набросок». Эссе отражает индивидуальные переживания автора, его взгляд на тот или иной вопрос. Оно не дает исчерпывающий ответ на определенный вопрос, а отражает собственное мнение или впечатление.

При написании эссе прекрасно развивается логика, способность аргументировать свое мнение, грамотно преподносить информацию. Стиль изложения больше ориентирован на разговорный. Чтобы правильно написать эссе следует учитывать специфические черты, которые отличают его от других жанров.

1.Узкая тема, которая содержит проблему и побуждает читателя к размышлению.

2.Авторская позиция. Эссе отличает именно наличие авторского взгляда на существующую проблему, его отношение к миру, речь и мышление.

3.Разговорный стиль написания. Следует избегать сложных формулировок, слишком длинных предложений.

«CLIL» терминінің қолданыста жүргеніне айтарлықтай уақыт болмағанымен ол жаңа құбылыс болып табылмайды. Адам баласы көп тілді қоғамда өмір сүріп келеді. Көп тілді меңгеру қоғамда өмір сүру құралы болып табылады. «CLIL» терминін 1994 жылы ғылыми айналыска Девид Марш оқыту жағдайларын белгілеу үшін пәндер немесе жеке бөлімдері «қосымша» тілде жүргізілуі үшін енгізген болатын. Мұндай оқытудың мақсаты бір уақытта оқытылатын пән мен тілді оқыту болып табылады, яғни мұнда тіл оқу объектісі ретінде емес, басқа пәндерді білу құралы ретінде қарастырылады. CLIL әдісі тілге бағытталмаған пәндердер мен осы пәнді оқытудағы тілдің даму шеберлігіне бағытталған. Кіріктіріп оқытуды ұйымдастыру мұғалімнен әр сабақты ұқыпты жоспарлауды және дайындалуды, сонымен қатар заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді және т.б. қолдануды талап етеді. Оқытудың мақсаттарына жету үшін келесі тұжырымдарды есте сақтау қажет:

1. Сабақта тілдесу әрекетінің барлық түрлерін дамытуға жағдай жасалуы тиіс. Тыңдалым дағдысын дамыту үшін материалдың бір бөлігі аудиомәтін түрінде, сөйлесім дағдысын дамыту үшін – диалог және әңгімелесу арқылы берілуі тиіс. Тыңдалымды жазумен байланыстыруға болады (мысалы, кесте толтыру, сызбанұсқа құрастыру, бос орындарды толтыру). Оқылым дағдыларын дамыту үшін оқушылардың жас ерекшеліктеріне және тілдік дайындық деңгейіне сәйкес келетін түрлі стилдегі мәтіндер іріктеп алу қажет. Мәтіндер көлемі жағынан онша үлкен емес бөліктерге бөлініп және суреттермен, сызбанұсқалармен, карталармен көркемделіп берілген жағдайда жақсы қабылданады.

2. Сабақты жүргізу барысында сабақтың мақсаттары және сабақтан күтілетін нәтижелер нақты айтылуы қажет; қажет болған жағдайда оқушыларға түсініксіз болған сөйлемдер мен сөздер бірнеше рет қайталануы мүмкін.

3. Білім алушылардың сөздік қорын толықтыру және арнайы терминдермен таныстыру бойынша жұмыс үнемі жүргізіліп отыруы тиіс.

4. Сұрақ қою және жауап беру, өз ойын, пікірін айту, басқалардың пікірін тыңдау біліктерін қалыптастыру (рөлдік ойындар, проблемалық жағдаяттар, дебаттар және т.б.).

CLIL әдісін еліміздің көптеген білім ордалары оқыту үрдісінде қолданып жатыр. Мысалы: Назарбаев Зияткерлік мектептерінде бұл әдіс кеңінен қолданылуда. Өйткені, Назарбаев Зияткерлік мектебінде кейбір пәндер қазақ тілінде жүргізілмейді. Сондықтан пәнді оқытудағы тіл – екінші тіл болып табылады. Оқушы осы тілде пәнді түсіне отырып, өз ойын екінші тілде жеткізе білуі қажет. Жалпы CLIL әдісінің негізгі принциптерін анықтауда бес аспект белгіленді. Оның әрқайсысы оқушының жас ерекшелігіне байланысты жүзеге асады.

Жалпы білім беретін мектептерде CLIL әдістемесінің негізін келесідей постулаттар құрайды:

− тілді білу пән мазмұнын оқып білу құралы болып табылады;

− сабақтар еліктіргіш түрде өткізіліп, оқушылар ғылыми тәжірибелерді орындайды және түрлі эксперименттерді іске асырады;

− тіл жалпы білім беру бағдарламасына кіріктірілген;

− тілді қызықты тақырыптарды талқылауға мүмкіндік беретіндей етіп пайдалануға үйренудің мотивациясы арта түседі;

− сабақтар тілдік ортаға енуге негізделеді;

− мәтіндерді шет ел тілінде оқу қажетті дағдылар болып табылады.

Осы әдісті тәжірибеде қолдану оның оң тұстарын айқындауға мүмкіндік берді. CLIL әдісінің ең негізгі оң тұстарының бірі екінші тілді меңгеруге оқушының талпынысы болып табылады. Бұдан басқа оқушы екінші тілде оқи отырып, оның мәдениетін тереңірек білуіне мүмкіндік алады. Пәнді оқи отырып, оқылып жатқан тақырыптарға сай терминдерді қайталау барысында, оқушының белгілі пән бойынша сөздік қоры молаяды.

Мұғалім оқу материалын берерде, жұмысты ұйымдастырғанда түрлі формаларды қолдануы, оқушының шығармашылық және жеке іс-әрекетіне назар аударуы қажет. Бұл оқушының пәнді оқуына деген қызығушылығы мен ынтасын оятары сөзсіз.

CLIL сабағы келесі компоненттерден тұрады:

• МАЗМҰН (білімді, дағдыларды, пәндік доменді дамыту)

•БАЙЛАНЫС (оқыту кезінде шет тілін пайдаланып, оны қалай қолдану керектігін үйрену)

•ТАНУ (жалпы идеяны қалыптастыратын когнитивті және ойлау қабілетін дамыту)

•МӘДЕНИЕТ (өзіңізді мәдениеттің бір бөлігі ретінде танытып, баламалы мәдениеттердің бар екенін түсіну. Бұл пәнаралық байланыстар мен азаматтықты тәрбиелеуді қамтиды.)

Бұл жерде лексикалық бағыт грамматикаға қарағанда маңызды.

CLIL сабақтарында оқытушылар мен студенттер оқытатын тілмен бұрыннан таныс болуы керек. Оқушылар тақырыпты түсіну және олардың идеяларын түсіндіруге, қарым-қатынас мүмкіндігі болу үшін, пәндік (сөздік, грамматикалық құрылымдардың) байланысты болып табылатын тілді білетініне сенімді болуы

тиіс. Мысалға, географияға сай, студенттер картаны сипаттау үшін және картадағы оқылымды қалай түсіндіруге болатын арнайы сөздікке ие болуы керек. Олар пәннің оқу материалын оқып-үйрену барысында қолдануға болатын грамматикалық құрылымдарды қалай қолдануға болатынын біле алады. Оқушылар әдетте тілді ағылшын тілінде үйренеді. Мысалы сыныпта картаны үйренген кезде, өзен маршрутын сипаттау үшін студенттер «ағады» немесе «тасиды» деген негізгі етістіктерді пайдалана алады . Олар сондай-ақ себептері мен әсерін білдіру үшін шартты нысанын пайдалана алады.

Информатика пәнін ағылшын тілінде оқытуда CLIL әдісін қолданудың тиімділігі мен артықшылығы

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет.[1] Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз.

Елбасымыз үштілді білім беру жүйесін енгізе отырып қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі ретінде ал әлемдік экономикаға үйлесімді тіл ретінде ағылшын тілін меңгерту мақсатын көздеп отыр. Осы мақсатта тіл емес пәндерді ағылшын тілінде оқыту арқылы ел болашағын дамытуды көздейтініміз сөзсіз. Ағылшын тілінде оқытуда тиімді әдістердің бірі «Content and Language Integrated Learning» деп аталады.[2]

Аталған әдісті алғашқылардың бірі болып тәжірибеге енгізген Дэвид Марш атты лингвист, еуропалық профессор. Бұл әдістің ерекшелігі CLIL - информатика физика, биология химия сияқты пәндерге қолдану арқылы тілді үйретуде өте тиімді болып келеді.

CLIL әдісін қолданудың барысында мақсаты пәнді басқа тіл арқылы оқу. Ғалымдар әдістің ерекшелігі тілді жай екінші тіл ретінде мақсатсыз оқудан гөрі белгілі материалды игеру мақсатында оқу айтарлықтай нәтиже беретіндігін дәлелдеген. Бұл үйренушіге мақсаттылық және мотивация, материалды игеруге қызығушылық береді. Сондай жағдайларда CLIL әдісі оқушының ағылшын тілін меңгеруіне көмектесе алады. CLIL әдісін пайдалану ұстаздан тіл және контентті игерту мақсатында алдын ала дайындықты талап етеді. Осы орайда CLIL арқылы сабақ өткізетін ұстаз қандай болу керек деген сұрақ туындайды. Сабақ өткізу тілін игерген,яғни ағылшын тілінде өткізетін болса, ағылшын тілін кем дегенде интермедиат деңгейде білетін, сол тілде еркін сөйлеп оқушылармен қарым-қатынас жасай алатын кәсиби маман.

Ұстаз барлығын идеалды түрде білуге, басқа тілдің қыр- сырын ана тілімен тең деңгейде білуге міндетті болып есептелмейді. Өз тәжірибемде көргендей, оқушыға түсінікті қиын емес сөйлемдер мен сөз тіркестерін ұтымды пайдаланып пәнді оқыту маңызды. CLIL әдісін сабақта пайдалануда ұстаз үшін де, оқушылар үшін де бірқатар кедергілер кездеседі:

- Ағылшын тілінде сөйлеу кезінде қиындық тудыруы;
- Ағылшын тілін тыңдаудағы қиындығы;
- Оқушылардың ағылшын тілін білу деңгейлерінің әр түрлілігі;
- Ойын жеткізуде толық сөйлемдерді қолдана алмауы;

Жоғарыдағы кедергілерді жеңу үшін сыныпта қолайлы атмосфера жасай білу қажет, конфликтті немес өте қатал жағдайда тілдік қиындықтар тереңдей береді.

Сондықтан ұстаздың оқушылармен бірге білім алушы ролі мен бағыттаушы ролін қатар меңгеруі маңызды.Тыңдау және түсіну , жеңу оқушылар мен ұстаздан ұзақ уақытты талап етеді. Кейбір оқушыларда түсіну мен сөйлеу процестері қатар жүрмейді, оқушы сөйлей алуы мүмкін де тыңдаған кезде ештеңе түсінбейді. Бұл кедергілерді жеңу үшін мұғалім мәтінді аудиоларды тыңдатуына болады. Бұл үрдістер оқушылардың индивидуалдық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне байланысты болғанмен ұстаздың көмегінсіз кедергілерді жою қиынға түседі.[3] Ойын толық жеткізе алмайтын оқушылардың сөздік қорын толықтыру мен аудитория алдында сөйлеу қорқыныш сезімдері болуы мүмкін, оқушылардың ағылшын тілінде сөйлеу еркіндігі біртіндеп байқалады. Тәжирибе жүзінде оқушылардың жас ерекшелігі мен жеке қызығушылықтарына мән беру оқушының мотивациясына әсер етеді. Мысалы, 9-сынып оқушылары бағдарлама құру кезінде қиын сөздері көп мәтіндерді көргенде тез шаршап оқуға қызығушылығы жоғалады. CLIL- әдісін пайдалануда оң нәтижеге жету үшін ағылшын тілін аз мөлшерде пайдаланудан бастау оқушылардың психологиялық дайындығын арттырады. Ұстаз бірден сабақ бойы ағылшын тілінде сөйлеп, барлық сабақ материалдарын ағылшын тілінде ұсынатын болса оқушылардың қабылдау қабілетіне теріс әсерін тигізеді. Алғашында индивидуалдық ерекшеліктеріне байланысты көру арқылы қабылдап есте сақтап оқитын, жазу арқылы немесе дыбысты тыңдау арқылы есте сақтайтын оқушылардың ерекшеліктері болады. Көбінесе есту арқылы есте сақтауға бейім балалар ағылшын тілінде тез сөйлейді де айтылымда қатесін аз жібереді, мұндай оқушылар ән айтуға музыкалық қабілеттері бар балаларды жатқызуға болады. Жазу арқылы және көру арқылы есте сақтайтын визуалдарды словарь және дәптерді кеңінен пайдалануға бағыттау қажет. Олар мұғалім сөйлеу барысында тақтаға жазып экраннан көрсетіп отыруды қажет етеді. Күнделікті сабақта қолданылатын сөйлемдерді оқушы есту арқылы есте сақтайды, оқушыға «бүгін қандай күн» т.б терминдерді қолданып ағылшын тілінде айту олардың есту арқылы есте сақтауын дамытады. Әдісті пайдалануда қатып

қалған қағида жоқ, өйткені оқушылар әр түрлі дамиды, мұғалім бір немесе үш ай аралығында сабақты толық ағылшын тілінде өткізуге ауыса алады. Алғашқы сабақтарды бастамас бұрын оқушыларды психологиялық дайындықтан өткізудің қажеттілігі бар, мінезі байсалды емес оқушылар әр түрлі себептерді айтып мұғалімнің тапсырмаларына селсоқ қарауы мүмкін, ол үшін алдымен сынып жетекші және ата-анасына қажеттіліктерді түсіндіріп айтудың маңызы бар. Оқуда дислексиясы бар, ерекше назарды қажет ететін оқушылары бар сыныптарда ата-анасына ескерту мен қосымша жұмыстар жасау қажет етіледі. Демек, оқушылардың ерекше қабілеттерін пайдалана білудің маңызы бар.

CLIL-әдісін қолданып сабақ өткізу кезінде аударма сөздік, «translator», сөздіктер қолдануға рұқсат етіледі. Оқушының мәтінді аударуына электронды нұсқадағы сөздіктерді қолдануына болады. Мысалы, Алғашқы сабақтарда 5-7 минут тақырыпқа сай ағылшын тіліндегі видео материалдарды тыңдатудан бастаған тиімді, өйткені оқушы тыңдап және көру арқылы өтетін сабақтардан кейін стреске түсу мүмкіндігі азаяды. Үй тапсырмасына тақырыпқа сай жаңа сөздер жазып келуге тапсырылса келесі сабақта жаңа сөздерді пайдалануға тапсырмалар беріледі.

CLIL әдісін қолдануда қарапайым диалог құрастыру, қысқа сөздік жазғызу, суретті әңгімелеу, ойындар ойнату, тиімді нәтиже береді.Күнделікті сабақта айтылатын. Сабақтың құрылымы бастапқыда қайталанбалы болса оқушы тәртіпке үйренеді, әдістерді де өте қарапайымнан күрделіге қарай ауыстыруға болады. Өйткені белгілі бір қайталанбалы сабақты оқушы меңгергенге дейін сол сабақта қолданылатын қарапайым сөз тіркестері мен сөйлемдерге құлақтары үйренеді. Педагогикалық тұрғыда қарастырсақ, сабақта белгілі дәрежеде қиындықтардың да болуы мүмкін. Сонымен қатар уақыттың жетіспей қалуы, мұғалімнің жоспарының толыққанды жүзеге аспауы мүмкіндіктері болуы. CLIL сабақтары барысында қалыпты деп есептеледі. Оқушыларда барлық тіл үйренушілерге қатысты қателіктер кездеседі, жазу мен сөйлем мүшелерінің орындарының ауысуы, айту кезіндегі қателіктер, орфографиялық, синтаксистик қателер көп жіберіледі. Бастапқыда сөйлеу кедергісі бар оқушылар сабақта белсенділік таныта бастаған кезде олардың қателіктерін сөзін бөлмей сабақтың соңына қарай барып түсіндірген жөн, өйткені ең бастысы сөйлеу кедергілерін жою мақсатында жұмыс жасау деңгейінде бұл қателіктергі аса назар аудармаған жөн.

Информатика пәнін ағылшын тілінде оқытуда тақырыпқа сай терминдерді видеолар мен мультфильмдер, оңай кинолар арқылы есте сақтауға үйретуге, мәтіндік тапсырмалар, түртіп алу әдістерін пайдалану арқылы оқытуға болады. Ағылшын тілі - әлемдік бизнес тілі, оны меңгеру - жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу — біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі. Ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Сондықтан тиімді әдіс тәсілдерді қолдану арқылы оқыту нәтижеге жеткізеді.

CLIL технологиясын информатика сабағында қолдану

CLIL әдісінің негігзі мақсаты – мұғалімнің сөйлеуін азайтып, керісінше оқушылардың бір бірімен сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Әр сабақтың басында немесе соңында «миға шабуыл», «ыстық орындық» әдістерін ұйымдастырып отырған тиімді. Берілген ұғымға байланысты оқушылар өз ойларын, идеялары мен сабақ тақырыбының сан алуан аспектілерін қозғайтын болады. Осылайша олардың сөйлеу, ойлау дағдылары қалыптасып, сөйлеу тәжірибесі артатынына көз жеткізуге болады. Дайындалатын тапсырмалар түрі пән мазмұнына бағытталған, оқушы түсінетіндей күрделілік деңгейі (жас ерекшелігіне байланысты) бойынша құрастырылуы тиіс. Әр тапсырма оқушының өздік жұмысына бағытталуы қажет. Жалпы информатика сабақтарын ұйымдастыра отырып, тақырыпқа байланысты келесідей тапсырмалар құрастыруға болады: «Шашыраған әріптерден сөз құра», «Командалардың орналасу тәртібін дұрыс анықта», «Бос орындарды толықтыр», «Термин-анықтама», «Сөздерді табуға бағытталған ойындар», «Сәйкестендір», «Мәтінмен жұмыс» т.б.

Информатика пәндерін кіріктірілген оқыту барысында оқушылардың білімдерін бағалау жүйесі:

1) ағылшын тіліндегі сөз қорын толықтыруға;

2) өз ойын және ақпаратты ағылшын тілінде ауызша жеткізе білу біліктерін дамытуға;

3) мұғалім мен оқушының сөзін, аудио немесе бейнетаспаны тыңдау, ағылшын тілінде тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну біліктерін қалыптастыруға;

4) зерделеніп отырған тақырып бойынша ағылшын тілінде оқылған мәтінді түсінуге;

5) қажет жағдайда ақпаратты жазбаша нұсқасында жеткізуге бағытталуы тиіс.

Қорытынды

Білімнің кіріктірілуі білім беру мазмұнының икемді болуының және түрленуінің бір жолы болып табылады. Кіріктірілген оқытуды ұйымдастыруда оқушылардың жас ерекшеліктерін еске ала отырып, оларды тұлға ретінде дамытуға және олардың шығармашылық ойлауын қалыптастыруға тірек болатын түрлі білімнің тоғысуы арқылы әлемнің сан түрлі болмысын таныту мүмкіндігі пайда болады. Мектептегі пәндердің кіріктіру үдерісін ұйымдастырудың басты формасы – кіріктірілген сабақ. Психологиялық-педагогикалық тұрғыдан алғанда, кіріктірілген сабақ шәкірттердің танымдық әрекетін белсендіруге ықпал етеді,

ынталандырады, оқу пәнін жемісті меңгеруінің шарты болып табылады және оқушылардың құзыреттілігін қалыптастырады. Кіріктірілген сабақты өткізуде, барлық сабақты өткізу сияқты, оқыту әдістемесі маңызды орын алады. Бүгінгі күні CLIL пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту білім беру әдістемесінің ең жемістісі болып саналады. Бұл әдіс екі пәнді, оның бірі шет тілін, кіріктіре оқытуға мүмкіндік береді. Ерекше, осы пәнге тән терминдерді, белгілі бір тілдік құрылымдарды, оқып-біледі, пәндік терминология арқылы оқушының сөздік қоры да байып, дамиды. Осы айтылғандар тұрғысынан алғанда, оқу-әдістемелік құралда пәндік - тілдік кіріктіре оқытылатын жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша (оқыту тілі мен ағылшын тілдерінде) терминдердің қысқаша сөздігі енгізілген, информатика, физика, химия, биология және жаратылыстану пәндері бойынша үлгілік сабақ жоспарлары ұсынылған. Соның барысында оқушылардың ойлау әрекеті белсендіріліп, алатын ақпараттың аясы кеңи түседі, сөйтіп, оқушының оқып, білім алсам деген мотивациясы тереңдей түседі. Осымен, жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндер (информатика, физика, химия, биология) мен тілді кіріктіре оқыту оқу үдерісінің сапасын жоғарылатып қана қоймайды, сонымен қатар, мектептегі білім берудің маңызды міндеті – оқушылардың пәнаралық байланыс негізіндегі ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мәселесін шешуді көздейді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ағышын тілін және жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) кіріктіріп оқыту. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2016. -94 б.

2. Интегрированное обучение английскому языку и учебным предметам ЕМЦ (информатика, физика, химия, биология, естествознание).
Учебно-методическое пособие. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2016. – 111 с.

Айтулова Балжан Ниязбаевна
Шымкент қаласы, «№103 ЖОББМ» КММ

USE OF INFORMATION TECHNOLOGY IN ENGLISH LESSONS

Conscious learning of English, making it a necessity at its level, is not a matter of one year, so one of the questions that arises among professionals engaged in teaching English: how to teach to express themselves fluently in English, both orally and in writing? What methods and technologies should be used to motivate students? Having studied the methodological and scientific materials on language teaching in schools where the language of instruction is another language, I would like to focus on the use of information technology and share my experience on this topic. Various technologies are being introduced in the field of education, but the main requirement is to choose the right one and use it effectively at each stage of the lesson. The problem is not the widespread use of technology, the problem is the result-oriented education of the individual. Today, the method of demonstration and the use of technical means can be performed only by information and communication technology. Information technology is a set of methods and production and software-technological tools combined in one technological chain for the collection, storage and processing of information. Today we all use information technology in the classroom. Abay Kunanbayevich, a classic of Kazakh literature, said: "In order for your students to study well, they must have a great desire and interest in reading." Indeed, only a person who is diligent, who always wants to know everything, who shows perseverance and patience will achieve his goal. The comprehensive use of new technologies and technical aids in the teaching of English in the classroom facilitates many difficult tasks of the teacher and allows the emergence of fundamentally new approaches to this business. One of such new ways is language teaching through the types of computer programs in the information learning system. Here are the types of computer programs I use in English lessons: Learning vocabulary. Different methods are used to learn vocabulary. It is better to explain the meaning of words with pictures, objects, models. To explain an abstract word, it is necessary to use translation and interpretation through language visualization. And language visualization is the interpretation of the meaning of a word through context, through the analysis of synonyms and antonyms, the components of the word. The following requirements apply to the context used to explain the meaning of a word. The grammatical structure of the context, the new word in it and all the other words should be familiar to students. Then the student's attention is drawn to the new word. The effectiveness of language visualization The meaning of words in the lesson is explained only in a foreign language, and a connection is made between the new word and its meaning. Thus, the atmosphere of a foreign language is created in the lesson. But the disadvantage of this approach is that students understand the meaning of a new word in their native language as if they have found an alternative to it, that is, they still translate it into their native language. For example, the structure of a special electronic textbook for grades 7-11 in English is as follows: the student has the opportunity to work with the main sections of the school curriculum: "Travel", "Education", "Health", "Environment", "Youth and Time". In each chapter, the student can easily and quickly find the following information. Texts related to the topic Pictures and drawings related to the theme and elements of computer animation Exercises to replenish the vocabulary Grammar tests Students actively work individually with these textbooks. The teacher directs their independent work, supervises it, manages the technological apparatus, and the student becomes more active. Effective

in using time. "Although it is possible to remove the native language in the classroom, it is impossible to remove it from the consciousness of the student," - said the scientist L. B. Shcherba was right. In the introduction to and working with text vocabulary, for example, food, trade, clothing, etc. b. Speech works: Many programs consider working with a microphone. After listening to the words and phrases, the student repeats them. Then the student has the opportunity to correct the speaker's speech, that is, by listening to the pronunciation. Dialogue also contributes to the development of students' spoken language. Dialogue is the most basic form of communication. Communication between people begins with greetings. The teacher enters into a dialogue with students from the beginning of the lesson. Conversations are created by giving students tasks on a specific topic. Dialogue can be used both as a whole and individually with listening. Students are interested in learning to communicate orally through purposefully organized situations. Dialogic speech corresponds to the basic principles of communicative learning. Its principle is that communication is realized only in the case of an answer.

Есенбек Гульвира
Шымкент қаласы, «№103 ЖОББМ» КММ

«БАСТАУЫШ СЫНЫПТА САБАҚ БЕРУ ӘДІСТЕРІ»

Тіл білімі ереже жаттату түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын тану түрде үйрету керек.
Сөздің тұлға, мағына жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс.
А.Байтұрсынұлы

Бастауыш мектеп-оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім - үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс.

Бастауыш мектеп балаға білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу,қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Оқушыларға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру үшін оқыту әдісін жетілдіру-әр ұстаздың жеке міндеті. Оқушылардың сабақтағы қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастырудың жолдары сан алуан.Біздің міндетіміз – оқушыларға білім беруде жаңа технологиялар мен жаңаша оқыту әдістерін тиімді қолдану, білім сапасын көтеру, жан-жақты дамыту.

Жаңа технологиялар баланы тек үйретуші ғана емес өзіндік ой-пікірі бар, жан-жақты дамыған дара тұлға дәрежесіне дейін тәрбиелеуді мұрат тұтады.

Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады.

Оқушыларды ізденіске баулып өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді.Олардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.

Бастауыш сынып оқушылары жаны жаңалыққа құмар, барлығын игеріп, білгілері келіп тұрады. Сондықтанда жаңа технологияларды бастауыш сыныпқа пайдаланудың маңызы зор.

Бүгінде бастауыш мектептерде жиі қолданылып жүрген технологиялардың бірі **"Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту"** технологиясы. Сонымен қатар**"Ойын арқылы оқыту"**технологиясын бастауыш сынып мұғалімдері жиі пайдаланады, себебі бастауыш сынып оқушыларын оқуға тек ойынмен ғана қызықтыруға болады. Ойын ойды қозғайды.Ойын – баланың интеллектуалдық ой-өрісін тереңдей түсуіне, шығармашылықпен ойлауына алып келеді, білім сапасын арттырады.

1. «Пирамида тарихы» әдісі

Жолдың номерін сөздің саны білдіретін, «пирамидаға» сыйғызылған ерекше құрылым жатыр:
1) бастыкейіпкердіңаты (тақырыптың);
2) мінездемен емес сипаттама;
3) әрекеттіңорны (пайдалану);
4) проблема;
5) жағдайдыңөрісінсипаттау;
6) проблеманышешуүшін не қолданылды.
7) проблеманышешужәне ары қарай не болатынынболжау.

2. «A,B,C»

A-сұраққояды.
B-жауапбереді.
C– айтқанжауаптардыбақылайды,толықболмасатолықтырады. Оқушылартоптаүшеуденотырады.

А — сұраққоюшы, В – жауапберуші, С — бақылаушырөлінатқарады. Бақылаушықажеттіжерлерінтүртіпалып, әңгімесоңындақорытындыбереді.
Оқушылар осы сұрақтарғажазбашастикергежауапбереді. Ұсыныс,тілектерінайтады.

3. «Интерактивтідәріс»

Орындалубарысы:
А.Мұғалімоқушыларғажаңа тақырыпбойыншажалпыламадәрістіңмәтінінәртопқаарнапбереді.Оқушыларарнайытапсырмалардыорындайды. Мәтінпрактикалықжұмысқаарналғанжәненақтыболуықажет.
В.Оқушылар топ ішіндебір-бірінекөмектесеотырып, дәрістіңмағынасынтүсінеді.Оқушыларөздерінетүсініксізболғанжағдайларғабайланыстыбір-бірінесұрақтарқояалады. Мұғалімсұрақтарғаешкімжауапбереалмағанжағдайдағанасұрауғаруқсатетеді.
С. Дәрістіңмәтініменжұмысжасапболғансоңоқушыларжекелейтапсырмаларорындайды. Жұмыстыңбұлкезеңіндебірбірінесұрау, көмектесугеруқсатберілмейді, оқушылар тек жекетапсырмалярменжұмысжасайды.
Әдістіңбастыерекшелігіжекетапсырмаларғаарналғанбағалаужүйесіндеболыптабылады.
Бағалаусалыстырмалытүрдеқойылады.Оқушыалдыңғытапсырмаданқарағандажоғарыұпайалғанкездеғана топ қоржынына өзүлесінқосаалады. Жоғарыұпайжинаған топ жеңімпазатанады.

4. «Айдаһар»

Оқушылардысергітіпалуүшінбәрінбір-бірініңбеліненұстатып тұрғызады.1-оқушы «айдаһардың басы», соңындағыоқушы «құйрығы». Басы құйрықтыұстапалукерек.

5. Фильмдердікөружәне оныталдау

Сабақбарысындакөркемфильмдердіжәнешағынбейнебаяндарды, олардыңүзінділерінқолдануғаболады. Тақырып пен мақсатқасайматериалды тек қанақосымшаемес, сабақтыңкезкелгенкезеңіндекөрсетугеболады. Көрсетілімніңалдындаоқушыларғабірнеше (3-5) кілттісұрақтардыберіпқоюқажет. Бұлталдауғанегізболатынсұрақтар. Фильмдіарнайы таңдалғанжерлерінентоқтатып дискуссия өткізугеболады. Соңындаоқушыларменбіргеталдап, қорытындысыншығаруқажет.

6. **«Аквариум»**

Мақсат: оқушыларға проблеманы талқылауға еркін кіруге және шығуға мүмкінді береді.
Өткізу кезеңдері:

Оқушылармұғалімменбіргеекішеңберқұрады: сыртқы (бақылаушылар) жәнеішкі (белсендіқатысушылар) Ішкішеңбердіңмүшелерімұғалімменұсынылғансұрақтыталқылауғабелсендіқатысады. Басқаоқушыларбақылайдыжәнеолардыңқайсысыныңнұсқасықызықтырғандағанасөзсөйлейді; олартолықтырады, сұрақтарқояды, нақтылайды. Соныменқатар оны өзнұсқасыменқызықтырған «бақылаушы» белсендіқатысушының қасынатұруғатиіс. Бірпроблеманы (сұрақты) талқылағаннанкейін, оқушыларорындарынауыстырады(шеңберденалыстұрғандаршеңбергеотырады). Мүмкіндігінше, барлықоқушыларшеңбердеболуыкерек.

7. «Ақындарменжазушылар»

Топтағыоқушылар 3-4 минут аралығындаөздерібілетінақын-жазушыларынжазыпшығады да, кезектесіпоқиды. Біртоптабіріншіайтылғантұлғаөздеріндеқайталанса, сызыптастапотырады. Қайтоптыңтізіміндетұлғалартектерікөпқалса, соларжеңімпаз.

8. «Алфавит»

Оқушыларәрқайсысыалфавиттіңбір-бірәрпіналып,
жылкөлеміндеоқығанматериалдарынанөздерінетүскенәріпкесәйкестақырыптардыайтыпшығады.
Мысалы,«Қаратпасөз, қыстырмасөз, қосарлыайқындауыш, қарсылықтысалалас, қарсылықтысабақтаст.с.с. Қорытындысабақтарда, емтиханғадайындықта, естесақтауындамытудакөмеккекеледі.

Қорыта келе айтарым,білім беру жүйесінің ең маңызды да күрделі сатысы – бастауыш сынып, сондықтан осы жаңа технологияларды пайдалана отырып, бастауыш сыныптарда білім сапасын көтеру білімнің басты негізі болып табылады.«Алдыңа ұлы мақсат қойсаң,ұлылыққа жетесің»деп данышпан ақындарымыз айтпақшы ,пәнге қызықтыра отырып, білім қорын кеңейту үшін мұғалім аянбай еңбек ету керек деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер

1.Бастауышмектеп журналы 2009№6
2.Бастауышмектеп журналы 2014 №3
3.Бастауышбілім журналы2009№4
4. Ust.kz ғылыми порталы
4.Бастауыш сыныптарға арналған ойындар дидактикалық құрал

Жақаева Балауса Сұлтанғалиқызы
Шымкент қаласы, «Уалиханов атындағы жалпы орта мектебі» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі

ФИЗИКА ПӘНІҢДЕ САРАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Мақсаты: Саралап оқытудың әдіс - тәсілдерін меңгере отырып, мағлұмат беру. Саралап оқыту технологиясын физика пәнінен тиімді қолданып, жаңартылған білім мазмұны бойынша тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану

Міндеттері:

- Физика пәні бойынша саралап оқыту бойынша деңгейлік тапсырмалары туралы мағлұмат беру;
- Саралап оқыту технологиясы бойынша оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіруге арналған тапсырмалар дайындау

Күтілетін нәтиже: Мұғалімдер барлық оқушылардың жеке қабілетін ескере отырып нақты өлшенетін нәтижелері бар саралап оқыту тапсырмаларын әзірлейді. Оқушылардың қажеттілігін анықтап, оларға қолдау білдіреді.

Үздіксіз білім берудегі жаңа тәсілдер оқыту әдістерін өзгертудегі жаңа бастама, бұл *сындарлы оқыту теориясының* негіздерін қамтыған. Бұл теория оқушылардың ойлануын дамытуда олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен,мұғалімнен,оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделген.

Мұғалімнің білім беруі мен оқытудың қазіргі замандағы әдістері негізгі жеті модульге бөлінеді.

1. Оқыту мен оқытудағы жаңа тәсілдер
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету
3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау
4. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес оқыту.
7. Оқытуды басқару және көшбасшылық.

Саралап оқыту технологиясы — келесі негізгі кең ауқымды дағдыларға:

- білімдерді функционалдық және шығармашылық қолдану;
- сыни ойлау;
- зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану;
- әр түрлі коммуникация тәсілдерін пайдалану;
- топта және жеке жұмыс істеу ептілігі;
- проблемаларды шешу және шешімдер қабылдауға ие оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы-оқушының туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке даму жанжақтылығына негізделген білім беру жүйесі. Бұл технологияда бірінші орында оқушы туралы және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударады.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының екінші бір жағы – оқушыларды дүниежүзілік білім жүйесінде қолдананылаты рейтинг – ұпай жинау әдісіне баулу.

Деңгейлік тапсырмалар рейтинг-ұпай – балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, оқушылардың деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне анализ жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді.

Келесі тапсырмаларда оқушы неғұрлым көбірек ұпай жинау үшін ізденіп оқытушыдан, жолдастарынан, қосымша материалдардан білім жинайды. Бұл әдіс арқылы оқушылардың сабаққа деген ынтасы жоғарылайды, өз білімін бағалай алады және баға әділдігіне көз жеткізеді.

1-деңгей. Оқытушылық деңгей- міндетті, оқушылық деңгей репродуктивтік деңгей: жаттап алуға лайықталған анықтамалар, тұжырымдамалар, аксиома, теорема, т. б; алдынғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өзін өзгертпей қайталап, пысықтауға арналған сұрақтар; тапсырмалар жаңа тақырып үшін тиісті және өмірмен байланысты болу керек.

2- деңгей. Алгоритмдік деңгей – елеулі белгілерді есте сақтау дағдысына бағытталады: өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар, бірақ оларды орындау үшін алған білімдерін түрлендіріп, тереңдете пайдалануды талап етеді; логикалық есептер, тапсырмалар.

3- деңгей. Эвристикалық іздену түрде орындалатын тапсырмалар: анализ бен синтез, салыстыру арқылы тақырыптағы негізгі білімді анықтау, қорытындылау, әр түрлі әдіс - тәсілдермен есептер шығару, өздігінен есептер шығару, ребрустар, сөзжұмбақтар құрастыру, диаграмма салу,

өлшем жасау, проблемалық жағдайларды шешу, белгілі бір дағдыларды қалыптастыруға арналған сұрақтар. **4- деңгей. Шығармашылық** оқушылардың жинаған өмірлік тәжірибесі мен қалыптастырған ұғым, түсініктердің қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген (теорема дәлелдеу, заңдылықтарды оқулыққа сүйенбей мұғалімнің көмегінсіз қорытып шығару); олимпиада есептерін шығару; берілген тақырыпқа өз бетімен реферат, ғылыми жобалар қорғау.

Физика пәнінде саралап оқытудың тиімділігі өз тәжірибемде

Физика сабағында саралап оқыту технологиясын үнемі қолданамын, себебі саралап оқыту технологиясы оқушылардың физика саласында қабілеттерін арттырып, жаңа сабақ тақырыбын өткен уақытта қызығушылығын арттырып, білім деңгейлерінің көтерілетінің байқадым:

1. Топішілік саралап оқыту – оқушылар жеке ерекшеліктерін немесе дайындық дәрежесін ескере отырып топтарға бөлінеді.
2. Топтық саралап оқыту-сыныптарды топтарға бөлу, олардың әрқайсысы өз тапсырмасын орындайды(ұжымдық жұмыс болуы мүмкін).
3. Фронтальды саралап оқыту-оқушылар бір жаттығуды орындайды,бірақ олардың тапсырмаларын күрделілік дәрежесі бойынша әртүрлі балаларға бөліп бердім.
4. Жеке саралап оқыту - әрбір оқушы өз тапсырмасын өз бетінше немесе мұғалімнің көмегімен орындайды.

Физика пәнің біз оқытудың саралап оқытудың тәсілін жүзеге асыратын келесі әдістерді пайдаланамыз:

1.Топпен жұмыс
2. Жобалар әдісі
3. Түрлі деңгейлі тапсырмалар

Саралап оқытуды *жүзеге асыру үшін* жүйелі түрде шәкірттерге күрделілігі әр түрлі жұмыстарды есептеуге беріп, оған қайтарылған жауаптарына назар аударуы, нәтижелерін арнаулы күнделік дәптерге жазу, басқа пән мұғалімдерімен пікір алысып, оқушының өзімен сырласуы, ата-ананы одақтас етіп, ынтымақтастықты арттыру істің нәтижелі болуына мүмкіндік жасайды. Талапты, талантты шәкірттерге қосымша тапсырма беру, әдебиеттер, есептер жинағын, оқу құралдарын ұсыну, сонымен бірге талап-тілектеріне сай қосымша уақыт бөліп, бірлесе сынақ-тәжірибелер жасау, жаппай жасалатын зертханалық жұмыстар даярлауда көмекке шақыру, көрнекі көрсетілетін тәжірибелерді жасауда жәрдемдесу, біріге еңбек ету – **саралап оқытудың маңызды міндеті.**

Сондай-ақ, сыныптан тыс жұмыстарда пәндік апталықтар өткізуде негізгі көмекшілер тағайындауға, жалпы басшылықты талапты, ұйымдастыру қабілеттері бар жас жеткіншектерге беріп, оларға тек бақылау жасау, қажетті кезеңдерде ғана ақыл-кеңес беріп, үйрету назардан тыс қалмағаны жөн. Мұғалім оқушыларға көптеген тамаша кештерден ең қызықтысын іріктеп алудың тәсілдерін үйретуі тиіс.

Оқыту-тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу барысында әрбір тоқсанда оқу үлгерімдеріне сай кейбір шәкірттерді тереңдетіліп оқытатын курсқа ауыстыру мүмкіндіктерін қарастырудың, шәкірттердің еңбектерінің лайықты бағаға ие болуын ойластырып, оларды жүзеге асырудың берері аз болмаса керек.

Саралап оқытуда талдап-жинақтай баяндау элементтерін пайдалану, ұқсастықтар, қорытындылаулар, нақтылаулар, модельдеу және ой елегінен өткізулер арқылы өздігінен білімдерін жетілдірулер, оқу материалдарын қысқаша конпектілеу, тірек конспектілер жасау, негізгілерін ықшамдап жазу, келелі мәселелер ұстанымын пайдалану табысқа жеткізетінін ескеру нәтижесінде шәкірттерді сенімді көмекші ете білу мен табыс көзі болып саналады. *Дарынды шәкірттерді даралауда саралап оқытуға баса назар аудару – болашақ ұрпақтың білікті маман болуына жол ашылады.*

Саралап оқыту идеясы. «Жекелендіру» және «дифференциация» ұғымдары бірізгілікте қарастырылады. Олардың өзара қарым-қатынасы сипатында әрқилы көзқарастар бар: саралап оқыту жекелендірумен байланысады; саралап оқыту құрамына жеке жағдай ретінде (ішкі дифференциация) жекелендіру енеді; саралап оқытудың жекелендіру құралы ретінде қарастырылады.

Оқытуды жекелендіру саралап оқытумәнін, мақсатты бағыттылығын анықтайды.

Жекелендіру – оқыту процесінде оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру, олардың тұлға ретінде қалыптасуына және дамуына, олардың мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін және қызығушылықтарын ескере отырып жағдай жасау,

Кәсіптік білім беруде қолданылатын оқытудың жекелендіру технологиясына мыналар жатады:

- модульді оқыту технологиясы, аяқталған блок-модульдердің ішіндегі жеке жолдарға оқытуға таңдауды қамтамасыз етеді, онда оқу материалының элементтері жүйе түрінде болады;

- ашық оқыту технологиясы — студенттерді жеке темпте, жекеше бағдарламалар бойынша оқыту.

Саралап оқыту – жеке оқыту үшін оқытылып отырғандардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып оларды топтарға бөлу. Ол топтар бірқалыпты, салыстырмалы түрде бірқалыпты, ал жеке оқыту – тұрақты, уақытша екенін ескеруді ұмыстпаған жөн.

Оқытуда, оқушылардың барлық ерекшеліктерін ескеруді жүзеге асыратын құрал -*саралап оқыту болып табылады.*

Саралап оқытудыңмәні – оқушыларды бөлу емес, оларды біріктіруде дер кезінде көмек көрсету.

Тиімділігі – мұғалім оқушылардың жұмысын бақылап қана қоймай, осы уақытта жеке оқушылармен жекеше жұмыс жасайды. *Оқушылар үш режимде жұмыс істей алады:*

- мұғаліммен бірігіп;
- жеке өз бетімен;
- мұғалімнің жетекшілігімен.

Саралап оқыту оқытудың болашағы оның оның формаларының жаңа типологиясын жүзеге асырумен байланысты. *Оның мәні мынада:*

- оқушылардың ерекшелігінің типологиясы негізінде тұрақты класс немесе топ құру;
- оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, жан - жақты дайындықты жүзеге асыру.

Барлық оқушылардың оқуға қабілеттілігінің дамуы мен дайындық деңгейі бірдей болмаған жағдайда дифференциалды оқыту технологиясы қолданылады.

Жеке қабілеттері ескерілмей, тек жас ерекшелігіне байланысты жиналған 25-30 оқушы білімді бірдей және тең меңгермейді. Кейбір оқушыларда өз жасына сай ойлауға икемділігі, ширақтылығы болмайды, жинақтап қорыта білмейді, осыдан кейін оқу материалдарынан қала бастайды. Бұндай оқушылардың білімге деген қызығушылығы жоғалады, оқуға деген теріс көзқарасы пайда болады. Бұл үлгермеушілікке әкеліп соғады. Жақсы оқитын оқушылармен де жұмыс істеу қиын, себебі, мұғалім сабақты «орташа» оқитын оқушының қабілетіне негіздейді. Олар біртіндеп оқу тапсырмаларын орындауда жеңілдіктерге үйренеді және бірінші қиындықтар өз-өзіне сенбеушілік, сасқалақтау туады. Ал, бұл үлгерімнің төмендеуіне әкеледі. Сондықтан, әрбір оқушының жоғары үлгерімділігіне жетудің міндеті дифференциалды оқытуда оқушының жеке ерекшелігін ескеру негізінде шешіледі.Оқыту және білім берудегі дифференциация туралы түсінік

Саралап оқыту – бұл әр оқушының қабілетін, бейімділігін, қызығушылығын ескере отырып жеке басын дамытуды қамтамасыз ететін білім берудің жүйесі.

Оқыту және білім берудегі саралап оқыту дегеніміз:

1. Білім берудің мазмұнын, түрін, әдісін, темпін, көлемін таңдау арқылы әр оқушыға білім меңгеруіне қолайлы жағдай жасалатын оқу іс-әрекетін ұйымдастыру.
2. Әр түрлі білім алу қажеттіліктерді қамтамасыз етуге арнап оқыту жүйесін бағдарлау.

Саралап оқытуоқытудың мақсаттары төмендегідей:

1.Әр оқушының қызығушылығымен бейімділігін дамыту және талаптарды анықтауға тиімді жағдай жасауға негізделген оқытуды даралау. Бұл саралап оқыту оқытудың психологиялық-педагогикалық көзқарастағы мақсат.

2.Әлеуметтік көзқарас бойынша саралап оқытудың мақсаты ол әрбір қоғам мүшесінің социумлен өзараәрекет бейімділігін ұтымды пайдалану мақсатпен шығармашылық, интеллектуалдық, профессионалдық қоғам потенциалын қалыптастыруына мақсаттылықпен әсер ету.

3.Дидактикалық көзқарас бойынша оқушыларды саралап оқыту үшін жаңа әдістемелік жүйені жасау жолымен толғағы жеткен мектеп проблемаларын шешу.

Саралап оқыту түрлері. Оқыту және білім берудегі саралап оқыту 3 түрлі болады:

1.Сыртқы саралап оқыту (арнайы мектептер ұйымдастыру, тереңдетіп оқыту және коррекциялық сыныптар, факультативтер, таңдау курстарын т.б. ашу).

2.Ішкі саралап оқыту - әдеттегі сынып көлемінде әр оқушының даралық ерекшелігін ескере отырып сабақ барысындағы жұмыстың ұтымды түрін анықтау.

3.Элективті саралап оқыту – бұл оқушыларға міндетті оқу пәндерімен қатар бірнеше пәндерді қосымша ретінде оқуға құқық беру.

Саралап оқытуоқытудың талдау схемасы. Саралап оқыту топтық оқу деңгейіне байланысты бірдей салыстырмалы топты бөлу формасын ұсынады.

Топты құрылымдық талдау схемасы.

Бірінші топ - жоғары оқу қабілеті бар оқушылар:

а) жоғары деңгей, даму және жұмысқа жоғары қабілеттілігі;

ә) орташа деңгей, даму және жұмысқа жоғары қабілеттілігі;

б) жоғары деңгей, даму және жұмысқа орташа қабілеттілігі.

Бұл топ оқушылары оқу міндеттерін өз бетімен шешуге және белгісіз жағдайда қажетті білімді қолдануды талап ететін қиын материалдармен жұмыс жасайды.

Екінші топ - орташа қабілеттері бар оқушылар:

а) орташа деңгей, оқуға қабілеті және жұмысқа орташа қабілеттілігі;

ә) төменгі деңгей, дамыту және жұмысқа жоғары қабілеттілігі;

б) төменгі деңгей, дамыту және жұмысқа орташа қабілеттілігі.

Бұл топтағы оқушылар бірінші топтың тапсырмасын, мұғалімнің және тірек схемасының көмегімен орындайды.

Үшінші топ - оқу қабілеттері төмен оқушылар:

а) жоғары деңгей, дамыту және жұмысқа төмен қабілеттілігі;

ә) орташа деңгей, дамыту және жұмысқа төмен қабілеттілігі;

б) төменгі деңгей, дамыту және жұмысқа төмен қабілеттілігі.

Бұл топтағы оқушылар оқу тапсырмаларына шек қоюды, сабақта қосымша түсіндірулерді және жаттықтыратын жұмыстарды қажет етеді.

Саралап оқыту оқытуда әлсіз оқушылармен жұмыста сабақтан соң, қосымша дайындалуды қажет етпейді. Саралап оқыту процесінде оқушылардың бір топтан, екінші топқа көшуі мүмкін. Көшу немесе ауысу оқушының даму деңгейінің өзгеруінен, сабақта білім алуда қызығушылығының тууына талаптануда, оқу бағыттылығының жоғарлауы және кемшіліктерді толықтыруында қамтамасыз етіледі.

Саралап оқытубойынша жаңа маттериалды түсіндіру. Саралап оқытудың негізінде сабақтың әр түрлі кезеңдерінде оқушылардың оқу әрекетіне қойылатын келесі талаптар анықталады:

Сабақтың схемасы

Жаңа материалды түсіндіру.

І-кезең. Өткенді қайталау.

Әр түрлі қиындықтарға байланысты оқушылардың өзіндік жұмысы.

Бірінші топ: тапсырманы түсінуде, талап ететін өзіндік шығармашыл жұмысты орындайды;

- 2-ші және 3-ші топтардың жұмыстарын бақылайды, қиыншылық туған жағдайда оларға көмекке келеді;
- 2-ші және 3-ші топтар үшін қайталанған материал бойынша қорытынды жеке тапсырмалар жасайды.

Екінші топ: өткен сабақта 1-ші топ оқушыларының дайындаған тірек схемаларының ережелерін жасайды, үлгі бойынша жұмыс жасайды;

- жаңа материалды меңгеруге қажетті ережелерді қайталай отырып, 3-ші топ оқушыларының үй тапсырмаларын тексереді.

Үшінші топ: жатталған ережені тәжірибеде қолданады, алдыңғы сабақта 1-ші және 2-ші топ оқушылары жұмыс істеген тірек схемалары бойынша өз бетімен жұмыс істейді, жаңа материалды түсіндіру үшін материалды қайталайды.

ІІ-кезең. Жаңа білімді практикада қолдану әдісіне байланысты барлық топ оқушыларына мұғалімнің материалды фронтальды түсіндіруі (барлық топ жұмысістейді).

ІІІ-кезең. Барлық топ оқушыларының білімді меңгеру сапасын анықтау және меңгерген материалды тәжірибеде қолдана білуі.

Бірінші топ: білімін кеңейту және тереңдетуде өзіндік жұмысы, оқушылар өздерінің уақыты мен күшін керексіз қайталауға жұмсамау керек.

Екінші және үшінші топ: тірек схемаларын қолданып, негізгі сұрақтар бойынша жаңа материалды екінші рет түсіндіру.

*Екінші топ***:** тірек схемасы және үлгі бойынша өзіндік жұмысы.

Үшінші топ: жаңа материалды түсіндіруі бойынша түзету:

1) оқулық бойынша теориялық жағдайы;

2) оқу жұмысының дағдыларын меңгеру мақсатында мұғалімнің жетекшілігімен тақырыптық жаттықтыру жаттығулары.

IV-кезең. Өзіндік жұмысты орындаудың нәтижесін тексеру үшінші топтан басталады, сосын екінші бірінші топпен аяқталады. Жаңа тақырыпқа байланысты өзіндік тапсырманы үшінші топ екі рет тыңдайды, бірінші топтың өзіндік жұмысының орындалуын екінші және үшінші топ тыңдайды.

V-кезең. Барлық топқа арналған бірдей өзіндік жұмыс. Сосын барлық топқа қосымша тапсырмалар беріледі (әр түрлі күрделілігіне байланысты).

VI-кезең. Үй тапсырмасы екі түрлі болады: күрделілігі және мазмұны бойынша әр түрлі, күрделілігі бойынша немесе мазмұны бойынша әр түрлі.

Келешекте өз тәжірибемде :

1.Физика пәнінен оқушылармен үнемі тепе – теңдікті ұстауды, еркіндік беруді.

2. Оқытуды сапалы ету үшін жаңа тәсілдерді қолдана отырып,сабақтарымды түрлендіруді

3. Әріптестерімді қызықтырып, бірлесе жұмыс жасауды

4. Ата – ана, мектеп психологымен жаңаша бағыттағы жұмыстыдамытамын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Оқыту технологиясының түрлері. Куәлік №1235 11 қазан 2012. Самашова Г.Е., Құрымбаев С.Ғ., Егоров В.В. және т.б.

2 Манабаева А.Ш., Абылайхан С.М., Байжұманова Н.С. Оқытудың жаңа технологиялары Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2010. – 204 б.

3 Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии. М., 1995.
4 Танасейчук М.К., Шкутина Л.А. Развивающая профдиагностика и педагогические технологии. Алматы, 2000.
5 Кашлев С.С. Современные технологии педагогического процесса. М., 1995.

Айтбаева Мадина Жайлауқызы
Шымкент қаласы, «№103 ЖОББМ» КММ
физика пәнінің мұғалімі.

ӘДЕБИЕТ ПӘНІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ МЕН ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Мақсаты: Жаңартылған білім мазмұны бойынша қашықтықтан оқытуда әдебиет сабақтарында оқушылардың ақпараттық коммуникативтік технологияларды тиімді қолдануға, өз бетімен кез-келген үй тапсырмасын қашықтықтан орындауға, және онлайн оқытуда оқушыларды зияткерліккке, интеллектуалдыққа, жұмысты дәл, нақты орындауға үйрету.

Міндеті:

- ✓ Әдебиетпәні бойынша оқу бағдарламаларында қарастырылған тақырыптармен жұмыс жасау кезінде практикалық іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру.
- ✓ Қашықтықтаноқушылардың әдебиет пәнінде, өзіндік үй жұмыстарын ZOOM конференциясы арқылы ұйымдастыру.

